

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ОҚУ-  
ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТІ  
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КМТИУ КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ

*«Білім беру қызметінің тиімділігін арттырудың инновациялық  
әдістері, құралдары мен тәсілдері»*  
атты халықаралық  
ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
материалдар жинағы

**04.03.2020 жыл**

*«Инновационные методы и средства повышения эффективности  
образовательной деятельности»*  
сборник материалов международной научно-практической  
конференции

**04.03.2020 год**

**ӘОЖ 377**  
**ББК 74.57**  
**Б 94**

**Жалпы редакциясын басқарған – Yessenov University ректоры Б.Б.Ахметов**

**Редакциялық алқа:**

Е.Т.Нұрмағанбет, Е.И.Иманбаев, А.К.Жумағали, Р.Б.Рисбаева,  
А.М.Джанисенова

**Б 94** «Білім беру қызметінің тиімділігін арттырудың инновациялық әдістері, құралдары мен тәсілдері»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары; «Инновационные методы и средства повышения эффективности образовательной деятельности»: материалы международной научно-практической конференции; «Innovative methods, materials and ways to improve the effectiveness of educational activities»: materials of the international scientific and practical conference- Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2020, - 147 б.

**ISBN 978-601-332-694-8**

«Білім беру қызметінің тиімділігін арттырудың инновациялық әдістері, құралдары мен тәсілдері» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференция материалдарының жинағында білім беру қызметіндегі инновациялық технологияларды дамыту мен қолданудың практикалық нәтижелерін қарастырылады, педагогтің бәсекеге қабілетті тұлғасын дамыту жолындағы нәтижеге бағытталған кәсіби құзыреттілігі сондай-ақ инклюзивті білім беруде инновациялық технологияны қолдану мәселелері қарастырылады.

В сборнике материалов международной научно - практической конференции «Инновационные методы, средства и способы повышения эффективности образовательной деятельности» рассматриваются практические результаты развития и применения инновационных технологий в образовательной деятельности, а так же профессиональная компетентность педагога, ориентированная на результат развития конкурентоспособной личности и вопросы применения инновационных технологий в инклюзивном образовании.

**ӘОЖ 377**  
**ББК 74.57**

© Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік  
технологиялар және инжиниринг  
университеті, 2020

**ISBN 978-601-332-694-8**

## **КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫС**

### **КРЕАТИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ – НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА БУДУЩЕЕ (КОЛЛЕДЖ И УНИВЕРСИТЕТ)**

**Буюклиев Николай Петков**

Болгария, Варнинский университет менеджмента, профессор

Как говорил Мартин Лютер Кинг, но и каждый из нас: „I have a Dream“...

Моя мечта всегда была и есть: „Учиться и учить... по-новому, рушить рамки и ограничения, видеть то, что не дано другим“...

Уважаемые коллеги, согласитесь, *креативность* – настоящий бриллиант, который встречается редко, стоит дорого, а подделок очень много...

Креативное, нестандартное мышление в нашем мире роскошь. У умного человека всегда есть что НЕ сказать. Но с другой стороны, знаю, что три вещи никогда не возвращаются обратно: время, слово, возможность. Поэтому не теряя времени, используя данную возможность, слово за словом открою свою Мечту...

Мы живем в мире молниеносных перемен. Поэтому, считаю, что и систему образования в колледже и университете надо кардинально поменять.

Я призываю не забывать нашу благородную преподавательскую миссию – вдохновлять и окрылять молодых! Ведь настоящая цель образовательного процесса – помогать молодым людям раскрыться и жить со смыслом!

От нас они ожидают: *спокойствия*, как гарант получения нужных знаний и умений; *надежды* перспективы в карьере и личной жизни; и самое главное – *честь* – обретения самоуважения.

Но честь тесным образом связана с порядочностью и честностью. Ведь в первую очередь человек (преподаватель или студент) не должен обманывать самого себя.

„Порядочность и честность — слишком дорогие подарки. И не стоит их ждать от дешёвых людей“, говорил Вуди Аллен.

Один из самых богатых людей в мире, Уорен Баффетт, говорил: «Нанимая людей, я обращаю внимание на три качества. Первое — порядочность, второе — интеллект и третье — высокая энергетика. Но при отсутствии первого — два других убьют вас!»

Другими словами, хочу сделать акцент на то, что наша профессиональная „порядочность“ должна обязать нас подготовить молодых людей на том уровне, на котором они будут конкурентно способными на мировом рынке – не только в городе, области или страны.

На самом деле, креативное образование появиться тогда, когда сможем активизировать творческое мышление, когда отсутствует давление систем и навязывание. Должен быть „спейс“, пространство для развития и размышлений.

Как продолжение своего выступления попробую завести „диалог“ с самим собой, чтобы задать некоторые вопросы и дать любопытные ответы, которые и дадут нам возможность дискутировать с ними.

Особенно важный вопрос: Как именно сделать так, чтобы наши образовательные структуры стали центрами креативных идей, креативных профессий, креативных практик и технологий?

Самый (не)логичный ответ: просто сразу привлечь людей, которые мыслят иначе, разделяют цели, интересы и совместно создать креативную атмосферу, чтобы потом привлекать учащихся и вдохновлять их на практику креатива и развития в этом направлении. Конкретно знать заранее все на обязательно – само потечет, главное – начать. Каждый будет вносить свое видение, в итоге получатся креативные профессии, практики и технологии – не обязательно задавать это как основную задачу для учащихся, а то это будет их ставить в рамки и давить. Главное создать условия, и все пойдет. Обучившиеся в таких колледжах и университетах и

раскрывшие свои способности, не смогут уже работать в банальных профессиях, использовать банальные технологии и т.д.

Это будет инновация в образовании, но в свою очередь это означает, что речь идет не о любых идеях, а об идеях, имеющих значимость нового знания! Все признают, что нам нужна экономика, основанная на знаниях и компетенциях. С другой стороны, экономика сама, мне кажется, слегка ограниченной, а основанная на знаниях не всегда может быть компетентной, так как знания устаревают, истина со временем меняется, и я бы не хотел это привязывать к креативному учебному заведению. Возможно, нам нужен совершенно радикальный подход, ничего общего с существующими образовательными структурами.

Другой интересный вопрос звучит примерно так: Какие креативные профессии нам нужны? Если беремся за... культурную экономику, то к ней подходят следующие отрасли: музыка, театр, радио, кино, архитектура и дизайн, рынок искусства, реклама, software, разработка игры и так далее...

А почему мы заранее продумываем профессии? Надо смотреть на это как общую взаимосвязь. Не обязательно те, кто изучают архитектуру должны быть архитекторами, они могут быть замечательными интерьер дизайнерами. Люди искусства могут быть в рекламе, соц.проектах, музыкантами и т.д. Мы не можем знать какие профессии будут существовать через 5-6 лет. Не нужно ограничиваться и ограничивать будущее учащихся и заранее настраивать их на то, кем они будут.

Можно просто разбить на факультеты, и потом по мере обучения у каждого будет формироваться свое собственное видение о том, как они могут применить полученные у нас знания. Сколько процентов выпускников работают по профессии даже сегодня? Плюс, почему бы им не быть предпринимателями, делать и создавать что-то свое, вместо того, чтобы работать на кого-то. Сейчас с соц.сетями, блогами, онлайн компаниями это очень легко, только нужна идея. Я бы хотел способствовать устранению блоков и предубеждений, раскрытию и раскрепощенности людей, а так получается мы будем делать то же по большому счету, что и вся система. Но если сильно хочется, конечно, можно и так, а потом постепенно либо адаптировать, либо что-то отдельное параллельное сделать.

Важный акцент: в подборе профессорско-преподавательского состава, который сам должен быть креативный - люди во-первых, должны быть творцами и в тоже время хорошими учителями.

Нам необходимо, чтобы не только рождались идеи, но чтобы эти идеи трансформировались, конвертировались в реальные практики, технологии, продукты и услуги. Нужно создать базу партнеров (финансовых ангелов), которых можно было бы привлекать на осуществление проектов в реальность. Но, конечно, сильно на этом заикливаться может быть сейчас не стоит.

Главное путь! Начать и раскрыть свой потенциал!

Всех нас, которые волнует вопрос улучшение образовательного уровня, всех, которые имеют способность мыслить творчески и находить нестандартные решения задачи, мы сможем вместе разработать структуру, программу Креативного колледжа и университета. И дай Бог, создать его на практике.

Есть ли единомышленники?!

## **ЖАҢА ИННОВАЦИЯ НЕГІЗІ – САПАЛЫ БІЛІМ**

**Смагулова Жеміс**

Ш.Есенов ат.КМТИУ көпсалалы колледжі

Қазіргі таңда әлеуметтік жағынан қорғанған адам – ол технология ауысуына және нарық талабына сай терең білімді, әрі жан-жақты адам. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру

мұғалімдерден өз мінез – құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Инновациялық іс – әрекет адамдардың шығармашылық жемісті қызметінің бір түрі және оған мотивациялық, креативтік, технологиялық, шартты компоненттер жатады. Сонымен қоса мотивациялық компонент педагогтардың педагогикалық жаңалықтарға деген сұранысын, ол жаңалықтарды қабылдау дәрежесін көрсететін кәсіби шығармашылық бағыттарының мазмұнын анықтайды.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз — білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынды.

Инновация – педагогикалық процеске оқыту мен тәрбиенің жаңа тұжырымдамаларын, оқу жоспарларын және бағдарламаларын, түрлерін, әдістерін, құралдарын енгізіп, мақсатқа жету. Инновациялық процессіз оқу орнының дамуы мүмкін емес. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңда оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны тиімділігіне қарай пайдалану оқытушыдан үлкен шеберлікті талап етеді.

Оқу орындарындағы білім сапасын арттыру үшін:

Сабақта интерактивті әдістерді қолдану;

Әр студенттің психологиялық ерекшеліктерін ескеру,

Міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейлерін ашу;

Инновациялық технологияларды сынау арқылы тиімділігін арттыру, оқу орны жағдайына бейімдеу;

Заман талабына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ ең басты технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек.

Инновациялық технология нәтижелері:

1. Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі.
2. Студенттердің барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.
3. Олардың әрқайсысының деңгейін анықтай алуға болады.
4. Студенттердің көбін бағалауға мүмкіндік бар.
5. Студенттерді ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді
6. Студенттердің қабілеттері, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.

7. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады.

Қазіргі таңда оқу үдерісіне «жаппай» енгізіліп жатқан инновациялық технологиялар баршылық. Әрине, инновация көкейкесті мәселелердің тоғысында пайда болып, оқу үдерісіндегі әдістемелерге жаңаша тұрғыдан қарап, оны үздіксіз жаңғыртуға бағытталады.

Сонымен бірге оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғалым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану - сабақтың сәтті өтуінің кепілі.

Менің ойымша, сабақты сәтті ұйымдастырудың бірнеше алғы шарттары бар. Олар:

- Сабақтың тақырыбына сай сабақ жоспарын жасау. Сабақ жоспары нақтылы жүзеге асатындай етіп жасалынуы қажет. Дұрыс құрылмаған сабақ жоспары жақсы нәтиже бермейді.

- Тақырыпқа сай сабақ түрін, оның әдіс-тәсілдерін түрлендіріп отыру;

- Қосымша материалдарды тақырыпқа сай шығармашылықпен іріктеп ала білу;

- Дидактикалық, техникалық құралдарды, электрондық оқулықтарды мақсатқа сай, оқушы сезіміне әсер ететіндей тұрғыда пайдалану;

- Сабақта алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибелермен жаңа технологияларды пайдалану.

Бұл орайда инновациялық технологияларды пән бойынша қандай тарауға, қай тақырыпқа пайдалану тиімді болатынына зерттеу салыстырып жүргізіп отыру қажет. Сонымен бірге оқушының бастапқы білім деңгейін, жаңа технологияны пайдалану барысында

қаншалықты білім алып шыққанын, не үйренгенін айқындап, диагностикалап отыру да артық болмайды. Өйткені мұғалім тарапынан білімі мен іскерлігі тексерілмеген оқушылар біртіндеп үлгермеушілер қатарына қосылады. Бұл өз кезегінде сабақтың сәтті өтуіне зиянын тигізбей қоймайды.

Жаңа инновациялық әдістерді пайдаланудың әдістері неде?

1) Қазіргі уақыт жаңалық пен инновация уақыты. Күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтармен кездесеміз. Бұған оқыту үрдісі де сәйкес болу керек.

2) Жаңалықты пайдалану оқушының ойлау қабілетін жаңалыққа икемдеп, алдын ала болжам жасауға үйретеді.

3) Инновациялық әдістер бұл белсенді оқыту әдістері. Ақпаратты белсенді түрде сіңірген оқушы жадында өздері айтқанның 80% сақталса, өздері істегеннің 90% қалады.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі - бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет. Сабақты сәтті ұйымдастырудағы басты мақсат - оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, бүгінгі заман талабына сай білім беру. Сабақтың сәтті өтуі:

1. Мұғалімнің біліміне, іскерлігіне, тәжірибесіне;
2. Сабақ материалына;
3. Топтың типіне;
4. Мұғалім мен оқушының көңіл –күйіне де байланысты.

Баланың оқуға деген ынтасы қазіргі кезде төмендеп бара жатырғаны мұғалімдерге мәлім. Қандай болмасын мұғалім осы мәселемен күнделікті кездеседі

Көпжылдық еңбек нәтижесінде көріп жүргеніміздей оқушылардың оқуы сонымен білім сапасы оқу барысында оқушының өзі сабаққа тікелей қатысуы, сабақ барысында тек мұғалімнің айтқанын ғана жазып,сызып қоймай өз бетінше білім алуға жағдай жасалғанда ғана оқушы білімге өзі ұмтылатыны және алған білімін одан әрі дамытуға қызығатыны анық. Сабақ барысында оқудың белсенді әрекет әдістерін қолданудың нәтижелілігін осыдан көруге болады.

Балаға күштеп білім беруден гөрі, Баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат. Орыс педагогы К.Д. Ушинский айтқан.

Қазіргі оқу үрдісінде оң нәтиже көрсетіп жүрген әдістердің бірі – топқа бөліп шығармашылық тапсырма беру.

Шығармашылық тапсырмаларды орындауда топ оқушыларын топтарға бөліп тапсырмаларды беремін, осындай бөлу оқушылардың қабілетін арттырады және мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты нығайта түседі. Топпен жұмыс барысында топтың әр оқушысы берілген тапсырмаларды орындау барысында өз үлесін қосуға тырысады және оқушылардың интеллектуалды қабілеттері айқындалады. Бұндай топтарға бөлгенде жеке оқушының қабілетін еске ұстаған жөн. Бір топқа шығармашылығы жоғары, сын тұрғасынан ойлайтын оқушыларды, ал келесі топқа ойлауы дұрыс, бірақ сенімсіздіктері басымырақ оқушылар, үшінші топ алгоритмдік деңгейлі оқушыларды бөлемін.

Химия, физика, математика пәндері дәлдікті, нақтылықты, ғылымилықты талап ететін пән.

Баланың оқуға деген ынтасы қазіргі кезде төмендеп бара жатырғаны мұғалімдерге мәлім. Қандай болмасын мұғалім осы мәселемен күнделікті кездеседі.

Жаңа заманауи технологиялар даму заманында мұғалімнің күнделікті сабақта компьютер, интерактивті тақта қолдануы сабақ кезеңі тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Химия пәнінің ерекшелігі сабақ барысында химиялық эксперименттер болуы, бірақ көптеген себептер (реактивтер тапшылығы, кейбір реактивтер белсенділігі, тәжірибе уақыт көп алуы) болғандықтан кейбір зертханалық жұмыстары сабақ барысында өткізілмейді. Осындай кездерде электрондық оқулықтар, бейне тәжірибелер қолданылады. Электрондық бейне тәжірибелердің бір тиімділігі тәжірибені қайта көрсетіп қайталау мүмкіндігі, жақсы көрінуі, қауіпсіздігі болып табылады.

Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға бағытталған технологияларға сын тұрғысынан ойлау, жобалау, проблема туғызу, ұжымдық қарым-қатынаста оқыту.

1. Мағынасына қарай материалды топтау – бір ойға, бір идеяға қатысты материалды топтау. Басты ой, идея тапсырма мәтінінде болады, немесе оқушы ойлау әрекеті арқылы бір ойды немесе идеяны өзі тұжырымдайды.

2. Қызығушылықты ояту. Химия сабақтарында мен сабақтың тақырыбын айтпас бұрын заттардың күнделікті өмірде және тұрмыста қолданылуы туралы айтып, сүреттерін, материал үлгілерін көрсетемін, мысалы «Көмірсутектердің табиғи қорлары» тақырыпты өткенде бензин, мазут үлгілерін әуелі көрсетіп оның түрін, түсін, иісін қарастырып талдай келе сабақ тақырыбына келтіремін, сосын ғана мұнайдың құрамы мен химиялық қасиеттеріне тоқталамын. Бұндай әдіс тақырыпқа деген орнықты немесе терең қызығушылық оятады.



3. Тарауды қорытындылауда

а) «Жасырын сөз» айдары

ә «Сәйкестіктерді анықтау» - негізгі сұрақ цифрлармен, ал сәйкес жауабы әріптермен берілетін тапсырма.

б) «Сенесің бе, сенбейсің бе?»

в) «Ойлы болсаң, ойлап көр»

г) «Сандарда сөйлейді»

ғ) «Шабандоздар» сайысы

д) Артығын табу

е) «Детальдарды қосу»

**«Жасырын сөз»**  
ЛІЗТ  
ДИСКРОНГ  
ЛОКАНЛГ  
ТРСІП  
ЯАЦТИГИДРА  
КРАА

**«Ойлы болсаң, ойлап көр»**

1. Сенесің бе, сенбейсің бе, минералдар хромиттерге жатады (2) қосынды?
2. Сенесің бе, сенбейсің бе, табиғи газ негізінен этанмен тұрады?
3. Сенесің бе, сенбейсің бе, фенол тексерісін изометр?
4. Сенесің бе, сенбейсің бе, алмаздар жетілдірілгендіктен жетілдірілгендіктен айырмашылық, жетілдірілгендіктен?
5. Сенесің бе, сенбейсің бе, алмаздарда үш ескі байланыс бар ма?
6. Сенесің бе, сенбейсің бе, алмаздарға, графиттерге қарағанда минералдарға қарағанда ауыр ма?
7. Сенесің бе, сенбейсің бе, нитраттарда екі топ бар ма?

Сұрақ	Сенесің бе?	Сенбейсің бе?
1	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
2	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
3	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
4	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
5	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
6	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
7	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

**«Шабандоздар» сайысы**

- 1.  $CH_4 \rightarrow C_2H_2 \rightarrow C_2H_4 \rightarrow A \rightarrow C_2H_5OH$
- 2.  $C_2H_4 \rightarrow C_2H_5Cl \rightarrow C_2H_5OH \rightarrow CO_2$
- 3.  $CH_4 \rightarrow CH_3Br \rightarrow CH_3OH \rightarrow CH_3-O-CH_3$

**«Сандарда сөйлейді» сәйкестік тесті**

1. C <sub>2</sub> H <sub>6</sub>	бутан
2. C <sub>4</sub> H <sub>10</sub>	ацетилен
3. C <sub>2</sub> H <sub>2</sub>	пропан
4. C <sub>3</sub> H <sub>8</sub>	бутан
5. C <sub>4</sub> H <sub>10</sub>	пропан
6. C <sub>4</sub> H <sub>10</sub>	бутан
7. C <sub>2</sub> H <sub>6</sub>	ацетилен
8. C <sub>2</sub> H <sub>2</sub>	пропан

**«Сыңарымды тап» ойыны**

C <sub>2</sub>	H <sub>2</sub>
C <sub>3</sub>	O <sub>2</sub>
C <sub>4</sub>	H <sub>2</sub>
C <sub>5</sub>	O <sub>2</sub>
C <sub>6</sub>	H <sub>2</sub>
C <sub>7</sub>	O <sub>2</sub>
C <sub>8</sub>	H <sub>2</sub>
C <sub>9</sub>	O <sub>2</sub>
C <sub>10</sub>	H <sub>2</sub>

**«Детальдарды қосу» әдісі**

1 топ  
 $S \rightarrow SO_2 \rightarrow ? \rightarrow H_2SO_4 \rightarrow Fe_2(SO_4)_3 \rightarrow ?$

2 топ  
 $S \rightarrow ? \rightarrow SO_2 \rightarrow ? \rightarrow BaSO_4$

3 топ  
 $H_2SO_4 \rightarrow SO_2 \rightarrow ? \rightarrow H_2SO_4 \rightarrow BaSO_4$

4. Пән аралық байланысты қолдануда

а) «Он сегіз мың ғалам»

ә) Атым – айдарым


б) Жаттығуды орындау

в) Ертегілер сыр шертеді.

г) Ситуациялық жағдаяттар

ғ) «Толғаныс» - дау дамай

д) Химиялық тілде ақтілек



Жарыс түрінде өткізілгендіктен әр оқушы тапсырманы тезірек, әрі дұрыс орындауға тырысады. Оқушы өз тобы үшін жаны ашып, қайтсе де жеңіске жетуге ұмтылады. Мұндай сабақ барысында белсенділігін жоғарлатумен қатар білімге, пәнге қызығушылығын арттыратыны сөзсіз.

Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан, XXI ғасыр - информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы - жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Менің де оқушыларым арнайы берілген үй тапсырмасын дискіге жазып жүреді. Зертханалық жұмыстар жүргізген уақытта тағамдар құрамындағы зиянды заттардың құрамына талдау жасадық. Мысалы, жеңіл тұздалған селетка балығын алып, оны ұзақ мерзімде сақтау үшін уротропин қоспасымен өңдейтіні туралы ақпарат алдық. Ал сірке қышқылына қосылған уротропин өте улы формальдегид қоспасына айналады. Бұл - адам ағзасы үшін өте қауіпті зат. Ол көру, есту, дем алу мүшелеріне залал келтіріп, орталық жүйке жүйесін де зақымдауы мүмкін екендігіне көз жеткізді.

Көңіл-күймен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыс. Көңіл-күйді білдіретін әр түрлі суреттер, смайликтер және бояу түстерімен анықтау. Мысалы: «Ауа райы», «Бағдаршам», «Алма ағашы». Мысалы «Алма ағашы» әдісінде оқушыларға сабақ басында түрлі-түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым, сондықтан көңіл-күйім көтеріңкі, қызыл түсті алма - мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл-күйім жоқ дегенді білдіреді. «Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау).

Жаңаша әдіс-тәсілдерді сабақта қолдану барысында көрсеткен нәтиже: оқушының оқуға қызығушылығы артады, іскерлік дағдысы, ойлау белсенділігі, тапқырлығы, өзіне деген сенімі қалыптасады, пікір таластыра білуді, ойын жүйелі түрде жеткізуді үйренеді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Оқушының жеке қасиеттерін ашу арқылы тәрбиелей отырып, танымдық күшін қалыптастыру және оқушының шығармашылық қабілетін дамытуда әр түрлі бизнес-ойын түрлері, топтастыру, сәйкестендіру, толықтыру стратегиялары, он лайн басқатырғыш, сергіту жаттығулары, электронды оқулықтар кеңінен қолданылады.

Сонымен бірге сабақтағы кері байланыстың да берері көп.

Кері байланыс оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіліп отыруы керек. Рефлексия мақсаты-еске түсіру, өзінің сабақ бойындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Мұғалім оқушының кез келген кері байланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын-ала біледі.

«Армансыз адам қанатсыз құспен тең» демекші, менің ұстаз ретінде де арманым еліміздің әрбір азаматы терең білімді, интеллектуалды, заманауи техникаларды еркін меңгере алатын, әрқайсысы еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын болса деймін. Ол үшін оларға білім беретін ұстаздар өз пәнін жетік меңгерген, теория мен практиканы оқушылар бойына сіңіре алатын шығармашыл, ізденімпаз, ең бастысы еңбекқор болуы қажет. Сондықтан, өз шәкірттеріме білімді одан әрі жетілдіре отырып беру, талантты да талапты оқушылар оқытып тәрбиелеу – негізгі мақсатым.



Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;

- білім мен білігіне сай келетін бағдар тандап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Осы инновациялық технологияларды мүмкіндігімізше өз пәнімізде қолдансақ болашақ маман иесі сапалы білім және тәрбие алатынына сенімдімін. Инновациялық технология – білім сапасын арттыру кепілі.

## **СЕКЦИЯЛЫҚ МӘЖІЛІСТЕР**

### **1 СЕКЦИЯ**

#### ***«ПЕДАГОГТЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒАСЫН ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ»***

#### **ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ**

**Абдирахманова Айнур Далабаевна**  
Маңғыстау туризм колледжі

Жаңа ақпараттық технологияларды білім беру үдерісінде қолдану біршама жетістіктерге апаратын жол. Яғни ақпараттық - коммуникациялық технология білім беруде маңызды құрал деп айтсақ та болады. Басты мақсат ақпараттық - коммуникациялық технологияларды жетік меңгеру және оқушыларға меңгерту. Ақпараттық - коммуникациялық технологияны қолдану мұғалімге де оқушыға да қолайлы. Сол кезде ғана сабақта теория мен практиканы ұштастыра аламыз.

Жаңашылдық – білім жүйесіне инновациялық технологияларды енгізе отырып, оқушыны заман талабына сай етіп дайындап шығару басты мақсат.

Технологиялық оқыту білім алушыларды белсенді жағдайда қойып, оның субъектілігін қалыптастырады және шығармашылықты тудырады. Әсіресе, ақпараттық дәуірде технологияның қолданылуы ерекше. Білім сапасын жоғарылату, оны жеткілікті түрде арттыруда жаңа ақпараттық технологияларды қолданусыз, заманауи телекоммуникациялық құралдарды пайдаланусыз мүмкін емес. Озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгерген педагог ғана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды.

Оқушының өз бетінше білім алуына, ізденуіне көп мән берілуі тиіс. Олардың кәсіптік білім алуымен қатар іздемаз, тапқыр, ой- өрісі жоғары, өз пікірін ашық білдіретін, жаңашыл ұрпақ етіп тәрбиелеу керек. Бүгінгі заман талабы-қоғамның дамуымен бірге болашақ жастарды жаңашылдыққа, іздемаздыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Осы аталғандарды іске асыру үшін сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану маңызды болмақ.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияға тоқталатын болсақ, коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым, ал оқытудың ақпараттық технологиясы-қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ету болып табылады. Білімді бүгінгі заман талабына сай жаңаша, ұтымды және тиімді түрде оқушының санасына жеткізе білу, педагогикалық іс-әрекетке өзгеріс енгізу, білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлға ретінде жан-жақты қалыптасуы үшін жаңашылдық енгізу деп түсінуге болады. Ақпараттық технология еңбек сүйгіштікке үйретеді. Сондықтан, бүгінгі компьютерлендірілген заманда ақпараттық – коммуникациялы технологияларды пайдалану арқылы ғылымның кез - келген саласын қарқынды дамытып, одан тиімді нәтиже алуымызға болады. Бүгінгі заман талабына сай жаңа технологиялармен сабақ жүргізуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану өте тиімді. Информатика пәнінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайданудың негізгі мақсаты:

1. Ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқу- тәрбие процесінің барлық деңгейін жетілдіру, оқу-тәрбие жұмысына жаңашылдық енгізу:

-сабақты қызықты етіп өтікізу арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру;

-білім сапасының көтерілуіне жағдай жасау;

–оқыту процесінің сапасын арттыру;

- пәнаралық байланысты тереңдету;
- қажетті ақпаратты іздеуді оңайлату және көлемін ұлғайту;

2. Оқушыны заман талабына сай жан - жақты дамыту, ақпараттық қоғамда өмір сүруге икемдеу, даярлау:

- коммуникативтік қабілеттерін дамыту;
- өздігінен ізденуге, шешім қабылдай білуге бағыттау;
- компьютерлік графика, мультимедиа технологиясын пайдалану, киноларды, видеороликтерді көрсету, сабаққа байланысты музыкаларды тыңдату арқылы эстетикалық тәрбие беру;
- пәнаралық байланыс орнату;
- ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, ақпаратты өңдей білуге үйрету.

Ақпараттық – коммуникациялық технологиямен жұмыс істеу — компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. «Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің оқытушы үшін тиімділігі неде?» деген сұраққа тоқталатын болсақ:

–жалпы компьютерлік желілерді пайдалана отырып сабақты тартымды түрде қызықты етіп өткізуге мүмкіндік туады;

- Оқушы өз бетімен жұмыс жасайды;
- аз уақытта көп білім береді, уақытты үнемдейді;
- білімділік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексереді;
- шығармашылық жұмыстар жасайды;
- қашықтықтан білім беру мүмкіндігі туады;
- қажетті ақпаратты жедел түрде беру мүмкіндігі жасалады;
- интернетте жұмыс жасау арқылы оқытушы өз білімін жан-жақты жетілдіреді;
- оқыту үрдісінде студенттердің танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастырады;
- Оқушылардың танымдық қабілеттерін қалыптастырады;
- Оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды, өз бетінше жұмыс жасауға үйретеді;
- оқулықтардан тыс, қосымша мәліметтер береді және т.б.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану–педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Сондықтан компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

Өз сабағымда күнделікті жаңа тақырыптарды АКТ-ның желілік түрін пайдалана отырып түсіндіремін. Мысалы, электрондық оқулық, интерактивті тақта, интернет желісін күнделікті сабақта қолданамын. Жоғарыда аталғандарды қорытындылай келе, мынадай тұжырымдама жасауға болады:

- Білім беру мекемелерінде қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал-жабдықтармен, интерактивті тақталар және мультимедиялық кабинеттерді пайдалана отырып, кез-келген пән бойынша электрондық оқулықтармен жұмыс жүргізу;
- АКТ-ны пайдалана отырып, оқушыларды өз бетінше ізденуге машықтандыру;
- Сабақты қазіргі заман талабына сай өткізу;
- Әр оқушының ақпараттық техника құралдарымен жұмыс жасауларына мүмкіндік тудыру.

«XXI - компьютер техника ғасыры» - сондықтан қазіргі заман қазіргі заман - ғылыми және ақпараттық технологиялар заманы. Уақыт өткен сайын ақпараттардың таралуы да арта түсуде. Кейінгі кезде ақпараттар көлемінің артуы мен компьютерлік технологиялардың жылдам дамуына байланысты компьютерлік технологиялармен оқытуды белсенді түрде дамытып келеді.

Ақпараттық - коммуникациялық технологияның келешек ұрпақты жан - жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Осыған орай оқып үйрену құралдарына жататын электронды оқулықтар қазіргі таңда жиі қолданыста. Колледждегі оқушыларымыз ақпараттық технологияға деген қызығушылықтары артып әртүрлі графикалық редакторлармен жұмыс істей бастайды. Көптеген программалармен жұмыс жасап өз бетінше жұмыс жасауға дағдыланады. Интернетпен жұмыс жасап керекті материалдарын тез арада тауып уақыттарын үнемдей алады.

Сабақ беру үрдісіндегі менің негізгі ұстанымдарым:

- Оқушылардың теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануды қалыптастыру;
- Оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге үйрету;
- Оқушылардың компьютерлік сауаттылығын арттыру;
- Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту;

“Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз” қағидасын ұстанған ұстаз үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс. Ұстаздың өзі – ізденуші. Сонда ғана өзі қызыққан ұстаз сабағын басқаларға да қызықты жеткізе алады деп ойлаймын. Әрбір сабақта озық технологияларды пайдаланып өткізу әрине жақсы нәтижелер береді. Ұстаз әр кез ізденуші бола білсе, өзі үшін білім жинақтайды, оқушы үшін сабақты қызықты ете алады. Қорыта айтқанда, барлық пәндерде электрондық ресурстар оқушылардың сабаққа деген ынталарын, назарларын, қызығушылықтарын арттырып, білім деңгейлерін жоғарылатады.

Олай болса, қоғамның әрбір мүшесі ақпаратты сауатты, ақпараттық мәдениеті мен ақпараттық құзыреттілігі дамыған тұлға болуы қажет.

### **Әдебиеттер**

1. Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің оқу үрдісіне ақпараттық-коммуникациялық технологияны енгізу / Құрманалина Ш.Х. // Орал.- 2003. - ақпан.
2. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру // Информатика негіздері. -2006. -№3 (27).-Б. 2-4
3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030». Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. — Алматы. «Білім баспасы», 1998
4. “Информатика негіздері” журналы №1, 2010 жыл
5. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

## **ОҚЫТУШЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ – НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ КЕПІЛІ**

**Алдабергенов Азидулла Убайдуллаевич**  
Ш.Есенов атындағы КМТИУ көпсалалы колледжі

Қазақстан республикасында қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты — бәсекеге қабілетті маман дайындау. Колледж – үйрететін орта, оның жүрегі — оқытушы. Ізденімпаз оқытушының шығармашылығындағы ерекше тұс — оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі — педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға. Нарық жағдайындағы оқытушыға қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы тұрғыдан қарағанда нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған озық үлгі қажет. Қазіргі білім беру

парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім берудің философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Бұрынғы студент тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі білім беру жүйесінде студенттің өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беріледі. Қазіргі білім алушы: дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, іздемпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білу керек.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттың құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқыту және тәрбие берудегі жаңа технологиясын енгізу» делінген. Білім беруді дамытуда өскелең ұрпақтың мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысы болашақ мамандығының кәсіби маңызды қасиеттерін жетілдіруге бағытталуы тиіс. Сондықтан өмірге жан-жақты дайындалған, еңбексүйгіш, ынталы, шығармашылықпен ойлайтын, рухани – интеллектуалдық тұрғысынан бай азамат тәрбиелеу, білім беру – тәрбиелеудің басты мақсаты. Оқыту — екі жақты процесс. Оқыту процесі — студентпен мен оқытушының өзара бірлесіп жасайтын қызметінен тұратын күрделі әрекет. Оқыту - оқытушының білім берудегі жетекші әрекеті болса, оқу — студенттің өзінің танымдық, практикалық әрекеті. Қазіргі «ақпараттандыру заманында балаларға қалай білім беру керек?», «сабақта алған білімдері бәсекеге қабілетті тұлға болуға қалай көмектеседі?» сияқты проблемалар туындауда. Заманауи технологияларға жаппай компьютерлендіруге қарамастан, барлығының басында адам тұрады, ендеше мұны ештен шығармауымыз қажет.

Ендеше, бүгінгі заманның оқытушысы қандай? Оқытушы деген кім? Ол қандай болуы керек? Оқытудың табысты болуы құзырлы оқытушыға тән белгілер (бас, қол, жүрек) болғанда ғана іске асады. Мұғалімнің жұмысын сапаға жеткізер үш көмекшіні Шульман өз кестесінде белгілеп нақтылап атап жазған.

Біріншіден **«кәсіби түсінік»** болуы міндетті, себебі жеке тұлғаны дамытуда оқушының жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы білім бере алуы қажет. Оқушыны өзі ойлаған деңгейге жеткізудегі зерттеудің тиімді жолын біліп, көре алу.

Екіншіден **«оқытудың тәжірибелік дағдылары»** іске асыру жолындағы өзгерістер мен түрлі идеяларды қолдану. (әдіс-тәсілдер, ынталандыру, жоспарлау мен бағалау, қолайлы орта қалыптастыру).

Үшіншіден **«кәсіби- өнегелілік тұтастық»** (этиканы сақтайтын, шыншыл, төзімді, батыл, мейірім, құрметке ие болу керек) балаға білім беру құнды қызмет екенін түсініп, нақты ұстанымдары қалыптасқан жандар болуы шарт деп көрсетілген.

Оқытушыға өз ісінің маманы болумен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлап, тыңдай білуі керек.

Кәсіби құзырлылық - мұғалімнің біліктілігін арттыру,

- қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну,
- жоғарғы деңгейге ұмтылу мен ізденіс,
- жаңашылдығы мен жаңалықты қабылдай білуі
- қолдана білу,
- адами құндылықтарға сай бола отырып, бала бойына сіңіре білу.

Құзыреттілік – оқу нәтижесінде меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана алу, проблеманы шеше білу, оқушылар дайындығы сапасының құрылымдық сипатын анықтайтын жаңа сапа.

**Нәтижеге бағытталған сапалы білім беруде пән оқытушының құзыреттілігі:**

**Арнайы құзыреттілік** – өзінің кәсіби қызметпен жоғары деңгейде айналысатын және өзінің кәсіби дамуын одан әрі жобалай білетін қабілет.

**Әлеуметтік құзыреттілік** – бірлескен кәсіптік қызметпен айналысу қабілеті, ұжыммен, топпен қызмет ету, кәсіби қарым– қатынас тәсілдерін қолдана білу. Яғни, оқытушы

студенттермен қарым – қатынаста тактикасын баланың жасы, рухани өсуіне байланысты өзгертіп отыруы керек. Студенттерді топтық, ұжымдық жұмыстар жасай алуға, соның ішінде жеке тұлғаның дамуына мән беруі керек.

**Пәндік құзыреттілік** – білім беру қызметінде белгілі бір пәндер шеңберіне қатынасты білім, біліктілігі және дағдысы мен іс – әрекетінің сапалар жиынтығы. Педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу іскерлігі.

**Ақпараттық құзыреттілік** – айрықша назар аударуды қажет етеді. Себебі, ақпараттық қарым – қатынас технологиясын игеру әр маманнан талап етіледі. Ақпараттық ресурс – ақпарат көзін алу мультимедиялық, электрондық, жалпы ақпараттық технологияларды меңгеруі тиіс.

Білім сапасы – мұғалімдер қызметінің сапасы. Ұстаз беделі, ең алдымен, оның жеке басының қасиеттеріне, ұстаздық келбетіне байланысты екені анық. Егер «нені оқыту керек?» деген сауалға, мемлекеттік білім беру стандарттары жауап беретін болса, «қалай оқыту керек?» дегенге жауапты тек мұғалімнің кәсіптік даярлығынан, жаңа технологияларды пайдалана білуінен, өзінің нақты мақсатын айқын көре алуынан және сол арқылы баланы әлемдік ақпараттық қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптастыра білу шеберлігінен іздеу қажет.

Балалардың бойындағы барлық жақсыны көру, анықтау, еш назарсыз қалдырмау және өз-өздерін кемелдендіруге шабыттандыру. Ол үшін ең бірінші оқытушының ұстанымы мықты болуы қажет. Бұл нені білдіреді? Ұстаным – оқытушының көз-қарасын өзгертіп, жаңа шешім қабылдай отырып әрекетке көшсе нәтижелі еңбек жасамақ.

Жалпы колледж қабырғасында білім беру мектеппен университетте білім беруден күрделі деп айтсам, артық емес шығар. Оның бірнеше себебін мысал келтірейін:

1. Жас ерекшелігі: мектепке 5-6 жастағы бала барады яғни әлі толық қалыптаспаған индивид, ал университетке 17-18 жастағы азаматтар барады, яғни ақыл-ой тоқтатқан, жек көз-қарасы қалыптасқан деуге болады. Ал колледжге оқуға 15-16 жастағы жас-өспірімдер келеді, яғни аумалы-төкпелі кезеңдегі адамдар, бұл жастағылар әр көрген, естіген дүниеге еліктеуіш, ергіш болып келеді.

2. Білімділігі: Бала мектепке жазу түспеген ақ қағаз сияқты барады, яғни мықты ұстаз білім берсе, ол қағаздан мағыналы әдебиет қалыптасады. Ал университетте келіп түскен әдебиеттерді саласына қарай бұру, дамыту, әрлеу, өң беру жұмыстары жүргізіледі. Ал колледжге келген бала әлі бітпеген, мүмкін түрлі жағдайларға байланысты толық жазылмаған немесе жанр таңдалмаған шытырман бастауы бар түсініксіз әдебиеттер десек болады.

3. Таңдау: Университетке бала мамандығын таңдап барса, өкінішке орай колледжге келіп түсетін балалардың көпшілігі әлі жас-өспірім болуына байланысты, оларға таңдауды ата-ана, туыс-тумалар жасайды. Яғни түскен мамандық баланың өз қалауы емес. Сондықтан оған жалпы білім берумен қатар, мамандықты түсіндіру, мамандыққа деген қызығушылығын ояту қажеттілігі туындайды.

Сондықтан колледжде дәріс беретін оқытушылар кәсіби құзыретті болған жағдайда ғана, жоғарыдағы туындайтын мәселелерді шеше білумен қатар, келіп түскен балаларды білімді, тәрбиелі, білікті мамандар қатарына қоса алады деп ойлаймын. Ол үшін, оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін талапқа сай ұдайы жетілдіріп отыру қажет. Сөз соңында барлық әріптестерге жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін, сапалы да саналы шәкірттеріңіз көп болсын.

## Әдебиеттер

1. Қазіргі педагогикалық технологиялар: оқу – әдістемелік құрал Алматы. 2008.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б
3. А.К.Маркова. Кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейі [1,с102,2009ж]
4. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары – К.С.Құдайбергенова Алматы [2,с114,2007ж]
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық –[3,с56, 2017ж]
6. И.Д.Богачева .Педагогикалық қызметтегі кәсіби шеберлік [15,с203,2009ж]

## METHODS OF SELF –EFFICIENCY AND INCREASING OF TEACHING

**Akhmetova Aisulu Seilovna**

Beineu Humanitarian and Economic College

There are so many kinds of methods that teachers can use and implement in his or her subject.

One of teacher's action is supervise or controlling is that to determine and appreciate learners' knowledge, skills and abilities. Teacher's management and development consists of three processes of planning, organizing searching works and using principles. The top of pedagogical master's to learn manage of pedagogical methods it is branch of science and full process of pedagogy is which to manage psychological and social actions of man. Manage is a learning and teaching process of subject which provides reciprocal productive humanitarian influence. Our national science R.S Kudaibergenova told about competitiveness in her research work. Her point of view competitiveness of teachers in pedagogical process is what must know? what must understand? What is able to do? And N.I Almazova considers that competence is knowledge and skills of teachers, competitiveness is using of competence in her sphere. Competence is carefully understand the meaning of to reach their aims, processes and using types of ways, tools these are reckoned by the N.N Neshaev. N.F Talizina and M.J Jadrina told that knowledge, competence, skills are not described the competence, it is not only, that is mastering of life experiments. Some research authors think that competence is effort, responsibility, provide yourself, initial, hardworking. «Competence hasn't general meaning, but it is knowledge's success, to create cognition of importance of knowledge, attitude of higher creativity» we met about it from B.U Krishevskii research work and science fiction.[1.1]

The following sentence is described the definition of competence:

- preparation of specialty and skills is shown by the system
- give a chance to change the environment and reach your goal
- to unify knowledge, skill and experience

Branch competence of Pedagogy

- branch of individual and professional
- branch of professional pedagogy and abilities of efforts
- to master and use new modern technologies
- reciprocal interaction with information and get educational information
- creativity of professional area
- be culture of reflection
- empathy
- tolerance

In a brief competence is a winning of teacher's stereotype, able to do something and cognition. Professional competence is an individual qualities, theories psychological and pedagogical, concentration of practice skills and knowledge.

B.B Nestorov told that pedagogical competent teacher masters next competence

- cognitive( professional pedagogical erudition)
- psychological(emotional culture and pedagogical insight)
- communication( culture of communication and pedagogical tact)
- rhetoric( culture of professional area speaking)
- professional technology( technology and method)
- professional information( rating and diagnostic)
- compulsory education( content of education)
- general education( special subject)

The contradiction between the worked example effect that occurs when learners presented with more instructional guidance learn more than learners presented with less guidance and the generation effect that occurs when the reverse result is obtained can be resolved by the suggestion that the worked example effect is obtained using materials high in element interactivity, whereas simpler, low element interactivity materials result in the generation effect. A 2 (guidance: low vs. high) × 2 (element

interactivity: low vs. high)  $\times$  2 (expertise: low vs. high) experiment investigated this hypothesis with high school trigonometry learners. On an immediate test, high guidance reflecting a worked example effect was found for novices, but a generation effect was obtained for more knowledgeable learners. In contrast, on a delayed test, a three-way interaction between guidance, element interactivity and expertise was found.

This interaction was caused by a worked example effect for material high in element interactivity and a generation effect for material low in element interactivity for novices while for more knowledgeable learners, a generation effect was obtained for both low and high element interactivity materials. These results suggest firstly, that both the worked example and generation effects may be more likely on delayed than immediate tests and secondly, that the worked example effect relies on high element interactivity material while the generation effect relies on low element interactivity material. Academic self-concept (ASC) is subject to substantial change throughout the course of schooling. Besides individual factors, contextual characteristics play an important role in driving changes in self-perception. The abilities of classmates are especially important: Equally able students report lower ASCs when in high-achieving classrooms than when in low-achieving classrooms. This contextual effect is known as the Big-Fish-Little-Pond Effect (BFLPE). Although the BFLPE has been replicated in different settings, little is known about whether it is important across consecutive contexts. Therefore, we analyze the effects of various contexts on students' ASCs.

We draw on a sample of fourth graders, who transitioned from elementary school to secondary school. Using contextual information from both elementary and secondary school, our results indicate that the BFLPE exists in both elementary-school and secondary-school contexts. Yet, when students moved to secondary-school, the BFLPE from elementary school successively diminished and was no longer discernible after one year. The purpose of developing academic teaching skills is to enable teachers to design and shape high-quality learning experiences for future physicians and other professionals working in healthcare. This ability to engage in teaching refers not only to the individual level in specific class sessions and testing situations, but also to the organizational level of designing modules, study programs, creating assessments for study programs, and the related aspects such as study reform processes, quality management in teaching, e-learning, etc. Since a key feature of academic teaching is that it must be continually developed in alignment with research, and professional expertise must also be constantly honed, this makes the content and knowledge required in academic teaching dynamic. Teaching skills also encompass the design and development of competency-based curricula. The requirements to be met by academic teaching are just as demanding.

#### Development academic teaching skills through continuing education and training

It is empirically proven that academic teaching skills require longer periods of time to develop. The reason for this lies in the action-guiding function of teaching/learning philosophies and teaching/learning concepts which are anchored emotionally since they affect perceived ideals and norms – the very role of the teacher, for example – as well as habitualize educational concepts [2.1]. This is why training sessions based on methodology alone are less sustainable because they are limited to the teacher's performance. Another empirically confirmed factor in the development of pedagogical competency is the teaching/learning culture within a given circle of colleagues [2]. The application of newly acquired skills to daily teaching practices depends critically on the openness of the work environment and the support from colleagues for innovation.

#### Assessment of academic teaching skills

Also critical to a career is how academic teaching skills are assessed and what value and recognition they are given, [2.3]. Strategies have been developed and implemented in the neighboring European countries. In Great Britain a competency standard for teaching – the Professional Development Framework (PDF) – has been developed according to the basic career stages. This competency-based standard is the guideline for assessing teaching skills at different skills levels with differentiation in special areas such as e-learning, advising, quality management, etc. The defined competency levels in the PDF have been drawn upon as pre-requisites for hiring teachers in higher education. Teachers must demonstrate proper qualification in order to be hired. The lowest level is defined by the teaching skills of student tutors and mentors, ascending to those who are qualified to



lecture at universities. The next level is for university teachers and instructors, doctoral candidates, and goes on to the highest level which applies to the appointment of professors. The PDF has been extensively adopted by Scandinavian and Dutch institutions of higher education. A best-practice example taken from publications is the assessment procedure for hiring followed by the University of Lund's School of Engineering Sciences. The assessment of a candidate's teaching skills according to the PDF standard counts for 50% in the hiring process, meaning that it is equal to the assessment of the candidate's research achievements. During the assessment procedure a candidate is observed while teaching two classes and is required to submit extensive documentation of his or her teaching qualifications. The commission exists of members of the school's pedagogical academy. Belonging to this academy are teachers who not only can demonstrate teaching expertise, but who also engage in education research and have published in this area. Acceptance into the academy is by application and subject to acceptance. Academy members receive extra pay, but are also obligated to fulfill specific duties, such as participation on the assessment commissions. It is conceivable that the establishment of such a research-oriented academy substantially raises the reputation and recognition of the quality of the academic teaching and learning.

### **Exploring competency-based learning**

For some years, the state of education in the UK and how it prepares students for the world of work has been a hot topic among politicians, employers and the general public. Skills shortages in sectors such as engineering and technology, combined with a rapidly changing job market, have raised the question of whether current teaching methods are the best way to educate and inspire students while equipping them with the knowledge they need to thrive in the modern world[3.1].

One-to-many, knowledge-rich teaching is still the norm for many, however, a skills- or competencies-based approach has been advocated as a more effective option by some, encouraging students to develop transferable skills while reducing inefficiencies in teaching by enabling teachers to move away from traditional subject silos and instead implement cross-curriculum learning.

In this approach, desired learning outcomes are agreed and students are encouraged to work at their own pace to achieve these outcomes. Technology plays a key role, whether enabling collaboration between groups or ensuring students have access to all the content they need to support their learning.

In many ways this means making the shift from a teacher-centre classroom, where the focus is mainly on teaching the curriculum to a set timeframe regardless of a student's interests, to a student-centre classroom where the teacher's role is to harness the interests and needs of individual students, guiding them towards achieving those pre-determined goals.

### **The aims and benefits of a skills-based approach to learning**

Research suggests that compared with a curriculum learned by rote and focused on exam results, a skills-based approach that combines subjects to teach competencies that can be used across subjects encourages students to develop attributes such as critical thinking, problem-solving, communication and collaboration; all skills that are increasingly in demand among employers.

The main aim is to make learning an experience and engage children rather than have teachers teach to a passive audience.

#### **– Primary school head-teacher**

As one head-teacher of a large three-form entry primary school explains: "The main aim is to make learning an experience and engage children rather than have teachers teach to a passive audience.

"This is driven by a belief that learning should be fun and that if children come to school ready to learn, as our children do, then the diet of learning should be exciting and promote a lifelong love of learning. Academic success is at the core of the decision to make these changes, but also a desire to develop children as inquisitive, knowledgeable and happy people."

While siloing subjects can make it easier for schools to map out the curriculum and ensure sufficient time is given to each topic, it doesn't represent how knowledge is used in the real world. Skills-based lessons can take a number of forms and are an incredibly flexible way to teach. For example, whereas a traditional English lesson may involve reading a novel, remembering the plot and writing an essay about it, in a skills-based approach the focus would be less on recall and

understanding and more on questioning, collaborating and delving deeper into core issues raised. This often involves additional resources such as videos, graphics and research to engage students in the topic.

The development of pedagogical competency in the institutional context of higher education has multiple dimensions. These include individual, person-specific development along a career path. Another dimension is the institutional anchoring of pedagogical competence through continuing education and training programs, assessments, and the development of cultural contexts promoting quality. The third dimension, not discussed in depth here, involves the laying down of legal and procedural frameworks regarding teacher aptitude in the relevant statutes governing institutions of higher education and the regulations covering professorships, post-doctoral programs and doctoral programs. A fourth dimension is the development of competency-based national standards to which the universities are bound. Some strategies and approaches are visible among the German universities. However, in comparison to the developments seen in the neighboring European countries, primarily to the north and west, German universities have been unable to keep up.

### References

1. PhD work of article 's translation «Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» D.K Sadirbekova
2. Article of Nancy Barile, «Award-Winning Teacher»
3. «Teachers' Competencies» Kiymet Selvi
4. [www.google.kz](http://www.google.kz)

## БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ – БҮГІНГІ ЗАМАННЫҢ ТАЛАБЫ

**Базарбаева Шолпан Жексенқызы**

О. Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриялды техникалық колледжі

Еліміз егемендік алған алғашқы жылдарынан бастап білім беру ісіне аса мән берілуде. Бүгінгі ғаламдастыру дәуірінің талабына сай білім беру барысында оқушының жеке тұлғасын жан-жақты жетілдіруге, олардың танымдық әрекетін дамытумен қатар ғаламдық ой-санасын қалыптастыруға ерекше назар аударылуда. Әрбір мемлекеттің алдына қойған мақсаты мен мұраты тарих сахнасынан өзіндік орнын ала отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылу болса, сол экономикасы жақсы дамыған елдердің басты жетістіктері олардың қазба байлықтарының көптігі немесе жер көлемінің үлкендігінде емес, сондағы байлықты өз орнымен игере білуінде. Бұл қажеттілікті қанағаттандыру үшін ел ертеңі бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге бүкілхалықтық дәрежеде мән беру-қазіргі таңдағы үлкен мәселе. Ұлы Абайдың «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандастарының бәрі кінәлі» деген әйгілі сөзін еске алсақ, қазір құдайға шүкір, еліміз еңсе көтеріп, әлемдік өркениет пен ұлттық рухани құндылықтарымызға бет бұра бастадық.

Қазіргі заманғы мектепте нақты педагогикалық қызметте іске асыруға болатын орасан зор педагогикалық тәжірибе жинақталған, бірақ олардың бәрі бірдей қолданыла бермейді, өйткені көптеген мұғалімдер мен басшыларда ол тәжірибені зерттеу және қолдану қажеттілігі қалыптаспаған, сол сияқты ол тәжірибелерді талдау мен талдаудың дағдысы мен іскерлігі жетісе бермейді. Мұғалімдер нақты іс-әрекетінде өзінің, сол сияқты әріптесінің де педагогикалық тәжірибесіне талдау жасаудың қажеттілігіне мән бермейді. Осы бағытта мұғалімдердің инновациялық білім прогресіне бет бұруы көзделуде.[1].

Ақпараттық кеңістікті кеңейтіп, әлемдік қоғамдастыққа мүше болу жағдайында білім беру саласында елдің саяси-экономикалық даму деңгейінің критерийлері ретінде адами ресурстарды қалыптастырудағы рөлі артып отырған кезеңде білім беру жүйесін жаңа талаптарға бағдарлаудың маңызы зор болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың заманауи технологияларын енгізу арқылы және оларды тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Қазақстанда білім беруді жаңғырту - бүгінгі заманның талабы. Қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жолға қойылып келеді. Оған мамандарды қайта оқыту, заманауи білім беру, түрлі жаңа технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру сынды мысалдарды айтуға болады. Еліміздегі білім беру жүйесін жетілдірудің басты мақсаты - еліміздегі білімнің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

- оқу процесіне заманауи әдістемелер мен технологияларды енгізу;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының тәжірибесін қазақстандық білім беру жүйесіне тарату;
- педагогикалық кадрлардың кәсіби дайындық деңгейін арттыру;
- педагогикалық базалық білім беру стандарттарын, мектеп мұғалімдері мен колледж, жоғары оқу орындарының оқытушыларының біліктілігін арттыру талаптарын жаңарту;
- мектепке дейінгі тәрбиенің жаңа сапасына көшу. Қазіргі кезде әлемде мектепке дейінгі тәрбие мектепке дейінгі білім беруге ауысуда. Балаларды ерте жастан оқытуға көшу жүзеге асуда;
- кадрлар даярлауды экономика қажеттілігіне сәйкес келтіру;
- білім беру саласына әлемнің үздік жетістіктерін енгізу;
- Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесін дамыту

Білім беруді жаңарту оқушылардың білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда, функционалдық сауаттылығын немесе құзыреттілігін қалыптастырады. Сондықтан Елбасының тапсырмасы бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың ұлттық жоспары әзірленіп, бекітілді. Қазіргі заман талабы - көптілді оқыту және көптілді меңгерген маман дайындау. Бұл бағыт бойынша да жұмыстар басталып, жүргізілуде. Қазақ тілі - ұлтымыздың рухы, рухани байлығы. Тіліміздің дамуы, қоғамдағы орнын нығайту және қалпына келтіру жолында білім саласының жауапкершілігі ерекше [2].

Қоғамның дамуы бүгінгі таңдағы білім беру үдерісінде дамыған елдер стандартына деген ұмтылысты қажет етеді. Ал әлемдік білім кеңістігіне ену, әрине, бәсекеге қабілеттілік ұғымымен байланысты. Қажеттілік, қабілет, мүмкіндіктен туындайтын нәтиже даму мен ұмтылыс арқылы жүзеге асады.

Бүгінгі таңда өскелең ұрпаққа әлемдік ғылыми прогресс деңгейіне сәйкес білім беру, тәрбиелеу, олардың рухани байлығы мен мәдениетін дамыту, жетілдіру – адамзат қоғамының маңызды міндеті болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыруда білім берудің екі аспектісі рухани-адамгершілік біліммен қатар интеллектуалды білімді құстың қос қанатындай оқушыларға білім беру негізінде олардың қабілеттерін дамытуға жағдай жасау өзекті болып саналады.

Тұлғаның бойындағы барлық интеллектуалды қабілеттерін жан-жақты дамыту үшін оған әсер ететін факторларды білу керек. Интеллектуалдық қабілетті дамытудың маңызды факторларының бірі – білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар.

Жаңа білім ортасы білім берудің жаңа мазмұнынан, оқытудың, тәрбиелеудің, дамытудың жаңа технологиялары мен теориялық ойлауға қабілетті және өз бетінше жетілуге ұмтылған шығармашылық зерттеу қызметіне дайын оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға бағытталған оқу-тәрбиелік үдерісін ұйымдастырудың жаңа формаларынан тұрады. Осы салада басты рөлді тек қана оқу үдерісі емес, сонымен қатар заманауи жабдықтармен

жабдықталған білім беру ұйымдарының жүйесі мен ақпараттық-коммуникациялық құралдардың қолданылуы маңызды.

Біліктілік арттыру - «Өмір бойы білім алу» идеясының негізгі тетігі, тиімді жүйесі. Адамның өмір бойы білім алуы міндетті түрде институт тамамдап, диплом алу емес, өмір бойында біліктілік арттыру арқылы өзін-өзі жетілдіріп отыруы, тұлғалық қажеттіліктеріне сәйкес білім алуы. Бүгінгі күні біліктілік арттыру жүйесінде қашықтықтан біліктілік арттыру аса өзекті. Себебі бұл маманның негізгі жұмысынан қол үзбей-ақ білімін жетілдіруіне мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытуды кеңінен алып қарастыратын болсақ, оның негізінде ХХІ ғасырдың жаңа парадигмасы, басымдығы ретінде танылған Smart education жатыр.

Smart education - бұл ортақ стандарт, келісім мен технология негізінде Интернет желісіндегі бірлескен білім берушілік әрекетті жүзеге асыру мақсатында құрылған оқу мекемелері мен профессорлық-оқытушылық құрамының бірлестігі. Яғни бұл контентті бірлесіп құру және пайдалану, бірлесіп оқыту деген сөз. Сондай-ақ, Smart education, немесе «жетелі оқыту», - бұл барлық әлемнің контентінің көмегімен еркін кіруге болатын интерактивті білім ортасындағы икемді оқыту. Smart education ұғымының мәні - білімнің кең көлемді қолжетімділігі. Өз кезегінде, «жетелі оқытудың» мақсаты - білім беру процесін электронды ортаға көшіру арқылы оқыту процесін тиімді ету. Мұндай тұрғы оқытушының білімін көшіріп алып, әрбір адамға қол жетімді етеді. Оқыту әр жерде және үнемі қол жетімді болады. Кітаптық контенттен белсенді контентке көшу «жетелі электронды оқытуға» көшудің тағы бір жағдайы болып табылады. Білімді электронды түрде берудің нәтижелілігі артады

Көптеген дамыған елдерде стандарт болып табылатын Smart Education-ның негізгі идеясы қандай екен? Негізі «Кешегі күні» оқушы үшін жалғыз білім көзі болып мұғалім табылды, сонымен бірге оқушы өз білімін толықтыру үшін кітапханаға, яғни дәл сол мұғалім кеңес берген кітапқа жүгінді. «Бүгін» білім тек оқытушы мен оқушыға ғана емес, оқушылар арасында өзара беріледі. Бұл білімнің жаңа деңгейі болып табылады. Сонымен қатар қазіргі таңда әр түрлі ақпараттық коммуникациялық технологиялар қолданысқа енгендіктен, оқытушы оқушыға білім беру үшін әр түрлі мультимедиялық құралдарды қолданады.

Ал «ертеңгі күні» Интернет оқушы үшін ең басты білім көзіне айналады. Оқыту процесі білім объектілерінің кез келген бағытта оқытушыдан оқушыға, оқушыдан оқытушыға немесе оқушыдан оқушыға жылжуы болып табылады.

Smart Education оқытушылардың контенттермен алмасуына мүмкіндік беретін әлеуметтік желілер мен интернет-қоғамдастықтардың дамуын талап етеді.

Web-технологиялар қарқынды түрде дамып келе жатырған қазіргі кезеңде кітапқа бағытталған дәстүрлі білім беру жүйесіне қарағанда Интернет ресурстарында орналасқан ақпараттан мол білім аламыз. Ал Smart Education білімді синхронды түрде жеткізеді, яғни сайтта жарияланған ақпаратты оқу материалына айналдырады.

Smart Education - бүкіл әлемнің оқытушыларының, оқушылардың және олардың білімдерінің бірігуі, яғни білім беру жүйесінің дамуының жаңа стратегиясы. Олай болса, еліміз Қазақстанның интеллектуалды дамуының кілті осыда деп ойлаймын.

«Smart» ағылшын тілінен аударғанда «ақылды» деген мағынаны білдіреді. Ал технологиялық сипатта да осы мағынада жұмсалады. Яғни, ақылды технология, ақылды техника, пайдалануға ыңғайлы, мейлінше ықшам, көп функциялы құрылғыларды атайды. Ал педагогикалық үдеріс тұрғысынан қарастыратын болсақ, оқытудың бұл түрі электронды оқыту, мобильді оқыту, кез келген жерде, кез келген ортада оқыту деген мағынада жұмсалады.

«Smart» жүйесі педагогтар қызметінде ең тиімдісі. Себебі бүгінгі жаһандану заманында күнділікті келіп жатқан ақпараттар легі ішінен ең қажеттісін сұрыптай алуға, өзіне қолдануға, нақты орындалатын, шынайысын таңдайды.

ХХІ ғасыр - технологиялар ғасыры. Мобильдік құрылғылар, Интернет желілері өмір сүрудің қарапайым күнделікті дағдысына айналып, ақпараттық технология адам өмірінің маңызды бөлшегі болып кірігіп кетті. Сандық қоғам, сандық орта қалыптасты. Дамыған мемлекеттер технологияларды адам игілігіне пайдалану мүмкіндіктерін мейлінше арттырып жатыр. Интернет желілері адамның әр түрлі бағытта дамуына мол мүмкіндік береді. Адам үйде

отырып- ақ, кәсіпкерлікпен де, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де, шығармашылықпен де айналыса алады. Әлеуметтік желілер арқылы адамның өзінің барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыруына жол ашылды. Ақпараттық қоғамда адамның өзіндік ойлауы, әрекетке шығармашылық тұрғыдан қарап, ыңғайлы жол таба білуі маңызды болып табылады. Соның нәтижесінде интеллектуалды экономика қалыптасып, технологияның қарқынды дамуына мүмкіндік туады.

Бұл өзгерістер алдымен, білім саласына тікелей байланысты. Соған орай білім берудің жаңа философиясы қалыптасып, модернизация қарқынды жүріп келеді. Білім беру саласында дәстүрлі оқыту электронды оқытуға, электронды оқыту smart оқытуға ауысты. Орта білім беруде оқушылардың өздігінен дербес білім алуына басымдық берілсе, біліктілік арттыру жүйесінде қашықтықтан оқыту, корпоративті оқыту кеңінен қанат жайды. Ендігі міндет — сол алған білімнің адамға қызмет етуіне мүмкіндік беретін smart оқыту ортасын дамыту.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Еліміз өркениетті елдер қатарынан орын алып, ұрпағымыз қоғам қажеттілігіне сай болып жатса – бұл ұстаздар еңбегі. «Мұғалім – мектептің жүрегі» демекші, оқушыға білім нәрін себуші жүректің қызметі сапалы болса, жемісі де шырынды болмақ. Қазіргі заман талабына келсек, ұстаз алдында тұрған жүк ауыр десек те болады. Әрбір мұғалімнің алдында тұрған міндет – сабақтың сапасын көтеру, түрін жетілдіру, ақпараттық технологияларды пайдалану, оқушының өз бетінше ізденуін қалыптастыру, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, құзыретті жеке тұлға тәрбиелеу. Күнделікті өмір тынысымен бірге тіршілік етіп, ұрпақ тәрбиелеп отырған ұстаздар үшін заман ағымына қарай оқыту басты мақсат. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін және сол алған білімін күнделікті өмірде қолдана алатын жеке тұлға. Сондықтан мұғалімдердің келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Біз алдымызға оқушылардың қызығушылығын қанағаттандыратын «жаңа тұрпатты» сабақ қандай болмақ? – деген сұрақты қоямыз және соның аясында үнемі жұмыс жасаймыз. Сабақ – оқушы мен мұғалім арасындағы білім алуға негізделген үрдіс. Мұғалімді оқушыға тек қана білім беру ғана емес, сонымен қатар, әрбір оқушының бойында шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары туралы ізденістер толғандыруы қажет. Сондықтан рольдік ойындар, талдау, проблемалық мәселелерді шешу жаңа форматты сабақтың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Осы мақсатты алға қойып, мұғалім өз тәжірибесіне оқытуды жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында әрбір сабақты түрлендіріп өткізу күнделікті дағды болып қалыптасу керек. Бұл әдістер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді. Білімді дайын калпында қабылдамай, оны өздігімен қалыптастырудың тұлғаны дамытатындығы, өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы белгілі. Қайталау мен жаттауға негізделген білім (репродуктивтік) тек есте сақтау дәрежесінде болса, құрастырылған білім (конструктивтік) білім үйренушіден түсіну, қолдану, талдау, ақпарат негізінде жаңа мазмұн құрастыру және бағалау сияқты белсенді әрекеттерді талап етеді. Сондықтан, пәндерді жекелей бермей, мазмұны жағынан ұқсас пәндерді біріктіре беруді тәжірибеге енгізген жөн, нәтижесінде оқушы алып жатқан білімін қайда қолданатынын ұғынып, оқуға деген ынта-жігері артады. Бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесіндегі негізгі тұлға педагог болғандықтан, оқытудың жаңа деңгейіне көшуге байланысты сапалы білім беру міндеті мұғалімге жүктеледі. [3]

Ұсынысым мұғаліммен жұмысты талқылау, талдау және шешімдерді алдын-ала қарастыру барысында оқушылардың өздерінің оқу процесін жеткілікті деңгейде түсінулеріне, сонымен қатар білімді бағалау, түсіндіру және тануларына көмек көрсету. Әр сабақта әдістерді түрлендіру арқылы оқушылардың қызығушылықтарын арттыру. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы туралы алған білімі мен біліктерін өмірде қолдана алуға дағдыландыру. Егер бізде қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау,

жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделгенде ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады.

Мұғалім сабаққа кіргеннен бастап оқушы назарын өзіне аудара алуы қажет, яғни ол үшін ұйымдастыру бөліміне аса назар аудару керек.

Ұстаз бола отырып, менде өз тәжірибемде жетістіктерге жету жолдарын іздестіремін. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», - деген сөз ізденімпаз, жаңашыл ұстаздарға арналғандай. Сондықтан мен оқытудың жаңа әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруды және жаңа технологияларды меңгеруді өзіме талап етемін. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру үшін әр сабақта әдістерді түрлендіріп қолданамын.

Қорытындылай кететін болсам, Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – нәтижелі білім беру, білім сапасын арттыру және рухани дүниесі бай жан – жақты дамыған тұлға тәрбиелеу, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру. Бүгінгі ақпараттандыру заманында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту білім берудің ең жоғарғы мақсаттарының бірі болып отыр. Ел басымыз білім беру мазмұнын жаңартудың, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы мен «Рухани жаңғыру – болашаққа көзқарас» бағыттарының оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда тиімді оқу мен оқытудың маңыздылығына баса назар аударды. Функционалды сауатты адам қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ахуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның негізгі белгілерін тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзіреттіліктерді меңгерген адам болып табылады. Жаратылыстану білімі ерекше және өзекті маңызға ие, ол оқушылардың бойында табиғат құбылыстары мен заңдылықтары туралы ұғым қалыптастырады, табиғатты танудың ғылыми әдістерін ашады, оқушылардың табиғат әлемімен қатар өзгермелі әлемде өз орнын табуларына жағдай жасауға бағытталған және олардың дүниетанымдық, мәдениетті тану және тәжірибеге бағытталған сипатын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, функционалдық сауаттылықтарын дамыту негізінде сыни ойлау қабілеттерін дамытады, құндылықты және тұлғалық сапалар жүйесін тәрбиелейді. Оқушы тұлғасының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру «Жаратылыстану» білім беру саласы пәндерін оқытудың маңызды компоненті болып табылады.

### **Әдебиеттер**

1. kz сайты
2. Бакирбекова А.М., Жолбасарова А.Б. Қазақстандағы білім беру жүйесін жетілдіру/Астана, 2015/[Электрондық ресурсы]: <http://martebe.kz/bilim-beru-zhuiesin-zhetildiru>. Ел басы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 2018.
3. Шабаянова С. Smart education: біліктілік арттырудағы соны көзқарас, жаңа басымдық - қолжетімді білім, тиімді тәсіл. [Электронный ресурс]: <http://orleupvl.kz/ru/novosti/512-smart-education-blklk-arttyruday-sony-kzaras-zhaa-basyndy-olzhetmd-blm-timd-tsl>

## **КӘСІПТІК БІЛІМДЕГІ ДУАЛЬДЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

**Дәуітова Нағима Тәжмұратқызы**

Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ көпсалалы колледжі

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында: «Дуальды кәсіптік білім беруді дамытудың

маңызы зор. Бұқаралық маман кадрларының жетіспеушілігін еңсеруге мүмкіндік беретін заманауи қолданбалы біліктілік орталықтары қажет» — деп, бұл оқыту жүйесінің техникалық салада алар орнынын айқындап берген болатын. Сондай-ақ, колледждерде дуальды оқыту әдісін енгізу туралы нақты тапсырма да жүктеген. Осыған байланысты елімізде кәсіптік-техникалық білім беру саласында жаңа жүйе жасалына бастады.

Дуальды жүйенің негізі — болашақ жас маманды оқу орны мен өндірісте қатар оқыту. Сонымен қатар, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін жоғарылату. Дуальды жүйе бойынша білім алған колледж түлегі жұмыссыз қалмайды. Өйткені теория мен тәжірибені ұштастыру нәтижесінде, студент оқу бағдарламасын жақсы меңгеріп қана қоймай нағыз дайын маман болып, жұмыс берушілердің сұраныстарына, талаптарына сай кәсіптік-техникалық кадрлар даярлайтын болады және дуальды оқыту әдісінің тағы бір ерекшелігі — еңбек нарығына қажетті жас мамандарды даярлауға тек білім мекемелерінің ғана емес, сонымен қатар жұмыс беруші мекемелердің де жауапкершілігін арттырады.

Дуальды оқыту жүйесі барысында студент, өз мамандығын жетік меңгереді, практикалық білімін ертерек жетілдіреді, сонымен қатар қоғаммен тез тіл табысуға үйренеді, өз ортасында беделі жоғары болады және жауапкершілікке тәрбиеленеді. Жұмыс үрдісінде студент өз мамандығына жаңаша көзқараспен қарайды және өз мамандығын жаңылмай дұрыс тандағанын түсінеді. Осылардан басқа болашақ маман өндірісте жұмыс істей жүріп, жұмыс өтілін жинайды, қосымша табыс табады және оқу орнын бітіргеннен кейін, жаңа заман талабына сай шарттарға байланысты яғни, еш қиындықсыз қызметке орналасады. Дуальды оқыту жүйесінің өндірістік мекемелер үшін тиімділігі қандай?-деген сұраққа тоқталар болсақ: дуальды оқыту жүйесі өндірістік мекемелер үшін таптырмас мүмкіншілік болып табылады. Себебі, мекемелер өздері үшін мамандандырылған кадрлар дайындайды, жұмысшылар іздеу үшін және жұмысшылар тандауда уақыт үнемдейді және шығынға ұшырамайды. Өндірістегілер жаңа мамандарды үйретуге, алғашқы бейімдеушілік жұмыстарына да уақыт үнемдейді. Мамандар өндірісте жұмыс жасағанда кейбір мәселелер туындамас үшін, жұмыс беруші оқу процесінің барлық уақытын тиімділікпен мұқияттылықпен өткізеді. Оқу орындарымен бірлесе отырып жұмыс жасау өндірістік мекемелер үшін де өте тиімді, себебі өзіне қажетті кадрларды ерте бастан дайындап, болашаққа білікті маман дайындайды.

Білім жүйесін жаңғырту аясында дуальды кәсіби білім беруді дамыту, жұмысшы кадрларының зәрулігін еңсеру үшін қолданбалы мамандықтардың заманауи орталықтарын құру міндеттері қойылды. Дуальды жүйенің негізі оқу орны мен өндірісте қатар оқыту болып табылады. Бұл кәсіптік-техникалық білім берудегі басты проблема – оқу орнындағы теория мен заманауи өндіріс практикасы арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді. Дуальды оқытуда теория мен практиканың өзара байланысы принципі жүзеге асырылады, мұның өзі болашақ маманға кәсіпорында жұмыс істеу кезінде қажетті біліктілікке ие болуға көмектеседі. Мұндай оқыту өндірістің нақты сұраныстарына барынша жақындатады да, жұмыс берушілер дайын мамандарға ие болады. Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшылығы орын алуда. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру, яғни, жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады. Қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасында алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келеді, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі.

Дуальды оқыту жүйесінің колледж немесе арнаулы оқу орындары үшін де тиімділігі жоғары екендігін атап өткен жөн. Олар: колледж өндірістік мекемелермен келісім шарт бойынша іскерлік қарым-қатынас орнатады, колледжді бітірген түлектерге деген қызығушылығы болады. Өндірістік процесстердегі өзгерістермен оқу орындары оперативті түрде ақпараттандырылып отырылады, мамандарға деген сұраныстарды (өндірісте қандай мамандар тапшы) біліп, сондай мамандықтар енгізуге бейімделеді. Оқу мекемесінің тартымдылық беделі артады, студенттер контингенті жоғарылайды.

Жастардың табысты еңбек етуі төмендегі факторлармен тығыз байланысты: біріншіден, бүгін білім алу көзі кеңейіп, өз бетімен оқимын деушілерге мол мүмкіндік туып отыр; екіншіден, білім әлемінде өз жолын тауып, өздігінен білім алуға ұмтылыс жасау; үшіншіден, адамның өзіндік қызығушылығы, түрлі мотивтері болуы; төртіншіден, жұмыс істейтін орында оның үнемі даму үстінде болуына жағдай жасалуы.

Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кадрларын даярлау елдің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ететін орта буынды кәсіби мамандар даярлау үшін негіз қалайды. Еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері ауқымының жедел қарқынымен өсуіне байланысты техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кадрларын даярлауда сапалы ұмтылыстың қажеттілігі туындап отыр. Осыған байланысты елімізде заман талабына сай білімді, озық технологияларды жетік меңгерген, кәсіби білікті жұмысшы мамандар даярлауда техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында үлкен міндеттер мен талаптар жүктеліп отырғаны белгілі.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда ерекше рөл атқарады. Қазіргі таңда кәсіптік салада жан-жақты білімді, білікті, бәсекеге қабілетті маман даярлау олардың әлеуметтік, кәсіптік, өзіндік жұмыс жасай алу қабілеттерін дамытумен белгіленеді.

Дуальды оқыту жүйесі дегеніміз — теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы. Ол алғаш Германияда пайда болып, негізі қаланды. Дуальды оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі тәжірибеде дәлелденген. Дуальды оқыту жүйесі қазіргі дүние жүзілік тәжірибеде бар дүние. Оның жарқын мысалдарының бірі — Германиядағы кәсіптік-техникалық білім берудегі даярлаудың дуалдық жүйесі. Мұнда оқушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды.

Дуальды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – техникалық – кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын жұмысшы мамандар даярлау.

Қазіргі кезде әлемде оқытудың дуальды жүйесі-техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады. Нақты өндіріс жағдайларына бейімделген, жұмыс орнында дағды мен білімді тікелей игеруге бағытталған, практикалық сағаттардың оқыту бағдарламасына барынша үйлесіммен біріктірілетін білікті мамандарды дайындау қазіргі кезде білім берудің дуалды жүйесі деген атпен белгілі.

Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшылығы ерекше орын алуда. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүйедегі мәселелер, яғни жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады. Қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келеді, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету – бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі. Мұндай жағдайда жас мамандардың оқу үрдісінде алған білімдерін жүзеге асыру жоспарланатын кәсіпорын қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қосымша оқу, тәжірибеден өту, қайта даярлау қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі күннің болмысы кәсіби білім жүйесі алдында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау, өз мамандықтарын жетік меңгерген, өз мамандығы бойынша тиімді жұмыс жасауға қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және оңтайлы кадрларды даярлауды талап етеді. Осыған байланысты қойылған басты міндет — мемлекеттік құрылымдардың күшін біріктіру, жұмыс берушілер мен оқу орындарын облыстық кәсіпорындар мен өнеркәсіптерді білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесінде жұмылдыру. Әлеуметтік серіктестік аясында Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ көпсалалы колледжі негізінен қызмет көрсету саласына білікті жас кадрларды даярлау үшін бірнеше мекемелермен, соның ішінде «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша Ақтау қаласының №29,22,5,14,21,9 жалпы білім беру орта мектептері, Жаңаөзен қаласындағы №15,19 жалпы білім беру орта мектептері,



Жетібай ауылындағы №3,4 жалпы білім беру орта мектептері, Баянды ауылынан № 3 жалпы білім беру орта мектебі, Батыр ауылынан №10 жалпы білім беру орта мектебі, Бейнеу ауданынан Сам жалпы білім беру орта мектебі, «Дене шынықтыру» мамандығы бойынша №23 жалпы білім беру орта мектебі, «Құқықтану» мамандығы бойынша Маңғыстау облысының Полиция департаментімен келісім шартқа отырды. Бұл кәсіпорындардың жетекші мамандары әрбір жартыжылдықта өткізілетін аттестацияларға, диплом қорғауға қатысып, бітіруші түлектерді жұмысқа шақырады.

Әлемдік тәжірибеге қарағанда, білім берудің дуалды жүйесі мамандардың кәсіби дайындығын жоғарылатуға ықпал етеді. Еңбек өнімділігі артады, халықтың көшіп – қонуы азаяды, әлеуметтік шиеленіске жол берілмейді.

Оқу үрдісіне дуалды білім беру жүйесін сәтті енгізу келесі мәселелерді шешуге мүмкіншілік береді:

- талапкерлердің кәсіби өзін өзі билеуі;
- оқу мекемесінің тартымдылық беделінің артуы, студенттер контингентінің жоғарылауы;
- оқушылардың қызығушылығы мен сұранысына қарай бағдарламалар, элективті (икемді) курстар бағдарламаларын әзірлеу;
- мамандықты тереңірек ойланып таңдауға, социализация, тапқырлық пен шығармашылыққа бейімдейтін біліктіліктің дамуы;
- дуалды жүйе бойынша оқытылатын тұлғаның қажетті біліктілік пен еңбек дағдыларына, кәсіби білімге ие болып еңбек нарығында сұраныс деңгейінің жоғарылауы;
- бітірушілерді дайындау деңгейінің жоғарылауы;
- бітірушілерді одан әрі жұмысқа орналастыру, жұмыссыздықтың қысқаруы;
- бітірушілердің әлеуметтік бейімделуі;
- білім беру мекемелерінің жобаларды жүзеге асыру кезеңдерінде қосу арқылы кәсіпорындармен өзара әрекеттесу аясын кеңейту;
- білім беру мекемелерінің бәсекелесуге қабілеттілігін жоғарылату.

Бұл мақсатқа жетудің негізгі сапалы білім беріп, дұрыс жолға бағыттаушы, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайларды жасаушы – өз пәнін жетік білетін, кәсіби дағдылары, педагогикалық дарыны бар, жаңашылдыққа ұмтылатын, өзіне сын көзбен қарай алатын оқытушылар мен оқу өндірістік шеберлері.

Біздің оқу ордамыз білім беру кеңістігінің әлемдік сахнасына шығуы үшін мамандарды даярлауда сапаға ерекше мән береді.

Дегенмен білікті де, білімді де білімді инженер педагогтардан құралған ұжым мүшелері алдағы тапсырмалар мен міндеттерді өз дәрежесінде орындап шығатындығына сенемін.

Дуалды жүйемен оқытудың жетістігі көп.

**1.** Бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады, себебі оқу барысында өндіріспен тығыз байланыста болған оқушы жұмыс берушінің барлық талаптарын игеріп, меңгерген жұмысшы маман болады.

**2.** Жаксы білімді, болашақ жұмысшы маман психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделген дайын маман болып шығады. Өндірісте өздігінен шешім қабылдай алады. Теория мен тәжірибені меңгеріп, бекітілген жұмысқа деген жауапкершілік сезімі жоғарылайды. Өндірісте болғандықтан ұжыммен жұмыс жүргізеді және өндірістегі жұмыстарға бейімделеді.

**3.** «Тәжірибеден теорияға» принципімен жұмыс жүреді, оқушы теориялық, яғни текстпен айтудан гөрі, өндірістегі жағдаяттарға сәйкес жұмыс жүргізеді. Теориядағы қиындық келетін терминдер мен есептерді тәжірибе жүзінде шешеді.

**4.** Жұмыс берушінің оқушыға берген бағасы дайындалған маманның біліктілігімен байқалады. Алғашқы күннен бастап ұзақ уақыт өндірісте жұмысшы болған оқушы, өзінің білім мен ынтасын көрсетеді.

**5.** Оқытушы тек қана теорияны ғана меңгермей, өндірістегі соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді.

6. Бюджеттік шығын азаяды, себебі оқуға кеткен шығынның біраз бөлігі өндірісте болғандықтан оқушы оны күнделікті көріп, игереді.

Жоғарыда аталған мәселелердің барлығы дуальды оқыту технологиясы енгізіліп, жүзеге асқан кезде қол жеткізетін нәтижелер.

Еліміздегі кәсіби-техникалық білім беру жүйесі ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. Өйткені, экономиканың қарқынды дамуымен кәсіби-техникалық маман иелеріне сұраныс та күн санап артуда. Соған орай, теориядан гөрі тәжірибеге басымдық берілетін дуальдық жүйені енгізу халықты жұмыспен қамту проблемасын шешудің бірден-бір тиімді жолы екендігі анық.

### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы;
2. Қазақстан республикасының «Білім туралы» Заңы;
3. «Дуалды оқыту жүйесі: кәсіби біліктілікті арттырудың жаңа мүмкіндігі»;
4. «ТЖКБ жүйесіне халықаралық тәжірибелерге негізделген оқытудың дуалды жүйесін енгізу перспективасы».

## ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОГО УЧИТЕЛЯ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Дузбаева Айнур Бекбулатовна

ГККП «Бейнеуский гуманитарно-экономический колледж»

*Если учитель имеет только любовь к делу, он будет хороший учитель. Если учитель имеет только любовь к ученику, как отец, мать, — он будет лучше того учителя, который прочел все книги, но не имеет любви ни к делу, ни к ученикам.*

*Если учитель соединяет в себе любовь к делу и к ученикам, он — совершенный учитель.*

Лев Николаевич Толстой

Учитель... в одном слове заложено очень много значений: Учитель, педагог, наставник. Многие студенты поступая в колледж или в среднеспециализированное заведение не понимают важности выбранной профессии. Ведь учителю русского языка и литературы недостаточно владение языком и теорией. Педагог всеми манерами, знаниями, умениями должен указывать студенту правильный путь, а также понимать, что не только воспитывает и учит студента, а готовит будущего специалиста и коллегу по профессии. Должен знать, что будущее страны в какой-то мере зависит и от педагогов. Ни один завоеватель, ни один государственный деятель не может изменить сущность масс ... А учитель может совершить больше, нежели завоеватели и государственные деятели. Учителя могут создать новое воображение и раскрыть скрытые способности и возможности человечества.

Учитель не только наставник и педагог, а мастер, который как из «пластилина лепит красивую и ровную фигуру». Красота — это внешний облик выпускника, требующаяся в современном мире образования, а «ровные фигуры» — это показатель полученных знаний по специальным дисциплинам и умения использовать 7 модулей по обновленной программе. Отличительными чертами современного педагога, являются постоянное самосовершенствование, самокритичность, эрудиция и высокая культура труда.

Перед современным профессиональным колледжем стоит важнейшая задача – обеспечить не только усвоение будущим специалистом совокупности профессиональных знаний, умений и навыков, но и формирование у него умения предложить себя на рынке труда, способности оптимально, гибко и эффективно решать возникающие проблемы в любой период времени и в разных ситуациях. Конкурентоспособный специалист рассматривается не только как продукт производства учебного заведения, но и как личность, обладающая определенными качествами; принимается во внимание не только высокий уровень результатов его деятельности, но и способность выстоять и победить в конкурентной борьбе. Сущность понятия «конкурентоспособность специалиста» требует уточнения содержания таких понятий, как «конкуренция», «конкурентоспособность», «конкурентоспособная личность». В результате анализа названных понятий, было установлено, что:

1. конкуренция – это соперничество между производителями товаров и услуг за рынок сбыта, завоевание определенного сегмента рынка, это состязание за максимальное увеличение собственных преимуществ в обладании ограниченными благами: конкуренция выступает движущей силой развития субъектов, участвующих в процессе, и сопровождается их взаимным развитием, изменением их поведения, деятельности, отношений, установок;
2. конкурентоспособность – это комплексная деятельностная характеристика конкурирующего субъекта (объекта), выражающаяся в способности отвечать потребностям рынка труда, и способность выдерживать конкуренцию, противостоять конкурентам. Конкурентоспособность может проявляться только в конкуренции;
3. конкурентоспособность личности – это интегральная характеристика, представляющая собой совокупность качеств личности, определяющих ее способность осуществлять определенную деятельность эффективнее других, выгодно отличающая его от других участников конкуренции. [1;1]

Основными показателями качества подготовки специалистов в СПО гуманитарного профиля в настоящее время являются: достаточный профессионализм; творческое мышление и способность к самообразованию. Подготовка специалиста, конкурентного на рынке труда, владеющего умениями и знаниями по своей специальности, имеющих практический, пусть и небольшой, опыт предполагает использование в процессе обучения творческих методов. Творчество, как известно - это умственная деятельность человека, с помощью особых действий приводящая к созданию качественно нового объекта материального, практического, организационного и другого характера. К методам творческой деятельности студентов условно относятся: самостоятельный перенос усвоенных технических знаний и умений в незнакомую или совершенно новую ситуацию;

- самостоятельное решение проблемы в знакомых обстоятельствах или ситуациях;
- умение видеть возможные варианты решения одной и той же проблемной ситуации.

Результативность учебных занятий во многом зависит от степени активизации учебного процесса в учебном заведении СПО и от того, насколько активно студент вовлечён в творческую работу. Творчество студентов в процессе обучения поможет поднять их познавательную активность. Для этого на учебных занятиях значительное внимание необходимо уделять самостоятельной работе. Учебная деятельность студентов позволяет не только прочно овладеть содержанием учебного материала, но и привить им интерес к педагогическому творчеству и инициативе.

А специальные дисциплины как методика русского языка, методика русской литературы, сопоставительная грамматика в первую очередь должны проходить не в лекционной форме, а более в практической форме. Например: при прохождении темы «Методика обучения орфографии как системе единообразных написаний: проверяемых, не проверяемых, фонетических и других», студенты практически должны освоить методику, то есть используя эвристический или дедуктивный принципы обучения поймут как осуществляется объяснение этой темы.

Бесконечные лекции по спецдисциплинам без практической части будут безрезультатными. А беседа, толкование новой темы будут результативными и материалы запомнятся студентам на всю жизнь.

Умения, знания и практический опыт студентов будут достаточно прочными, если на занятиях регулярно организуется самостоятельная работа, с заранее продуманными целями. Особенности общепрофессиональных дисциплин позволяют организовывать учебную деятельность, требующую воспринимать, осмысливать, запоминать, применять и находить самостоятельные решения. Выполнение самостоятельных работ позволит формировать разные признаки познавательной самостоятельности. Например, стремление творчески самостоятельно мыслить, способность находить правильное решение в незнакомой ситуации, поиск нестандартных путей к решению учебных задач, умение обобщать информацию, доказывать правильность своих собственных решений или выводов, давать правильную оценку современной жизни, в том во время прохождения практики. Самостоятельная работа студентов является одной из форм совместной деятельности студентов и преподавателей. Преподаватель закладывает определённую программу действий студентов в соответствии с поставленной дидактической задачей и содержанием учебного материала. А студент, который выполняет самостоятельную работу, будет смелее владеть приобретёнными знаниями, чаще включается в поисковую, творческую работу.

Виды самостоятельной студенческой работы в овладении общепрофессиональных дисциплин могут включать:

- выступление с обобщением или анализом учебного или справочного материала;
- работа с Интернет-источником;
- составление таблиц, графиков, схем для овладения сущности общепрофессиональных дисциплин;
- отбор норм, правил, положений из стандартов;
- разбор профессиональных ситуаций, их осмысление;
- определение своего отношения к изучаемым событиям;
- учебное рецензирование, анализ ответов; подготовка и оформление в электронном варианте докладов, презентаций, рефератов, конспектов и др.

Как показала практика работы, в большей степени проявление самостоятельности и творческой активности студентов СПО происходит при выполнении самостоятельных работ на творческом уровне. Они включают учебные задания, направленные на решение проблемных направлений, проблемных вопросов или задач. Во время изучений дисциплину «Русская литература» студенты сталкиваются с разными проблемными темами общества и решая их находят выходы. В пьесе М.Горького «На дне», затрагиваются социальные, моральные, духовные, эстетические нравы, проблемы человечество. Говоря об этих проблемах, студенты самостоятельно находят пути решения проблем. Успех практических занятий в форме решения проблемных ситуаций напрямую зависит от достаточной подготовки к ним. Планируя изучение темы учебной дисциплины, отбираются такие уроки, на которых могут создаваться проблемные ситуации.

Самостоятельная работа над справочными источниками представляет собой изучение структуры и содержания того или иного правила, характеристики, нормы. В целях развития знаний, умений и практического опыта необходима постановка таких вопросов, которые направляли бы студентов не только на понимание или запоминание правил, но и точное знание стандартного текста, особенно тех, которые применяются на курсовой работе. Например: на уроках сопоставительной грамматики, изучая тему «Имя прилагательное. Склонение прилагательных. Степени сравнения прилагательных русского и казахского языков. Переход прилагательных в существительные», если дать студентам самостоятельно поработать над темой распределив их по парам или по группам. А после изучения темы дать возможность объяснить эту же тему, то студенты используют одновременно и ЗУН по «Методике преподавания русского языка».

В зависимости от цели и содержания занятия преподаватель в процессе подготовки к занятию должен продумать систему заданий для самостоятельной работы студентов, которая может включать: решение проблемных вопросов, например, в форме «что произойдёт, если...». используя методы «Фишбоун» или метод «Способного писателя» и другие творческие методы позволят студентам научиться анализировать, делать выводы, сопоставлять, отстаивать собственное мнение или заканчивать прочитанные произведения по своему. Включение выполнения самостоятельных работ в учебное занятие позволит развивать познавательную активность и самостоятельность студентов в процессе овладения знаниями. По дисциплине «Детская литература и практикум по выразительному чтению» хорошо помогает развиваться студенту образное чтение или ролевое чтение сказок, рассказов. Например, сказка «Мойдодыр» К.И. Чуковского позволит студенту понять важность организованности и говоря о главной идее этого произведения пришли к выводу, что Возвращение дружбы и симпатии, организованный в тот же час праздник чистоты — справедливая награда герою за исправление. Разные методы по обновленной программе позволят обучающимся заниматься и самостоятельно, и творчески развиваться.

Возможные действия учителя, направленные на развитие обучающихся профессионально:

- Поощрять за самостоятельные попытки что-то сделать.
- Демонстрировать заинтересованность в успехе обучающихся, связанном с достижением поставленных целей.
- Побуждать к постановке трудных, но реалистичных целей.
- Побуждать к выражению своей точки зрения, отличной от точки зрения окружающих.
- Побуждать к опробованию других способов мышления и поведения.

Включать обучающихся в разные виды деятельности, развивающие у них различные способности. По дисциплине «Детская литература и практикум по выразительному чтению» используя разные упражнения для развития голоса, тембра и речи можно вырабатывать хорошую дикцию. Проводя такие упражнения как «Выразительное хоровое чтение учеников», «Чтение в лица», которое обостряет внимание к речи героя, к ее специфике. Чтение в лицах практикуется на заключительном этапе работы над текстом (чаще всего басни), когда ученики разобрались в характерах действующих лиц, реплики которых они будут произносить, и представляют, в каких ситуациях эти слова произносятся.

• Создавать, разные формы мотивации, позволяющие включать в мотивированную деятельность разных учащихся и поддерживать их активность. Мотивируя мы им помогаем быть увереннее в себе.

- Позволять строить картину мира на основе своего понимания и культурных образцов.
- Создавать условия для проявления инициативы на основе собственных представлений.
- Учить не бояться выражать свое понимание проблемы. Особенно в тех случаях, когда оно расходится с пониманием большинства.
- Учить задавать вопросы и высказывать предложения.
- Учить выслушивать и стараться понять мнение других, но соблюдать право не соглашаться с ним.
- Учить понимать других людей, имеющих иные ценности, интересы и способности.
- Учить определять свою позицию относительно обсуждаемой проблемы и свою роль в групповой работе.
- Доводить до полного понимания учащимися критериев оценки результатов их работы.
- Учить осуществлять самооценку своей деятельности и ее результатов по известным критериям.
- Учить работать в группе, понимая, в чем состоит конечный результат, при выполнении своей части работы.
- Показывать, что лежит в основе эффективной работы группы.
- Позволять учащимся брать на себя ответственность за конечный результат.

- Позволять учащимся находить место в коллективной деятельности сообразно своим интересам и способностям.
- Делиться с учениками своими мыслями, чувствами, ожиданиями относительно обсуждаемой проблемы, темы или конкретной ситуации их деятельности.
- Показывать ученикам, как можно самостоятельно учиться и придумывать что-то новое.
- Поддерживать учащихся, когда они делают ошибки, и помогать справляться с ними.
- Показывать относительность любого знания и его связь с ценностями, целями и способами мышления тех, кто их породил.

В последнее время социальное партнерство получает все более широкое распространение в сфере технического и профессионального образования, которое как в Казахстане, так и в целом в мировой практике нацелено на подготовку специалистов качественного уровня – творческих и компетентных личностей, способных к профессионализму, саморазвитию и самореализации. [2;10].

С 3 курса студенты квалификации «Учитель русского языка и литературы», проходят производственные практики в городских школах, и это дало им большую возможность проявить себя как будущего учителя русского языка. Если полученные знания во время занятия использовать за время прохождений практики и постоянно работать над совершенствованием, то таким образом мы получим квалифицированного специалиста. Именно, производственная практика дает возможность подготовить профессионального специалиста, мастера своего дела. И если в будущем перейдем на дуальное обучение, то наши работы будут результативными и мы можем предоставить рынку труда действительно конкурентоспособных специалистов.

Если педагог занимается саморазвитием, находится в постоянном поиске тех или иных методов, технологии, старается быть всегда образцовым наставником, участвуя на разных конкурсах, олимпиадах и организовывая между студентами разные мероприятия, не только по перспективному плану колледжа, а ... внеаудиторные мероприятия, всячески мотивируя студентов, упорно работая над каждым студентом, таким образом мы можем обеспечить рынок труда конкурентоспособными специалистами. Как говорил великий Абай Кунанбаев « Кто трудится только для себя, уподобляется скоту, набивающему брюхо. Достойный трудится для человечества». Мы воспитываем не только специалистов, мы закладываем фундамент будущего поколения. Педагог не должен, а обязан вкладывать душу для развития конкурентоспособного, профессионального, компетентного специалиста.

## **Литература**

1. Профессиональное образование. Столица | № 01 2011. Формирование конкурентоспособности выпускников профессионального колледжа Гренов Г.С., Семенова О.А.
2. Колледж: кәсіби білім беру №4(12)2015. Кәсіптік білім берудің үрдісінде жаңа талапқа сай маман даярлау – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі К.О.Абдиханова.
3. Интернет ресурсы

## **WORLD SKILLS – КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТІҢ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛЫ**

### **Жумабаева Лидия Конарбаевна**

Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ көпсалалы колледжінің арнайы пән оқытушысы

Жұмысшы мамандарға сұраныс күн санап артып келеді. Бүгінгі таңда Білікті мамандарды анықтап, кәсіби тұрғыда дамыту үшін WorldSkills чемпионатының маңызы зор. «Worldskills» – жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға негізделген халықаралық жобасының мақсаты – жұмысшы мамандығын дәріптеу, жұмысшы мамандығының танымдылығын және қоғамдағы беделін арттыру. Бүгінде өндірісте жаңа жұмыс орындары ашылуда, ал ол жұмысшы кадрларының білікті дайындығын қажет етеді. Кез келген өндірістің жетістігі кадрлық саясатқа байланысты.

V Республикалық кәсіби шеберлік Чемпионатының ашылу рәсімінде сөйлеген сөзінде Асхат Аймағанбетов: «Бұл — шын мәнінде еліміз үшін, республикамыз үшін өте маңызды іс-шара. Еліміздің басшысы білім саласына өте үлкен көңіл бөледі Соның ішінде WorldSkills қозғалысын дамыту мәселесін де көтерді. WorldSkills құзыреттіліктерін білім бағдарламаларына енгізу мәселесі — біздің алдымызда тұрған басты мақсат. Біз оны дамытатын боламыз», деді.

Бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманында жастардың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылығымыз бен жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы көптеген белестерді бағындыруға болады.[1]

Осы бағытта Үкімет тарапынан жұмысшы мамандығының мәртебесін көтеруге ерекше мән беріліп отыр. Болашақта елді индустрияландыруға байланысты жұмысшы мамандықтарының маңызы арта түседі. Ел экономикасының негізі білікті мамандардан, өз ісінің шеберлерінен құралады.

«WorldSkills – Еуропа мен өзге елдерде расталған жастармен жұмыс істеудің әлемдік ұйымы. Аталмыш қозғалыс үздік әлемдік тәжірибе мен кәсіптік стандарттар арқылы жүзеге асырылады. Бұл дүниежүзінің 80-ге жуық мемлекеті қатысатын халықаралық қозғалыс. WorldSkills қозғалысы, сонымен қатар EuroSkills жастарды жұмысшы мамандығын меңгеруге тартады және әлемдік аренада еліміздің мамандарына алған кәсіптік дағдылары мен құзіреттіліктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл жоба 1946 жылдан бері әлемнің 78 мемлекетінде өткізіліп келеді. Қазақстан WorldSkills International халықаралық қозғалысына 2014 жылы енді. [2]

Соңғы жылдары үздіксіз оқыту мен жаңа кәсіптерді игеру қажеттілігі көп айтылып жүр. Бұл жұмыс үрдістерінің технологиялық жаңаруымен байланысты. Осыған байланысты, жұмыс берушілермен, шетелдік сарапшылармен бірлесіп құбылмалы еңбек нарығында отандық кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін кәсіптік-техникалық білім беру бағдарламасын одан әрі жетілдіру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіп отыр. Кәсіпкерлер палатасы, әлеуметтік серіктестер де тыс қалып жатқан жоқ. Оқу бағдарламалары жаңартылды. Дуалдық оқыту жүйесі, модульдік оқыту бағдарламалары енгізілді. Модульдер бойынша студенттерді даярлау кезінде жауапкершілік сезіледі, себебі студенттерге әлемдік стандарттардың талаптарына сай білім беру қажеттігі туындайды. Бүгінде студенттердің деңгейі біршама көтеріліп келеді, ал оқуды бітірген соң олар өз ісінің нағыз шебері болады.

WorldSkills Kazakhstan чемпионаты студенттер үшін өз білімдерін тексерудің ең жоғарғы деңгейі болып табылады. Бұл қозғалыс Қазақстанның кәсіптік-техникалық білімінің имиджін көтеруге бағытталған.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің міндеті де-уақытпен ілесе отырып, өз ісін білетін және жақсы көретін білікті мамандармен қамтамасыз ету болып табылады. Ол үшін WorldSkills стандарттарын құзыреттіліктер бойынша білім бағдарламаларына енгізу мәселесі - алда тұрған басты мақсат. Оқу бағдарламасын бітірген кездегі қорытынды сынақ, емтихандарды осы стандарттар мен ережелерге сәйкес демонстрация түрінде өткізу керек. Себебі, өндірістегі техникалық өзгеруге байланысты оқу мазмұны да өзгеру керек. Мысалға: «кірпішті қалау құзіреттілігі» бойынша берілген өлшемде арқа қалау, қабырғаға майлау, безендіру жұмыстарын жасау, тақтатаспен қаптау және гипсокартонан корпус тұрғызып, сылақ жұмыстарын жасау тапсырма ретінде беруге болады. Тапсырма міндетті түрде модульдардан тұрады. Әр модульді тиянақты, уақытында аяқтауды үйретуге керек. Уақыт үнемдеуді осыдан үйренеді. Модульдер CIS автоматтандырылған жүйесінде бағаланады. Бағалау критерийлері әр құзіреттілікке бөлек жасалады.

Сонымен қатар, сабақ беретін арнайы пән оқытушылары мен оқу-өндірістік шеберлерінің білім деңгейін көтеріп, серіктес мекемелерден тағылымдамадан уақытылы өтіп отыруын қадағалау керек.

Құрылыс мамандықтарынан «құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары», «майлау және безендіру жұмыстары», «тақтатаспен қаптау» және «кірпішті қалау» құзіреттіліктері чемпионатқа енгізілген. Әр құзіреттілік бойынша қатысушы студентке жетекші тағайындалады. Жетекшілер дайындықтың іс-шара жоспарларын құрып және колледжішілік чемпионат

тапсырмаларын талқылап бекітті. Қатысушы студенттің сонымен қатар, физикалық, психологиялық жағдайы да дұрыс болу керек. Себебі, чемпионатқа үш күн уақыт беріледі. Қатысушы шыдамды, психологиялық дайындықтан өткен болғаны жөн. Арнайы оқу кабинеттері мен шеберхана жасақталуда. Тәжірибе жұмыстары үшін әлеуметтік серіктес мекемелер алаңдары мен колледж шеберханаларында өткізіледі. Жалпы, дайындыққа әлеуметтік серіктестіктердің де ролі зор. Әлеуметтік серіктестер оқу орындары үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады: қандай маман және қалай даярлау қажеттігі туралы ақпарат алу; мамандарды дайындау мазмұнында жұмыс берушілердің талаптарын ескеру; жұмыс берушілердің талаптарына жауап беретін жаңа оқу бағдарламаларын жасау, WorldSkills стандарты бойынша дайындау. Сондықтан да білім беру орны мен өндірістің кіріктірілу үдерісі –білікті мамандарды дайындауға жол ашады. Бұдан шығатын қорытынды: кәсіптік оқу орындарының әлеуметтік серіктестіктермен белсенді әріптестіктік әрекетін жүзеге асыру барысында әлемдік стандартқа сай маман даярлау мазмұны мен іс-әрекеттерді ұйымдастыру мазмұнына елеулі өзгерістер енгізу қажеттілігі туындайды.

Заманауи білім берудің негізгі басымдылықтарының бірі – қос бағытты білім беру жүйесі, яғни оқу орны мен жұмыс берушінің әлеуметтік серіктестігі болып табылады. Білім беру мен еңбек нарығы өзара тығыз байланысты: білім беру нарығы білім мен дағдыны игеру нарығы болса, еңбек нарығы – осы білімге ие адами ресурстардың нарығы. Әлеуметтік серіктестік жүйесі осы екеуінің арасындағы қарама-қайшылықтарды шешеді: оқыту мақсаттарын білім берумен ғана шектемей, білім алушыларды қажетті арнайы және WorldSkills стандартына сәйкес кәсіби дағдылармен қаруландырады.

Қазіргі таңда, мемлекет жастарымыздың болашығын бағдарлап, жаңашылдықты меңгертуді мақсат етіп, әлемдік деңгейден қалмай мамандықтардың сан салалы қырларын терең игертуге мүмкіндік бергені қуантады. «Worldskills» стандарттарын оқу бағдарламаларына енгізу - білім сапасын арттырудың бірден бір жолы. Осыған сәйкес төмендегідей ұсыныстар беруге болады:

□ Оқу орнының материалдық-техникалық базасын, зертханаларын, шеберханаларын WorldSkills стандартының инфрақұрылымдық парақтарына сәйкес қазіргі заманғы технологиялық жабдықтармен жаңарту;

□ Қорытынды аттестация, диплом жұмыстарын WorldSkills стандартының критерийлеріне сәйкес демонстрациялық емтихандар түрінде өткізу.

### **Әдебиеттер**

1. <http://worldskills.kz/>
2. <http://kcollege.kz/>
3. <https://bilimdinews.kz/>
4. «Кәсіпқор» Холдингі» АҚ-ы, Ақпараттық дайджест №36 2015ж.

## **ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ**

**Жумасатова Гулжамал Ыксановна**

Х.Өзбекғалиев ат.Маңғыстау политехникалық колледжі

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуде. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі болып отыр.



Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология. “Инновация” ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: “Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея”. Майлс “Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», – дейді.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынады.

Қытай даналығына сүйенсек: «Ауызша айтылғанды ұмытамын. Көрсетсең, мүмкін есімде сақтармын. Қатысушы болсам, мен түсінемін» делінген. Осы сөздерден инновациялық оқытудың мәні өз көрінісін тауып тұр. Қазіргі уақыт жаңалық пен инновация уақыты, күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтармен кездесеміз, бұған оқыту үрдісі де сәйкес болу керек. Жаңалықты пайдалану оқушының ойлау қабілетін жаңалыққа икемдеп, алдын ала болжам жасауға үйретеді, инновациялық әдістер бұл белсенді оқыту әдістері. Ақпаратты белсенді түрде сіңірген оқушы жадында өздері айтқанның 80% сақталса, өздері істегеннің 90% қалады.

Жаңа оқыту технологиясының түрлері көп. Кейбіреуін атап айтатын болсақ, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту (оқушылардың белсенділігі жоғарылап, өздерінің күштеріне деген сенімдері арта бастайды), М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы» (оқушылардың интеллектуалды және шығармашылық потенциалын дамытуға бағытталған), Ж.Қараев пен Ж.Кобдиқованың «Үш өлшемді әдістемелік жүйесі» (деңгейлік тапсырмалар беру арқылы дамыта оқыту идеясы жүзеге асырылады).

Әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілін арттырады.

- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;
- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;
- ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

- ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала – субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады;

Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын ояту, нақты жағдайда инновациялық технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асады.

Қазіргі таңда инновациялық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері өте мол. Сабақта логикалық жүйеге құрылған бағдарламаларды пайдалану арқылы өтілген тақырыптардан қайталау, пысықтау, мәтінді оқыту барысында талдау сияқты тапсырмаларды орындатуға болады.

Жаңа инновациялық технологияның басты тиімділігі – оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасай алады.

Инновациялық технологияны енгізуде компьютерді пайдаланудың тиімділігін былай саралап көрсетуге болады.

1. Оқушы мен оқытушының позитивтік оң қатынаста болуына ықпал етеді. Олай дейтініміз, оқушылар компьютермен тікелей қатысты болғандықтан өзін еркін сезінеді.

2. Компьютермен жұмыс барысында оқушылардың белсенділік, жауапкершілік және өзіндік шығармашылық қабілеттері қалыптасады. Оқушы өз бетінше еңбектенеді. Өз еңбегінің нәтижесін көреді. Өзін-өзі қадағалауға мүмкіншілік туады. Тапсырмаларды оқытушының көмегінсіз орындайды. Сол арқылы ойлау және есте сақтау қабілеттері дамиды.

Берілетін материал бірсарынды болып, тек оқытушы ғана сөйлейтін болса, балаларды жалықтырады да, сабақ сәтсіз аяқталады. Осындай көңілсіз жағдайларды болдырмау үшін биология сабағында компьютер арқылы оқушылардың белсенділігін арттыратын элементтер қолданылады. Инновациялық технологияның оқытушының жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар.

Жалпы пәнді оқытуда қазіргі кезде қойылатын талаптары мынандай:

- Оқыту мен оқуда АКТ пайдалану;
- Жаңа форматтағы әдіс-тәсілдерді сабақта қолдану;
- Негізгі білімділік ұғымдарды терең меңгерту;
- Оқытудың жаңа технологиясын пайдаланып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- Топтық негізде іздене білу дағдыларын қалыптастыру;
- Тақырыптық зерттеу жүргізу;
- Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, өз ойын қорытуға дағдыландыру;
- Оқушының өз бетімен жұмыс жасау қабілетін жетілдіру, дамыту;
- Шығармашылық тапсырмалар орындату арқылы қабілеттерін арттыру.
- Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру.
- Тәжірибе жүзінде білім, біліктілік дағдыларын қалыптастыру;
- Жаңа терминдер мен сөздіктермен жұмыс жасауға дағдыландыру;
- Жаңа технологияларды сабақта пайдалану;
- Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай білім беру.
- Тізбектелген сабақтар топтамасындағы сыни тұрғыдан ойлау модулі.

Жақсы әдістемелік бағдарламалық құралдармен жабдықталған компьютер көптеген функцияларды өзіне ала отырып, оқытушыға жұмыс стилін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Компьютер арқылы беруге арналған инновациялық-оқыту және әдістемелік құралдар құрамына төмендегідей материалдар кіруі тиіс:

- таратылып берілетін оқу материалдары;
- бақылау және тесттен өткізу материалдары;
- жаттығулар;
- топпен немесе жекелеп оқытуға және өздігінен оқып-үйренуге арналған әдістемелер;
- әрбір материалды немесе олардың бірнешеуін қатарластыра пайдалану тәсілі, яғни оның стратегиясы мен тактикасы және оларды бір-бірімен алмастыру жолдары;
- экранда берілетін барлық ақпараттық-оқу материалдарын компьютердің мультимедиялық мүмкіндігіне және сабақтарды сол арқылы беру тәсілдеріне қарай бейімдеу;

Компьютерлік өнімдер:

Оқыту программалары;

Электронды оқулықтар;

Мультимедиялық құралдар;

Қашықтықтан оқыту;

Видео конференциялар;

Бейнекамера және теледидарлық құралдар;

Презентациялар;

Гипермәтіндік гиперсілтемелер.

Оқыту программалары:

Оқыту программалары оқу-үйрену істерін ұйымдастырады, олардың мектепте не үйде кез-келген пәндерден сабаққа дайындалу кезінде өте ыңғайлы екені талас тудырмайды. Компьютерлер сабақ оқуда электрондық оқулық және тренажерлер түрінде, лабораториялық аспап, әрі информациялық-анықтамалық жүйе есебінде кеңінен пайдаланылады. Қабылдау емтихандарын өткізу кезінде компьютерлер "қазы" рөлін де әділ атқара алатын құрал екені белгілі.

Электрондық оқулықтар:

Электрондық оқулықтар қазіргі ақпараттық коммуникациялық білім беру парадигмасының құралы. тез арада қайтарма байланыс болуын қамтамасыз етеді (интерактивті қасиеті); қажетті ақпараттық материалдарды жылдам тауып алуға мүмкіндік береді; гипермәтіндік түсіндіруден жан-жақты ақпараттық материалдар алады; әрбір жеке тұлғаның, білімін, білік іскерлігін әрбір тараулар бойынша тексеруге, бағалауға мүмкіндік береді.

Мультимедиялық құралдар:

Мультимедия – бұл аппараттық комплекс пен құрал-жабдықтар бағдарламасы, яғни, пайдаланушылардың диалогтік режимде графикпен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқыту:

Қашықтықтан оқыту (ҚО) - білім, білік дағдыларды алу үрдісі, бұл кезде оқыту процедураларының тұтас немесе белгілі бір бөлігі оқытушы мен оқушының территориялық алшақтығына қарамастан жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.

Видео конференциялар

Онлайн-конференция – сайт оқырман-дарының конференция ұйымдастырушылары - мен тікелей байланысқа түсуі. Онлайн-конференция өзінің қарапайымдылығы мен қолайлығының арқасында дәстүрлі баспасөз-конференциясымен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие. Онлайн-конференцияға қатысып, сұрақ қою үшін тіркелуге де болады және тіркелмеуге де болады. Сондай-ақ, тіркелетін кезде өзіңіз жайлы нақты мәліметті көрсетпеуге де мүмкіндік бар. Онлайн-конференция – бұл белгілі бір уақыт аралығында өтетін іс-шара, алайда кейде сұрақты алдын ала қоя аласыз.

Бейнекамера және теледидарлық құралдар:

Теледидарлық бейнежазуға арналған кассеталық бейнемагнитофонмен біріктірілген құрал. Бейнекамерада бейне және дыбыс сигналдарын жазу, қарау, пәнге байланысты кино көруге, дәрістер тыңдауға ойындар (шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ т.б.) ойнауға болады.

Презентациялар:

Компьютерлік презентациялар қолдану сабақты көрнекті және жан-жақты етіп, жаңа сабақты жақсы игеруге көмектеседі.

Гипермәтіндік гиперсілтемелер:

Гипермәтіндік құжат олай аталу себебі, онда бір құжаттан басқа да құжаттарға және кері сілтемелер жасауға болады. .

Осы инновациялық технологияларды мүмкіндігімізше сабақта қолдансақ болашақ маман иесі тәжірибелі және білімді, инновациялық технологияларды мақсатты пайдалана алатынына сенім бар. Жаңа инновациялық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

– әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;

– білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;

– өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

– аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

– білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;

– жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады .

### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2030» жолдауы
3. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2006.
4. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008
6. Қабдиева С. //Бастауыш мектеп – 2004 - №2 – 21б.
7. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2004.
8. Сарбасова Қ.А. Инновациялық технологиялар. Алматы, 2006.
9. М.М.Жанпейсова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, 2002

### ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ – ЖАҢА ЗАМАН ТАЛАБЫ

Даукиева Гүлзада Сайрановна

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университеті  
жанындағы көпсалалы колледжі

«Жаңа Қазақстан, жаңашыл ұстаз, жаңа ұрпақ» — бұл білім беру жүйесіндегі бәсекеге қабілетті маман даярлау, білім кеңестігіндегі мәдениет пен өнердің даму негізі. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» дей келе , ол үшін «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», – деп жолдауында айтқан болатын.

Осы бағытта Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев ұстаздар үшін біліктілікті арттырудың үш айлық курсы оқытуды қолға алды. Осы курста қазіргі таңда қаншама ұстаздар білім деңгейін арттыруда. Күнде қарыштап дамып , дамыған елдермен терезесін теңестіріп келе жатқан Қазақстан мемлекеті үшін өзгеріс әбден керек . «Әлемнің өзгеруін қаласаң, өзгерудің алғашқысы өзің бол! Болашығыңның өзгеруін қаласаң, сол өзгерісті қазір жаса!» дейді. ендеше біздің білім жүйемізде болып жатқан білім саласындағы бүгінгі өзгеріс орынды.

Жеті модульді сабақтарда пайдалану барысында ұстаз дәстүрлі сабақтарымызда қалыптасқан біршама заңдылықтарды өзгерте алады, атап айтар болсақ, мұғалім сабақтарда дайын түрде білім беру емес, керісінше оқушының өз бетімен білім алуына жағдай жасайды. Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс -тәсілдерді қолдану барысында , оқушы сыни тұрғыдан ойлауға, өз білімін бағалауға заманға сай ойы мен пікірі қалыптасқан құзіретті тұлға болуға, ақпараттық -коммуникациялық технологияларды пайдаланудағы, сандық сауаттылығын арттыруға, өзін- өзі саналы түрде басқаруға бағыт ала отырып, бойындағы дарындылығы мен таланттылығын көрсетіп , алған білімін келешекте қолдана алады. Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұны болып табылатын жеті модульді пайдалана отырып, мұғалім оқушы білімімен қоса өзінің біліктілігін арттыруға мүмкіндік жасайды.

Осы мәселенің бәрін жинақтай келе жаңа заман мұғалімі — рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіс- тәсілге бай , зерттеушілік қабілеті жоғары, дидактикалық - әдістемелік, ақпараттық және басқа да құзіреттіліктің жоғары деңгейімен сипатталған рухани адамгершілікті , азаматтық жауапты , белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға болуы тиіс. Келешекте ұстаздық жолындағы әр мұғалімнің мақсаты — жаңа заман талабына сай тұлға

қалыптастыруда жеті модульді жүйелі түрде қолдана отырып, өз тәжірибесін одан ары қарай толықтырып, жетілдіру болмақ

Жаңашыл ұстаз -заман талабы. Теориялық білімін тәжірибе жүзінде іске асыра алатын, жауапкершілігі жоғары , ізденімпаз жеке тұлға болуы тиіс. Ең жақсы мұғалім — шәкіртінің жанын түсінетін, оны өз перзентіндей сүйе алатын, оқушы үшін бойындағы барын беретін , барлық білімді жібермей, шәкіртін өздігінен білім алуға жетелейтін мұғалім.

Көреген халқымыз әр кезде де ұстаз мәртебесін жоғары бағалаған.»Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы » деп, бар жақсы ниет- тілекті ұстазға арнаған. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев: «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан басталады.» -дейді. Әр уақытта ұстаз жоғарыда атап өткен жайлардың үдесінен шыға отырып, шәкірттеріне сапалы білім берсе, тек білім ғана емес сонымен қатар жандарын жараламай, бойындағы бар мейір- шапағатын аямай, олардың екінші ата-анасы ретінде қамқорлықтың шуағына бөлеп, білімнің асқар биік шыңына шығаруға бар күш-жігерін жұмсағанда білім беру жүйесінде «Қазақстанның болашағы — жастарымыз» үшін үлкен жетістік пен оның жемісі көрінері айқын.

Мұғалім кім, ол қандай болуы керек, жалпы бұл мамандық несімен құнды , ХХІ ғасыр мұғалімі қандай болу керек? деген сұрақтарға жауап іздеп көрсем.. Шәкірт жүрегіне жол табу мен бағбан боп баулу ұстаздық шыңның асқары болып саналатыны сөзсіз. Ұстаздық жол сонысымен құнды, көп мамандықтардың ішіндегі жан-жақты білімділік пен икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететіндігі де сол себепті. Олай дейтініміз, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманымен сырласып, оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман.

Мұғалімге тән ең бірінші қасиет – баланы құрметтеу,оның адамшылық ар-ұжданын, намысын, тұлғасын жасына қарамай сыйлау,құрмет тұту. Бұл мұғалімнің терең дүниетанымы мен үлкен жүрегінен келіп шығады.«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткен мұғалім-мектептің жүрегі»,-деген болатын Ыбырай атамыз. Ал ұлы химик Д.И.Менделеев: «Мектеп-халықтар мен мемлекеттер тағдырын айқындайтын алапат күшке ие» деген болатын. Олай болса,тәуелсіз еліміздің болашақ тағдырын тәрбиелейтін қазіргі заман ұстазы қандай болмақ керек? Әрине, ол өз кәсібінің майталманы,осы мақсатқа рухани күш-жігерін, парасат-қуатын салу керектігі айтпаса да түсінікті. Бұл-әркімнің қолынан келе бермейтін, ерекше талантты қажет ететін, бай қиялды адамға тән қасиет. Сондай-ақ ұстаз күнбе-күнгі өзінің көп қырлы еңбегінде мазмұны әр түрлі кездейсоқ жайттардың туындап отыратынын алдын ала сезіп, болжап және оның оң шешімін табуға дайын болуға тиіс. Сондықтан да ұстазды әр баланың жан-дүниесін танып білуші әрі оның жеке тұлға етіп, қалыптастырушы, ел болашағының мүсіншісі деуге болады.Мұғалім-барлық білім беру жүйесінің негізі, жаны және жүрегі. Оқушыны субъект ретінде қарастырып, оның өзін-өзі тануына жол ашу,жеке тұлға бойындағы қасиетті дамыту, «Мен» менталитетін қалыптастыру,білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау-бүгінгі таңдағы мұғалімнің кезек күттірмейтін мәселесі. Мұғалімнің өзі жеке тұлғаға көтерілмей, мұндай зор мақсатқа жетуі мүмкін емес.

Қазіргі заман мұғалімі- рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман,өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Мұғалімнің кәсіби білігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтік тәжірибесінің дамуының алғышарты болып табылады. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл,зерттеуші,практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог-педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет. Жақсы мұғалім-бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары,интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын,оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі. Және солай болуға тиіс. Ол- өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны небір қиын әрекеттерге жетелейді, іске батыл кірісуге септігін

тигізеді. Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады. Біздер, мұғалімдер күнделікті өмірдің жай ғана адамы емес, болашақты құрушыларды, адамзаттың сәулетті болашағын жасаушыларды тәрбиелеп отырғанымызды ойласақ, мұғалім мұратының қандай болатыны өзінен-өзі айқын.

Абай атамыз: «Бір бала туады. «Ішсем, ұйықтасам, жесем» дейді. Ол – тән құмары. Бір бала туады. «Білсем, көрсем, үйренсем» — дейді. Ол – жан құмары». Бірақ, бүгінгі таңда біз осы екі баланы да бірдей деңгейге жеткізуге толық мүмкіндігіміз бар. Себебі, «тек ұйықтасам» деген бала қасындағы баланың әрекетіне алғашында селт етпеуі мүмкін. Бірақ, үнемі сабаққа енгізген түрлі тәсілдер оны да қызықтыруы мүмкін. Ол осы сабақ барысында өзі байқамайтын қабілеттің бар екенін білуі мүмкін. Ол талантты байқаған біз оған мадақ сөздер айту арқылы сенімділікті қалыптастыруға септігімізді тигізуіміз керек. Бүгінде дамыған елдермен терезесі тең болуы үшін біздің еліміз де аянып отырған жоқ. Ал, іргесі нық қаланған мемлекет тірегі – білімді ұрпақ. Кешегі «Қазақ» деп ұрандаған арыстарымыздың текке қан төкпегені даусыз. Ендігі кезекте арманы орындалған сәтте, ел сенер ұрпақтың әлжуаз, бос болуы тәрбиеге келіп тірелері сөзсіз. Сондықтан дамыған елге қарап бой түзеген еліміз ұрпақ бойына білім нәрін себуші мына біздерді ұстаздар қауымын, жаңа заман талабына сай білімін жетілдіруді қолға ала бастады.

Сондықтан, жаңашылдықпен сабақ өту – заман талабы. Әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып өткізген сабақтар бойынша байқағаным, оқушыларды «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөле алмайсың. Өзгерістерді атап көрсетер болсам, оқушының өз қабілетіне, болашағына нық сеніммен қарай бастауы; оқушы мен оқытушының арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орын ала бастауы; оқушының өз білімін өзі бағалай алуы; баға әділдігіне; білім көрсетудің әділ сайысына мүмкіндік беруі; оқушыларда сәтсіздік, қорқыныш, мазасыздық сезімінің жойылуы; дарынды оқушылар дер кезінде анықталып, оларды дамытуға жағдай жасалуы; «Әрбір ұстаз – білікті маман, әрбір оқушы – ойшыл тұлға» деген қағидаларды ұстана отырып, білім беру үрдісінде кез келген ұстаз білім сапасын жақсарту мақсатында оқытудың озық технологияларын пайдаланса деймін. Себебі, біз тәрбиелеген ұрпақ өз біліміне, күшіне сенетін, алдына нақты мақсаттар қойып, оны жүзеге асыруда солқылдақтық танытпайтын болуы тиіс. Ұстаз деген киелі мамандықтың сырын ашып, қыры мол, терең дүниеге еніп кеткелі көңілдегі арман толастамай, толқу мен қуаныш қатар орын алып, мектеп деген үлкен дарияда жүзіп келе жатырмыз. Еліміздің басынан өтіп жатқан жанартаудай сілкіністер бүгінгі білім беру жүйесіне де түрлі өзгерістер енгізуде. Заман талабы «білу аз, сол білгеніңді іске қолдана білу» дейді. «Әркім қолда барын ұсынады» деп немқұрайлылыққа салынсақ алдымызда отырған бейкүнә шәкірттердің тағдырына қиянат жасаған болар едік. «Не ексең, соны орасың» демекші бүгінгі ұрпақ бойына не сепсек, ертең соның жемісін көретініміз рас.

Мемлекеттік білім саясаты да осы мұғалім арқылы жүзеге аспақ. Мақсатымыз – алдымызда тұрған өзекті мәселелер айналасында сөз қозғау. Соның ішінде ең бастысы – әлемдік білім кеңістігіне ену жолындағы алғашқы қадамдар. Ал бүгінгі таңда мектептің, мұғалімнің қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Рухани байлық, ең алдымен, әр халықтың әдет-салты, көзқарасы шыққан түп тамырында жататыны белгілі.

XXI ғасыр — білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

XXI ғасырда еліміз ғаламдану және жаһандану процесіне көшуде. Осы процесті жандандырып дамытуда жас ұрпақтың білімі мен біліктілігі орасан зор рөл атқарады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиялармен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп елбасымыз өз жолдауында айтқандай, педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалардың курстарында оқытудың тиімділігін, ерекшеліктерін, нәтижелілігін байқадым. «Мұғалім — өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда оның мұғалімдігі де жойылады» деп К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі таңда педагог кадрлардың негізгі мақсаты мен міндеттері — сабақ сапасын көтеру, оның түрлерін жетілдірудің жолдарын іздеу, іздене отырып

оқушылардың пәнге қызығушылығын және танымдық ізденімпаздығын арттыру. Қазіргі педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу — оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы.

Шығармашылыққа жетпей тұрып, шебер педагог болуы мүмкін емес. Ол мұғалім ізденісінің нәтижесі, оның ақыл – ойының көрінісі. Шығармашылық-әр ұстаздың дара қасиеті.

Шығармашыл, рухани бай педагог өзінің педагогтік шеберлігін де ұтымды пайдалана біледі. Олай болса, рухани бай мұғалім – қай бағытта да табысты болмақ.

### **Әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан/ 26.04.2017 ж.
2. Садиекова Г.А. Рухани жаңғыру - кітапхана саясатының стратегиялық бағыты, 254 б.
3. Нығыметов Ғ. Қоғамдық сананы жаңғырту аясындағы қазақстандық социумның құндылықтары, 2018ж, 82 б.

## **БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҒАҒЫ «КВЕСТ» ОЙЫНЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ**

**Дутбаева Дария Барисовна**

О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі

Мемлекет басшысы Қасымжомарт Тоқаевтың 2 ші қыркүйектегі Қазақстан халқына алғашқы жолдауында Білім беру сапасын жақсарту керектігін атап өтті. Біз білім алушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет делінген. Атап айтсақ оларға еліміздегі жұмыссыздықты жою, әрбір отбасын қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету, адамдарға сапалы медициналық қызмет көрсету, саламатты өмір салтын арттыру сияқты әлеуметтік салаларды дамыту жатады. Елбасы индустриялы-инновациялық даму аясында білім мен ғылымның дамуына ерекше көңіл бөлінетіні көрсетілген. Мысалы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын инновациялық гранттар арқылы қаржыландыруға бюджеттік шығындардың арттырылатыны көзделуде.

Бүгінгі таңда білім, ғылым, инновация қоғамның барлық салаларына кеңінен енген. Оның нәтижесі де жоқ емес. Еліміздегі индустриялы - инновациялық жобалар бойынша ашылған шаруашылық субъектерде инновациялар кеңінен қолданылуда. Ұлы Абайдың «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандастарының бәрі кінәлі» деген әйгілі сөзін еске алсақ, еліміз еңсе көтеріп, әлемдік өркениет пен ұлттық рухани құндылықтарымызға бет бұра бастадық.

Қазіргі заманғы нақты педагогикалық қызметте іске асыруға болатын орасан зор педагогикалық тәжірибе жинақталған, бірақ олардың бәрі бірдей қолданыла бермейді, өйткені көптеген мұғалімдер мен басшыларда ол тәжірибені зерттеу және қолдану қажеттілігі қалыптаспаған, сол сияқты ол тәжірибелерді талдау мен талдаудың дағдысы мен іскерлігі жетісе бермейді. Мұғалімдер нақты іс-әрекетінде өзінің, сол сияқты әріптесінің де педагогикалық тәжірибесіне талдау жасаудың қажеттілігіне мән бермейді.

Осы бағытта мұғалімдердің инновациялық білім прогресіне бет бұруы көзделуде. Еліміздің болашақ ұрпағы үшін ХХІ-ғасырдың – ғылым ғасыры деген сипатын дәріптейтін заманауи жаңашылдық іс тәжірибелерді дамыту көзделген. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр.

Елбасымыз Қасымжомарт Тоқаев “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” еңбегінде 2020 жылға қарай қалалық, сол секілді ауылдық жерлердегі барлық балалар мектеп жасына дейінгі тәрбие беру және оқытумен қамтылады деп көрсетті. Осы бағытта оқу-тәрбие үрдісін жандандырудың қазіргі инновациялық технологияларын жетілдіріп, оны арнайы пән сабақтарын оқытуда тиімді қолдану арқылы білім сапасын жоғарлату мақсатында бір қатар бағыт-бағдарлар берілуде.

Тұлғаның психологиялық ерекшеліктерімен табиғи қабілеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеті мен сабаққа ынтасын арттыру, ой-өрісін, логикалық ойлау дәрежесін дамыту, сонымен бірге экономикалық, эстетикалық, гуманитарлық, халықтық педагогикалық тәрбие беруде де, ойлау қабілетін белсендендіру үшін түрлі әдістер мен тәсілдерді және технологияларды тиімді қолдана білуі қажет.

Инновация («новация» - жаңа, жаңашылдық; «ин» «қайталанатын» процесс, деген ұғым) бар, әрекет етуші нәрсенің ішінде жаңаның пайда болуын, дамуын білдіреді. Бұл түсінік. XX ғасырдың 30- 50 жылдарында Европада ғылымның жаңа саласы ретінде пайда болды. Жалпы педагогикалық инновация ұғымын сипаттауды мына түрде беруімізге болады.

Білім берудегі адам қабілетімен іскерліктерін дамытуғы бағытталған оқу-тәрбиеде қолданылатын құралдардың арнайы формалары, әдіс-тәсілдері көрсетілетін психологиялық-педагогикалық нұсқауларға және оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру әрі жүзеге асыруға бағытталған біріккен педагогикалық іс—әрекетке жаңашылдық тұрғысынан келу инновациялық технология болып табылады. Білім беру қызметінің тиімділігін арттырудың инновациялық әдістері ретінде «КВЕСТ» зияткерлік ойынының элементтерін практикалық сабақтарда қолдануды, әрі толыққанды командалық ойын ретінде өткізуді ұсынамын. Квест (ағылш. quest), немесе шытырман ойын (ағылш. adventure game) - ойыншының басты кейіпкері бар интерактивті тарихты білдіретін компьютерлік ойындардың негізгі жанрларының бірі. Квест жанрындағы ойынның маңызды элементтері шын мәнінде әңгіме және әлемді зерттеу болып табылады, ал ойын процесінде негізгі рөл ойыншының ақыл-ой күшін талап ететін бас қатырғыштар мен міндеттерді шешу ойнайды. Квест ойыны арқылы білім алушыны жан-жақтылыққа, шапшаңдылыққа, шығармашылыққа, топпен жұмыс істеуге, бәсекелестік қабілетін, оқу қабілеттерін дамытуға, білім-білік, таным ерекшеліктерін, білімдерін тереңдету, қайталау, пысықтау, әрі пән бойынша білім-білік дағдысын қалыптастырады. Білім алушылардың өз жетістіктерін өздеріне талдатып, өзіндік бағалау әрекеттерін ұйымдастырады, жаңашылдық ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалана білу, алған білімдерін кеңейтіп, қызығушылығын арттырады, сөздік қорын дамытады, сөйлеу мәдениетіне төселдіреді.

Квест ойыны арқылы оқушының мінезін анықтауға болады. Адамның қиындыққа тап болған кездегі әрекеті, шынайы бетпердесін көрсетеді. Өзімшілдік пен бірлесе әрекет ету ойыншылардың психологиясынан хабар береді. Ойнай отырып, ойлау. Оны сырттай бақылау мектептегі психолог мамандар үшін тиімді әдіс. Квест ойынын барлық пәнге қолдануға болады. Сондықтан да біздің реформалардың алдыңғы шебінде жастар болуы тиіс. Сенім артып отырған осы жастардың күш-жігері мен бастамашылдығы, олардың болашаққа ұмтылысы – көп ретте біздің бастамалар табыстылығының кепіліне айналады.

Жас ұрпақ жаңа идеяларды ашық, жаһандық тұрғыда пайымдап, болашақтың категорияларымен ойлайды. Пайымдай келгенде, болашақта елді дамытудың басты жолы интеллектуалдық ұлт қалыптастыру екендігіне сенімдіміз. Жас ұрпақ жаңа идеяларды ашық, жаһандық тұрғыда пайымдап, болашақтың категорияларымен ойлайды. Пайымдай келгенде, болашақта елді дамытудың басты жолы интеллектуалдық ұлт қалыптастыру екендігіне сенімдіміз. Интеллектуалдық ұлтты қалыптастыруда үш базалық аспекті бойынша нақты әрі жүйелі түрде алға жылжу бар. Білім, мәдениет және инновация салаларын дамытудың жаңа жолдары әзірленді. Бұл адам капиталын дамытуға жағдай жасайды.

Өмір бойы білім алу, баршаға арналған білім үшін жағдай жасау керек. Неміс философы Зиммелдің айтуынша, «білімді адам-білмейтін нәрсесін қайдан тауып алуды білетін адам». Мен білім алушыларды жан-жақты дамытуға шақырамын.

### Әдебиеттер

1. ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы»
2. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» жолдауы
3. Қасымжолар Тоқаевтың Қазақстан халқына тұңғыш Жолдауы 02.09.2019ж



## **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

**Жуматаева Жарқынай Уралбаевна**

№11 жалпы білім беру орта мектебі, Мұнайлы ауданы

«Білім алу – батылдық, оны толықтыру – даналық, ал шебер қолдана білу – өнер».

Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті. Білім негізі мектептен қаланатын болғандықтан, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты роль атқарады. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу.

Бұл мақсатқа жетуде ұстаздар терең білімді, әдістемелік жағынан толық қаруланған және жоғары мәдени деңгейі болуы тиіс. Себебі, әрбір пән мұғалімі оқушылардың оқуға ынтасын оятып, олардың қабілеттерінің дамуына жол ашады. Мұғалім алғашқы сабақтан бастап әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, ынтасы мен бейімділігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығын ескере отырып оқу үрдісін жүргізу керек. Сондықтан да мен білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстарын ескере отырып, оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді таңдадым.

Бастауыш білім беру мақсаты — келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға:

- білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану;
- сыни ойлау;
- ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
- әр түрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану;
- топта және жеке жұмыс істеу ептілігі;
- проблемаларды шешу және шешімдер қабылдауға

ие оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру.

Педагогикалық әдіс-тәсілдер

- құндылықты-бағдарланған;
- әрекетті;
- тұлғалық-бағдарланған;
- кіріктірілмелі;
- коммуникативті

Әдіс-тәсілдерді мұғалімдердің ізденісі арқылы оқушы қабілетіне қабылдау деңгейіне қарай іріктеліп қолданады.

Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына көмектеседі.

Оқыту әдіс-тәсілдері:

Құндылықты-бағдарланған тәсіл-оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл— педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақыл-ойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл— оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл-бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл-оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға көмектеседі.

Интербелсенді әдіс

Интербелсенді әдіс— үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танытын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action-әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі. Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсек, «интерактивті» деп атаймыз. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты— тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті негізде оқу мақсаты – білу емес, үйрене білу. Ол:

- өзіне деген сенімге тәрбиелейді
- шешендік өнерін жетілдіреді
- танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын)
- сыни ойлау дағдыларын дамытады
- өз пікіріне деген құқығын түйсінуді артады

Интербелсенді оқыту- әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептеледі, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен : «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдарына тән тәсілдері ретінде танылады.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

- бірлескен жұмыс;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.
- Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:
- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
- рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай т.б.)
- презентациялар,
- тренингтер,
- интервью,
- сауалнама т.б.

Интерактивті әдістерді қолдануда кейбір ережелерді есте сақтау қажет:

Бірінші: жұмысқа балалар толығымен қатысуы керек.

Екінші: балаларды психологиялық тұрғыдан дайындау, сабақ барысында сергіту сәті, балаларды белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін - өзі көрсетуіне жол беру.

Үшінші: кабинет талапқа сай болуы қажет .

Төртінші: жұмыс орнына назар аудару қажет. Оқу орны ыңғайлы және жайлы болуы қажет.

Бала өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалуы қажет.

Бесінші: оқу барысында процедураға және регламентке назар аудару қажет. Мысалы, белгіленген уақыттан асып кетпеу, бөгде кісінің пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу.

Алтыншы: оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мұқият қарау .

Интерактивтік әдістеме өзара қарым – қатынастың мол ауқымын қамтиды. Оқу процесінің барысында оқушылар мұғаліммен, өзге балалармен (қосақталып жұмыс істеу барысында), шағын топтармен (3-5 баламен), балалардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында), техника түрімен яғни, компьютермен қарым – қатынасқа түседі.

Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейді. Оған дәлел: Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады деген Хэтти (2014)

Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды және олардан кері байланыс алады.

Жай сабақ құнарсыз тамақ секілді, адам бойына жұқпайды, қызықты сабақтар, мұғалімнің ашқан жаңалығы, әдістемелік ізденісі, қолданған әдіс-тәсілдері арқылы ерекшеленіп шәкірт жүрегінен орын алады.

Шет тілін оқыту үрдісін жандандыру, тіл дамыту жаттығуларын қолдану, жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу бүгінгі күннің басты талабы. Сондықтан өз сабақтарымда төмендегі ойын түрлерін, әдіс-тәсілдерді қолданып, оқушылар нәтижелілігін сынап көрдім.

«Кемпіркосақ» ойыны. Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма беріледі. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады. Бұл ойын есте сақтау қабілетін жақсартыады.

«Ойлан, тап» ойыны. Оқушылар парталарында отырады да, бір оқушы шығады. Оған көзінің түсі, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса юбкасының түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Немесе оның мінезі туралы айтса да болады. Оқушы кім екенін табуы керек. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақлағыштығы жақсарады.

«Венн диаграммасы». Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін нысандардың сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни, салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.

«Джигсо». Топтарға мәтін бөлігі таратылады. Мәтін бөлігін оқып, өз топтарында талқылайды. Талқылауға аз уақыт ғана беріледі. Бастапқы топқа қайта келіп, қолдарындағы мәтін бөліктерін құрастырады. Топтарға мәтіннің толық нұсқасы таратылады. Толық мәтін мазмұнымен танысып, мәтін желісін топ мүшелері бірлесе отырып аяқтайды.

Джигсо әдісімен жұмыс ақпарат алу мен пысықтауға, ойлауға ықпал етеді. Оқытудың осы ұжымдық әдісін жүзеге асыру мақсаты – жалпы мәселені алдымен жұпта, кейін ұжымда талқылау, үйрену мен үйрету. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды.

«Қар көшкіні».

Оқушылар шеңбер құрайды, мұғалім де оқушылар арасынан орын алады. Әрбір қатысушы өз есімін атап, оған бастапқы әріптен басталатын бір сын есімін(эпитет ) қосады. Мәселен,

«Айнаш» есімі «А» әрпінен басталады, яғни ақылды Айнаш (айбынды, асқақ, айлалы ) сияқты сын есімді қосады да, алдында тұрған барлық оқушылардың есімдері мен эпитеттерін қайталап шығуы керек: Алғыр Асан, думанды Дәмеш, сабырлы Сейтжан, әділ Әбілғазы т.б.

Бұл тәсілді қолданғанда оқушыларға мұқият тыңдау мен зейін қою қасиеттерін іске қосу қажет.

«Тарсия».

Топтарға бөліктерге бөлінген қағаздар беріледі. Олар сол қағаз бөліктерін орын орнына қойып, фигура шығару керек. Мұнда өткен тақырып бойынша сөздер аудармалары, синонимдер, антонимдер және фразалар болуы мүмкін.

«Бұрыштар» тәсілі: Мұғалім оқушыларға сұрақ ұсынады және мүмкін төрт жауабын сыныптың төрт бұрышына орналастырады. Оқушылар өзіне дұрыс деген жауаптың қасына барып тұрады, таңдаған жауаптарын топтық жұмыста тұжырымдайды және өздерінің көз-қарастарын дәлелдейді.

«Допты лақтыру». Мұғалім доп лақтырып сұрақ қояды. Допты қағып алған оқушы сұраққа жауап беріп, өзінің сұрағын қояды. Егер оқушы сұраққа жауап бере алмаса, допты басқа оқушыға береді. Бұл әдіс теориялық сұрақтарды бағалауға, тілдік мақсаттардың орындалуына орын береді.

«Айналмалы бекеттер»

Мақсаты: Бұл әдіс оқушылардың өзгелердің идеясына сүйеніп, проблеманы немесе мәселені толығымен қамтуын көздейді, сондай-ақ олардың белсенді болып, жылдам қозғалуын талап етеді.

Ұйымдастыру:

Бөлмеге индикаторлары, түрлі-түсті қағаз және қаламдар бар бірқатар бекеттер қою керек.(немесе әр топқа әр түсті қалам беріңіз, осылайша кім қандай үлес қосқанын көре аласыз)

Жұмыс алгоритмі: Әр топты өз бекетінің жанына орналастырамыз. Оларға талас тудыратын проблеманы талқылап, өз идеяларын газетке немесе тақтаға жазу үшін 10 минут уақыт беріледі. Уақыт аяқталғаннан кейін, топтар кабинеттегі жаңа бекеттерге көшеді, ол бекетте бұған дейін болған топтардың идеяларын негізге ала отырып, талқылауды жалғастырады. Барлық топтар бекеттердің барлығын өтіп, өзге топтардың түсініктемелерін қарастырып болғанша әр 10 минут сайын топтар бекеттерін ауыстырып отырады.

«Миға шабуыл» стратегиясы.

Оқушыларға өткен тақырыпты қайталану негізінде, сұрақтар қою арқылы миға шабуыл жасалады.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы орайда, ағылшын тілі пәнін дұрыс үйрете білу өте маңызды. Педагогтің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі мұғалімнің алдынан шыққан оқушы – өмірде өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

Яғни, жаңартылған білім бағдарламасы оқушы үшін де , мұғалім үшін де тиімді бағдарлама болды. Егер оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгереді. Басқаша айтсақ, оқушыға бағдарланған оқыту ортасында мұғалім оқушылардың сыныпқа келген кездегі бастапқы сенімдерін, білімін және өзіндік ойын негізге ала отырып, өз пайымдарын жасауға қабілетті екенін түсінеді. Егер оқу үдерісі оқушы мен оқу материалын жалғастыратын «көпір салуға» негізделсе, онда осы үдерісті үйлестіретін мұғалімдер көпірдің екі жағын да қадағалай білуі тиіс.

Жалпы қорыта айтқанда, аталған бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсек, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға

үйренеді сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Сондықтан басқа пәндердің де осындай оқыту формасымен оқытылса, тиімді болатындығын айтуға болады. Осыны меңгергенде ғана жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

## **МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ТӘРБИЕЛЕУ**

**Жұбаева Зәуре Құлшыққызы**

Ш. Есенов атындағы КМТИУ көпсалалы колледжі

Математиканың абстрактілі сипаты, оның ішкі логикалық байланыстары мен оның тарауларының жүйелі оқытылуы бұл пәнді оқытудың өзіндік қиындықтарын туғызады.

Білім алушылардың жас ерекшеліктерінің есепке алынбауы, «қатаң» баяндауға ұмтылыс, математиканың қазіргі заманғы қоғам өміріндегі маңызын көрсете алмау, көбінесе білім алушылардың математикаға деген көзқарасының құрғақ, қызықсыз ғылым ретінде өзгеруін туғызды.

Өкінішке орай, математикаға деген мұндай көзқарас күні бүгінге дейін жойылмай отыр, бұл көптеген жас адамның аз да болса математикамен байланысты мамандықтарға деген теріс көзқарасына әкеліп соқтырады. Сонымен қатар математиканы білуге деген ынтаны оятуға және тәрбиелеуге көптеген ғалымдар мен педагогтар зор көңіл аударды.

Кеңестік психологияда қызығудың бірнеше анықтамасы бар. «Қызығу - тұлғаның нысанға жалпы саналы ұмтылысын сипаттайтын, нысанға жақын қарым-қатынаспен ұғынылатын, әсерлі және қызмет өнімділігінің көтерілуіне ықпал ететін психикалық белсенділіктерінің бірі» [1].

Қызығудың басқа да анықтамалары бар. «Қызығу – бұл тұлғаның пәнге өзі үшін бағалы, тартымды нәрсе ретінде қарауы». Оларды толық талдауға бармастан, психологтардың көбінің қызығуды бағыттылықтар санатына, яғни тұлғаның нысанға немесе әрекетке ұмтылуына жатқызатындығын атап кетейік [2].

Қызығудың психологиялық-педагогикалық негіздері қалай жақсы әзірленгенімен де, олардың негізінде қандайда бір белгілі пәннің, әсіресе математика сияқты пәннің оқытылуын құру үшін қосымша жұмыс жүргізілуі қажет.

Ең әуелі математикалық қызығушылықтың қай мезгілде туындайтындығын анықтау маңызды. Арнайы зерттеулер көрсеткендей, математиканы оқып үйренуге деген қызығушылық адам өмірінің бастапқы кезеңдерінде, бірақ көбінесе 5-9 сыныптарда, ал бұл сыныптардың ішінде көбінесе – 7 сыныпта туындайды.

Бұл 5 сыныпта математика пәнін өз пәнін терең білетін, қағида бойынша, өз пәнін сүйетін және оқушыларды математикамен қызықтыра алатын маманның бере бастауымен түсіндіріледі.

Қызығудың 7 сыныпта қалыптасуына арналған қолайлы жағдайлар алгебра мен геометрияны оқудың басталуымен байланысты болады. Бұл пәндер мазмұнының біртұмалығымен, ерекше нышанымен, сызбаларымен, өлшемдерімен, үстіртін назардан жасырын мәнімен, тіпті өз символдарымен және терминдерімен де тартымды.

Бірақ жаңа пәндерді оқып үйренудің басы қызығудың оянуына қажетті қолайлы жағдайларды ғана туғызады, олардың қызығу нысанына айналуы оқытуға, яғни мұғалімге байланысты болады.

Сонымен орташа мектеп жасы математиканы үйренуге деген қызығушылықты тәрбиелеудің маңызды кезеңі болып табылады.

Бірақ дәл осы зерттеулер математикаға қызығушылықтың жоғарғы сыныптарда, адамның жоғары немесе арнаулы орта оқу орнында оқуы кезінде және жасы толған кезде де қалыптасуы мүмкін екендігін көрсетеді. Бұдан шығатын қорытынды, білім алушыны қызықтыру мақсатын мұғалім үнемі, кез-келген деңгейде шешуі, және Д. Кудрявцевтің өз

кітабында әділ айтқанындай, математикаға оқып-үйрету тіпті жоғары оқу орнында да «білім алушының оқытылатын пәнге деген қызығушылығын қолдау» мақсатында жүргізілуі тиіс [3].

Қызығушылықты ояту оның бірден-ақ тұрақтылыққа ие болатындығын және ұзақ уақытқа тұлғаның бағытын анықтайтындығын білдіреді және егер қызығуды қолдамаса және үнемі дамытып отырмаса, оның бірден немесе біртіндеп өшуі мүмкін. Баланың жасы мен жеке ерекшеліктері зор маңызға ие. Математикаға деген қызығушылықты тәрбиелеуге байланысты жұмыстардың дұрыс жолға қойылуы үшін, бәрінен де бұрын оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру қажет [1].

5-6 сынып оқушыларының математикаға қызығуы әуестік деңгейінде. Бұл қызығу өте жеңіл туындайды. Сабаққа жаңа көрнекі құрал әкелініп, ерекше шарты бар есепті шығару ұсынылса және осы сынып оқушыларының қызығушылығын сезіну үшін, ғылым тарихынан қандайда бір дерек хабарланса да жеткілікті. 5 және 6 сыныптың мұғалімі өткен сабақта туындаған қызығушылықты есепке алмастан, оқушыларды қызықтыру қажеттілігін үнемі қаперінде ұстауы тиіс.

5-6 сынып оқушыларының қызығуы оқытудың әсерлік жағына мықты тәуелді болады. Оған пәнді оқудағы жетістік пен оған байланысты мадақтау, әсіресе мұғалімнің мақтауы үлкен әсер етеді. Жалпы, оқушының қызығушылығына ынталандыру мен мақтау қанша оңды әсер етсе, мұғалім тарапынан болатын зеріктіретін үгіт, жазғыру мен дәрекіліктің соншалықты теріс әсері болады.

5-6 сынып сынып оқушыларының қызығуына қарағанда 7-8 сынып оқушылары қызығуының айырмашылығы пәннің мазмұнына бағытталған және неғұрлым тұрақтылығымен ерекшеленеді. Мұнда қиыншылықты жеңуге, қиындау есептерді шығаруға деген ұмтылыс көбірек байқалады.

Ал жоғарлаған сайын білім алушының қызығушылығының орта мектеп жасындағы балалардың қызығушылығынан елеулі айырмашылығы болады. Бұл кезеңде жалпы танымдық қызығуға және жекелеген пәндерге қатысты қызығуға ықпал ететін кәсіби қызығушылық байқалады. Осыған байланысты оқушылардың оларға «қажетті» пәндерді оқып-үйренуге деген ұмтылысы неғұрлым саналы және ерікті бола бастайды және бұл қызығу нысанын жақсырақ ұғынуға әкеледі, сондай-ақ қызығу біртіндеп зерделік деңгейге жетеді.

Бұл жасқа тән дербестікке ұмтылыс білім алушының өзін қызықтыратын пәнді өздігінен тереңірек оқып-білуге деген ынтасын оятып, оларды қызығу белгісі ортақ жолдастарымен жақындастырады және, атап айтқанда, бір математикалық қызығуға топтап қорытуға ықпал ететін өзіндік атмосфера қалыптастырады [2].

Сонымен қоса, арнаулы орта және жоғары оқу орындарына түсу емтихандарына дайындалуға байланысты практикалық мәселелер, аттестатқа неғұрлым жоғары балл жинау мақсаты бұл оқушылардың еңбектің нәтижесіне деген қызығушылығын оятады және олардың қызығушылығын неғұрлым дифференциялық, терең және орнықты етеді.

Математикалық қызығуға ынталандыратын ерекше шарттар айқындаудың да маңызы зор. Бұл шарттар жалпы сипаты бойынша психологтармен айқындалған, бірақ математиканы оқытуда қолдануға қатысты нақтылануды және айқындалуды талап етеді.

Жоғарыда айтылғандай, жағдайлардың бірінші тобына оқу материалының мазмұнына, оның жаңашылдығына және алуан түрлілігіне байланысты жағдайлар жатады.

Әрине, мазмұнның түрлілігі пен біртұмалығы ол неғұрлым айқын ашылған сайын соғұрлым көп білім алушыны қызықтыра түседі. Бір қарағанда, бағдарламамен ұсынылатын мүмкіндіктермен қанағаттануға да болатын сияқты болып көрінеді. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, көптеген мұғалім пәннің мазмұнын ғылым тарихына байланысты материалдар келтіре, ілгеріде өтілген материалдарға жүгіне және оларды басқаша тұрғыдан аша отырып, қиынырақ есептер шығара және математиканың түрлі қосымшаларын көрсете, математиканың қазіргі заманғы өмірдегі үлкен маңызы түсіндіре және сол арқылы білім алушыларды қызықтырудағы табысқа қол жеткізе отырып байытады.

Пән мазмұнының дәл осы жақтары қызығушылықты ояту мен дамытудың маңызды шарттары болып табылады екен. Бұл ретте шарттардың көбі бір-бірімен байланысты. Мысалға,

қиын есептерді шығару сияқты шартты алайық. Қиын есептерді шығару кезінде алынатын қанағаттану сезімі, көбінесе олардың математикаға деген қызығушылығын оятушы себеп ретінде аталады [1].

Бірақ бұл жағдай үшінші топқа жататын басқасымен, атап айтқанда – табысқа қол жеткізумен сәйкеседі. Қанағаттану сезімі туындау үшін есеп шығарылуы тиіс, өйтпеген жағдайда, өз күшіне сенбеу, селқостық, қызығушылықты жоғалту орын алады. Демек, қиындық білімнің, икемділіктің жинақталуына, табандылық пен жігердің өсуіне қарай біртіндеп ұлғаюы тиіс. Мұғалімнің шеберлігі есептерді шебер іріктеуінен, табандылық пен зеректікке тәрбиелеуінен көрінеді.

Қызығушылықтың дамуына ықпал ететін жағдайлар тобы математиканы оқыту әдістемесінің көптеген мәселелерін қамтиды, мұнда бәрінен бұрын сабақ жүйесіне қойылатын белгілі талаптар жатады. Бұл талаптардың мәні сабақтың мазмұн бойынша ғана емес, ұйымдастырылуы мен әдістемесі бойынша да әртүрлі болуында.

Бақылаулар көрсеткендей, білім алушыларды бұрынғылардан өзгереді, белсенді, қарқынды жұмысты талап ететін, әсерге қаныққан және еліктіретін, құрамында жаңаша ұйымдастыру элементтері бар сабақтар қызықтырады.

Бірақ оқытудың жалғыз үлгісі сабақ қана емес, өзге де факультативтік және сыныптан тыс сабақтар бар. Дұрыс жүргізілген жағдайда, сабақтың бұл үлгілері математикалық қызығушылықты оятудағы сияқты, оны дамытуда да маңызды рольде ойнауы тиіс [3].

Жағдайлардың үшінші тобына «мұғалім – білім алушы», «білім алушы – ата-аналар», «білім алушы – ұжым» деген қатынастар кіреді. Бұны білім алушының өзінің жеке ерекшеліктерімен, табысқа қол жеткізуді немесе табысқа қол жетпей қалуын уайымдауымен, оның қабілетімен, басқа да мықты қызығушылығының болуымен және бала психологиясындағы басқа да өзгерістермен толықтыруға болады. Бұл қатынастардың әрқайсысы білім алушының оң бағыттағы, сондай-ақ теріс бағыттағы қызығушылығына ықпал ете алады. Барлық осы қатынастарды және бәрінен бұрын «мұғалім – білім алушы» қарым-қатынасын мұғалім басқарады. Оның әділ талапшылдығы және сонымен қатар білім алушыға деген қамқоршылығы, оның математикаға әуестігі мен математиканың қуаты мен әсемдігін, оның қосымшалары мен зор мәнін көрсетуге ұмтылысы – білім алушының математиканы оқып-үйренуге деген қарым-қатынасын айқындайды. Жағдайлардың бұл тобына білім алушыға табиғатпен берілген математикаға деген қатынасын, оның математикалық қабілетін, сондай-ақ жігері мен табандылығының нәтижесінде қол жеткізген жетістігін жатқызуға да болады.

Сонымен, математикалық қызығушылықтың қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін барлық жағдайларды төмендегідей тәртіпте орналастыруға болады:

1-топ (мазмұнға байланысты):

- Жоғарғы қиындықты есептер мен оларды шығару кезінде алынатын қанағаттану.
- Мектеп математика курсының жаңашылдығы мен алуантүрлілігі, ғылым тарихының пәннің мазмұнын байытатын мәліметтері.
- Есептеу, зерттеу және дәлелдеу әдістерінің күші мен әсемдігі.
- Математиканың көптеген қосымшаларын көрсету, оның мағынасын ұғыну.

2-топ (оқу үдерісінің ұйымдастырылуына байланысты):

- Сабақ жүйесінің әр түрлілігі, олардың қалыпты түрде емес құрылуы, мүмкіндігінше әр сабаққа жаңа элементтер кірістіру.
- Сабақтардың қызықты өткізілуі, білім алушылардың қызметін қарқындату, өзіндік, шығармашылық жұмыстарды, жарыстар мен дидактикалық ойындар ұйымдастыру, көрнекі құралдар қолдану, білімді есепке алудың әртүрлі үлгілері.
- Факультативтер мен сыныптан тыс сабақтардың басқа да үлгілері.

3-топ (жеке тұлғаның қарым-қатынасына байланысты):

- Туа біткен математикалық қабілет.
- Пәнді оқып-үйрену мен мадақтаудағы жетістік.
- Мұғалімнің жеке басына сүйсіну және оған ұқсауға ұмтылу.
- Туған-туыстар мен ағайындардың ықпалы [1].

Мектеп пен мұғалімнен тек білім беру, барлық білім алушының бағдарламалық икемділігі мен машығын қалыптастыру ғана емес, оларды шығармашылық тұрғыда пайдалануға үйрету талап етіледі. Басқа кез-келген сабақ сияқты математика сабағы көпшілігіне «қара-қайтала-еске сақта» түсіндірме-көрнекі әдісі қолданыла отырып, тек бағдарламаны «өтумен» ғана шектелмеуі тиіс.

Егер біздер, мұғалімдер, өз жұмысымызға тек қана оқыту тәсілдері мен әдістерін білуімізді ғана емес, олардың жүйелі қолданылуын, сабаққа мәнділік, биіктік, мерекелік беретін мақсаттарын қосатын болсақ, ахуал өзгерген болар еді. Орыстың халық мектебінің негізін салушы, батыл жаңашыл К.Д. Ушинский білімнің меңгерілуге жеңіл, ал орудың – қызық және пайдалы болуы үшін көп еңбек сіңірді. Ол балаға өмірде пайдаға жарамды білімді ғана беруге ұмтылды.

Әрине сабақта көп нәрсе материалдың жеткізілу тәсіліне, бала жұмысының қалай ұйымдастырылуына байланысты. Білім мен икем өзара байланысты. Икем тұлғаның өзгертілген немесе жаңа жағдайларда бар білімі негізінде белгілі қызметті тиімді орындауға қабілеті ретінде анықталады. Икем бәрінен бұрын білімнің көмегімен қолда бар ақпаратты ұғыну қабілетімен сипатталады. Икемнің қалыптасуымен айналыспастан, білімнің тереңдігі мен мықтылығына қол жеткізу мүмкін емес.

Мұғалімнің табысты еңбегінің негізгі құрамы – бұл өз пәнін тамаша меңгеру, оқытатын курсының мазмұнын терең білу, оқыту үдерісінде педагогикалық заманауи технологияларды қолдану.

Сабақтарда математикалық қызығушылықты қалыптастыру жағдайларын пайдалану мақсатына байланысты туындайтын бірінші мәселе болып олардың құрамы жөніндегі мәселе табылады. Бұл мазмұн бағдарламамен және мектеп оқулықтарымен айқындалады, сонымен қатар ол үнемі мұғаліммен байытылып отырады. Екінші мәселе болып сабақтың ұйымдастырылуы, құрылымы және өткізілу әдістері жөніндегі мәселе табылады.

Сабақтар жүйесінің әртүрлілігі білім алушылардың әрбір математика сабағын асыға күтуін және ол сабақтың аяқталып қалғандығына налуын тудыру тиіс. Балаға сабақтың жеткілікті тез темппен оқытылуымен, материалдың айқын баяндалуымен және мұғалімнің рухтандыруымен сипатталатын оқытылуы қызықты болады. Математиканы оқудағы қызығушылықтың қалыптасуында мұғалімнің жеке тұлғасы үлкен роль ойнайды, мұндағы неғұрлым маңызды ерекшелік болып оның пәнге және оның оқытуға деген құмарлығы, білім алушының мүмкіндігіне сенімі, білім алушыға көмек беруге әзірлігі табылады. Қызығушылықты қалыптастыруда мұғалімнің мадақтауының да игі ықпалы болады. Жұрналға қойылатын баға - мадақтаудың ғана көрінісі, неғұрлым үлкен маңызға мұғалімнің мақтауы, оның айтқан сөздері ие болады.

Білім алушының пән бойынша қажетті минимумды меңгеруі үшін, мұғалім мен баладан көп еңбек пен төзім, табандылық және назар талап етіледі. Қазіргі кезде біз бірінен бірі керемет, таңғаларлық жаңалықтарға үйренгенбіз. Психология мен педагогикада тиімділігін болжау мүмкін болмайтын оқыту амалдары табылатын кез де алыс емес. А.Е. Жуковский математиканы оқыту әдістерін оны «жұртшылықтың ішінен кез-келген ниет еткен адам» түсінетіндей неғұрлым кемелден жағдайға жеткізу мүмкін болады деп санаған.

### Әдебиеттер

1. Метельский Н.В. Дидактика математики: Общая методика и ее проблемы. Минск: Изд-во БГУ, 1982.
2. Шукина Г.И. Проблема познавательного интереса в педагогике. М.: Педагогика, 1971.
3. Кудрявцев Л.Д. Современная математика и ее преподавание. М.: Наука, 1980



# **ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ АДАПТАЦИЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ РАЗНЫХ ЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП: СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ (НА ПРИМЕРЕ МОЛОДЫХ ПЕДАГОГОВ Г.АКТАУ)**

**Каюпова Фарида Маратовна**

Преподаватель кафедры «Ассамблея народа Казахстана»

Актуальность темы: Влияние социально-экономических преобразований на жизнь населения Республики Казахстан и реакция последнего на реформы становятся одной из центральных проблем современного казахстанского общества. Адаптационные процессы приобретают особую актуальность в связи с тем, что дальнейшее развитие Казахстана невозможно без ориентаций на инновационные процессы и потенциальной готовности к ним разных социальных групп. Республика Казахстан-многонациональная страна.

Вопреки прогнозируемому «столкновению цивилизаций» (С. Хантингтон), в постсоветский период в целом ряде казахстанских регионов социально-экономическая адаптация соседствующих этнических групп, различающихся по историческому наследию, религии, языку, культуре и сохраняющих этнические чувства, прошла достаточно бесконфликтно. В этой связи основное внимание должно уделяться социологическому анализу позитивного опыта адаптации этнических групп с отличающейся культурой, позволяющий рассмотреть благоприятный потенциал этничности и межэтнического взаимодействия для интеграции казахстанского общества. Значимость единства подчеркивается руководством Республики Казахстан. В послании Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» от 02.09.2019 одним из самых важных моментов является четкое определение позиции: «Единство нации – в ее многообразии» [1]. В связи с этим, в рамках данной работы особый интерес представляет изучение особенностей профессиональной адаптации представителей разных этнических групп Республики Казахстан.

Проблемное поле исследовательской работы сосредоточивается на профессиональной адаптации этнических групп к социально-экономическим преобразованиям в образовательной среде и интеграции общества.

Исследовательский вопрос в рамках данной работы заключается в выяснении влияния принадлежности к этническим группам на процесс профессиональной адаптации в образовательной среде.

Степень научной разработанности темы: На сегодняшний день, известно достаточно много публикаций по проблеме социально-профессиональной адаптации. Однако, вопрос адаптации этнических групп разработан недостаточно. Превалируют психологические и педагогические исследования этой проблемы, в то время как именно социологический анализ дает возможность выявить существенные особенности этих процессов.

Изучение научной литературы, раскрывающей тему исследования, позволяет выделить несколько групп работ. Первая группа работ посвящена изучению социальной адаптации, где анализируются различные подходы: системный подход, информационный подход, феноменологическая теория, нормативный подход (Э. Дюркгейм, Т. Парсонс и др.), деятельностный подход и интерпретативный подход (М. Вебер). Вторая группа работ посвящена изучению социально-профессиональной адаптации в русле исследований социально-трудовых процессов. Это работы М. Вебера, А.Б. Георгиевского, Т. Парсонса, и др. Трудовую адаптацию в процессе профессионального обучения и становления рассматривали Н.В. Полякова, К.У. Чембеленге и др. Третья группа работ посвящена всестороннему исследованию сущности, целей, содержания педагогической деятельности. К примеру, работы С.В. Кондратьевой, и др.

Современная сфера образования остро нуждается в молодых специалистах, способных адекватно реагировать на изменение образовательной ситуации, специфику педагогических систем, новые условия профессиональной деятельности.[2]

В рамках настоящей исследовательской работы было проведено социологическое исследование на тему «Профессиональная адаптация молодых педагогов». Для проведения данного исследования были выбраны метод опроса и метод фокус-группы. Данные методы имеют целый ряд преимуществ.

Цель данного исследования состояла в изучении особенностей профессиональной адаптации представителей различных этнических групп. Для решения данной цели были поставлены следующие задачи:

- определить мотивацию профессиональной деятельности;
- выявить степень идентификации педагога с профессиональной ролью, а также с культурой, нормами, принятыми в его трудовом коллективе;
- проанализировать трудовые отношения респондента с коллегами (социальное настроение педагогического работника в первые годы его трудовой деятельности, степень реальной помощи и поддержки со стороны коллег, администрации и профсоюзной организации образовательного учреждения);
- изучить степень активности молодого специалиста в общественной жизни образовательного учреждения, отношение к учительской профессиональной организации;
- выявить представления респондентов о перспективах, о возможностях карьерного роста;
- определить факторы, влияющие на профессиональную адаптацию молодого педагога.

При операционализации понятия «профессиональная адаптация» нами было уставлено, что оно складывается из разнообразных компонентов. Были выделены следующие составляющие: мотивация профессиональной деятельности; адаптация к требованиям производственной и трудовой дисциплины, к организационным нормам и правилам и др.; адаптация к профессионально-ролевым социальным функциям и социально-профессиональному статусу; социальные проблемы и трудности профессиональной деятельности; участие в общественной жизни образовательного учреждения [3].

При составлении анкеты были учтены данные составляющие.

В исследовательской работе было рассмотрено понятие «адаптация» как социологическая категория и проанализированы классические и современные подходы к пониманию сущности и механизмов профессиональной адаптации.

Рассмотрев основные теоретические направления изучения адаптации можно сделать вывод о том, что данный процесс рассматривается в рамках структурно-функционального подхода, системного подхода, информационного подхода, деятельностного подхода и интерпретативного подхода, что составляет теоретическую основу для исследования социально-профессиональной адаптации.

Во второй части работы были проанализированы основные факторы, оказывающие влияние на социально-профессиональную адаптацию представителей различных этнических групп. Так, можно выделить две группы факторов, влияющих на процесс профессиональной адаптации: производственные и личностные. Личностные факторы, в свою очередь, можно классифицировать на социально-демографические, социально обусловленные, психологические, социологические. К таким факторам, например, относятся такие демографические признаки, как пол, возраст, семейное положение, национальность, и т.д. К производственным факторам, по существу, относятся все элементы производственной среды. Для каждой категории работников производственные факторы модифицируются в соответствии со спецификой труда данной группы. Специфическим фактором адаптации являются формы организации труда.

Также был проведен сравнительный анализ социологических исследований, посвященных социально-профессиональной адаптации. Анализ эмпирических данных позволил сделать вывод о том, что престиж профессии учителя в нашей стране напрямую связан с его материальным положением. Есть определённое противоречие между декларируемой заботой об учителе и реальным положением дел в образовании. Предельно низкий уровень заработной платы, низкий престиж профессии учителя в обществе является тем дезадаптирующим

фактором, из-за которого многие молодые педагоги уходят из педагогической профессии.

Следующим этапом стало проведение собственного социологического исследования, целью которого было изучение особенностей профессиональной адаптации представителей различных этнических групп в образовательной среде.

В рамках исследования были изучены основные мотивы выбора будущей профессии. Можно сказать, что выбор профессии определили любовь к молодежи и мечта с детства. Привлекательными сторонами в профессии учителя для молодых педагогов являются общение с молодежью, творческий характер работы учителя, высокий статус учителя, учительской профессии в обществе.

Было выявлено, что у молодых педагогов наблюдается различный характер отношений с учащимися, коллегами и администрацией. Так, с администрацией преобладают деловые отношения, с коллегами – дружеские и с учащимися – доверительные отношения.

Результаты исследования показали, что у большинства опрошенных процесс адаптации проходил легко. Среди педагогических проблем, встречающихся у молодых педагогов, наибольшие претензии у учителей к отсутствию у молодежи желания учиться и к отношению учащихся к учителю. Анализ затруднений, встречающихся в педагогической деятельности, показал, что несмотря на их наличие, они всегда преодолеваются молодыми учителями, в ходе урока или во время подготовки к нему.

В ходе исследования были определены факторы, влияющие на процесс профессиональной адаптации. Так, среди факторов, осложняющих адаптацию молодого специалиста в образовательном учреждении, особое место занимают противоречия между основными субъектами – учителями и учащимися – образовательного процесса в представлениях о цели и результатах образования. На эффективность профессиональной адаптации молодых педагогов в учреждениях образования влияет ряд факторов: профессиональные факторы, которые определяются содержанием труда, созданными в учреждении, стажем работы и т.д.; организационно-управленческие факторы, обусловленные организационной структурой образовательного учреждения, качеством организации помощи молодым специалистам; социально-гигиенические факторы, к которым относятся условия труда; экономические факторы, связанные с системой оплаты труда, системой материального стимулирования и начинающих педагогов; социально-психологические факторы, обусловленные социально-психологическим климатом, стилем руководства, системой морального поощрения начинающих педагогов; и личностные факторы.

Также была проанализирована связь выбора привлекательных сторон профессии учителя в зависимости от этнической принадлежности респондентов. Итак, для решения этой задачи для начала был использован критерий Колмогорова-Смирнова (Z). Поскольку асимптоматическое значение (p) всех переменных больше 0,1, то между группирующей и зависимой переменными отсутствуют достоверные различия. Иными словами, анализ по критерию Колмогорова показал, что выбор тех или иных привлекательных сторон профессии учителя не зависит от этнической принадлежности респондентов.

С целью выявления достоверных различий в оценке протекания процесса адаптации между представителями различных этнических групп был применен критерий Манна-Уитни (U), поскольку зависимая переменная «процесс адаптации» измеряется в порядковой шкале. Анализ показал следующие значения: критерий Манна-Уитни (U) = 470,500, асимптоматическое значение (p) = 0,727 > 0,1, что говорит об отсутствии достоверных различий в оценке протекания процесса адаптации между представителями различных этнических групп (см.табл.3). Таким образом, характер протекания процесса адаптации в данном исследовании не зависит от этнической принадлежности респондентов.

Таким образом, процесс адаптации обусловлен множеством факторов, в том числе и социальных, что подтверждается рядом социологических исследований. В условиях современной жизни для изучения процесса адаптации необходимо всестороннее его изучение. В связи с этим является необходимым продолжать изучение специфики социально-профессиональной адаптации, так как только в этом случае можно получить полноценный

обзор имеющейся на данный момент ситуации, определить основные тенденции, а также выявить причины и способы предотвращения ряда проблем.

Важным выводом всей исследовательской работы стало то, что этническая принадлежность, как показали результаты исследования, не препятствует профессиональной адаптации. Напротив, играет положительную роль в процессе социально-экономической адаптации в ситуации благоприятного развития интеграции казахстанского общества. Этничность во многих случаях стала служить неким мобилизующим фактором, который помогал людям не только успешнее преодолевать жизненные трудности, но и давал им определенный заряд оптимизма, веру в свои силы, что способствует интеграции казахстанского общества и успешному развитию экономики страны в целом.

### **Литература**

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана от 02.09.2019 [Электронный ресурс: Официальный сайт Президента Республики Казахстан]. Режим доступа: [http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana)
2. Матвеева, А.И. Социальная адаптация молодых специалистов в системе образования современного общества: Дис. .канд. социол. наук. Екатеринбург, 2005. – С.24.
3. Дмитриева М.А. Уровни и критерии профессионализма: проблемы формирования современного профессионала // «Сибирь. Философия. Образование». – Альманах СО РАО. – Новокузнецк : Изд-во «ИПК», Вып. 4 –2010 – С.18 – 30.

### **«СІІІ» - ҮШТІЛДІЛІК ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ**

**Кереева Оксана Жилкибаевна**

магистрант, Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

**Егенисова Алмажай Кулжановна**

педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Бүгінгі күні адамның білім алуудағы сұранысы «білетін адамнан» – «шығармашылық тұрғыда ойлайтын, әрекет етуге, өздігінен жетілуге қабілетті адам» үлгісіне ауысуда. Қазіргі таңда мектептердің білім беру бағдарламасы ұлттық және халықаралық тәжірибелердің ең үздік үлгілерін кіріктіруді көздейді. Осы мақсатта кіріктірілген білім беру бағдарламасы қолданысқа енді. Кіріктірілген білім бағдарламасының алға қойған мақсаты – сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасы - үш тілде білім беруді іске асырудың негізгі құралы. Көптілділік біздің қоғам үшін Елбасының «үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасынан бастау алады. Тәуелсіз елімізде негізгі үш тілді дамытуға басымдық беріле отырып, мемлекетімізде өмір сүріп жатқан басқа халықтардың тілдері де назардан тыс қалмайды. Өйткені, мәдениет мен тілдердің сан алуандығы – бұл Қазақстанның ұлттық байлығы. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» стратегиясында Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс», – деп атап өтті [1].

Осы міндеттерді орындау үшін қазіргі педагогикалық оқу орындарында оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдері, оқыту технологиялары зерттелініп келеді. Қазіргі заман талабына сай

ағылшын тілі жеке пәндерді оқытуда негізгі құралға айналып жатқандығы мәлім. Мысалы, жаратылыстану саласын ағылшын тілінде меңгеру, білім алушылардың ғылымдағы жаңалықтармен жылдам танысуына, әлемдік деңгейдегі зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жаңа бағыттағы ғылыми мақалалармен уақытылы танысып отыруына мүмкіндік береді. Ал, бұл жағдай білім алушылардың бойында қазіргі заман талабына сай құзіреттіліктердің қалыптасуына септігін тигізеді. Сондықтанда пәнді ағылшын тілінде оқытуда CLIL технологиясын пайдалану оқытудың тиімділігін арттырады және қазіргі таңда бұл технологияны пайдалану арқылы зерттеу жұмыстарын жүргізу өзекті мәселелердің бірі.

Белгіленген құндылықтар аясында жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігі жасалады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасын табысты жүзеге асыру барысында белсенді оқыту, командалық оқыту, пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL) әдістерін қолдану тиімді болады.

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту CLIL - ағылшын тілінде (шет тілінде) оқытылатын пәндерді оқыту әдістемесін сипаттайтын термин. CLIL -Content and Language Integrated Learning - пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдістемесі, яғни пәндерді екінші не үшінші тілде оқыту

Пәндік – тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL) технологиясын пайдалану арқылы көптілді білім беру туралы көптеген шетелдік ғалымдар зерттеген. Атап айтқанда, Марш (1994), Койл (2007), Далтон-Паффер (2007), Ценоз (2013), Зароуб (2008), Кунан (2007), Плейдвал-Болстер (2015), Лоренцо, Касаль және Мор (2009), Хант (2011), Фортан-Гомез (2013), Смит (2013), Пинджет (2014), Юрдакула (2015).

Атап айтсақ, CLIL-дің көзделген тілмен жұмыс жасауға беретін мүмкіндіктерін (Леон, 2015; Хант, 2011; Васкез, Молина және Лопез, 2015); жергілікті мұғалімдердің ағылшын тілі білімін дамыту әдістемесі (Агилар және Родригес, 2012) зерттеді[2].

CLIL әдісі тілдік емес пән мұғалімдерінің пәндік мазмұнды екінші және үшінші тілде оқытуды білдіреді. Халықаралық практика мұндай әдістің орынды пайдаланған жағдайда жақсы нәтиже беретінін көрсеткен. Өйткені, пән мазмұны мен тілді оқыту өзара терең байланыста болады. Екеуі де ойлау қабілеті мен оқуды жақсарту үшін маңызды. Мағыналық мазмұнды талқылау мақсатымен басқалармен өзара әрекеттесу үшін тілді пайдалана отырып, адамдар өздерінің ойлау қабілетін жақсартады, бұл өз кезегінде олардың оқу қабілетін жақсартуына септігін тигізуі мүмкін. Осылайша негізгі мектепте оқушы біріншіден, «физика», «химия» және «математика» және бастауыш мектепте «математика» немесе «дүниетану» сияқты пәндерге тән академиялық тілді, оған тән терминология мен грамматикалық ережелерді игереді, екіншіден екінші немесе үшінші тілде тиісті контекстте кәдімгі өмірдегідей тікелей араласу үшін пайдалануға үйренеді.

Бұл әдістің Қазақстанның білім беру саласында қолданылуының болашағы бар. Себебі, ол оқушылардың сөздік қорын кеңейтеді және дербес жұмыс жасай алу қабілетін нығайтады, сондай-ақ жергілікті мұғалімдердің ағылшын тілі білімін дамытады.

Қазіргі уақытта елімізде тілдік емес болашақ пән мұғалімдерінің тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі кең өріс алып отыр. Міне, осы мақсатта Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау гуманитарлық колледжінде 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығы 010508 3 «Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігі, 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы 010103 3 «Мектепке дейінгі ұйымдардың ағылшынша білімі бар тәрбиешісі» біліктілігі және 0111000 «Негізгі орта білім беру» мамандығы 0111113 «Ағылшынша білімі бар математика пәнінің мұғалімі» біліктілігі бойынша көптілді педагог кадрларды дайындау қолға алынды.

Аталған біліктіліктер бойынша оқитын студенттердің тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында оқыту үрдісінде CLIL әдісі кеңінен қолданылуда.

Пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту – CLIL терминінің қазақ тіліндегі баламасы, сондай-ақ пәндер немесе олардың жекелеген бөлімдері «қосымша», яғни шет тілінде оқытылатын әдістемені білдіреді. Терминді 1994 жылы Дэвид Марш ғылыми айналымға пәннің мазмұны екінші/үшінші тілде оқытылатын, оқу жағдайларын белгілеу үшін енгізді.

CLIL – бұл пәндік білімді игеру мен тілдік құзыреттілікті жақсартуға қос фокуспен шет тілі арқылы тілдік емес пәнді оқыту тәсілін сипаттау үшін пайдаланылатын жалпы термин. CLIL әдістемесі болашақ түлектердің өз мамандығы шеңберінде қарым-қатынасты шет тілінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін деңгейде білуіне жол беретін, лингвистикалық компетенцияларды қалыптастырады[3].

Пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту екі мақсатты көздейді:

- шет тілі арқылы пәнді оқу;
- оқытылатын пән арқылы шет тілін оқу.

CLIL әртүрлі білім беру топтарында – балабақшаның жоғарғы тобынан бастап жоғары білім беруге дейін пайдаланылады, яғни бұл әдістемеде тіл зерттеу объектісі ретінде емес басқа пәндерді тану құралы ретінде қарастырылады. Сол сияқты білім алушының оқыту процесін түсіну қабілетін, коммуникативтік құзыреттіліктері мен уәждемесін қалыптастыру, дамыту құралы ретінде қаралады.

CLIL әлемдегі үлкен танымалдылыққа ие болып жатыр. Осы әдістемеге қызығушылықтың артуы - оқытудың құзыреттілік-бағдарлық моделін енгізуге байланысты жекелеген пәндерді, оның ішінде шет тілін оқыту әдістемесінде күрделі өзгерістердің болып жатқанынан.

Білім беру процесі ойдың орамдылығы, жұмылғыштық, бастамашылдық және сындарлылық сияқты қасиеттерге ие мамандарды даярлауға көзделуі тиіс.

Өз бетімен білім алу қабілеті, инновациялық технологияларды иелену, оларды пайдалану перспективалары мен мүмкіндіктерін түсіну, өз бетінше шешім қабылдай алу, жаңа әлеуметтік және кәсіби жағдайларға бейімделушілік, командада жұмыс істеу дағдылары, күйзелісті жеңіп шыға алу – міне, маман ие болуы керек құзыреттердің тізімі. Осы әдістеме шеңберінде білім беру қызметі осы құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталды.

Бүгінгі таңда көптеген елдер, оның ішінде Қазақстанда әртүрлі пәндерді ағылшын тілінде оқыту әдістемесін практикада табысты пайдалануда.

Әдістемені қабылдау үшін бастау нүктесі - әрбір студент немесе оқушы ақылды және білімді тұлға болып табылатынын, бірақ өзінің ақыл-парасатын ана тілінде ғана көрсете алатындығын мойындау болады.

Шет тілінде қарым-қатынасқа түскен кезде, студенттер арнайы білім – құрылыс, инженерия, педагогика, медицина және т.б. салаларында өз білімдерін көрсете алмай қалып жатады.

Мамандық бойынша шет тілін білмей, студенттер кәсіби мән-мәтінде қарым-қатынас жасай алмайды. Бұдан басқа, студенттердің, мамандық бойынша, оларға қажет ақпараттық ресурстарға қол жеткізуі шектеледі және тиімді кәсіби өсумүмкіндіктері болмауы мүмкін.

CLIL - ситуациялық, контекстік және білім беру мұқтаждықтар мен талаптардың кең спектріне сәйкес келетін, арнайы пән мен тілді оқытудың кең және икемді тәсілі. Осы модель алуан түрлері арқылы іске асырылуы мүмкін екендігіне қарамастан, CLIL-дің барлық түрлеріне тән негізгі элементтер бар.

1. Оқу бағдарламасы - білімдер мен дағдылардың реттілігін және пәннің айрықша элементтерін түсінуін есепке ала отырып әзірленеді.

2. Бағдарлама мазмұнды әртүрлі көзқарас арқылы зерттеу мүмкіндігін ұсынады, ол пәнді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Осы әдістеме арқылы шет тілін пайдалану студенттерге пәнді және оның негізгі терминологиясын түсінуге, студенттерді одан әрі оқытуға немесе болашақ мансапқа даярлауды ынталандыруға көмектесе алады.

3. Пәнді оқу кезінде шет тілін пайдалануда негізгі фактор фокусы коммуникация мен қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөлу болып табылады, ол шет тілін пайдалануды жақсартады және ауызша тілді дамытады.

4. Оқыту - студенттердің уәждемесін арттыруды, ойлану дағдыларын дамытуды, әртүрлі интерактивті әдістемелер пайдалануды қамтиды.

5. Мәдениет. Баламалы көзқарастарды түсіну - мәдениетаралық білімді, жанжақты хабардар болу мен түсіністікті орнатуға көмектеседі.

6. Ұлтаралық орта. CLIL студенттерді әлемдік қауымдастыққа даярлайды[4].

CLIL-дің негізгі маңызды компоненттерінің бірі – пәнге тән ғылыми тілде немесе пәндік терминологияны қолдану болып табылады. Әрбір пәннің өзіне тән қысқаша сөздігі болады. Мысалы, 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығы 010508 3 «Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігі бойынша Жаратылыстану және дүниетануды оқыту әдістемесі сабағында «Дүниетану сабақтарында тәжірибелер (Өсімдіктер әлемі)» тақырыбында студенттерге кәсіби терминдермен: seed (дән, тұқым), root (тамыр), soil (топырақ) және stem (өсімдік сабағы) таныстыра алады. Оқыту шет тілінде жүргендіктен, студенттердің күнделікті тілінде де олқылықтар болуы мүмкін. Мысалы, студенттер мынадай сөзді to breath (дем алу) білмеуі мүмкін, сондықтан оқытушы студенттің күнделікті де, кәсіби сөздік қорын да белсендіру қажет. Пән оқытушыларының жиі жіберетін қателіктерінің бірі-академиялық тілді қолдануды ұмытып кетуі.

Академиялық тіл CLIL-ден бөлінбейді. Ағылшын тіліндегі академиялық фразалар, құрылымдар немесе тұтас сөйлемдер ғылыми пәнді оқытумен қатар оқытыла алады. Сіздер «belongs to», «is a part of », , «kinds of », «types of », «there is/there are» сияқты сөз тіркесін көріп отырсыздар, бұлардың барлығы- пәнді оқыту үшін өте маңызды болып табылатын тілдің аспектілері. Мысалы, «Stem is a part of plant», «There are many different types of plants» және т.б. Академиялық тілді қолдану оқытуды барынша нәтижеге бағыттап, білім алушылардың білімін нығайтуға септігін тигізеді. .

Дәстүрлі сабақтан CLIL сабағының негізгі ерекшелігі – пәндік және тілдік мақсаттың болуы. Оқытушылар пәндік те, тілдік те мақсатты анықтауы керек. Оқытушы өз материалын тілдік сипаттама бойынша бағалағанда, сабақтың немесе сабақтар сериясының тілдік мақсатын анықтап алғаны пайдалы, мысалы:

Пәндік мақсат:	Тілдік мақсат
Зертханалық жұмыс түрін жасап үйренеді. Өсімдіктің құрылысымен, өсімдіктердің тіршілік циклі және қоректенуі туралы мәліметтер алып, тәжірибе жасау жолдарымен танысады.	Жаңа тақырып бойынша студенттердің сөздік қорын молайту. Өсімдіктің құрылысын айтқанда have/has етістігін қолдануға үйрету. Студенттерге зерттеу жұмысын ағылшын тілінде жүргізу жолдарын үйрету.

CLIL-дың негізгі шарттары мен қағидаларын негізге ала отырып жұмыс жасау арқылы келесіндей мақсаттарға қол жеткізуге болады:

- Студенттердің шет тілін үйренуге деген қызығушылығын ояту;
- Студенттер мен оқушыларға саналы түрде және еркін-еркін тілдік бөгеттерді жойып, кез келген салада шет тілінде сойлеуге мүмкіндік туғызу;
- Өзге елдің мәдениеті мен салт-санасын түсіну, білім мен түсінікті дамыту;
- Оқушыны халықаралық емтихандарға еркін қатысуына, білімі мен қызыметін кез келген елде атқаруына да зор мүмкіндіктер ашу.

Сонымен, білім алушының ғылыми пәндерде өз және шет тілінде сөйлеу дағдысын дамыту арқылы оның болашағына зор мүмкіндіктер жасауға болады. Осы орайда пәндік деңгейдегі тілдік жүктемені күрделендіре отырып, сол пәнді өзге тілде үйренуге және алған білімін түсіндіре алу дағдысына баса ден қою маңызға ие. Себебі, маман үшін кез келген мәліметті ақпарат көздерінің түпнұсқасынан түсіну – өте зор жетістік. Баршаға аян, ХХІ ғасыр – ақпарат заманы. Кім ақпаратқа бай болса, сол - күшті. Сөйтіп, білім алушы дәстүрге айналған «Менің жанұям», «Менің күн тәртібім», «Менің құштарлығым» секілді қалыптасқан «үйреншікті тар тақырыптар шеңберін» бұзып, ойлау өрісін болашақ кәсібіне қажет білімі тілдік қормен толықтырады.

«Жаңартылған білім бағдарламасын» жүзеге асыруда осы басымдықтарды толығымен қолдану қажеттігі туындап отыр. Яғни, CLIL әдісін қолдану арқылы оқу жоспарындағы «шет тілін» оқытудың сағаттар санын арттырмай-ақ шет тілін үйрену мүмкіндігі бар екенін көрсетіп

отыр. Демек, CLIL – шет тілін үйренемін деген оқытушы мен оқушы үшін зор мүмкіндіктің көзі. Кейбір зиялы қауым өкілдері үрейленетіндей, ғылыми пәндерді әлем сөйлейтін тілде оқыту – қазақты ана тілінен аластатудың амалы емес, 4 керісінше, ол – ертеңгі ұрпақтың, бабадан қалған мұрасы елі мен жерін, абыройы мен атағын қасқая тұрып әлем алдында қорғайтын қорғаныс құралы, ұлы қамалы болмақ.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби, тілдік құзыреттілігін дамыту – білім сапасын көтеру құралы. Қазіргі ғылым мен техника дамыған заманда білім беру жүйесінде кәсіби құзыреттілігі дамыған, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етіп отыр. Білікті де білімді маман болу үшін әр ұстаз өз білімін үздіксіз жетілдіріп, заман талабына сәйкес кәсіби біліктілігін үнемі үздіксіз жетілдіріп отыруы тиіс. Болашақ педагог оқытудың жаңа әдістерін барынша игеріп қана қоймай, әлем тілдерін жетік меңгеріп, неғұрлым шығармашылығы жоғары болса, оның кәсіби құзыреттілігі соғұрлым кең болмақ. Осы мақсатта болашақ мамандарды заман талабына сай даярлауда оқыту үдерісінде пәндік – кіріктіру қажеттілігі туындап тұр. Яғни, CLIL технологиясы – бұл мәселені шешудің негізгі тәсілдерінің бірі.

### **Әдебиеттер**

1. <http://www.akorda.kz>
2. Dalton-Puffer, Christiane. Content-and-Language Integrated Learning: From Practice to Principles? Annual Review of Applied Linguistics. 2011 ж., 182-204 беттер.
3. Mehisto Peeter, Maria Jesus Frigols, David Marsh. Uncovering CLIL: Content and Language Integrated Learning and Multilingual Education: MacMillan Education, Limited, 31 Mar. 2008. ISBN-10: 0230027199.
4. Жаратылыстану-математика пәндері бойынша кіріктірілген оқыту бағдарламасы (ИОП)-шілде, 2013ж.

## **ШЕТ ТІЛІН МЕҢГЕРУ БАРЫСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ТЕМПЕРАМЕНТ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС**

**Кереева Оксана Жилкибаевна**

Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау гуманитарлық колледжі

Қазіргі уақытта психология ғылымының жылдам прогрессі мен дамуы өз қарқынын табуда және барлық салалармен, мектеп сабақтары және т.б. үйлесуде. Қоғамның тез дамуымен байланысты, соңғы жылдары шет тіліне деген қызығушылықтың артуы байқалуда. Шет тілін меңгерудегі қиындықтар мәселесі, бірнеше психологтармен (И. А. Зимняя, З. И. Клычникова) және әдіскерлермен (И. Л. Бим, Н. И. Гез, М. В. Ляховицкий) зерделенген. Өкінішке орай оқушылардың тілді білуге және сөйлеуге деген ынталары, олардың оған деген мүмкіндіктерімен барлық уақытта сай келе бермейтіндігі. Кейбіреулеріне тілді үйрену оңай, кейбіреулеріне қиын. Оқушылардың біреуі сөздерді тез жаттап алады, біреуі тез оқуды үйренеді, біреуіне шет тілін көшіру оңайға түседі. Психологиялық білім алғаннан кейін, балаларды оқыту барысында және олармен қарым-қатынас кезінде туындайтын кейбір қиындықтарды түсіндіру, сонымен қатар шет тілін меңгеру мәселелері жеңілдірек болды. Оқушының темпераментімен, оның қабылдауымен, зейіні және есте сақтау ерекшеліктерімен, оның шет тілін меңгерудегі қиындықтар арасында байланыс бар[1].

Шет тілін игеруде қиындықтың туындауының басты себебі олардың тілдік құрамдарының түрлілігі болып табылады. Шет тілін еске қабылдау әр тілдің дыбыстық ерекшелігіне, алайда көп жағдайда еске қабылдауға жататын әр тілдегі сөздерге байланысты түрлі қиындықтармен қақтығысады. Жалпы қиындық сөздегі дыбыстар арасында және сөйлемдегі сөздер арасында нақты шекараның жоқтығынан байланысты[2]. Көбінесе, шетелдіктер жылдам сөйлейтін секілді көрінеді, сондай-ақ сондай темпта сөйлеп тұрған отандастығының сөйлеу мәнері бірқалыпты болып көрінді. Бұл естігенімізді сөйлеп үлгермеуімізге байланысты. Шетел тілінде сөйлеуді



кабылдаумен байланысты қиындықтарды жеңу, сезінуді дамытумен байланысты болады. Біздің сезімдеріміздің жоғарғы мәдениеті тума болып табылмайды, оны арнайы дамыту қажет, себебі шетел тілінде сөйлеу ана тілін меңгеруде мәнді рөл алмағандай осындай дағдыларды талап етеді. Тағы бір қиыншылық баланың шетел тілінде сөйлеуге қорқуы болып табылады. Ол оны түсінбейді деп қорқады, ал егерде түсінсе оларға жауап бере алмаймын немесе дұрыс жауап бермеймін деген қорқыныш болады.

Шет тілін меңгергісі келетін білім алушылардың үйренуге деген ынтасы әрдайым қалаған нәтижеге жеткізе бермейді. Кейбір студенттер ешқандай күш жұмсамай-ақ, бірнеше ай оқығаннан кейін шет тілінде еркін сөйлей алады, ал біреулері коммуникативті кедергілерді жеңуге көп уақыт жұмсауға мәжбүр болады. Білім алушылардың тілдік қабілеттеріндегі бұл айырмашылықты қалай түсіндіруге болады?

Білім алушылардың тілдік құзіреттілігін қалыптастыруда олардың жеке психологиялық ерекшеліктеріне, темпераменттеріне назар аудару өте маңызды, өйткені адамның тілдік құзіреттілігін қалыптастыру оның әлеуметтенуінің сәттілік көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

С.И. Ожегова темперамент - бұл адамның қозу дәрежесін сипаттайтын және көзқарасында, сезімдерінің, мінез-құлқының беріктігінде көрінетін адамның жеке психикалық қасиеттерінің жиынтығы. Темпераменттің сипаттамалары оқушылардың зияткерлік және танымдық іс-әрекетінде, сонымен қатар олардың сөйлеу, есте сақтау, шоғырландыру, зейін, қабылдау және ойлау жылдамдығының ерекшеліктерінде көрінеді[3].

Темперамент түрінің жақсы не жаманы болмайды. Әрбір студенттің күшті және әлсіз жақтары бар, оны әрдайым шет тілін оқыту барысында, тілдік құзыреттілікті қалыптастыруда ескеру керек. Міне, сондықтан оқытушы әр темпераменттің өз ерекшеліктері мен артықшылықтарына сүйене отырып, білім алушылардың тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыруға жұмыстану қажет. Осы мақсатта темпераменттің негізгі төрт типі өкілдерінің шет тілін меңгеруге әсер ететін факторларды қарастырып көрейік.

Холерик – қиын темперамент иесі. Қызба, тез ашуланшақ, шыдамсыз болып келеді. Алайда, бір нәрсеге қызығушылығы болса, ол бастаманы өзі ұсынып, жігерлілікпен өз кірісіп кетеді. Холериктерге тілдер көбінесе оңай беріліп, тез меңгеріп алады. Табиғаты бойынша экстремист бола тұрып, ол жаңа байланыстарға, адамдармен қарым-қатынас жасауға ұмтылады және тіл тосқауылынан қорықпай және ұялмай, оңай сөйлеседі. Оның жақсы есте сақтау қабілеті мен тез ойлануы холериктің тілді үйренуін жеңілдетеді. Холериктердің тілді меңгеруін қиындататын факторлар шыдамдылық болмауы мен эмоционалды өзгерістерге көп ұшырауы болуы мүмкін.

Сангвиниктер әдетте тез бейімделгіш, әсершіл, жұмыс жасау барысында белсенді және шапшаң келеді. Адамдармен тез тіл табысады, бір орында ұзақ тұрақтамайды және әрдайым жаңа әсерді қажет етіп тұрады. Ұнатқан, сүйсінген нәрсесіне елігіп әуестенуі де оңай, қызығушылығының басылуы да жылдам. Оған көбінесе ұзақ және монотонды істерді орындау қиынға соғады. Осыған байланысты ол ұзақ уақыт пен шыдамдылықты талап ететін тапсырманы аяқсыз қалдырады. Холерик сияқты сангвиникке шет тілін меңгеруде қиындықтар болмайды. Оның адамдармен тез тіл табысатындығы, білімді игерудің жоғары жылдамдығы мен сүйкімділігі шет тілінде сөйлеу дағдысын дамытуға ықпал етеді. Тіл үйренуге кедергі келтіретін факторларға іске үстіртін қарауы мен тұрақсыздығы, сонымен қатар басқа нәрсеге үнемі назар аударуы (алаңдаушылығы) жатады.

Іс-қимыл мен сөйлеуде баяу, сабырлы флегматик барлық қиындықтарға қарамастан ұзақ уақыт бойы шыдамдылықпен бір іспен айналыса алады. Өз дегенінен қайтпайды, табанды, бос сөйлеуді ұнатпайды және сирек ашуланады, өз күшінің неге жететінін біледі және бастаған істі аяғына дейін жеткізеді. Флегматик интроверт бола отырып, есте сақтау қабілеті төмен және ауызекі сөйлеуде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Әңгімелесушіге үйреніп, байланыс орнату үшін оған ұзақ уақыт керек. Бірақ, холерик пен сангвиникке қарағанда, ол шыдамдылық пен дәйектілікті қажет ететін ой қызметіне көбірек қабілетті және одан шаршамайды.

Меланхолик сабырлылығымен, баяулылығымен, сондай-ақ ұялшақтығымен және бәсең сөйлеуімен ерекшеленеді. Меланхолик эмоционалды тұрғыдан осал, басқаларға қарағанда ол қорқыныш, көбінесе қауіптің сипатын асыра бағалайды, мұндай адамдар зорлық-зомбылықтың құрбанына айналу ықтималдығы жоғары. Шет тілін үйрену кезінде меланхоликтің қатты қобалжуы оның ауызша байланысқа түсуіне кедергі болуы мүмкін. Нәтижесінде тілді меңгерудің деңгейі темпераменттің басқа түрлерімен салыстырғанда төмен болуы мүмкін. Алайда, егер сіз меланхоликті ашуға мүмкіндік берсеңіз, ол өзін терең әрі ойлы әңгімелесуші, мағыналы диалог құра алатындығын дәлелдейді. Сондай-ақ, оның артықшылықтарының қатарында тілді жеке үйренуге мүмкіндігі бар, өйткені ол холерик және сангвиник адамдардан айырмашылығы, топтық жұмысты қажет етпейді.

Жүргізілген зерттеу барысында студенттер үшін шет тілі сабақтарында үлкен кедергі болып табылатын ұстамдылық, байсалдылық, сылбырлық және тұйықтылық, қауырттылық сияқты жеке тұлғаның қасиеттері тән екенін байқалды. Мысалы, фонетикалық жаттығу, диалогтар, ой ашар, рөлдік ойындарды орындағанда ұялып, өз ойын шет тілінде жеткізу қиындық тудырады, олар көпшіліктің көздерінде күлкілі көрінуден қорқады. Холерик және сангвиник студенттер керісінше, мұндай жұмыс түрлерін үлкен қызығушылықпен құмарта орындайды, өйткені мұнда олар өзінің әртістігін, ашықтығын, тез тіл табысқыштығын көрсете алады. В. Н. Куницинаның зерттеу деректері бойынша ұялшақтық, жатырқаушылық, жоғары сезімталдық сияқты жеке қасиеттер қарым-қатынас жасау мен тіл үйренуге, білім алуға кедергі келтіреді [4].

Қорыта келгенде, шет тілін үйретуде студенттердің жеке психологиялық ерекшеліктеріне, темпераментіне сүйенуінің маңызды екендігіне көзімізді жеткіздік. Білімді меңгеру үдерісіне келесі қасиеттер әсер етуі мүмкін: қабылдау жылдамдығы, зейіннің шоғырлану ұзақтығы, психикалық темп және ритм. Сондай-ақ психикалық іс-әрекеттің бағыттылығы да маңызды рөл атқара алады, мысалы, экстраверт, жаңа қарым-қатынас жасауға, адамдармен қарым-қатынас жасауға ұмтылады және сөйлеудің эмоциялық бояуы, мысалы, қарым-қатынас кезінде эмоциялардың айқындылығы. Осы мәліметтерге сәйкес, эмоцияға берілуі шапшаң, пысық холерик темпераменті бар студенттер флегматик темпераментті студенттерге қарағанда еті тірі болып келеді. Сангвиник темпераменті басым білім алушылар оқуда анағұрлым табысты, ал флегматик және меланхолик темпераменті басым білім алушылар шет тілін меңгеруде көп қиындықтарға ұшырайтындығы айқындалған.

### **Әдебиеттер**

1. Беляев, Б. В. Очерки по психологии обучения иностранному языку. – М.: Просвещение, 1965.
2. Зимняя, И. А. Психология обучения иностранному языку в школе. – М.: Просвещение, 1991 – 78-80 б.
3. Артемов В.А. Психология обучения иностранным языкам.-М.:Просвещение, 1969. - 85б.
4. Куницына В. Н. Межличностное общение. Учеб. для вузов. - СПб.: Питер, 2001–544 б.

### **БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ, ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ**

**Маркабаева Газиза Аманжоловна**

М.Тынышпаев атындағы ҚазККА Ақтау көлік колледжі

Қазіргі заманғы тез өзгертін орта бізден сыртқы өзгерістерге үздіксіз бейімделуді және уақыт шақыруларына үнемі жауап іздеуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі қазіргі ұстаздардың үздіксіз өзін-өзі дамыту және өзгерістерге бейімделу дағдыларын дарытуға баса назар аударады.

Бүгінгі таңда әлемде өз білімінің деңгейіне қанағаттанған, өз білім беру жүйесіне риза бірде-бір мемлекет жоқ деп айтуға болады. Себебі барлығы жаңа мазмұнды, жаңа формалар мен оқыту әдістемелерін іздеу үстінде.

Білім беру қызметінің инновациялық әдістері эксперименттер мен инновациялық жобалары арқылы іске асырылады да, заманауи білім беруді дамытудың трендтері қалыптасады. Біз болсақ біліктілігімізді арттырып, тиімділігін айқын түсініп, өз жұмысымызда ескеруіміз керек.

Жаңартылған білім берудің негізгі міндеті - студенттерге өзінің бірегейлігін сезінуге, қиындықтарды жеңуге және өз әлеуетін іске асыруға көмектесу. Білім беру барысы сыни ойлау мен креативтілікті дамытуы тиіс, қазіргі әлемде табысқа жетуге мүмкіндік беретін дағдылар мен білім беруге тиіс.

Мақаланы жазу барысындағы келесі міндеттерді орындауға назар аудардым:

- Заманауи білім беру үдерісін талдап білім сапасы мәселесін шешудің табысты жолдарын анықтау;
- Білім беру қызметінің тиімділігіне қатысты мәселені кешенді түсіну, анықтамалық және практикалық идеялар көзін құру;
- Инновациялық әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктерін, нақты тәсілдердің мәні мен құндылығын (немесе қауіптілігін) түсіндіру;
- Әрбір үрдістің аса маңызды аспектілеріне назар аудару.

Жаңартылған білім берудің инновациялық бағыты дербестендіру дифференциация тақырыбына айтарлықтай қызығушылық тудырады. Көптеген адамдар бұл сұрақ білім беру жүйесінің болашағына елеулі әсер етеді және білім беру контентін жариялауды дамыту үшін бағыт береді деп санайды. Сонымен, білім саласындағы дербестендіру студенттердің өз қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін талдай білуге және бағдарламаны өз бетінше таңдауға негізделген. Дербестендіру оқытудың жоғары дамыған дағдыларымен тығыз байланысты, әрбір студенттің жеке оқыту стиліне зейінмен және үдерістік-бағытталған тәсілдеумен ерекшеленеді. Заманауи инновациялық білім жеке тұлғаға бағытталған, осыған орай біріншіден, студентке білімді қажетті деңгейде меңгеру керектігін көрсету керек. Екіншіден, студенттерге оқытудың тиімділігін қалай арттыруға болатынын көрсету керек. Үшіншіден оларға ең үздік студент болу керектігін көрсету керек.

Келесі бір тоқтала кететін мәселе ол бүгінгі күні мұғалім ақпараттың негізгі көзі болуын тоқтатқан тенденция. Студенттер кез келген уақытта және кез келген жерде шектеусіз деректер көлеміне өз бетінше қол жеткізе алады. Демек, аудиторияда оқытушының рөлі өзгерді. Оқытушы тек қана тақтада ғана емес, қажетті көмек пен қолдау көрсету үшін студенттермен тығыз байланыста болады. Заманауи оқытушы үйреншікті лектордан гөрі тәлімгер және кеңесші.

Қазіргі заманғы оқытушылар оқыту әдістерін өзгерту және заманауи әлемде өз әдістері мен материалдарының өзектілігі мен қажеттілігіне қол жеткізу керектігін мойындауы тиіс. Оқытушы мен студентке бағытталған оқыту арасындағы негізгі айырмашылықтарды қарастырайық. (Кесте №1)

Кесте №1

<b>Оқытушыға бағытталған оқыту</b>	<b>Студенттерге бағытталған оқыту</b>
Оқытушы шешім қабылдайды	Студент шешім қабылдайды
Оқытушы - ақпараттың негізгі көзі	Студент өз бетінше ақпарат табады
Студент оқу материалын меңгереді	Студент оқу материалын өзі жасайды
Оқыту ортасында бәсекелестікті ынталандырады	Оқу ортасы ынтымақтастықты қолдайды
Оқытушы студенттің жұмысы мен жетістігін бағалайды	Студенттер өздерін және бірін-бірі бағалайды
Оқыту аудиторияда өтеді	Сыныптан тыс оқыту мүмкіндігі
Барлық топ жұмысының қарқыны	Әр студент өз қарқынында жұмыс істей

маңызды рөл атқарады	алады; тапсырмалар дербестендірілген
Оқыту жеке пәндерге бөлінген	Пәнаралық оқыту
Оқытудың бірыңғай стилін ұстану қажет	Студенттер өз оқу стилін таңдай алады
Оқыту бір жас тобы үшін жүргізіледі	Оқыту бір жас тобына байланысты емес
Оқытуды дербестендіруді оқытушы қамтамасыз етеді	Оқытудың дербестігін студенттер қамтамасыз етеді

Жоғарыда аталған міндеттерді атқару үшін POGIL (сұранысқа бағытталған оқыту) әдісін қолдану оқытудың тиімділігін артады. POGIL - бұл ерекше оқыту ортасы, студенттер жаңа оқу материалын оқу үдерісіне белсенді қатысады. Әдіс бойынша 5E моделі құрылып, оған сәйкес әрекет ететін өзін-өзі басқару зерттеу топтары ұйымдастырылады: Engage (қызықтыру), Explore (зерттеу), Explain (түсіндір), Extend (дамытуға) және Evaluate (бағалау). Бұл жүйені АҚШ-тың білім беру орталығы жанындағы биология және жаратылыстану ғылымдары бөлімінің қызметкері Роджер Байби ұсынған (1994 ж.). POGIL жобасы студенттерді бірінші орынға қойып, оқытушыларға оқытуды оңтайландыруға арналған құралдарды ұсынуға арналған. POGIL басқа тәсілдерден екі нақты жолмен ерекшеленеді. Біріншісі - процестің қажетті және мақсатты дағдыларын дамытуға нақты және саналы екпін. Екінші - аудиторияның ерекше материалдарын пайдалану және дизайн.

POGIL әдісі бойынша студенттер арнайы әзірленген қызметті шешу үшін шағын топтарда жұмыс істей алады. Әрбір студентке белгілі бір рөл орындауға тағайындалады, мысалы, есеп менеджері, рекордер және т.б. Оқытушы оқу процессін жеңілдетуге көмектесу үшін тиісті уақытта араласа отырып, студенттер арасындағы пікірталасқа тыңдаушы ретінде ғана әрекет етеді. Өз топтарында студенттер мәселелерді талқылай және талдай алады және ортақ идеяларды қарауға және маңызды ұғымдарды өзінің түсінігін құруға көмектесу үшін жасалған сұрақтарға жауаптарын талдай алады. Олар өз идеяларын тұжырымдап басқа топтармен бөліседі.

Бұл әдістің барысында көптеген маңызды дағдыларды қалыптастырып, студенттерге сын тұрғысынан ойлай отыра тапсырмаларға көңіл бөлуге көмектеседі.

«Төңкерілген сынып» әдісі - бұл қазіргі білім берудің бірнеше үрдістерін біріктірген оқыту принципі. Бұл әдіс шамамен бірдей нәтижелерді көрсететін түрлі тәсілдерді қамтиды (студенттер мен оқытушылардың жоғары қанағаттануы, студенттердің білім алуға белсенді қатысуы және материалды неғұрлым тиімді меңгеруі), сондықтан оқытудың осы принципін білім берудің заманауи инновациялық үрдісіне жатқызуға болады.

«Төңкерілген сынып» термині сабақ жоспары кері-қайта берілгенін білдіреді. Әдетте оқытушы алдымен жаңа тақырып туралы әңгімелейді, содан кейін онымен байланысты жаттығулар қатарын орындауды ұсынады және үй тапсырмасын қояды. Осы әдіс шеңберінде мұғалім тақырып бойынша әңгіме жазады және студенттер оны жаңа материалды зерделегенге дейін өз бетінше зерттей алады. Осылайша, сабақ уақытын студенттердің сұрақтарына жауап бере отырып, туындаған қиындықтарды шеше отырып, материалды талқылай және пысықтай отырып, әлдеқайда тиімді пайдалануға болады.

Аталған әдістің тиімділігі: тәжірибеге уақыт пайда болады, тақырыптың ең қиын аспектілерін талқылау мүмкіндігі, студент мен оқытушының талқылауға түсіп өзара әрекет ету мүмкіндігі.

Оқыту – бұл оқытушының жұмыс нәтижесі емес, қоршаған ортамен өзара әрекеттестікте әрбір адаммен болатын табиғи процесс. Адамның қызметі - оның дамуының негізі. Оқытушының рөлі - олардың әрқайсысына қажетті материалдарды таңдау үшін студенттерді бақылау.

Студентті ынталандыратын және оның дағдылары мен қажеттіліктеріне сәйкес дамуына көмектесетін жүйе Highscore тәсілі.

Highscore тәсілінің атауы «жоғары мақсаттар» немесе «ауқымды міндеттер» деп аударылады және өршіл міндеттер мен алыстағы мақсаттарды көрсетеді. Әдістің негізгі тұжырымдамасы белсенді қызмет арқылы оқытуды және балалардың мүдделерін ескеруді көздейді.

Әрбір күн белгілі бір блоктарға бөлінеді, олар бір-бірінен кейін өткізіледі, ал топ қызығушылық аймақтары бойынша топтарға бөлінген, сонымен қатар студенттер бір аймақтан екінші аймақтан еркін ауыса алады (олар таңдау бар туралы біледі). Студенттер өз сабақтарын жоспарлауға, оларды жүзеге асыруға және нәтижелерді талдауға мүмкіндік беретін «жоспарла– жаса–тексер» схемасына сәйкес жұмыс істейді.

Студенттер кішкентай немесе үлкен топтарда жұмыс істейді және ойындарға, әңгімелесулерге белсенді қатысатын ересектерден қолдау алады. Оқытушы өз тарапынан студенттер мен олардың жетістіктерін мұқият қадағалайды. Қозғалыспен, музыкамен немесе тарих әңгімесімен байланысты сабақтар үлкен топтарда жүргізіледі, ал арнайы танымдық тәжірибелер кішкентай топтарда жүргізіледі.

Күн сайын оқытушылар өз студенттерін мұқият бақылап, олардың жұмысы мен жетістіктерін бекітеді. Олар сондай-ақ олардың тіл, сауаттылық және қарым-қатынас, әлеуметтік және эмоциялық даму, дене дамуы мен денсаулық, математика, ғылым мен техника, әлеуметтік зерттеулер мен шығармашылық пәндер саласындағы іскерліктерін бағалайды. Осы даму жүйесінің маңызды элементі қақтығыстарды шеше білу болып табылады. Студенттердің әлеуетін дамыту ойынға негізделген.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауындағы ең маңызды басымдықтарының бірі экономиканы технологиялық жаңғыртуды жеделдету болып табылады: «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек».

Қорыта келгенде білім беру процесіне осындай замануи технологияларды енгізу нәтижелі болып табылады. Инновациялық әдіс-тәсілдерді педагогикалық қызметте оңтайлы қолдану «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда педагогикалық қауымның аз да болса маңызды қадамдарының бірі.

### **Әдебиеттер**

1. Қазіргі білім беру трендтері-Алматы: "Bilim Media Group" ЖШС, 2017-326 с.
2. Халықова К.З., Абдулкерімова Г.А. Педагогикалық информатика /білім беруді ақпараттандыру. –Алматы, 2009.
3. Көшімбетова С. Оқу – тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары, - Алматы, 2008.
4. Ибраев Т. К. Реформалау жағдайындағы әлеуметтік-білім беру саласының теориялық - әдіснамалық аспектілері. – Астана. Даңғыл, 2017. -157 Б.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «КӘСІП» КОНЦЕПТІСІНІҢ ҒЫЛЫМИ АСПЕКТІЛЕРІ**

**Мұқаш Меруерт Талғатқызы**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Тіл – әрбір елдің, әрбір ұлттың тарихын, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін, тіпті сол ұлттың өз болмысын танытатын, оны сақтап қалатын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ұлы қазына ретінде қоғамдағы ең маңызды қажеттіліктердің бірі. Сондықтан бүгінгі таңда тілдің құрылымдық, коммуникациялық қызметтерінен басқа да қырларын, қасиеттерін анықтау терең зерттеуді талап етіп отыр.

Атап айтқанда, тіл мен адамның өзара тығыз қатынасына қарай анықталған салаларды былай көрсетуге болады: адамның тілі мен рухани белсенділігі; тіл мен адам физиологиясы; тіл мен қоғам; тіл мен ойлау; тіл мен адам құндылықтары; тіл және таным т.б. Адамның тілге, тілдің адамға өзара ықпал етуінен туындаған осы салалардың әрқайсысының өзіндік зерттеу

нысаны, тәсілдері, қолданылу аясы бар. Қазіргі тіл білімінде *әлеуметтік лингвистика*, тіл мен қоғам арақатынасын зерттейтін саласы, *психолінгвистика*, индивидтің тұлғалық мінез-құлқы мен ұғымды қабылдау, оны санада өңдеу қасиеттерінің тілде көрініс табуы, *лингвомәдениеттану*, тіл мен мәдениеттің өзара қатынасы негізінде ұлт мәдениетінің тілде сақталуы, тілде көрініс табуы, сол тіл арқылы ұлтты, оның мәдениетін таныта білу ерекшеліктері, *этнолінгвистика*, тілдегі ұлттық бірліктердің мазмұны мен мәнін ұлттың тарихынан, халықтың рухани мәдениетінен, халықтың менталитетінен, халықтың шығармашылығынан іздеу және *когнитивтік лингвистика*, тілдегі көріністі адам санасындағы таным ұғымымен байланыстыру, салалары тілді антропологиялық бағытта қарастыруда.

Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулер нәтижесі мен анықтамаларды сараптай келіп, біздің ойымызша, когнитивтік лингвистиканы тіл білімінің антропоэлектік бағытқа сүйенген саласы деп түсінуге болатын сияқты. Когнитивтік құрылымның негізгі элементтерінің бірі – концепт. Қазіргі лингвистикада «концепт» термині көптеген пікірталастың өзегіне айналғаны, осыған байланысты бірнеше ғылыми бағыттар қалыптасқаны белгілі. Соған орай «концепт» терминіне берілген анықтамалар да алуан түрлі.

Лингвистикада концепт термині мен түсінігінің қалыптасуы тіл, сана, және мәдениеттің өзара әсерлесуінің ерекшеліктерін, заңдылықтарын, амал-тәсілдерін игерудегі жаңа қадам болды. Лингвистика, когнитология, мәдениеттану, философияның өзара әсерлесуінің жаңа аспектілері пайда болып, соның арқасында семантикалық зерттеулер тереңдей түсті.

Ғалым Ж.Манкееваның пікіріне жүгінсік, кең мағынада концепт – жалпы әлем туралы білім жүйесінің (әлемнің концептуалды бейнесінің) бір бөлшегі, үзіндісі, яғни индивидтің объективті шындық туралы өз танымындағы тірек ұғымдары, білетіні, ойлайтыны, елестететіні [1,446].

Терминнің түрлі түсіндірілуі оның көп мағыналы латын сөзі «conceptus»-тің семантикасынан шығуына байланысты. Сөзіктерде оған мынадай түсініктер беріледі:

- «жинақтау, өзіне жинау»
- «өзіне елестету, қиялдау»
- «жазу, тұжырымдау»
- «құрастыру»
- «болу, пайда болу, шығу»

Латын тіліндегі концепт ұғымы бірнеше мағынаға ие. Қазіргі таңда зерттеушілер «концепт» пен «ұғым» терминдерінің ара-жігін ашуда. Мәселен, Г.Г.Молчанова ұғым мен концептің айырмашылығы туралы айтқанда, біріншісін логика мен философиямен байланыстырған. Кейінгі уақытта концепті «мәдениеттің ұйытқысы» ретінде анықталып, мәдениеттанумен де байланыстырған. Ғалымның пікірі бойынша, концепт адамның менталды дүниесіндегі мәдениеттің негізгі ұясы, қысқаша тарихы, заманауи ассоциациялар, бағалар, тәжірибе және т.б. қамтиды.

С.Аскольдов концепті ойлау барысында адамға бір-біріне жақын көптеген заттардың орнын алмастыратын ойлау құрылымы деп анықтаған [2,12].

В.А.Маслова концептке келесі анықтаманы береді: «Концепт окружен эмоциональным, экспрессивным, оценочным ореолом; это тот, «пучок» представлений, понятий, знаний, ассоциаций, переживаний, который сопровождает слово и выражаемое им понятие. Концепты – предмет эмоций, симпатий и антипатий, а иногда и столкновений различных мнений».

Ғалым В.А.Маслова концепт табиғатын түсіну жайында ойын былайша өрбітеді: «Любая попытка постичь природу концепта приводит к осознанию факта существования целого ряда смежных понятий и терминов. Прежде всего, это концепт, понятие и значение». Демек концепт, ұғым және мағына концепт жүйесін құратын бір-бірімен тығыз байланысты, ажырамас ұғымдар болып табылады. Ғалым әрі қарай ұғым мен концепті былайша ажыратады: «Если понятие – это совокупность познанных существенных признаков объекта, то концепт – ментальное национально-специфическое образование, планом содержания которого является вся совокупность языковых средств (лексических, фразеологических, паремиологических и др.)» [3, 26-28].

Қазіргі зерттеушілер жаңа терминнің айту мағынасын таңбалау үшін енгізілгенін ескермеген, сондықтан да көптеген философиялық сөздіктер мен энциклопедияларда концепт ұғым не оның мазмұнын білдірумен тепе-тең көрінеді. Яғни, ұғым – заттың түрлі кезеңдерінің объективті идеалды бірлігі және қарым-қатынасқа тәуелсіз, ойдың қалыптасу қызметін атқаратын тілдің таңбалық және маңызды құрылымымен байланысты. Бұл танымның нәтижесі, баспалдағы немесе кезеңі. Ал концепт сөйлеу арқылы жүзеге асады. Концепт субъективті. Жад және елестету – бір жағынан дәл қазір және осы жерде ұғынуға бағытталған, екінші жағынан ол жад акті ретінде – өткенге, елестету акті ретінде – болашаққа, пайымдау акті ретінде – осы шаққа негізделген жанның үш қабілетінің синтезі, концептінің ажырамас бөліктері. «Концепт – это событие, а «события» – это понятие» [2, 12].

Ұғым белгілі бір объектінің танылған аса мәнді белгілерінің жиынтығы болса, концепт - мазмұн межесі жағынан объект туралы барлық білімнің жиынтығы, ал тұрпат меже тұрғысынан тілдік бірліктердің, құралдардың жиынтығы болып табылатын ментальды, ұлттық ерекшеліктерді танытатын құрылым.

В.А.Маслова концепті «мәдениеттің тереңінен бастау алатын», эмотивтілік, коннотация, табиғатына сәйкес аксиологиялық және тіл жүйесінде «аты»/«атаулары» бар ұғым деп ойын жетілдіре түседі. Ғалымның пайымдауынша, кез келген ұғым концепт бола бермейді, тек қана кейбір күрделі, нақты бір мәдениетті оларсыз елестету, танып-білу мүмкін емес маңызды ұғымдар ғана концепт ретінде танылады. Концептосфера құрылымы В.А.Маслованың пікірінше, өзек, өзекке тамырлас аумақ және перифериядан тұрады. Концепт өзегі мен өзекке тамырлас аумақ әмбебап және жалпыхалықтық білімдерді танытса, периферия – индивидуалды, яғни жеке тұрғысынан танытады [3, 17-27]. В.И.Карасик концепті когнитивтік және мәдени деп ажыратып, когнитивті концептілерді қоршаған ортадағы шындықты құрылымдап және оны қайта құратын индивидуалды мазмұнды болып келетін менталды құрылымдар ретінде анықтаса, ал мәдени концептілер сол мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін бекітетін ұжымдық мазмұнды болып келетін менталды құрылымдар деп түйген.

Қазіргі кезде концептіні түрлі тұрғыдан түсіндірудің негізінде мынадай бағыттар қалыптасқан:

- Логикалық бағыт (Арутюнова Н.Д., Степанов Ю.С.)
- Психолингвистикалық бағыт (Залевская А.А.)
- Лингвистикалық бағыт (Бабушкин А.П.)
- Философиялық бағыт (Колесов В.В., Лисицын А.Г.)
- Психологиялық бағыт (Лихачев Д.С., Холодная М.А.)
- Интегративті бағыт (Ляпин С.Х., Карасик В.И.)

Түрлі бағыт өкілдерін біріктіретін нәрсе, олардың концептіні жалпы және кең категорияның бөлігі ретінде қарастыруы. Қазіргі лингвистикада концептіні түсіндірудің негізгі үш бағыты бар:

Бірінші бағыт. Концептіні қарастыруда культурологиялық аспектіге назар аударады, мұнда концептілер мен олардың қатынастарының жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Осылайша, концепт – адамның ментальді әлеміндегі мәдениеттің негізгі ұясы. Олар ұжымдық тілдік санадағы орталық орынға ие болғандықтан олардың зерттелуі өзекті мәселеге айналууда. Концептіні осылайша түсіну тіл рөлін тек көмекші құрал ретінде екінші орынға қоюмен байланысты.

Екінші бағыт. Концепт мағынасының қалыптасуының жалғыз құралы деп тілдік таңбаның семантикасын санайды.

Үшінші бағыт. Концепт сөз мағынасынан тікелей пайда болмайды, сөз мағынасының адамның жеке және халықтық тәжірибесімен ұштасуының нәтижесі, яғни концепт сөз бен шындықтың арасындағы делдал [4, 58].

Көптеген зерттеушілер концептіні мәдениетпен байланыстыра көрсетеді. Кей зерттеушілер мұны негізгі деп тапса, енді біреулері қосымша деп қарастырады. Біздің ойымызша, концептінің негізгі қасиеті болып оның белгілі бір мәдениетпен, қоғамның мәдени тәжірибесімен байланысында. Мәдениет өзін туындатқан халықпен біте қайнасып жататыны

айқын және оның бойында өмірлік философияны анықтайтын, барлық адамзатқа тән әлемдік бейнедегі ұғымдардың берік орын алатыны белгілі. Солай бола тұра, осы аталған ұғымдар ұлттық дүниетаным, мәдениет негізінде қалыптаса отырып, ұлттың ұлт болып айқындалу белгісі ретінде де қолданылады. Мәдениетке қатысты концепті адам мен ол өмір сүретін ақиқат шындық аралығын байланыстырушы ретінде қызмет атқаратындықтан оны зерттеудің маңызы зор болып отыр.

Концептілер – белгілі мәдениетті онсыз елестету мүмкін болмайтын ең күрделі, маңызды ұғымдар. Олардың саны шектеулі, себебі кез келген атау- таңба құбылысы концепт бола алмайды. Белгілі бір мәдениет үшін құнды, өзекті және өзінің бекітілуі үшін саны көп тілдік бірліктерге ие, мақал-мәтелдердің, поэтикалық және прозалық мәтіндердің тақырыбы бола алатын шындық құбылыстары ғана концепт бола алады. Олар халық жадының мәдени иегерлері. М.В.Никитин, А.П.Бабушкин концептіні дәстүрлі түрде сананың дискретті бірлігі ретінде түсінеді. М.В.Никитин: «Мағына – бұл таңбамен байланысты концепт» – дейді, яғни басқаша айтқанда, концепт – түрлі таңбалармен (сөз, морфема, сөз тіркесі) байланыста болатын бейне мен ұғым. Олар идеалды, шынайы болмысты бейнелейді [5,12].

Концепт - өмір мазмұнының бір тілдік бірлікке (тілдік таңбаға) жинақталуы, шоғырлануы; таңбаға (тілдік) өмір, әлем мазмұнының белгілі бір бөлігі жинақталып, шоғырланғанда, ұғым жасалып, атау пайда болады. Өмір мазмұны деген сөз – тәжірибе, дағды арқылы дүниенің адам санасында әбден танылып, сіңіп, таңбалануы. Осыдан соң кері әрекет жүріп, адам өзінің санасында таңбаланған дүниесін, мазмұнға толы ұғымды (концептіні) сыртқа шығарып, оған атау береді. *Атау – санада «иленіп», тіл арқылы жарыққа шыққан сөз.* Содан соң сөз байланыс құралы қызметіне айналады.

Концептің құрылымы өте күрделі. З.Д.Попова мен И.А.Стернин сияқты ғалымдар концептілердің түрлерін анықтау барысында когнитивтік концептілердің адам санасында қалыптасуын әр түрлі процестер негізінде (сезімталдық, ойлау операциялары, санадағы тілдік бірліктер арқылы) топтастырады. Когнитивтік зерттеулер нәтижесінде концептіні ұлттық концептілік өріс элементі деп қарауға мүмкіндік туады. Осы негізде зерттеуші В.А.Маслова концептің түрлерін былайша топтастырады:

- жеке тұлғалық концептілер;
- адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты концептілер;
- жалпыұлттық концептілер.

Отандық тіл білімінде концепт ұғымына қатысты мәселелерді Ж.Манкеева, Н.Уәлиев, Қ.Жаманбаева, Г.Смағұлова, Г.Снасапова, М.Күштаева, С.Жапақов, А.Ислам, Н.Аитова, Ж.Жампейісова, Э.Оразалиева, Г.Мұратова, Б.Тілеубердиев т.б. ғалымдар өз еңбектерінде жан-жақты қарастырады.

Ғалым А. Исламның айтуынша, концептілерді талдау барысында төмендегідей бірізділік ұсталынады: сөздіктегі анықтамасы; концептің мағынасы мен орны; концептің адамның күнделікті санасындағы түсінігі; концептің әмбебап белгілері; концептің фразеологизмдердің түзілуіне немесе қолдануына әсері; белгілі бір концептіге байланысты сюжеттің немесе образдардың пайда болуы .

Концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталатын, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін, ұлттың мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым [6, 56].

Жалпы когнитивтік ғылымның зерттеу нысаны - санада бейнеленген білім мен ақпараттар болса, ал когнитивтік бағыттың басты мақсаты — дүниенің бейнесін белгілі бір тілдік жүйеде көрсету екендігі белгілі. Когнитивті ғылымы адамның ұлттық болмысқа негізделген танымдық көрсеткішінің тілдегі көрінісін зерттейтіндігін білеміз. Ендеше мұндағы басты бірлік – концептілер. Концептілер ұлттық, мәдени тұрғыдан анықталады да, мәдени, ұлттық мәдени, лингвомәдени және когнитивті деген түрлерге бөлінеді.

Ғалым А.Б. Әмірбекова «Концепт» ұғымын әр қырынан қарастыра келе, былай топтап көрсетеді:



Лингвомәдениеттанымдық аспектіде, концепт — ақиқат дүниенің санадағы мәдени, рухани, этикалық, әлеуметтік танымын айқындайтын бірлік ретінде танылады (Н.Д. Арутюнова, А.М. Мороховский, Д.С. Лихачев т.б.).

Психоллингвистикалық аспектіде концепт — ақиқат дүние туралы психикалық қабілеттер (қабылдау, жадыда сақтау, көру, есту, ұғыну, сезу) арқылы қабылданған алғашқы ментальді түсініктер ретінде танылады (Р.И. Павленис, Дж. Келли, Дж. Каган).

Лингвокогнитивтік аспектіде, концепт — ақиқат дүниенің санада жан-жақты жинақталып тұжырымдалған ақпараттары мен когнитивтік семантикасы арқылы танылған көрінісі (бейнесі). Әрбір концепт тіл арқылы көрініс табады, концептіні танытуда тілдік семалар қызмет атқарады (Е.Н. Кубрякова, А. Вежбицкая). Дүниені танытатын әрбір сема санада фрейм, сценарий, ойсурет, сызба секілді фонға салынған ситуациялар мен бейнелер арқылы таңбаланады»

Осымен бірге, А.Б. Әмірбекова концепт ұғымына берілген тұжырымдарды талдай келе, концептіні анықтайтын төмендегідей көрсеткіштерді атап өтеді:

- концепт дүниенің құндылықтарын танытады;
- концепт санадағы дүниенің мәнін бейнелейді;
- тіл арқылы объективтенеді;
- субъектінің білімдік деңгейін танытады;
- белгілі бір ұлттың мәдени деңгейі мен менталитетін көрсетеді
- әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын ажыратады;
- тұлғаның өзіндік танымдық стилін айқындайды;
- концепт - адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі;
- концепт - білімді тарату, сақтау және өңдеудің негізі бірлігі;
- концепт - белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы [7, 46].

Яғни, когнитивті тіл білімінің бірлігі ретіндегі концептіге тілдік бірліктер енеді және номинативті өрісін құрайды. Когнитивтік ірі және ұсақ категорияларға байланысты концептінің моделі құрылады деген тұжырым жасауға болады. Концептілер, яғни ұлттық-мәдени, лингвомәдени концептілер жүйесі дәрежесінен төмендеп, санада таным процесі жүзеге асады.

Қорыта айтқанда, көркем мәтінде көрініс тапқан концептілік құрылымдардың бейнелі түсінікпен вербалдануы автордың ойсуретке салып тану шеберлігін көрсетеді. Ойсуретпен берілген түсінік, ұғым ойда бейнеленеді, метафора арқылы тілдік көрініс табады.

Жоғарыда аталған концептілік құрылымдардың санада бейнеленуі әртүрлі формада көрініс табуы адамзатың әлем бейнесі туралы жинақталған мәдени түсініктерді беретін тірек ұғымдар.

Концептіні белгілі бір мағына бере алатын, әлемді танытатын таңба ретінде қарастыруға болады. Концептіні таныту мақсатында кез келген тілдік бірлік, лексикалық мағынасы бар сөздер қолданылады. Ал концепт ретінде барлық ұғымды ала алмаймыз, тек белгілі бір мәдениетті танытуда қолданылатын және автор үшін маңызы зор деп танылатын күрделі ұғымдарды тани аламыз. Мәтінде концептілер мазмұндық, қолданымдық, түрленімдік көрінісіне қарай ажыратылады. Концептілердің санада танылу деңгейіне қарай, ақиқат дүниенің болмысы мен өзіндік ерекшелігіне қарай метафизикалық, ұлттық-мәдени, эмоционалдық концептілер деп шартты түрде жіктеуге болады. Сонымен, жоғарыда берілген тұжырымдамалар концептінің когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымы екенін және концепт құрылымының ауқымы кең екенін дәлелдейді.

## Әдебиеттер

1 Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері/ Ж.Манкеева // Тілтаным. - 2001. - №4. 29-31б.

2 Джусупов Н. Қазіргі лингвистикадағы концепт мәселелері // Тіл мен әдебиетті оқыту. Ғылыми-әдістемелік журнал. -2004. №4. -12-17-б.

3 Маслова В.А. Когнитивті лингвистика: Оқу құралы/ В.А. Маслова. Минск: Тетра Системс, 2004. – 256 б.

4 Алексеев, С. Концепт и слово/С. Алексеев // Русская словесность. –1997. №8. 271-273 б.

5 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.:Академия, 2001. – 208 б.

6 Ислам А. Тілдік дүние суреті: «концепт» және «ұғым» // С.Аманжолов және қазіргі қазақ филологиясының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Алматы, 2004.- 439-445 бб.

7 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мацатаев поэзиясы бойынша). Филол. ғыл. канд.... дисс. — Алматы, 2016. – 118б.

## **КӘСІПТІК ШЕТ ТІЛ- КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕ ТИІМДІ**

**Нурханова Бахытджан Умирбаевна**

Қарқия кәсіптік колледжі

«Мен бүгінгі ұрпақтың үш тіл білуін қолдаймын. Мемлекеттік тіл – мемлекет құрушы ұлттық тіл, ал орыс тілін білу – ұлы байлық. Ағылшын ілгерілеушілік пен технологиялардың тілі болғандықтан біз соны үйренуге тиіспіз». **Н.Ә.Назарбаев.**

Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпаратты-коммуникациялық білімді және ақпаратты-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болуды қажет етеді. Ағылшын тілі – бүгінгі заманымыздың кілті, компьютер технологиясының кілті екені белгілі. Ағылшын тілі – ұлы әдебиет тілі. Бұл тілде әлемге әйгілі Вильям Шекспир, Джонаттан Свифт, Вальтер Скотт сөйлеген. Солардың бірі – Ұлыбританияның «Кэмбридж» университетінің әдістемесінің басылымындағы «Cutting Edge» оқулығы.

Қазіргі ғаламдану кезеңінде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігінің даму тенденциясынан ажыратып қарастыру мүмкін емес. Бүгінгі таңда біздің еліміз Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясының бағдарламасын негізге ала отырып, өркениетті дамыған елдердің қатарына ену, өзге дамыған мемлекеттермен терезесін тең ашу жолында ауқымды істер атқарып жатқан кезеңінде мұғалімдер қауымының осы бағдарламаны және бағыттарды Қазақстан Республикасының білім туралы тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырудағы үлесі зор. Мұғалімдер бәсекеге қабілеттіліктің басты көрсеткішін, яғни оқушыларға заман талабына сай жоғары деңгейлі білім беруді, оны жүйелі түрде қалыптастыруды және жастардың парасатты, аса тәрбиелі тұлғалар болып дамуын – бүгінгі күннің басты талабы деп көреді.

Бүгінде егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып әлемге жар салып жатқан дүбірлі кезеңде қазақ ұлтының жанына сүйеу, рухына тіреу болатын басты мәселенің бірі - тіл. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілі- ұлттық руханиятымыздың өзегі Тіл танудың, түсінудің, дамудың құралы. Сонымен қатар көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғалық және мәдени қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы. Қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу- әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты. Бүгінде біздің қоғамымыздағы қос тілділік біртіндеп көптілділікке ауысып келеді. Бұл көптілділіктің негізгі басымдығы ана тіліне беріледі, өйткені, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгеру азаматтардың бірігуіне ықпал етеді, орыс тілі ғылыми-техникалық ақпарат көзі болып табылса, шет тілі адамдардың өзін-өзі әлемдік қоғамдастыққа сәйкестендіру қабілеттерін дамыту үшін қажет. Тіл саясаты саласына қатысты барлық құжаттарда бірнеше тілді білу өзекті

мәселе болып табылады және бұл – уақыт талабы. Сондықтан білім жүйесі үштілділікті біртіндеп дамытуға ден қойып отыр.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауындағы білім беру жүйесінде үш тілдің әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін атап көрсетті. Бұл дегеніміз оқу орындарында жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Негізгі мақсаты-өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Мамандыққа сай, сол мамандықта кәсіби шет тілінде білім беруіміз қажет. Оның нәтижесі бәсекеге қабілетті маман болуға үлкен мүмкіндік бере алады.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры-ұстаздардың қолында», - деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, кәсіби педагогикалық шеберлікті, шынайылықты талап ететін қазіргі заманда ұстаздың әрбір ісін, жоспарын мұқият зерделеуін қажетсінеді.

Кез келген жанның болашағы – өмір бойы жинақталған біліміне, рухани өсуіне байланысты. Ал шығармашыл мұғалім оқыту процесі мен шығармашылық бағытта дамыту процесін дұрыс ұйымдастырып, жақсы меңгерсе және меңгерілген білімді практикада үнемі ұштастырып, қолданып отырса онда табыс пен жетістік өзінен өзі келеді.

Кәсіби шетел тілінің қызметі – білім алушылардың өздері үйреніп жатқан мамандығы бойынша шет тілде сөйлейтін халықпен түсіністік ортақ көзқарас орнатуға, дайындап тәрбие білім, беріп әрі жеке басын, өмірге көзқарасын жан –жақты дамыту.

Шет тілі пәні бойынша білім мазмұнына тақырыптар, қарым-қатынас ситуациялары , мәтіндер тілдік материалдар.

Шет тілінің кез-келген адамға қажеттілігі, оны білудегі артықшылықтары еңбек нарығындағы «бағаңыздың» өсуі. Қазір жұмысқа қабылдағанда шет тілін білетін жастарға ерекше құрметпен қарайды. Ал кейбір шетелдіктік компанияларда бұл тіпті талап ретінде қарастырылады. Жақсы жұмыс иегері боламын десеңіз, қазірден бастап шет тілін үйрену керек.

Ағылшын тілін білу қосымша мүмкіндіктер ашады. Шет елге оқуға түсу, машықтануға шет елге барып келу және басқа да тосын мүмкіндіктер пайда болады.

Біздің колледжімізде 7 мамандық түрі оқытылып келеді. Соның ішінде, "дәнекерлеуші", "кеме жөндеуші-дәнекерлеуші", "аспаз", "тігінші", "автокөліктерді электр құрылғыларын жөндеуші электригі", "автокөлікті жөндеу слесарі", "электронды есептеу машиналарының операторы" т.б. біліктіліктер беріледі.

Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда.

«Интернет» деген термин ағылшынның «international net» деген сөзінен, аудармасында «халықаралық байланыс» деген ұғымды береді. Интернет жүйесі арқылы тіл үйренуші тіл өкілімен тура, тікелей байланысқа түсе алады, шетел тілі сабағында Интернетке қосылу арқылы шынайы қарым-қатынас үлгісін жасауға болады. Табиғи тілдік ортада тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана отырып, тіл үйренушілер айтылымдарға түрлі тілдік формулаларды қолдана отырып, жылдам жауап беруге дағдыланады.

Шетел тілі сабағында компьютермен жұмыс жасай отырып, студенттер психологиялық тұрғыдан да жеңілдіктерге ие болады. Атап айтқанда, студенттердің жасаған әрбір жұмысына берілетін бағаның, олардың жасаған қатесін қайталаулар негізінде көрсете отырып, яғни жұмыс нәтижесін мақұлдап немесе белгілі бір дәрежеде қоштамай, өз пікірін білдіріп отыратын оқытушының тікелей қатыспауы, студенттерге өз бетінше жұмыс жасап, өзіне сенімділік болуын қамтамасыз етеді.

Бұл пәннен "Аспаз" біліктілігін алатын студентке не бере аламыз? "Тамақтандыруды ұйымдастыру" мамандығы пәндерінен қажетті ұғымдарды, терминдерді алып, сөздік жұмысы, ол мамандықтың қызметіне қарай сөздік жұмысы, аударма жұмысы, диалог, сұрақ-жауап түрінде, тест түрінде тапсырмалар орындату арқылы, ой толғау арқылы оқытамын.

"Тігінші", автокөлікті жөндеу слесарі" сияқты мамандықтарға да сондай- әр мамандықтың ерекшелігіне, айырмашылығына қарай жұмыстар жасаймыз. Сол пәннен сабақ беретін мамандармен де тығыз қарым-қатынаста боламыз.

Кәсіптік білім беруде арнайы пәндерді қызықты етіп өткізу, студенттерді тілге қызықтандыру, әрбір педагогтың өзінің шығармашылық ізденіп жұмыс жасауына байланысты. Әр мамандыққа сай студенттермен мен оқытушылардың арасында тренингтер, полиглоттар, сайыстар өткіземін.

Бұдан күтілетін нәтиже: көптілді меңгерген, өзін-өзі әлеуметтік және кәсіби билеуге, өздігінен дамуға, өздігінен жетілуге қабілетті тұлға. Ол жауапкершілігі мол, өз мамандығы бойынша халықаралық стандарт деңгейінде тиімді іс-әрекетке қабілетті болуы, кәсіби деңгейінің өсуіне ынталы болуы, әлеуметтік және кәсіби бейімділігі жоғары, үш тілді: мемлекеттік тілді- қазақ тілін, ұлтаралық қатынас құралы ретінде орыс тілін, дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірігу тілі ретінде ағылшын тілін еркін меңгерген тұлға болуы тиіс. Осыған орай, 2016ж. «Ағылшын тілін оқыту әдістемілігі» журналының №1санында «Кәсіптік ағылшын тілін оқытудың маңызы» атты мақалам, 2019ж "Білім сапасы – болашақтың негізі» журналының №2 санында «Тіл – біздің ертеңіміз, тіршілігіміз, өміріміз» , 2020ж "Білім сапасы – болашақтың негізі» журналының №2 санында атты"Computers in our life" мақалам шығарылып республикада таратылды.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Көптілді меңгере отырып, біліктілікті арттырудың жаңа жүйесін іске асыра отырып, заман талабына сай бәсекеге қабілеттілігімізді арттыру мақсатында еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта шет тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды колледж қабырғасынан оқытып шығару- біздің қазіргі кездегі міндетіміз.

### **Әдебиеттер**

1. «Білім» журналы №2 2006ж.46-47 бет
2. «Білімдегі жаңалықтар» журналы №2 (20)2005ж.
- 3 Мектептегі шет тілі №3 2006ж 41 бет

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Орынбасарқызы Жанбала**

ЖІШС «Каспий өңірі «Болашақ» колледжі

*«Естігенімді – ұмытамын, көргенімді –  
есте сақтаймын, өз істегенімді —  
меңгеремін»*

*Конфуций*

Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекет алдында тұрған негізгі мақсаттардың бірі – дүниежүзілік білім әлеміне ену. Бұл салада білім беру ісінің мазмұнын жаңа бағытқа бұрып, құрылымдық жүйесін жаңарту, өзгерістер енгізу –білім реформасын жүзеге асыру алғышартта тұрғаны баршамызға аян. Демек, Егеменді Қазақстанның болашақ потенциалын оқытып – тәрбиелейтін мұғалім – шығармашыл, жан-жақты білімді, парасатты, мейірімді,

сезімтал, интеллектуалды, мәдениетті, кәсіби шебер, ізденімпаз, ғылыми зерттеуші болса, онда жеке тұлғаға қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтілік, белсенділік, жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылығының басымдығы.

Қазіргі жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған негізгі проблемалары:

1. Баланы оқи білуге үйрету;
2. Баланы ойлауға үйрету;
3. Баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау;

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасында: «Білімді дамытудың негізгі инновацияны енгізу, білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады». – деп атап көрсетілген [1]. Қазіргі кезде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру деңгейіне жетуге ат салысуда. Бүгінгі мемлекет алдындағы басты міндет білім беру жүйесін жаңарту болып отыр. Ал бұл міндет бастауыш білім беру жүйесіне тікелей қатысты да маңызды. Бастауыш мектептегі жаңа өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдаланып отыр, баланың жеке дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру және оларды қолдануға бағытталған. Бүгінгі күні білім мазмұнын жобалап оқыту арқылы оның ғылыми деңгейін көтеру мәселесі қойылып отырған жағдайда бастауыш сыныпта оқушыларға табиғат, адам, қоғам жайында беретін білім негізінде балалардың дүниетанымын қалыптастыру үшін жаңа технологияларды қолдану орынды талаптардың бірі болып отыр.

Мәселен, *бастауыш сынып оқушыларының жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсаты* оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін өзі көрсете білуге бейімдеу қажет. Сапалы білім беруде жобалау технологияның әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана отырып, оқушылардың ізденімпаздық, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сонымен бірге, ата-ана, мұғалім және оқушы арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыра отырып, білім сапасын арттыру керек. Ал, оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға жағдай жасай отырып, баланы ізденімпаздыққа және өзіне сенімді болуға ұмтылдыру, ақыл-ой деңгейін қалыптастыру, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту болып табылады. Егер оқушы жоба тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса – ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады. Бастауыш сынып оқушылардың ізденушіліктерін, шығармашылық дағдыларын, өз білімдерін өз бетімен құрастыра білу икемділігін, ақпараттық кеңістікте жөн таба білу іскерлігін дамыту, сыни тұрғыдан ойлауын дамытуымыз керек.

*Бастауыш сынып оқушыларының жобалау технологиясын қолданудағы негізгі міндеттері:*

- ☐ Өз ойын еркін айтуға мүмкіндік жасай алатын орта туғызу.
- ☐ Оқушы жүрегіне жол табу арқылы сабақтардың әрбір сәтін қызықты, ұтымды өткізу.

Оқушыларды тек берілген мәліметті тыңдаушы емес ізденуші, зерттеуші өз ойын еркін дәлелдей алатын, пікірін ортаға сала білетін жеке тұлғаны қалыптастыру.

☐ Оқушының бойындағы ынта-ықыласын жойып алмай, жеке дара қабілетінің дамуына мүмкіндік жасай отырып, қабілетін дамытып, шығармашылығын шыңдау.

☐ Оқытудың жобалау технологияларын қолдана отырып, жеке, жұпта, топта жұмыс істеу барысында мұғалім мен оқушының ынтымақтастығын қалыптастыру, оқушылардың ойына ерекше құрметпен қарау. Оқушыларды өзін-өзі қадағалай алатын, іс-әрекетін ретімен орындап, өзін - өзі жетілдіретін шығармашыл, ізденімпаз тұлға қалыптастыру.

- ☐ Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету;
- ☐ Ақыл-ойын және ерік пен сезім белсенділігін арттыру;
- ☐ Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру;
- ☐ Оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, қызығушылығын арттыру.

□ Әртүрлі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай отырып, әртүрлі адамдармен тіл табыса отырып, әр ортада дұрыс бағыт-бағдар бере алады.

□ Оқушының бойындағы қабілетін дамытып, шығармашылығын шыңдау.

□ Оқушылардың өз жұмыстарын жаңашылдықпен ұйымдастыру тәжірибесін талдау, оның тиімділігін анықтау, жеке тұлға тәрбиелеу.

□ Оқушылардың жоба жұмыстарына талдау жасау, бағдар беру. Оқушыларды өзін - өзі жетілдіретін шығармашыл, ізденімпаз тұлға қалыптастыруымыз қажет.

Жобалап оқыту технологиясы - жеке тұлғаға бағдарланған оқыту. Бұл технология оқушылардың берілген тапсырманы жобалау, зерттеу барысында өзінің және басқаның тәжірибесінен үйрену, сабақ алуға негізделген. Ғылыми жобаны жасау барысында оқушылар көп нәрсеге өзі көз жеткізеді. Яғни, бұл оқушылардың танымдық қасиеттерін арттырудың, өз еңбектерінің нәтижесіне толығымен қанағаттанып, оқудағы жетістіктерін сезінудің бірден-бір жолы болып табылады. Оқу әрекетінің тиімділігін арттыру үшін оқушыны білім алу процесіндегі белсенді әрекет ететін субъектіге айналдыру керек деген идеялар көтерілгелі көп болды. Осындай идеялардан туындаған технологиялардың бірі – жобалап оқыту технологиясы. Жобалап оқыту технологиясының негізін салушы Карл Фрейд өзінің “Жобалау әдісі” атты кітабында (Бельц қаласы, Германия, 1977 ж.) жобалау әдісі туралы былай түсіндіреді: Оқушылардан болсын немесе оқытушы тарапынан болсын практикалық маңызы бар бір жоба (проект) ұсынылуы тиіс. Оқушылар ұжымда жұмыс істеп үйренеді. Зерттеу біліктерін (проблеманы анықтау, ақпарат жинау, бақылау, тәжірибе жүргізу, талдау, жорамал жасау, қорытындылау) меңгереді.

Жобалап оқыту технологиясы оқушының жеке тұлғасына көзқарасты өзгертеді. Ол оқушыны оқу үдерісін ұстазбен бірге тең дәрежеде жүзеге асырушы ретінде қарастырады, оның жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп отырады. Мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы психологиясын қайта құру, қайта қарау жұмыстары жүргізіліп келеді. Бірінші кезекте оқушыға субъект ретінде қарау керек. Оқытудың мазмұны мен түрі толығымен түседі, яғни әдістемелік жүйе адамгершілік тұрғыдан байи түседі. Жобалап оқыту технологиясының қолжетімділігімен, қабылдау шапшаңдығын арттыруымен, барлық мұғалімнің қолдануына тиімді екендігімен ерекшеленетінін тәжірибе көрсетіп отыр. Одан басқа, технология кез-келген сыныпта, кез-келген пән бойынша қолданыла береді, оның жан-жақтылығы осында.

*Бастауыш сыныпта жоба әдісін қолдану әрі қызық, әрі пайдалы, әрі көп еңбек талап етеді.* Жобалау әдісін бастауыш сыныпта қолдану тікелей мұғалімнің көмегімен жүзеге асырылады. Бұл жұмысқа ата аналарды да қатыстыруға болады. Бастауыш сыныпта жобалау әдісін қолдану төмендегідей жүйе бойынша жүзеге асыруға болады:

Жобалар әдісінің кезеңдері

I. Мотивтендіру. Мұғалім жалпы зерттеу мәселесін ұсынады. Тақырыпқа қызығушылық қалыптастырады.

II. Жоспарлау кезеңі. Зерттеу жұмысына дайындық. Мұнда жобаның тақырыбы мен мақсаты анықталады, міндеттерді шешу жолдары қарастырылады, іс-әрекеттің жоспары бекітіледі, топтағы ұжымдық іс-әрекет келісіледі.

III. Ақпаратты жинау кезеңі. Оқушылар хабар жинайды, әдебиетпен және басқа ақпарат құралдармен жұмыс жүргізеді; алынған нәтижені мұғалімнің көмегімен сараптайды, ал мұғалім бақылайды, көмек көрсетеді, өзі де ақпарат құралы болады.

IV. Рефлексивтік бағалау кезеңі. Оқушылар жобаларын ұсынады (презентация), атқарылған жұмыс бойынша есеп береді, ұжымдық пікірталасқа қатысады, өзіне өзі баға береді, мұғалім бағалайды.

V. Қорытынды.

Бастауыш сынып оқушыларына жобалап оқыту әдісін қалыптастыруымыз қажет. Мәселен, 1- 2- 3- 4 – сынып оқушыларының жобалау кезінде рөлі өзгереді, оқу мен тәрбие процесіне белсенді қатыса алады және бала мүмкіншілігінің көптігі (тәжірибе жасап көреді, жаңа нәрселерді тани бастайды). Сонымен бірге, бала тапсырманы орындауда жауапкершілік жүктей алады және уақытын бөліп пайдалана біледі, топтық жұмыстарда көбірек тәуелді

болады. Жоба кезінде бала (қашан? қандай? қайда?) деген сұрақтарға тәжірибе жасап, пайымдайды, іздестіреді, жауап іздейді, тілдік қарым - қатынастарға түсіп, өз ойларын әр түрлі білдіреді, не үшін әрекет етіп жүргенін түсініп, өз қызығушылығы мен арманын айтады. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларына жобалап оқыту әдісі дайын материалды меңгеруге ғана дағдыланбайды, ол өз бетінше ізденіп, болашақ мамандығы рөліне ену арқылы әр түрлі қақтығыс ситуациялардан шыға білуге, сөйлеу үлгілерін дұрыс пайдалануға қалыптасады. Сол сияқты, жобалау әдісі бастауыш сынып оқушыларының бойында мынадай қасиеттерді қалыптастырады: оқушылармен арадағы сыйластық, топпен жұмыс істей білу, сабаққа шығармашылықпен қарау және оқушылар шығармашылықпен ойлауға, өз әрекетін өз бетінше жоспарлауға, жоба бойынша алдына қойған міндеттерді шешуге алдын ала болжам жасай білуге, басқаша айтқанда, жұмыс істеу мәдениетіне үйренеді.

Бастауыш сынып оқушыларының жобалап оқыту әдісінің басты идеясы: балалардың танымдық қызығушылығын дамыту, өз беттерінше және тәрбиешісі мен ата-анасының көмегі арқылы өз білімдерін дұрыстап ақпараттық кеңістікте жөн таба білу және сыни ойлауды дамыту [2].

*Бастауыш сынып оқушыларының жобалау әдісі арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады:*

- ☐ жобалау әдісі оқушыларды оқыту үрдісіне және тілдік қатынасқа белсенді жұмылдыра алуымен ерекшеленеді;
- ☐ оқушыны білім алуда, өз ісін ұйымдастыруда жауапкершілікке үйретеді;
- ☐ жобамен жұмыс істеу барысында оқушының тілдік дайындығы қалыптасады;
- ☐ жобалау әдісі оқушының белсенді түрде өз бетінше ойлауына, жұмыс істеуіне және алған білімін есте сақтауы, тиісті жағдайда қолдана алуына көмектеседі.
- ☐ Жаңа таным құралдарын пайдалануға және ұйымдастыруға жағдай жасайды.
- ☐ Білім беруді ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етеді.
- ☐ Оқушылар өзіне қажетті ақпаратты жедел түрде алады.
- ☐ Білім сапасын арттыруға септігін тигізеді.
- ☐ Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады.
- ☐ Оқытудың ой - өрісін, дүниетанымын кеңейтеді.
- ☐ Оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде. Алған білім негізін дамыта отырып оқушының шығармашылық деңгейін шыңдап, жетістіктерге жетуіне көмектесед [3].

*Бастауыш сынып оқушыларын жобалап оқыту әдісін төмендегідей жүйе бойынша жүзеге асыруға болады:*

- Алған білімін талдап, жинақтап, жүйелілік қалыптастырады.
- Мұғалім мен оқушы арасында тең құқылы қарым-қатынас болады.
- Жеке, жұпта, топта оқу жазу әрекеттері іске асады.
- Оқушы-басты дамушы тұлға .
- Мұғалім-басты тұлғаға бағыт беруші
- Ұжымдық үрдіс жүзеге асады.
- Әр оқушы өзіне жауапкершілікпен қарайды.
- Жаңа ақпаратпен қамтамасыз етіледі.
- Оқыту үрдісінде оқушылар толық белсенді қатысып сабаққа тез араласады.
- Пікір алмасу жүзеге асып, қорытынды жасай алады
- Барлық пәндерге қолдануға болады.
- Ата-аналар жиналысы, тәрбие сағаты, конференция, пед. кеңестерде стратегияларын қолданып ұтымды өткізуге болады.
- Адамды жалықтырмайды, қызығушылық пен құлшыныс пайда болады.
- Шығармашылық шыңына жетуге көмек.
- Оқушылардың бойында белсенділік, қызығушылық, таным деңгейі жоғарлайды.

Жобалап оқыту технологиясы педагогтың интеллектуалдық, кәсіби, моральдық, рухани, азаматтық және басқа да сапалы қасиеттерін қалыптастырып отырып, мұғалімнің жеке тұлғасына тікелей әсер етеді. Ең алдымен оқу барысында оқушыны өз бетімен іздендіре отырып, өзіне деген сенімділік күшін тудырып, өз ойын анық жеткізе біліп, дұрыс шешім қабылдауға, яғни жеке тұлға болып қалыптасуына бейімдеу қажет. Жобалау әдісі бойынша өткізілген сабақтар оқушы бойындағы қабілеттілік пен қызығушылығына сәйкес жетіліп, дамуына жағдай туғызылып, әр оқушының жекелеген мүмкіндіктерінің ашылуына ықпал жасайды. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, басқаларына сын көзбен қарауға үйренеді. Жобалау технологиясы қазіргі таңдағы білімнің мақсат, міндеттеріне сәйкес табиғаттың шынайы заңдылықтарын танып білуде мәселені өзіндік жоспарлап жоба ретінде шешімін табады. Бұл технологияның оқу процесіндегі ерекшелігі өз жобасын құрып, әрекетін ұйымдастырып шығармашылықпен айналысуында.

Қорытындылай келе, бастауыш мектептегі жобалау әдісін қолдану негізгі мектептегі жобалау жұмыстарының даму негіздерін қалайды. Оқушылар жобалау жұмысының негізін ойы мен іске асыру, шешім қабылдау, нәтиже шығару деп таниды. Бастауыш мектеп оқушыларының өзінділігі, тыңғылықтылығы мен ойлау вариативтілігі олардың «Интеллектуалдық жетілуін» көрсетеді [4]. Оқушылармен жұмыс жасау барысында жобалау әдісін қолдану өзін-өзі таныту деңгейін арттырады, балалар ата-аналары мен мұғалімдердің көмегіне сирек жүгінеді. Оқу орындарының гуманитарлық бөлімдерінде жобалап оқыту технологиясы негізінде меңгерту, біріншіден, білім сапасының көтерілуіне жол ашса, екіншіден, оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін заманауи талаптарға сай дамытуға кепілдік береді; үшіншіден, оқу үдерісінің оқушы үшін мәнін танытып, олардың оқу мотивацияларын дамытады; төртіншіден, оқыту үдерісінің үш мақсатын – білімдік, тәрбиелік, дамытушылық – қатар орындаудың шарты болып саналады; бесіншіден, қоғам талабы мен оқушы мүддесінің толық үйлесімде дамуына тірек болады [5]. Жобалау әдісі арқылы ұсынылатын тапсырмаларды орындау барысында оқушылар шығармашылықпен ойлауға, өз әрекетін өз бетінше жоспарлауға, жоба бойынша алдына қойған міндеттерді шешуге алдын ала болжам жасай білуге, басқаша айтқанда, жұмыс істеу мәдениетіне үйренеді. Өз ойын ашық айту жоба құрушы логикалық, тілдік, грамматикалық жағынан дұрыс құруға ұмтылады.

### **Әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы //Егемен Қазақстан, 2011 ж.
2. Лазарев В.С. Новое понимание метода проектов в образовании // Педагогика, 2011, №10, С. 3-11.
3. Н.Е.Веракса. «Проектная деятельность школьников» 2006 жыл
4. О.И Давыдова, А.А. Майер , Л.Г. Богословец «Проекты в работе с семьей» 2000 жыл
- 5.Л.С.Киселёвой, Т.А.Данилиной, Т.С.Лагоды, М.Б.Зуйковой «Проектный метод в начальной школе» 2001 жыл

### **ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ**

**Рахметова Гүлімай Жетпісбайқызы  
Аренова Асыл Хадыржановна**

**III. Есенова атындағы Каспийский мемлекеттік технологиялар және инжиниринг  
университеті**

Бүгінгі қазақстандық білім беру сипатындағы айрықша өзгерістер оны «адамның еркін дамуына» оның жоғары мәдениетін, шығармашылық белсенділігін, дербестігін, бәсекеге қабілеттілігін, бейімделгіштігін дамытуға бағыт береді. Бұл бағыт өз алдына оқушы тұлғасын



калыптастыруда жаңа тұрғыдан келуді қажет етеді. Тұлғалық-бағдарлы білім беруді педагогикалық қауымның меңгеруі нәтижесінде туындайтын педагогикалық мақсаттардың өзгерісі толық, тұлғалық және әлеуметтік-интеграцияланған нәтижені анықтау мәселесін алға қойды. Мұнда бірінші анықтама, әдетте, белгілі бір аядағы процестер, нормативті міндеттер және құқықтармен белгіленетін тұлғаның сапаларымен байланыстырылса, екіншісі құзыреттердің практика жүзінде жүзеге асуы, оның нақты іс-әрекеттерде көрінуі, тұлғаның сол іс-әрекетке қатынасынан туындайтын нәрсе болып табылады.

«Құзырет», «құзыреттілік» ұғымының мәнін ашу үшін философиялық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге талдау жасалды.

Құзыретті философиялық тұрғыдан түсіндіру адамның танымы мен практикасына байланысты жаңалықтар мен жаңа енгізулерге жол ашады, сонымен қатар әрбір сыныпта педагогикалық ситуацияға қойылатын білімділік талаптарын анықтауға мүмкіндік береді [1].

Жалпымәдениеттілік құзырет – өз бетімен білім алуға, оның барысында пайда болатын танымдық проблемаларды өз бетімен шешуге, өзінің позициясын белгілеуге жеткілікті білімділік деңгейі [2].

Осылайша, «құзырет» – бұл оқу барысында жинақталған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, бейімділіктерге негізделген жалпы қабілет. Құзырет білімге де, дағдыға да жатпайды. Құзырет – бұл іс-әрекетті, іскерлікті тудыратын нәрсе. Құзырет саналы іс-әрекет барысында қалыптасады. Құзыретті меңгеру оқушының белсенділігіне тәуелді. Мысалы, шет тілдерде сөйлемейінше, оларды меңгеру мүмкін емес, сол сияқты практика жүзінде ғана компьютерде жұмыс жасауды үйренуге болады.

Құзыреттің көрінуіне белгілі бір жағдайлардың әсері зор. Құзыретке ие болу дегеніміз сол ситуацияға өзінің бар білімі мен тәжірибесін бейімдеу. Білімді адамдардың нақты ситуацияларда қажет болған жағдайда сол білімін қолдана алмайтындығын күнделікті өмірде кездестіруге болады. Осылайша, құзыретті дамыту және қалыптастыру үшін оларға нақты жағдайлар тудыру қажет.

Құзыреттіліктер – адамның белгілі бір салада беделге, танымға, тәжірибеге ие сұрақтар мен құбылыстар шеңбері. Әлеуметтік құзыреттілік – қоғамдағы өмір сүрудің нормалары мен ережелерін дұрыс орындауға мүмкіндік беретін әлеуметтік дағдылар (міндеттер) [2].

Осылайша, берілген анықтамаларды қорытындылай келе, «құзыреттілік» ұғымын субъектінің, іс-әрекеттің мақсаты мен оны жүзеге асырудың құралын саналы түрде ұғынумен байланыстырылады. Құзыреттілік – бұл ситуацияға сәйкес құзыреттерді (іскерлік пен дағды) пайдалану үшін таңдау. Негізі, құзыреттіліктер жөнінде айтылғанда жаңа ситуацияларды меңгеруге «есікті» ашатын құралдар, «кілттер» деп түсіндіруге болады. Негізгі құзыреттілік – бұл анықтаушы құзыреттілік, себебі жүзеге асыру жағдайларына сәйкес келеді, олар шектелмеген, спецификалық емес, бірақ белгілі бір дәрежеде әмбебап болып келеді.

Негізгі құзыреттіліктерді құрудың технологиясын А.Хуторской «Ключевые компетенции: технология конструирования» мақаласында береді [3]. Автор білімділік құзыреттіліктерді тұлғалық және әлеуметтік мәнді өнімді іс-әрекет жасауға қажетті, оқушы меңгеретін өзара байланысқан, мәндік бағыттардың, білімнің, іскерліктің, дағдылардың және іс-әрекет тәжірибесінің жиынтығы деп белгілейді.

Автордың пікірінше, бұл ұғымды оқыту практикасына енгізу мектеп үшін қарапайым – оқушылар теориялық білімді игере отырып, нақты тапсырмаларды орындауда немесе проблемдік ситуацияларды шешуде айтарлықтай қиындықтарға кездесетіндіктен – осы мәселені шешеді деп есептейді. Білім беру құзыреттілігі – бұл оқушылардың жекелеген білім мен іскерліктерді игеруі емес, керісінше, әрбір көрсетілген бағытқа сәйкес анықталған, кешенді іс-шаралар мен білім беру компонентінің жиынтығын меңгеру.

Коммуникативтік құзыреттілік оқушыларды бақылаудан өзіндік бақылауға, әлеуметтік дамытудан өзіндік дамуға, монологтан диалогқа, түсіндіруден түсінуге ауысудың негізін құрайтын тұлғалық-бағдарлы педагогикалық технология шеңберінде білім беру парадигмасының өзгеруімен байланысты жүзеге асырылады. Осы мәселе И.А.Зимняя,

Л.М.Митина, А.А.Реан, В.М.Шепель, А.К.Михальская, Н.И.Формановский, Е.В.Бондаревская, М.И.Шипова зерттеулерінде қарастырылған.

Білім беру субъектісінің құзыреттілігінің қалыптасуына бағдарлану білім беру мекемесі түлектерінің дайындық сапасын айтарлықтай көтереді, еңбек нарығында олардың жан-жақтылығын және талаптылығын арттырады. Осы мәселені шешу білім беру мекемесінде қоғамда еркін өмір сүре алатын тұлғаны дайындауда қоғамдық талаптарға сай жұмысты орындап қана қоймай, сонымен қатар өзіндік дамуының субъектісі ретінде болуына мақсатты бағытталуын жүзеге асырады.

Құзыреттілік теориясы В.Чинапах, Я.И.Лефстед, Г.В.Вайлер, Н.Розов В.В.Сериков, Н.В.Матяш, Ю.В.Койнов, және т.б. еңбектерінде негізделген.

Қазіргі кезеңдегі білім берудің мақсаттарының жиынтығы негізгі құзыреттіліктерді дамытуды көздейді, оның негіздеріне көпмәдениетті қоғамда өмір сүруге қабілеттілік, білімді практиканың қажеттіліктерімен байланыстыру іскерлігі, өмірлік жағдаяты бара-бар бағалай алу және проблеманың шешу жолдарын табу және т.б.

Білім беру практикасы саласында негізгі құзыреттіліктер прагматикалық сипатта болады және ол мыналарға бағытталады: тәжірибеден пайдалыны ала білу; өзінің алған білімінің өзара байланысын ұйымдастыра білу және оларды тәртіпке келтіру; материалды зерделеудің өзіндік тәсілдерін жасау; білім алушылар алдында пайда болатын міндеттерді шеше білу іскерлігі; өз білімімен өз бетінше айналыса білу іскерлігі және т.б.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайды, білім мазмұнын дамытудың бүгінгі күйін есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының білім беру стандартында қабылдап отырған негізгі құзыреттіліктерді: проблеманың шешімін табу (өзіндік менеджмент), ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктерді дамыту қажет екендігін айта кетуіміз керек. Бұл құзырлылықты игерген оқушы оқу және басқа да әрекеттерде өзін- айқындауға қабілетті болады. Одан оқушының жеке жолы және тұтастай өмір сүру бағдарламасы тәуелді болады.

Ұлттық деңгейде жалпы орта білім берудің мақсаты – Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді араласуға даяр құзыретті тұлғаның тұрақтануына жағдай жасау. Осы мақсатқа сәйкес білім берудің міндеттері айқындалған. Олар:

- болашақ кәсіби дайындығының негізі ретінде сапалы біліммен қамтамасыз ету;
- өзінің білім алу әрекетін тиімді ұйымдастыру және жоспарлау, өз бетімен шешім қабылдау және түрлі өмірлік жағдайларда қолдана білу, өз іс-әрекеттерінің рефлексиясын жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру;
- қазақтың және әлемдік мәдени мұралар білімі негізінде бірегей мәдениеттілікті дамыту;
- Қазақстан Республикасының азаматын, елжандысын тәрбиелеу;
- өзге мәдениет, конфессия және ұлт өкілдеріне құрмет көрсетуін, төзімділік танытуын, өзге көзқарастағы адамдармен құндылық-саналы ынтымақтастыққа дайындығын қалыптастыру;
- тұлға мен қоғамды қалыптастыратын мәдениеттің едәуір маңызды тұстары мен аспектілерін түсінуге және бағалай білуге үйрету; шығармашылық әрекетке қабілетін дамыту.

ҚР-ның жалпы білім беру стандартында оқу қызметі үш құрамдас бөліктердің тұтастығын береді: проблеманың шешімін табу құзыреттілігі (өзіндік менеджмент), ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктер.

Коммуникативтік құзыреттілік:

- нақты өмірлік жағдайларда өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға;
- стиль мен жанрды қатысымдық міндеттердің барабар шешімдерін таңдауға және қолдануға;
- әдеп нормасына сәйкес өзіндік пікірін білдіруге;
- өнімді өзара іс-қимылды, оның ішінде басқа да көзқарас пен бағыттарды ұстанатын басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас диалогына түсе отырып, жанжалдық ахуалды шешуді жүзеге асыруға;

- жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі позициядағы адамдармен топта қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Ең басты нәтиже ретінде құзыреттілік танылып отыр. Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандартында құзырет ұғымына мынадай анықтама берілген: «Құзырет – қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында табысты іс-әрекетке дайындық, білім беру жүйесіне әлеуметтік тапсырысты құрайды» делінген. Ал «құзыреттілік – оқушылардың іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі» деп анықтама берілген.

Жоғарыда аталған негізгі құзыреттіліктерді жіктеу проблемасын қорытындылау және ақпараттарды жүйелеу мақсатында коммуникативтік құзыреттіліктердің мәнін кестеде ашуды жөн көрдік.

Қорытындылай келе, ескеретін жағдай, базалық құзыреттілік оқудың негізгі формалары ретінде болады, олар объективті білімділік формасында айтылады. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту іс-әрекеттік сипатқа ие және ол оқушының функциональды сауаттылығына сүйене отырып жүзеге асуы мүмкін. Негізгі құзыреттіліктер кәсіби сипатқа ие, олар іс-әрекет субъектісінің тұлғалық дамуының нәтижесі түрінде көрінеді.

Мектептегі білім беру үрдісінің құзыреттіліктерге қайта бағытталуы педагогтардың алдына жаңа проблемаларды қояды. Оқыту үрдісінде қандай технологияларды қолданған дұрыс? Білім берудің тиімді нәтижелеріне қандай жолдармен жетуге болады?

Аталған құзыреттіліктердің әрқайсысы оқушы тұлғасын қалыптастыруда маңызды орынға ие. Басты құзыреттіліктердің негізі ретінде, біздің ойымызша, коммуникативтік құзыреттілік танылады. Себебі, адам қоғамда өмір сүргендіктен ол, ең алдымен, басқа адамдармен байланысқа түседі. Кішкентай сәби қарым-қатынас негізінде дамиды. Баланың балабақшаға, мектепке баруы, кәсіпті меңгеруі, өмір сүруінің өзі қарым-қатынасқа түсу іскерліктеріне негізделген. Ақпаратты жеткізу, қабылдау, жинақтау, өзгерту, сақтау және қолдану қызметі қарым-қатынастық байланыста жүреді.

Ю.Н.Емельянов коммуникативтік құзыреттіліктің ерекшеліктеріне сипаттай отырып, «егер адамның іс-әрекетінің түрлі салаларындағы құзыреттілік әдетте белгілі бір мәтіндерді меңгеру арқылы жүрсе, онда коммуникативтік құзыреттік әлеуметтік контекстілерді жасау арқылы қалыптасады» деп атап өтеді [4]. Автор коммуникативтік құзыреттілікті білімге және сезім тәжірибесіне негізделген қарым-қатынас ситуациясындағы бағытталу, ол әлеуметтік-психологиялық оқығандықты қажет етеді, яғни әрі қарай қарым-қатынасқа түсуді оқу мүмкіндігі. Коммуникативтік құзыреттіліктің негізінде тек тілді меңгеру ғана емес, индивидтің тұлғалық ерекшеліктері тұтастықта, нақты әлеуметтік контекстте ашылатын оның сезімдері, ойлары мен іс-әрекетінің бірлігі.

Қарым-қатынас кез-келген іс-әрекетпен бірге жүреді. Адамның іс-әрекетінің барлық түрлерінде ол катализатор ролін атқарады. Сондықтан, біз өз зерттеуімізде, ең алдымен, аталған коммуникативтік құзыреттіліктерді оқушылардың іс-әрекетінде алатын орнын ерекшелей отырып, коммуникативтік құзыреттіліктің құрамын белгіледік.

### Әдебиеттер

1. Розов Н.С. философия гуманитарного образования. М., 1993 г.
2. Коджаспиров Г.М., Коджаспирова А.Ю., Педагогический словарь., М., 2005г.
3. Хуторской А.В. Определение общепредметного содержания ключевых компетенций как характеристика нового подхода к конструированию образовательных стандартов // [www.eiudos.ru/news/compet.htm/](http://www.eiudos.ru/news/compet.htm/)
4. Емельянов Ю.Н. Ключевые компетенции возможности применег стандарты и мониторинг в образовании, - М., 1999, №4.

## **ПЕДАГОГТИҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒАСЫН ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ**

**Рисбаева Гулдана Бидуллаевна**

Тараз қаласы, Т.Рысқұлов атындағы №48 орта мектебі

Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін кәсіби құзыреттілігі жоғары мұғалімді талап етіп отыр. Нәтижеге бағдарланған білім беру сапасын арттыруда жаңаша жолдар мен әдістер табуға дағдыланған «Жаңа формация маманы болу – білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім жаңа формация мұғалімі болып табылады. Бүгінгі күнде экономикалық өсу және азаматтардың әл-ауқаты үшін білімнің айтарлықтай маңызды екенін бүкіл әлем мойындауда. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «ХХІ ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. Нәтижеге бағытталған жаңаша білім беру тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады [1]. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейінгіде жетістігінің кепілі болып табылады. Бүгін қоғамның білім беруге қойып отырған талаптары мен білім берудің нақты жағдайы арасындағы қарама-қайшылықтарды үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін барлық деңгейінде – кәсіптікке дейін, жоғарғы оқу орнындағы, жоғарғы оқу орнынан кейін де жаңарту негізделген. Қазақстан Республикасының жоғарғы білім беруді дамыту стратегиясының негізгі мақсаты жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесінің жоғарғы сапасын қамтамасыз ете алатын жоғарғы оқу орнының ұлттық моделін құру, нәтижеге бағытталған білім беру негізінде кәсіби құзыретті мұғалім қалыптастыру. Мұғалімге өз ісінің маманы болумен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тыңдай білу керек. Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді

шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі шарттары:

1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.
2. Қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.
3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.
4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті
5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.
6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

Білімді толық игеру үшін оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, еркін сөйлеуіне, өз ойын ашық және толық айтуға үйрету, ой-өрісін кеңейту – оқытудың ең басты мақсаты. Әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп оқытуымыз дұрыс. Жас өркеннің жақсы азамат, білікті тұлға ретінде қалыптасуы мұғалімдердің білімі мен кәсіби шеберлігіне, мемлекет пен халық алдындағы азаматтық парызына деген жауапкершілігіне тікелей қатысты. «Мектептің жүрегі – жақсы мұғалім» деп ұлы даланың дана педагогы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, бүкіл мемлекеттің, тұтас ұлттың болашағы – ұстаздардың қолында. Жеке тұлғаның танымдық үрдістерін дамытуда, сондай-ақ, білім, білік, дағдыны, жалпы дүниетанымын қалыптастыруда оқыту әдістерін, жаңа оқыту технологияларын оқыту үрдісінде тиімді пайдалана білу мұғалім шеберлігіне байланысты. Қазіргі заман талабына сай «қазақ тілі» пәнін оқыту да жаңа тақырыптарды оқушылардың өздеріне меңгере алатындай билік беру, ізгілендіру, түрлендіру, тұлғаға бағытталған білім беру ұстанымдары арқылы жүзеге асырылады. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген танымал әдістемелері арасында сындарлы (конструктивті) теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған. Мен сындарлы оқыту бойынша қазақ тілі пәні бойынша әдіс-тәсілдерімен оқытып жатырмын. Сындарлы оқытудың мақсаты-оқушылардың пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді [2].

Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, терминнің дербес анықтамасына тоқталайық. Психологиялық- педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік және құзырет ұғымдары пайдаланылып келеді. Методикалық терминдер сөздігінде” “Құзыреттілік – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі”, – делінген. Дұрыс ұйымдастырылған әдістемелік пен оның кәсіби дамуға бағытталған жұмыстары ғана жаңашылдық кепілі болады. Жеке тұлғаның қалыптасуында ең тиімді жол жаңа тұлғаны қамтитын, қабілет білім, икем, дағды, тәжірибе, көзқарас болып табылады. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл – ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу – бүгінгі күн талабы [3].

Оқу іс – әрекетті жоспарлағанда мұғалімнің білімділігі, ізденімпаздығы, меңгертуі, педагогикалық шеберлігі аса маңызды. Балалардың оқу іс – әрекет үстінде көңіл – күйін, зейінін, әрекеттерін бақылау, қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру, танымдылығын дамыту үшін пікір алысу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау мұғалімге байланысты болмақ.

Мұғалім оқушыны жігерлендіруші, қуат беруші. Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым деп көрсеткен К.Құдайбергенова. Құзырлылықтың латын тілінен

аудармасы «компетенс» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді. Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз – педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы». К.Құдайбергенова құзырлылық, нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алу қажет» деп жазған. Кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер – мұғалімнің, жаңашыл – мұғалімнің, зерттеуші-мұғалімнің, кәсіби дәрежесіне көтерілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі ретінде қарастырады. Бірінші кезекте мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы, өзіндік іс – әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек [3]. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді. Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық- ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс- қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды тандап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз. Жақсы мұғалім — бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі.

### **Әдебиеттер**

1. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет
2. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32 б
3. Ж.С.Кошкинбаева. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі – нәтижеге бағытталған білім беру негізі // «Білім айнасы» газеті. 2019.

## **ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҚСАТЫ - БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЙЫНДАУ**

**Самурадова Алия Калабаевна**

**О. Тұрмағанбетұлы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі**

Кәсіби құзіреттілік деп мұғалімнің жеке бас сапалары мен оның психологиялық – педагогикалық және теориялық білімнің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Мұғалім өз ісінің шебері болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, жаңа технологияны меңгеріп әлемдік білім кеңістігінің өрісінен шыға алуға талпынуы керек. Ұстаз қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеп отыратын ортамен, оқушылармен қарым-қатынасқа тез түсе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті мен адамгершілік қасиеттерді жинақтағанда ғана оның бойынан кәсіби құзіреттілігі анық байқалып тұрады. Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, инновациялық жаңа үрдістерді дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын ортаға тез бейімделуді қажет етеді. Қазіргі әлеуметтік –

экономикалық өзгерістер жағдайында біздің қоғамымызда өздігінше шешім қабылдай алатын және оны жүзеге асыра алатын әлеуметтік белсенді, шығармашыл тұлғаға сұраныс күшейеді. Осыған орай, әр тұлғаның кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы да арта түседі. Жоғары дәрежелі кәсіби құзіреттілік маманның бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Өздігінше еркін ойлау қабілеті бар, тәрбие – білім беру үрдісін модельдей алатын, тәрбие беру және білім берудің жаңа технологиялары мен жаңа идеяларын өздігінше іске асыра алатын болашақ ұстаздың кәсіби құзіреттілігінің деңгейін арттыру – өзекті мәселе, себебі, біріншіден, кәсіби құзіретті мұғалім мектепте тәрбие – білім беру процесінде шығармашыл тұлғаның қалыптасуына дұрыс әсер етеді; екіншіден, өзінің кәсіби қызметінде жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады; үшіншіден, кәсіби мүмкіндіктердің іске асуына ықпал жасайды. Білім беру жүйесіндегі мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, осы терминнің дербес анықтамасын келтірейік. «Кәсіби құзіреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс – әрекетті арттыруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі». Яғни, оқытушының құзіреттілігі – жеке тұлғаның білімі мен тәжірибесін нақты бір жағдайда қолдана білу іскерлігімен байланысты тұлға қасиетін білдіретін ұғым деуге болады. Кей зерттеушілер «біліктілік» ұғымын «құзіреттілік» ұғымымен нақтылайды. Алайда, осы екі ұғымды салыстыра отырып, «Құзіреттілік» ұғымының мағынасы кең екенін аңғаруға болады. Себебі, оған біліктілікті сипаттайтын таза кәсіби біліммен және іскерлікпен қоса топқа, әлеуметтік ортада жұмыс істеуге, коммуникативтік қабілет, оқу, бағалау, логикалық ойлау, ақпаратты алу және пайдалану т.б. іскерліктер жатады.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі – оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзіреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. Әр ұстаз ХХІ-ғасыр мұғаліміне сай болуы үшін – ізденімпаз ғалым, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болуы керек.

Мұғалімнің басты мақсаты – алдындағы оқушыларға таза білімнің өзін бере білу емес, бүгінгі алған білімін өмірлік қажеттіліктеріне сай пайдаға асыра білуге үйрету. Тұлғаның өзіндік дамуы өз білімі үшін өз жауапкершілігін көтеру оның «көптің бірі» немесе «көптің ең жақсысы» болуымен емес, өз тұлғасының мәнділігін, құндылығымен маңызды болып саналады. Осы тұрғыда оқытудың жаңа технологияларын жете меңгеріп, оны оқушылардың технологиялық жас ерекшеліктеріне орай орынды қолданудың мәні ерекше. Жаңа технологияны жетік меңгеру сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Әлемнің оқыту технологиялары жоғары дамыған елдерінің (Жапония, Германия, Голландия) тәжірибесіне назар аударсақ, түпкі мақсаты-баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыру, яғни, бірінші орында баланың білім, білігі мен дағдысы емес, жеке тұлғаның білім алу арқылы дамуын қояды. Осы мақсатқа орай, бүгінгі педагогика ғылымында жаңа оқыту технологиялары: дидактикалық бірліктерді шоғырландыру, ізгілікті-тұлғалық бағдарламалар, дамыта оқыту, мәселелік, тірек сигналдары арқылы, деңгейлеп саралап оқыту, өздігінен ізденіп даму, оқытудың компьютерлік, модульдік технологияларды ғылыми тұрғыда дәлелдеп, баламен бірге жұмыс жүргізіп жүзеге асырушы-мұғалім.

Қазіргі бәсекеге қабілеттілік – педагогикалық қызмет мұғалімдерінен мынаны талап етеді:

1. Оқудың жеке тұлғасын дамытудағы басымдылық және еркін бағдарлауға тәрбиелеу;
2. Шығармашылық процестерді басқара алуы;
3. Ғылым жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан-жақты дамыған шығармашыл тұлғаны тәрбиелеп шығару;

Білім берудің даму бағыты мен технологияларын қамтитын көптеген педагогикалық технология қолданып жүргені мәлім. Олар: Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтың «Дамыта оқыту» технологиясы, Ж.Қ.Қараевтың «Деңгейлі саралап оқыту» технологиясы, П.М. Эрдниевтың «

Дидактикалық бірліктерді ірілендіру» технологиясы, В.Ф. Шаталовтың «Тірек сигналдары арқылы оқыту» технологиясы, «Ойын арқылы оқыту» технологиясы, т.б.

Білім беру саласында жиі көтеріліп жүрген мәселелердің бірі-студенттерді өзін-өзі басқаруға үйрету. Студент санасына білімді жүйелі түрде меңгеруіне және студенттің қабілет деңгейлерін дамытуда осы технологияның маңызы ерекше екендігі мәлім. Олай дейтінім, жаңа технология әдістері студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттырып, өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді. Өйткені, модульдік оқыту технологиясында оқытудың әр түрлі белсенді формаларын (топтық, жеке топтық, жұптық, пікірталастар, диспуттар) қолдануға мол мүмкіндіктер бар.

Модульдік оқытудың құрылымы:

1. Оқу модулінің кіріспе бөлімі
2. Оқу модулінің сөйлесу бөлімі
3. Оқу модулінің қорытынды бөлімі

Оқу үрдісін басқару сабақ үстінде оқытушы мен студент, студент пен студент арасында өзара белсенді қарым-қатынастың жоғары деңгейде қалыптасуын талап етеді. Ол мынадай артықшылықтарымен ерекшеленеді: студенттерге оқытушы алдын ала дайындалған сабақтың жүру жоспарын таратып береді. Онда сабақтың әрбір элементінің нақты мақсаты көрсетіледі. Сондықтан студент өзінің не істеу керектігін, яғни сабақ соңында нені біліп шығуы керектігі жөнінде мағлұмат алады. Ұжым болып жұмыс істеу дағдысы қалыптасады. Онда студент өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеп, қателігін мойындап және жолдасының пікірінің дұрыстығын көрсетіп, ұжымдық шешім қабылдауға үйренеді. Ол өз білімін өзі бағалай алады. Әр студенттің білім дәрежесіне қарай тапсырманы да түрлі деңгейде алуға болады.

Осы модульдің тиімділігі – оқытушы мен студенттердің құзыреттілігінің өсуіне әкеледі. Модульдік технология жаңа және қалыптасқан дәстүрлі әдістерді сабақтастырып қолдануымен қызықты әрі тиімді.

Мысалы, топты негізінен 6 студенттен шағын топтарға бөлу арқылы олардың өзара белсенді әрекеттенуіне ықпал жасаймын. Сөйлесу бөлімінде тыңдау, жазу, көру, айту мүмкіндіктері ескерілген. Модульдік оқытудың сөйлесу бөлімінде келесі белсенді формаларды қолданамын: «Қарлы кесек», «Брейн-ринг», «Ойлан да тап» оқыта үйрену ойындары, сауалнама "Бос қалған сөздерді толтырыңыз" және пікірталастық, рөлдік оқыта үйрету ойындары, жеке-топтық жұмыс формасын, өзара оқыту, оқыта үйрену ойындарын қолданамын.

Әсіресе, оқыту барысында тиімді, нәтижелі топтық жұмыс формасын жиі қолданамын. Себебі, топтық жұмыс студент пен студент, студент пен мұғалім араларындағы білім алу, білім беру әрекеттері үлкен орын алатынын көруге болады. Студенттердің топтық жұмыс жүргізу алдында оларды қабілетіне, қызығушылығына, икеміне, біліміне қарай лайықтаймын, тексеру мен бағалаудың әдідік, жариялылық талаптарын орындау, ұстаз бен шәкірт ынтымақтастығы арқылы студенттің белсенді ойлауына, белсенді сөйлеуіне, шығармашылығына қол жеткізу.

Педагогикалық ғалым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін тандап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану – сабақтың сәтті өтуінің кепілі. Осы ретте мына мәселелерге баса назар аударғым келеді. Әр оқытушы сәтсіз өткен сабақтарға өзіндік талдау жасап өз кемшілігін іздеуге әрекет жасау керек. Білім мен тәрбие беруде жариялылық, педагогикалық, ынтымақтастық, ғылыми-әдістемелік, тың ізденістерге сүйене отырып жаңашылдыққа талпыну қажет. Оқытушы күнделікті әр сабағына шығармашылықпен дайындалуы керек. Өйткені, сабақ-оқытушының өнері, шығармасы. Сондықтан әр сабақты тиімді ұйымдастыруда білім алушыны жалықтырмайтын, қабілетін арттыратын жағдай туғызуға ықпал етуіміз керек деп ойлаймыз. Білімін тұрақты көтеріп отыру – мұғалімдердің құқықтары әрі міндеттері, білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, мемлекеттің дамуының құралы болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика



саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық – белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет. Осы орайда, жазушы Ә.Кекілбаевтың «Уақыттың жалғыз өлшемі бар, ол – адам ғұмыры. Адам ғұмырының жалғыз өлшемі бар, ол – арттағы халықтың қамы үшін бітіретін іс» -деген сөзін еске алсақ, осындай үлкен іс атқарар бір сала – қоғам мен оқытушы. Сондықтан да жаңа заман форматындағы құзыретті тұлғаны тәрбиелеу оқытушы міндеті деп есептеймін.

### **Әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жж дейінгі «Білім беруді дамыту бағдарламасы».
2. Г.К.Селевко. «Педкеңестер технологиясы».
3. А.К.Маркова. Кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейі//2009

### **БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ, ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ**

**Сатыбалдиева Гүлсим Ишанғалиевна**

Маңғыстау облыстық медициналық колледжі ШЖҚ МҚК, директордың практикалық жұмысы жөніндегі орынбасары

Инновация – оқу бағдарламасын меңгертуде мұғалімнің оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларын тиімді игеруі.  
М.М.Поташник.

Бүгінгі таңда білім беру саласының басты бағыты - білімнің сапалы да саналы түрде берілуі. Кәсіби білім беретін оқу орындарының мақсаты – мамандықты игерумен шектелмейді, заман талабына сай, әлемдік білім кеңістігіне ене отырып – бәсекелестікке қабілетті тұлға дайындау. Студенттердің құзыреттілігіне, қабілетіне сүйене отырып нәтижеге бағытталған кәсіби теориялық білім беру.

Медициналық колледж - мейірбекелер даярлайтын оқу орны. Оны бітірушілердің науқастың қасында өткізетін уақыты - дәрігерден де көп, бар уақытын әр науқастың қасында өткізеді.

Креативтілік технологиясы:

Жаңаша оқыту технологиясы әдістерінің бірі. Медициналық колледж ұстаздарының басты ұстанымы: теориялық білім берумен бірге - кәсіби шеберліктің сырын, науқастардың психологиялық көңіл күйлерін зерттеу арқылы қарым қатынас жасау, ем - домын қолдану да – креативтілік қасиеттерді талапқа сай пайдалану - әдісі.

Студенттер – болашақ мейірбикелер. Олар өте жауапты істің мамандары. Денсаулығы төмен, көңіл күйі жоқ жандармен тіл табысу - өте жауапты іс.

Креативтілік - ағылшын тіліндегі «шығармашылық» - деген мағынаны білдіреді.

Бұл мамандыққа – креативтілік яғни, шығармашылықтың қажеті не, дәрігер жазып берген дәрінің қажетіне қарай дұрыс қолдана білсе болды емес пе? – деген сұрақтар ойға оралатыны аян. Науқастар жатқан палатаға кіріп келу сәтінде – ақ оның креативті мейірбике екендігі білінеді.

Білім берудің жаңа мазмұнын қалыптастыру арқылы мейірбикенің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға қол жеткіземіз.

Креативтілік әрбір студентке өз міндеттерін жүзеге асыруда әр түрлі әдіс - тәсілдерді ойлап табуды білдіреді. Әрбір ойлап табылған әдіс, тәсіл – оларға өз жұмысында икемділігін арттырады, шеберлікке баулиды.

Креативтілік мамандықтың барлық түрінде қажет құбылыс. Жай ғана ас пісірушінің өзі де нәтижеге қол жеткізу үшін, еңбегі жемісті болу үшін шығармашылықпен еңбек етеді.

Мейірбикелерге де шығармашылық қабілеттілік ауадай қажет. Креативтілік – әр студенттің ойлаудан, сезімдерден, науқастармен қарым-қатынастық әрекеттерден, емдеу әрекеттерінің түрлерін қолдану сәтінде шығармашылық мүмкіндіктері.

Әлемдік білім беру үлгісіндегі жастарға креативтілік қабілеттің төрт бөлімін таңдап алып, колледж студенттеріне жаңа технология әдіс тәсілдеріне үндестіріп сабақ процессінде үйретемін:

1. Студенттің дүниетанымдық қасиеттерін дамыту: өз болашағына және өзі таңдаған мамандыққа деген сенімін, дұрыс таңдау жасағанына көз жеткізуін, өзінің армандарына жетуге құлшынысын, этикалық, эстетикалық сезімдерінің белсенділігі, өзіндік пікірін айтуға сай екендігі:

2. Зияткерлік қасиеттеріне тәрбиелеу: Адам тағдырына байланысты қырағылық, ем-дом істерінде бейімділік, байқағыштық, жұмыста науқастарға көтеріңкі көңіл күй сыйлай білу, жазылып келесіз, деген сенімділік сезімін сыйлау және жігерлілік, кездесетін қиын сәттерде – батылдылық.

3. Асқақ адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу: Болашақ мейірбикелердің науқастарға деген көзқарастарына адалдық, сыйластық, құрмет, еңбек сүйгіштік, төзімділік.

4. Еріктік қасиеттер: мақсатқа талпынушылық, табандылық, науқастың әр қилы кезеңінде де батылдық, өзін – өзі танытуға талпыныс, ұстамдылық, жүректілік, қайраттылық, сенімділік.

Әсіресе, осы еріктік қасиеттері болашақ мейірбикелерге әр күн сайын қажет құбылыс. Өмірде кездесіп жататын жол апаттары, кісі қолынан ауыр халде жарақаттанған науқастарға ем-дом көмегін берерде «қан - жоса» болып жатқан науқасқа ем қолданғанда: қырағылық, төзімділік, батылдық өте қажет құбылыс.

Өзім 2016 жылы Алматы қаласында осы оқытудың жаңа технологиялық әдістерінің бірі «креативтілік қасиеттердің кәсіби мамандарға - қажеттілігі» деген тақырыпта өз білімімді көтеру курсына білім алғаным қазіргі таңда әр сабағымда өз нәтижесін беруде.

Креативтілік – тұлғаның кәсіби және әлеуметтік бәсекеге қабілеттілігінің негізгі түрткі беретін, ықпал ететін бағытқа негізделген тәрбие мен білім әдіс тәсілдерінің негіздерінің бірі.

Себебі, біз мейірбикелерге тек кәсіби білім негіздерін, теориясын ғана үйретіп қоймай, оны өмірде қолдануын да, тәлім – тәрбиесімен қоса үйретеміз. **Креативтілік**- адам тағдырына жауап беретін тұлғаларға өте қажет.

Адам тағдырына жауап беретіндердің бірі – ұстаздар, екіншісі дәрігерлер – өте жауапты мамандықтар.

Біз, медициналық колледж ұстаздары - осы екі мамандықтың да «жүгенін қоса ұстап» - жүрген жандармыз.

Біз – сол студентке науқасты ажалдан арашалап қалу жолдарын да үйретеміз.

Біз – сол маман иесіне адамгершілікті, адам қатынасын үйретеміз.

Елена Рерих: Адам жанын тәрбиелеуден артық бақыт та, мамандықта болуы мүмкін емес – деген қанатты сөзіне ой жіберсем: Мен, медициналық колледжде ұстаз болуымды - «бақытты мамандық иесімен»- деп айта аламын.

Ұстаз құзыреттілігі » - білім негізі...

Қазіргі таңдағы әлемдік білім беру үлгісінде «жаңаша білім беру мазмұны» - жаңарту жолымен ең алдымен педагогтардың құзыреттілігін арттыруды жолға қоюда.

Өзімнің кәсіби құзыреттілігімді арттыру мақсатында жаңа білім беру мазмұнына сай – өз білімімді көтеруді жүйелі алып баратын ұстаздардың бірімін. Басылымдарда шығып жатқан жаңа технологиялық әдіс – тәсілдер жарияланған мақала, баяндама нұсқаларын үзбей

оқимын. Өзім де ғылыми жоба, мақалаларымды үзбей жолдаймын.

«Жаңа инновациялық технологияларды пайдалану арқылы пәнге қызығушылықты арттыру», «Мұғалім шеберханасы», №1, 2018ж. «Еңбек жолым және білім берудегі жаңашыл тәсілім», 2019ж. «Астана жобалары» республикалық жобаларды ұйымдастыру орталығы.

Құзыреттілік ұғымы – ұстаз бойындағы білім, іскерлік, дағды, ерік, күш, жігер, құлшыныс.

Денсаулық саласының қызметкерлерінің құзыреттілігі науқасты қиын сәттерден аман алып қалуды, сол маманды бәсекелестікке, қабілеттілікке тәрбиелейді.

Құзыреттілік – маманның алдына қойған мақсаттарына қол жеткізуіне көмектесетін икемділігі мен іскерлігі.

Медициналық оқу ордаларының ұстаздарының мойнында екі түрлі жауапкершілік жүктелген.

1. Әрі құзыретті білікті маман даярлау.

2. Өз ісіне шебер, бәсекелестікке қабілетті тұлға тәрбиелеу асқақ адамгершілікке, төзімділікке, адамдыққа, табандылыққа тәрбиелеу – екінші жауапкершілігіміз.

Студенттердің алған білімдерін зерттеу- студент тәжірибе сынақтарынан өтетін емханаларда, студенттердің жұмыс жүрісін бақылау және зерттеу арқылы іске асады.

Студенттеріміздің науқастарға процедуралық ем – дом жұмыстарын жүргізгенде:

1. Олардың науқастармен тіл табысу мәдениеті;

2. Этикалық, эстетикалық әдебі;

3. Жұмыс барысында батылдығы, жүректілігі, науқастардың көңілін көтеретін шешендік сөздері.

4.Өз ісіне мұқияттылығы, жауапкершілігі; Орыс, қазақ, ағылшын тілінде сөйлей білуі;

Бәсекелестікке қабілеттілігі, адами ізгілік қасиеттері, дәрі – дәрмектермен дұрыс жұмыс жасауы, қадағаланады, зерттеледі.

Білікті ұстаздан – білікті маман шығады. Колледжіміздің студенттеріне білім беруде -9 жоғары (шебер) біліктілік , 16 зерттеуші біліктілік санаттағы, 4 магистр ұстаздар білім беруде. Мұнайшылар қаласындағы медициналық колледж бітірушілері қалалық емхана, аурухана, Кендірлі шипажайы, Мұнайшылар шипа жайлары мен «Отбасылық Жалымбетов Қ. емханасында», «Нейрон» емханаларында жемісті еңбек етіп, халықтың алғысына бөленуде.

Маңғыстау медициналық колледжіндегі жаңа мазмұндағы оқыту технологияларын қолдану арқылы жеткен нәтижелерді талдай отырып өзімнің

Ұсыныстарым:

1. Орта арнаулы медициналық колледждерінен инклюзивті балалар мен жұмыс жасайтын, үйден оқитын балаларды да оқытатын «ұстаз – мейірбике» мамандығы факультеті ашылса;

2. Жаңа мазмұнда оқыту бағдарламалары медициналық оқу орындарына арналып арнайы бағдарламалар шығарылса;

3. Инклюзивті балаларға арналған жеңілдетілген оқулықтар шығарылса;

4. Ақтау қаласындағы Шаһмардан Есенов Университеті базасынан «Емдеу дәрігері» дайындайтын медициналық оқу орнының филиалы ашылса.

Орталықтан алыс түбекте тұратын Маңғыстауда дәрігерлер жетіспеушілігі жолға түсер еді. Себебі Ақтау, Жаңаөзен қалаларында дәрігерлер жетіспейтіні баршаға аян. Халық алыстан ем іздемей, өз қаламызда емделер еді.

XXI ғасырдағы дамыған ел – белсенді, білімді денсаулығы мықты азаматтар. Біз, Маңғыстау медициналық колледжінің «Дәрігер - ұстаздары» үшін колледж студенттеріне заман талабына сай білім беру - бүгінгі күннің талабы, біздің басты ұстанымымыз. Біз, ұстаздар, қоғамға пайдалы мамандық мейірбике мамандығын өмірге жолдама беруге лайық, білімді, білікті, үш тұғырлы тілді еркін меңгеріп, еркін сөйлей білетін, асқақ адамгершілікті, өз ісіне мығым, мәдениетті, ақыл - ойлы, бәсекелестік қабілетке бейім, салауаттылық жолында еңбек ететін жігерлі, батыл мамандар даярлап, шығарамыз. Қазақ елін өркениетті отыз елдің қатарына жеткізушілеріне қызмет ететін медицина қызметкерлерін даярлауда аянбай еңбек

етеміз. Жаңарған заманға сай жаңарған инновациялық әдіс – тәсілдермен білім беру жолында жемісті еңбек етеміз. Біз берген сапалы білім нәтижесі – жыл сайын еңбекке жолдама алып, халық денсаулығы үшін күресетін болашақ медицина қызметкерлері. Халық денсаулығын сақтау біздің басты ұстанымымыз.

### Әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. 2017 ж 12 сәуір «Егемен Қазақстан» газеті.
2. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы.
3. Мұғалімдердің біліктілігін көтеру институты. Жаңа мазмұнда білім беру технологиясы. Алматы қаласы. 2014ж
4. Нургалиева Г.К. Тилеуова С.С.  
Теория развития профессионального образования Алматы - 1999
5. Бұзаубаева К.Ж. Қазіргі білім беру технологиялары. Алматы – 2006ж.

### «WORKSHOP» НА УРОКАХ РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ В КОЛЛЕДЖЕ

Тогжанова Жибек Жуматаевна

Актауский технологический колледж сервиса

В образовательной среде на протяжении последнего десятилетия предметом дискуссии являются новые формы проведения занятий. **Workshop** – это одна из тех форм, которые многие пытаются внедрить, но за отсутствием методик, не знают как. Совершенно понятно, что это занятие комплексное, но как его провести, какова оптимальная программа и как эта технология может быть применена на уроках русской литературы в колледже – это остается проблемой. В переводе с английского, workshop — это цех, мастерская. Но практика применения воркшопов наполнила это понятие более богатым содержанием.

Итак, Workshop - обучающее мероприятие (наравне с семинарами, курсами, мастерскими), которое является активным развивающим методом групповой работы. Уже само понятие указывает на его центральную идею: на workshop все участники активны и самостоятельны, каждый участник приходит на workshop со своим уникальным и неповторимым опытом, полученным в процессе образовательной или профессиональной деятельности, и таким же индивидуальным взглядом и отношением к тем или иным образовательным или профессиональным проблемам. В основе метода лежит интенсивное групповое взаимодействие, при этом акцент делается на получении динамического знания. Процесс работы в группе организуется таким специальным образом, который позволяет взглянуть на решение той или иной учебной ситуации (проблемы) с различных, порой самых неожиданных ракурсов. Участники Workshop актуализируют опыт, имеющийся в группе, вырабатывают на основе имеющихся ресурсов новый взгляд и понимание рассматриваемой учебной ситуации (или проблемы).

Таким образом, предполагается, что workshop помогает стать всем его участникам по окончании более компетентными, чем в начале.

Результатом workshop может явиться новое отношение к рассматриваемой проблеме, открывающее ранее неизвестные горизонты её решения и позволяющее увидеть и учесть все подводные камни на пути решения учебной задачи (проблемы). В неформальной обстановке участники обмениваются опытом, обсудят существующие в их учебной ситуации или профессиональной сфере проблемы и просто получают совет.

Классический пример Workshop – литературные гостиные, творческие мастерские, мозговой штурм или дискуссионный клуб. В колледже workshop прежде всего - проведение

ЛПЗ (лабораторно-практические занятия. Эти занятия стоят в учебном плане и проводятся систематически.

Исходя из практики, видно, что Workshop не только закрепляет полученные знания на практике, но может дать существенный толчок и заинтересовать как студентов, так и самих специалистов, а также позволяет им поверить в собственные силы и продолжить самосовершенствование в выбранной профессии.

Первоначально может создаться впечатление, что Workshop - термин, который относится скорее к форме мероприятия, чем к содержанию. Если семинар, лекция, презентация, мастер-класс отвечают на вопрос «что?», то понятие «воркшоп» скорее отвечает на вопрос «как?». А значит, любое из вышеперечисленных мероприятий может быть «воркшопом». И может им не быть. В чем же разница? Взаимодействие всех участников данного мероприятия на фоне сохранения духа мастерской, когда *теория не существует в отрыве от практики, а обучение - в отрыве от действий - вот что отличает «воркшоп» от других форм мероприятий.* Из пассивного слушателя участник превращается в активного творца учебного процесса.

Существует технология проведения Workshop, которая требует сложной, многоплановой подготовки, включающей несколько этапов. Итак, проанализируем этапы подготовки Workshop и урока русской литературы в таблице:

№	Этапы	Workshop	Workshop на уроке русской литературы по изучению творчества Б.Л.Пастернака
1	2	3	4
1	Выбор тематики	Перед тем как организовать «воркшоп», нужно определиться с главным - темой встречи. Необходимо учитывать не только компетентность ведущего, но и интересы аудитории. Тема должна быть направлена на актуальные проблемы. При этом название должно интриговать будущих участников «воркшопа» и вызывать эмоциональный резонанс.	Начинается <b>workshop</b> без объявления названия - это один из механизмов запуска творческого процесса. На определённом этапе её участникам предстоит дать своё название воркшопа. Участникам воркшопа предлагается сесть по группам. Потом просьба открыть тетради и написать слово «облик». К этому слову подобрать слова-ассоциации. Группам раздаются конверты с надписью «Глазами современников». <i>Задание.</i> Прочитать воспоминания современников о творческой личности, имя которой пока остается загадкой, осмыслить и записать в тетрадь понравившееся, привлёкшее внимание высказывание. Подготовить группе ответ на вопрос: <i>какое впечатление сложилось об этом загадочном человеке, об его облике?</i> <i>Комментарий.</i> Интерес к имени загадочной творческой личности нарастает. Предлагаю выслушать еще некоторые факты из жизни: 1958 год – присуждение Нобелевской премии по литературе за роман «Доктор Живаго». Наконец имя «поймано», записываем его на доске и в тетрадях ( <b>Борис Леонидович Пастернак</b> ), добавляем годы жизни: 1890 – 1960 гг. Workshop, посвященный лирике Б.Л. Пастернака: «Это поистине новое чудо...»

1	2	3	4
2	Определение цели	Ни одно мероприятие нельзя организовать без постановки цели.. Грамотно проведенный workshop гарантированно привлечет внимание и вызовет повышенный интерес студентов	Через стихотворения Б.Л. Пастернака создать эмоциональную атмосферу, способствующую включению каждого ученика в процесс собственного личностного развития, личностной мотивации; совершенствовать умение самостоятельно строить свой путь познания. На доске вывешиваю по ходу чтения заготовленные заранее названия стихотворений: «СНЕГ ИДЁТ», «ВО ВСЁМ МНЕ ХОЧЕТСЯ ДОЙТИ...», «ФЕВРАЛЬ. ДОСТАТЬ ЧЕРНИЛ И ПЛАКАТЬ!..», «ЗОЛОТАЯ ОСЕНЬ», «ЕДИНСТВЕННЫЕ ДНИ», «МУЗЫКА», «ЗИМНЯЯ НОЧЬ».
3	Выбор продолжительности мероприятия	«Воркшоп» может длиться от нескольких часов до нескольких дней. Выбор нужно делать исходя из темы и объема материала.	Занятие длится 1,5 часа, согласно учебного плана и рабочей программе.
4	Выбор локации	Нужно подобрать помещение, отвечающее тематике «воркшопа».	Место всегда определено – кабинет; иногда может быть ЦМиС
5	Подготовка визуального ряда	Для упрощенного восприятия информации важно подготовить интересную подачу: слайд-шоу, плакаты, видео.	<ul style="list-style-type: none"> <li>у каждого студента пакет с раздаточным материалом, в который входят: тексты стихотворений, портреты Б. Пастернака работы художников Ю. Анненкова, В. Масса;</li> <li>критические статьи М. Цветаевой «Пастернак и быт», «Пастернак и день», «Пастернак и дождь»; В. Брюсова «Вчера, сегодня и завтра русской поэзии», О. Мандельштама «Заметки о поэзии»;</li> <li>мультимедийный проектор для демонстрации полотен М. Врубеля «Демон поверженный», «Демон сидящий».</li> </ul>
6	Определение участников, выбор ведущих	Как правило, в workshop участвуют несколько лиц. Тренер преподносит инновационную информацию, а ведущий управляет аудиторией.	Участвуют несколько лиц: подгруппа студентов, преподаватель и студент-ведущий

<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>
7	Составление подробного плана воркшопа, списка тезисов	При проработке материала учитывайте особенность аудитории, возраст, род занятий. Говорите с участниками workshop на понятном им языке	При отработке навыков анализа стихотворений учитывается особенности и способности подгруппы.
8	Освещение в СМИ	Важно привлечь целевую аудиторию и выбрать надежных информационных партнеров для workshop.	отсутствует, но при проведении открытых занятий освещение происходит в стенах колледжа посредством приглашения, рекламы, объявления и т.д. После проведения воркшопа возможно освещение в СМИ, как опыт проведения данного мероприятия, либо публикация методической разработки
9	Продумывание обратной связи	Участники воркшопа наверняка захотят поделиться впечатлениями о событии. Небольшая анкета или опрос в соцсетях помогут не только привлечь дополнительный интерес, но и выявить допущенные ошибки и исправить их в будущем.	Студенты наверняка делятся впечатлениями о занятии. Небольшая анкета, опрос или рефлексия после пары помогут привлечь дополнительный интерес, выявить допущенные ошибки и исправить их в будущем.

Конечный результат является и целью и критерием оценки «воркшоп». Если он не удовлетворяет образовательным потребностям, он не может считаться успешным. В результате их разработки создаются исключительно полезные дидактические произведения, включающими план занятия, фильмы, компьютерные презентации, постеры, поделки, анкеты и др.

Таким образом, можно сказать, что технология организации workshop является наиболее приемлемой для развития коммуникативной компетенции и лидерских качеств студентов. Вследствие того, что «воркшоп» - это игровая инновационная методика работы, направленная на реорганизацию сознания в обход стандартных, нормированных моделей и шаблонов обыденного мышления, которые, как правило, задают всю динамику мыслительного процесса. Я согласна, что данный вид работы может раскрыть огромные возможности для формирования разнообразных компетенций у студентов.

### Литература

1. Фопель К. Эффективный воркшоп. М.: Генезис, 2003. 368 с.
2. Шаповалова И. Воркшоп по-русски. Часть 1 [Электронный ресурс]. URL: <http://www.eventmarket.ru/articles/org/detail.php?ID=6158>
3. Шаповалова И. Воркшоп по-русски. Часть 2 [Электронный ресурс]. URL: <http://www.even>

4. Что такое Workshop? Пособие для организаторов практических семинаров./ Сост. и автор О.Б.Чикуров. – Псков, 2001.

5. Грицишина Наталия Альбертовна Технология «Воркшоп» (WORKSHOP) как одна из новых форм и методов обучения студентов иностранному языку Адрес статьи: [www.gramota.net/materials/1/2012/3/14.html](http://www.gramota.net/materials/1/2012/3/14.html) Статья опубликована в авторской редакции и отражает точку зрения автора (ов) по рассматриваемому вопросу. Источник Альманах современной науки и образования Тамбов: Грамота, 2012. № 3 (58). С. 49-51. ISSN 1993-5552.

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МОДЕРНИЗМНІҢ МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ**

**Тоқсамбаева Айман Омарханқызы  
Ахметжанова Альмира Кабдырахмановна**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, профессор, ф.ғ.к.  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті магистранты

Адамзатпен келе жатқан үрдістердің бірі – жаһанданудың ұлы қазақ елінде де басталып кеткеніне біраз жылдардың болғаны жалған емес-ті. Соған орай ескінің жаңамен қапталып, бұрынғының биылғымен жамалып жатқан жайы бар. Қай бағытқа да болмасын септігін тигізіп жатқан аталмыш құбылыстың қазақ әдебиетіне де өз үлесін қоспай кетуі мүмкін емес еді. Соның нәтижесінде түрлі терминдер тізімге тіркеліп, түсініктердің де түрленіп жатқаны шындық.

Қазақтың көркем әдебиетінде кез келген тақырыпты қамтитын шығамалар орын алғандықтан олардың қайсысы модернизмге жататындығы туралы ажыратып, бөліп қарастыру қиын-ақ. Сол үшін де модернге дейінгі әлем өзін қозғалысы шамалы, тұрақты, ғасырдан мәңгілікке дейін орныққан ғаламдық тәртіп есебінде ұсынғандығы туралы да естен шығармауымыз керек. Ол заманда ғасырдан ғасырға, тіпті ұрпақтан ұрпаққа дейін де ешнәрсе өзгере қоймағандығы туралы ашық айта алуымыз да заңдылық. Ал модернизмде барлығымызға түсінікті болуы үшін жалпақ тілмен айтқанда, кез келген дүние бәрі қозғалысқа түсіп, үнемі ізденіс үстінде болып отыратындығы белгілі.

Көркем шығарма, яғни проза – әсемдік, әдемілік, сұлулықтың әлемі. Ондағы бүкіл көркемдік айшықтар іштей үйлесім тапқан, соның бәрі жымдасып барып, шығарманы біртұтас бітім еткен. Көркем шығарма бойындағы осы қадір-қасиет, сан адамды баурап әкетеді, жанын нұрландырады, әсемдікті тани білуге баулиды, сүйе білуге үйретеді. Шығарманың сұлу, тұтас бітіміне ену арқылы оқушы кейіпкер бойындағы ізгілік, адамгершілік, адамдық сияқты асыл қасиеттерді тани алады. Мұның өзі оқушыларды биік адамгершілікке бастайды [1,23]. Демек, көркем әдебиет жаратылысындағы эстетикалық қуатты оқушыларға беру, дүние тану, тәрбиелеу мақсаттарына орай кәдеге асыру – оқытудағы басты бағдар. Әдебиет сабағы – өнер сабағы екені белгілі, олай болса, оның өзі өнер құралымен жасалуы керек. Бұл үшін кейде бір ғана штрих жеткілікті. Әңгіме мұнда мәтіндегі деталь жайлы болып отыр. Өйткені ол бүтін бір шығарма, көптеген жыр арқауын бойына сіңірген түйін.

Кез келген прозалық шығарма сюжет желісімен дамып, жеке бөлім, тараулар оқиғалардың астас, жалғастығы, кейіпкердің ортақтығы арқылы бірігіп, тұтасып жатады. Композициялық тәсілдер алуан түрлі. Бұларға қоса, шығарманың композициялық құрылысын белгілеуде елеулі орын алатын ерекшеліктер: оқиға автордың, автордан басқа баяндаушының атынан айтылуы немесе кейбір тұстарда болған жағдайлар шығармадағы кейіпкерлердің көзімен көрген қалпында алынып, соның ұғым-түсінігі арқылы берілуі. Бұлардың бәрі оқырманның көркем туындыға деген қызығушылығын арттырады.

Ұлттық академияның бекіткен жоспарына сәйкес әдебиетте өтілетін көптеген тақырыптар бұрынғылардан өзгереді, нақтырақ айтсақ ескіні жаңамен айырбастағандай. Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде қосылған тақырыптардың бірі – Марат Қабанбаевтың «Бауыр» әңгімесі болып табылады. Атына заты сай білім алушыны



бауырмалдылық пен ізгілікке тәрбиелейтін шығарма тілге жеңіл, жүрекке жылы тиері сөзсіз. Ертеде өмірдің қатты соққысын көрген ағалы-інілі екеудің қаншама жылдан кейінгі бірін-бірі көрген сәті мен әңгімелері арқау болатын шығарманың ұзақтығы да бар. Балалар үйін мекен ететін інісі Қалиды ағасының іздеп келуімен басталатын туындыда Омск жер-су аттары суреттеледі. Балалар үйінің дәл осы мекенде орналасқанын айтқан автор ағаның інісіне деген сағынышын, махаббатын ерекше етіп суреттейді. Бірақ інісінің ағасына деген салқын көңілі, зілдей сөздері жүрегіне батып, алып-ұшып келген сезімдерінің барлығы су сепкендей басылады. Бірге туғанын өз қолымен балалар үйіне әкелгеніне өкінгенімен, заманның сондай болғанына ызасы келіп, кейде тіпті өзіне де қатты ашуланғанын автор ерекше сөздермен жеткізе білген. Қалиға әкелген киімдерін алмай, сыйлығын да місе тұтпай қойғандықтан ағасының жаны ауырып, өзін қоярға жер таппайтыны да оқырман қауымына әсерлі бейне тапқандай суреттеледі. Үлкен қуанышпен келген ағасының бауырымен суық қоштасқаны жанына батып, үздіксіз қарап отыруымен аяқталатын шығарма аянышты болғанымен, өмірдің бес тонна шындығы жатқанын да ескерте кеткеніміз абзал.

Дәл осы 5-сыныпта берілетін тақырыптың бірі – жазушы Тынымбай Нұрмағанбетовтың «Анасын сағынған бала» әңгімесі болып табылады. Ана мен бала арасындағы махаббатты нығайта түсуге көмектесетін шығарманың ерекшелігінде де үлкен тәрбиелік мән жатқандығы айтпаса да түсінікті шығар. Мектеп бағдарламасында берілетін тақырыптардың легі оқушылардың бойына ізгі қасиеттерді сіңдіре отырып, жақсылыққа қарай бағытталатыны мәлім [2,32]. Шетел әдебиеттерімен де жалғасын тауып жататын шығармалардың қатарынан Оралхан Бөкейдің «Тортай мінез ақ боз ат» туындысын көреміз. «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесіндегі «Меннің» яғни, автордың баяндау стилі Тортайдың бақыты жайлы, ақ боз ат жайлы, арман – қиялы ең соңында бәрі ертегі болып, қатал өмір өз дегенін істемей тынбайтын, Тортайға лайықты атты сол «меннің» мініп кеткеніне өкінетіні реалды өмір мен қиялдағы шындықтың, егіз параллель қосарланып жатқанын байқаймыз. Тортай жетім бала, бірақ өзі білімге өте құштар, ертеден қара кешке дейін кітап оқиды, жазушы, үлкен адам болғысы келеді. Қоғамға айтары бар. Дәл осындай қоғамға айтарлары бар адамдардың қандай дәрежеде өмір сүріп жатқандықтары маңызды емес екенін көрсете білген шығармада оқушылар көп дүниені түйе біледі.

Қазіргі Жамбыл облысы, Қордай ауданында дүниеге келген, балалар әдебиетінің дамуына үлес қосқан жазушы Сансызбай Сарғасқаевтың «Тәмпіш қара» туындысын біз оқушыларға ұсынып, талдау жұмыстарын жүргіземіз. Жас жеткіншектерге негізінен арналған шығармалары оқырман қауымның ішінде ойып тұрып орын алғаны айтпаса да белгілі-ақ. Өткен ғасырдың 30-40 жылдар аралығындағы оқиғаларды көрсетуге бағытталған шығарманың негізі қарапайым ауыл өмірін суреттеу арқылы, балалардың жай-күйін сипаттап жазады. Басты кейіпкер Ертайдың өткен күнге деген сағынышын есіне алумен басталатын шығарма ауыл балаларының түсінігі мен қоса қоршаған ортаға деген көзқарастарын қарастыра отырып, мінез-құлықтарын айна қатесіз сипаттап жазып береді. Сурет салатын дарыны бар Ертайдың ауыл баласына тән қарапайымдылығымен қоса мақтаншақтық қасиетінің барын да жырлап жазатын автор ерекше баяндамалар жасайды. Ауыл балаларының өмірін суреттейтін шығарманың тілі жеңіл болғандықтан барлық балалардың оқуына мүмкіндік береді. Жүрекке жылы, тілге жеңіл тиетін шығармаларды оқу арқылы оқушылар өздеріне рухани сабақ аларлары сөзсіз. Қалған күйдің құдіретін бейнелеп, небір авторлардың туған жерлеріне деген ыстық сағыныштарын суреттеп жазатын шығармалар ертеден келе жатқаннан ұстаз бен оқушы арасындағы байланысты күшейтеді. Ал жыр болған махаббат тақырыбына қатысты жазылған прозалық туындыларды білім алушылар өздері-ақ ізденіп, тақырыпты түсініп, түйін түйюлеріне жағдайларын жасап та алатындай. Басқа жанрларға қарағанда оқытылуы ауырлау прозалық туындылардың мектеп бағдарламасында берілуі күрделі болғанымен оны оқытудың әдіс-тәсілдерін білсе ұстазға да, оқушыға да жеңіл тиері сөзсіз [3,45].

## **Әдебиеттер**

1. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2017 жыл. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Педагогикалық шеберлік орталығы» баспасы, 214 бет
2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, екінші басылым, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017 жыл, 302 бет
3. «Жаңашыл білім табысқа жетелейді». Мағауина С.К мақаласы, «Жаңашыл ұстаз» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, Алматы, №3 (17) 2017 жыл, 118 бет

## **ТЕХНИКАЛЫҚ СЫЗУ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

**Үсейін Ұлжалғас**

Алматы автомеханика колледжі

«Әлем өзгергендіктен сіз де өзгересіз және қазіргі сәтте өзгеріссіз қалу өте қауіпті екенін білесіз. Сіз өзгерсіз, себебі сіз білім алғанды, білім бергенді жақсы көресіз, тез өзгертін әлемде балаға бағыт беріп отыратын, білім беретін сіз қажетсіз. Сондықтан сізде, балада өзгеруі қажет»  
С.Бич.

Бүгінгі таңда егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқыту үрдісінде жаңашыл елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Жастарға қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекеті маңызды мәселелердің бірі.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын инновациялық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық технологияның әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Арнайы пәндерді оқыту жалпы білім беру пәндерін оқытудан ерекшеленеді, себебі олар болашақ маман бойында кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Мысалы, техникалық сызу пәні болашақ автокөлік саласының жұмысшы мамандарында сызбаларды және техникалық құжаттарды оқу, сондай ақ өлшеуіш аспаптармен жұмыс істеу кәсіби құзыреттілігін қалыптастырады. Сондықтан техникалық сызу пәнінде инновациялық технологияларды қолдану сабақты тиімді ұйымдастырудың негізгі құралы. Техникалық сызу сабағында қолдануға болатын негізгі технологиялардың бірі ол проблемалық оқыту технологиясы.

1. *Проблемалық оқыту* - мәні проблемалық жағдай туғызу мен оқушылардың оқу проблемасын дербес шешулері бойынша іс-әрекеттерін басқару болып табылатын оқыту түрі. Техникалық сызу сабағында проблема деп шешілуі оқушылардан білім алу үшін белгілі әрекеттерді талап ететін тапсырмалардың, теориялық немесе тәжірибелік мәселелердің әртүрлілігін түсінуге болады.

Проблемалық оқытудың негізгі психологиялық және педагогикалық мақсаттары:

- Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттері мен дағдыларын дамыту;
- Оқушылардың белсенді ізденіс нәтижесінде игерген білімдері мен дағдылары дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда есте тез және берік сақталады;
- Түрлі проблемаларды көріп, қойып, шеше білетін белсенді оқушы тұлғасын қалыптастыру;

1. Проблемалық тапсырмаларды техникалық сызу сабағында қолдану оқушыға проблемалық тапсырманы жан-жақты қарастыруға, ізденімпаздық қабілетін жоғарылатуға, және тапсырмаларды орындай арқылы жаңа білімге өз бетінше жетуге жағдай жасайды. Сонымен қатар егер практикалық тұрғыда орындалатын проблемалық тапсырмалар білім алушыда логикалық ойлау, сызба сызу дағдыларын, сызу құралдарын дұрыс пайдалану, өлшемдерді анықтау, және тапсырмаларды тез орындау дағдыларын қалыптастырады.

2. *Жобалау технологиясын* қолданудағы негізгі мақсат — оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін өзі көрсете білуге бейімдеу. Егер оқушы жобасы тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса — ол болашаққа дұрыс тұлға болып қалыптасады. Сонымен, жобаның тиімділігі — көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде. Жобалау технологиясы негізінде — оқушылардың жұппен немесе топпен бірігіп дайындайтын шығармашылық жұмыстар жатыр. Оқушылардың іс — әрекеттері.

Дайындық кезеңі Жоба тақырыбын анықтау. Бір бағыт төңірегінде оқушыларды тақырып таңдауға ынталандырады. Топтағы әрбір оқушының пікірін ескере отырып жұмысты жоспарлауға үйретеді. Әр оқушы өмірлік тәжірибесіне (егер ол болса), сүйене отырып, өз ойын ортаға салады, бірігіп жобаның мақсаты анықтайды.

Жоспарлау Топқа бөлу. Ақпарат жинау және талдаудың жолдарын көрсету. Әрбір топ мүшесі алдындағы жұмысын анықтау. Оқушыларды өз бетімен ақпарат жинауды бағыттайды. Әрбір топ мүшесінің пікірін ескере отырып, ұжымдық талқылау шешімін тыңдайды, қажет болса өз ойымен бөліседі. Топ арасында әркімнің атқаратын қызметін анықтайды, өз тақырыптарын анықтау жұмыс істеу кезеңдерін жоспарлап, бірінші нәтижеге жету уақытын белгілейді. «Қоғамдық» тапсырманы орындауға дайындығын көрсетеді.

Зерттеу жұмысы. Ақпарат жинау, аралық нәтижені талдау, зерттеудің негізгі құралдары: сұқбат, анкета бақылау, алынған түрлі ақпаратты талдау. Әрбір жетекшісімен топ мүшелерімен жеке — жеке сөйлесу, талдау, нәтижені салыстыру арқылы алдағы жұмысқа бағыт беру.

Жеке және жұптық жұмыс, анкета сұрақтарын құрастыру. Қажет болса сценари жазу, қоғамдық ұйымдар мен қарым қатынас қалыптастыру. Білімін әр пәндік салада кеңейтеді, түрлі қоғамдық жұмыстармен танысады, шығармашылық, белсенділік, талаптылық қасиеттерін бойында қалыптастырады.

Нәтижені талқылау. Ақпаратты талдау, шешім шығару, тұсау кесердің қандай түрде өтетінін жоспарлау. Бақылайды, кеңес береді. Топ ішіндегі жеке оқушылардың еңбегін бағалай отырып, бірігіп қорғау үшін ынтымаққа бір-біріне деген сыйластыққа шақырады. Топ арандағы әркімнің рөлін анықтап, алынған ақпараттың арасынан ең негізгіні белгілеп жазады. Проблемаларды сұрақтарды анықтап, оны бірге шешуге дайындалады.

Жұмыстың тұсау-кесері. Тыңдайды, проблемалық сұрақтарды қоя отырып, оқушыны сөйлетуге мүмкіндік жасайды. Бір-бірін мұқият тыңдайды, сөйлеу мәнерін ескере отырып, бір-бірінің ойларын жалғастырып отырады.

Бағалау және жоспарлау. Шығармашылық жұмысты бағалайды, еңбек иелерін алдыңғы үлкен мақсаттарға жетелейді. Ұжымды талқылай отырып бір-біріне, өздеріне баға береді, алдағы жұмыс құрайды.

Техникалық сызу пәнінен жобаның түрлері: ғылыми жоба; шығармашылық жоба; ойын түріндегі жоба; ақпараттық жоба және т.б түрлері бар.

3. *Топтық технологиялар* оқушылар ұжымының келесі мақсаттарға қол жеткізуіне мүмкіндік береді:

- оқу-танымдық процесстің белсенді өтуіне, бірлескен іс-қимылды ұйымдастыру;
- іс-әрекеттерді барлық оқушы арасында бөлу;
- қарым-қатынас және кқммуникативтік қабңлеттердңғ жоғарылауы;
- өзара түсіністіктің пайда болуы, оқушылардың бірлескен қызметі;
- рефлексия.

Топтық жұмыстың тиімділігі топтың құрамынан және ұсынылған тапсырмалардың мазмұнына байланысты орындау. Техникалық сызу сабақтарында жиі қолданылатын топтық жұмыс түрі, ол бір партада отыратын екі оқушыны біріктіру. Психологтар мұндай шағын жұптарды диада деп атайды. Оқушыларды топқа бөлу кезінде бір-біріне қарым-қатынасы теріс оқушыларды отырғызудан сақ болу қажет, себебі мұндай оқушылар тапсырмаларды шешу барысында тұлғааралық қарым-қатынастарды анықтаумен уақыт жоғалтып алуы мүмкін. Сонымен қатар жұп таңдау мүмкіндігін оқушыларға ұсыну оқытушының негізгі қателігі болып табылады, себебі, құрылған жұптарда білім деңгейлері төмен оқушылар бір жұпқа түскен жағдайда сабақ пассивті өтіп мақсатына жете алмай қалуы әюден мүмкін.

Оқытудың табыстылығына жету үшін «басқарушы және орындаушы» принципі негізінде үлгерімі жақсы және нашар болып табылатын оқушыларды анықтап, біріктіре білу қажет. Сонымен қатар техникалық сызу сабағында диада топтарынан бөлек, төрт немесе бес баладан тұратын топ құрастыру өте тиімді. Бұл әдістің негізгі кемшілігі шамадан тыс шудың пайда болуы, себебі тапсырмаларды орындау кезінде топ мүшелері өз ойларын ашық айту барысында, пікірталас туындауы мүмкін. Шудың пайда болуы оқытушыларды топтық жұмыс өткізуден бас тартуға әкеліп соқтырады. Алайда, біріккен ойлағыштық іс жекелей жұмысқа қарағанда нәтижелі болып табылады, және менің тәжірибем көрсеткендей, топтық жұмысты жиі қолдану кезінде шуыл біртіндеп басылып балалар бірін-бірі тыңдауды үйренеді.

Оқыту әдістемесінің сызу бар үлкен саны әр түрлі графикалық тапсырмаларды орындау. Емес, олардың барлығы үшін пайдаланылуы мүмкін шешім тобы оқушылары. Пікірі бойынша, Н.П. Щербо, бірлескен шешім үшін ғана қажет ететін мәселелердің қазбаның жалпы көңіл, логикалық ойлау, соқтығысу түрлі көзқарастарды және т. б. Техникалық сызу пәнінің оқу бағдарламасының көп бөлігі графикалық тапсырмаларды орындауды талап етеді. Сондықтан да топпен жұмыс технологиясы тек қана оқушылардың жеке көз қарасын, логикалық талқылауды, ой түйінін қажет ететін кейбір сабақтарда ғана қолданылады.

Топтық жұмыс жағдайында оқытудың тиімділігіне әсер ететін қолайлы эмоционалдық фон пайда болады, яғни: қорқыныш жоғалады, оқушылардың өз күштеріне сенімі артады, шаршаңқылық жоғалады, қарым-қатынас орнайды, танымдық қызығушылығы ынталандырады. Осылайша, техникалық сызу сабағында ұтымды ұйымдастырылған топтық қызмет оқушылардың танымдық іс-әрекеттерінің өсуіне ғана емес, жеке тұлғасының қалыптасуына, оқушылар ұжымының бірігуіне септігін тигізеді.

4. *Сыни ойлау технологиясы* - өзіндік ойлау.Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды.Сыни ойлау- әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында,яғни, стратегияларында. Мұғалім мен оқушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Стратегиялар

оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады, стратегияның 80-нен аса түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай стратегияларды өзгертіп те жіберуге болады. «Сыни тұрғыдан ойлау дәлелдерді немесе сөйлемдер мен пайымдауларды бағалаудың тәртіпке келтірілген ойлау қызметі болып табылады, бұл ұстанымдарды дамытуды және шешім қабылдауды бағыттай алады» Эннис (1992).

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Техникалық сызу сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясының келесі әдіс-тәсілдері қолданылады, алты қалпақ әдісі, ТРИЗ, Блум таксаномиясы, ТНАОҚ (Тікелей назар аударуға арналған ойлау құралы), миға шабуыл, ойлау карталары т.б.

5. *Ақпараттық-коммуникативті технологияның* негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс - әрекетінде компьютер құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан - жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу.

Білім беруде, қазіргі заман талабына сай электрондық оқулықтарды және интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Ақпараттық-коммуникативті технологияларды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар ақпараттық-коммуникативті технология құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың оқуға, білім алуға деген ұмтылысының артуы, тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттей алу мүмкіндігінен, тапсырманың дұрыс нәтижесі үшін марапаттай алу қызметінен де байқалады.

Мен техникалық сызу пәнінен сабақ беру барысында танымды презентациялар жасау арқылы оқушылардың зейіні мен таным процессін оятуға тырысамын, себебі кеңістіктегі фигуралардың өлшемдерін дәстүрлі әдіспен түсіндіру тиімділігі төмен, әрі қолайсыз. Сонымен қатар әр түрлі тесттік бағдарламалар, тапсырмалар орындау кезінде оқушылардың тақырыпты меңгеруі жайлы дайын деректерге сүйенемін, сонымен қатар оқушылардың үлгерім динамикасын бақылай аламын.

Жаңа ақпараттық-коммуникативті технологияларды сабақта пайдаланудың тиімділігі:

- Оқушының еркін ойлауына мүмкіндік береді;
- Ақыл - ойын дамытады;
- Шығармашылық белсендігін арттырады;
- Ұжымдық іс - әрекетке тәрбиелейді;
- Тіл байлығын жетілдіреді;

*Қорыта айтқанда*, инновациялық технологияларды сабақта қолдану - бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден – бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым – қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

## **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ**

**Юбасарова Гүлзира Қонысбаевна**

Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі

Оқытушының кәсіби құзіреттілігі-оның жан-жақты білімінен оқытушылық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Оқытушы қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзіреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзіреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық - сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген

мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді. Оқытушының кәсіби құзіреттілігінің негізгі шарттары:

1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.
2. Қызметтің эканомикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.
3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.
4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті
5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.
6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

«Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті» - деп түйіндейді белгілі ғалым Т. Г. Браже. Сондықтан бүгінгі оқытушы тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет.

Сондықтан кәсіби шеберлігі шыңдалған, құзырлығы жоғары, өз ісінің технологы болу оқытушыдан нені талап етеді десек, ол оқытушының шығармашылық іс – әрекетінің мазмұны зерттеушілік қызметтен, жеке ізденістерден тұрады.

Құзыр - бұл адамның бойындағы бар білік пен білім және қабілеттері. Құзырет – қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында табысты іс әрекетке дайындық. Ал, құзыреттілік дегеніміз – бұл адамға берілген немесе жүктеген істі нәтижелі түрде орындауын бағалау мінездемесі. Бұл адамның бойында өзіндік, жауапкершілік, коммуникабельдік, жаңалықты жоғары қабылдайтын, мәселені шеше алатын, адамгершілігі мол, білімі жоғары, жаңа технологияларды меңгере алатын, ұжымда жұмыс жүргізе алатын, белсенділік қасиет – қабілеттерінің болуы.

1. Арнайы құзыреттілік- өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті.
2. Әлеуметтік құзыреттілік- кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.
3. Білім беру құзыреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін - өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Студенттер оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт - бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім – қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі оқытушыдан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

- бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);
- мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- оқу-танымдық құзіреттілік(өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- коммуникативтік құзіреттілік ( адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);

- ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, тандай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

- әлеуметтік- еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);

- тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті).

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан- жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан- жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

Психологтер де, педагогтер де адамның рухани интеллектуалдық, кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы өмірінің әр кезеңінде әр қалай деп көрсетеді. Мысалы, ұлы педагогтер А.Дистерверг, К.Ушинский, А.Макаренко, В.Сухомлинский, т.б оқытушылық еңбекті адамтану ғылымы, адамның жан дүниесі, рухани әлеміне бойлай алу өнері дей отырып, педагогикалық шеберліктің дамуына зор үлес қосқан. Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік-кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін оқытушының жеке қасиеттері, оның білімі мен білігінің жүйесі. Осы мәселені терең зерттеген А.Маркова оқытушының кәсіби деңгейге көтерілуінің төмендегідей психологиялық критерийлерін анықтаған.

Объективті критерийлер. Оқытушы өз мамандығына қаншалықты сәйкес әлеуметтік тәжірибеге қосар үлесі қандай екендігі. Жоғары еңбек көрсеткіші, әртүрлі мәселелерді шығармашылықпен шеше алу біліктері, т.б жататындығын атап өтеді.

Субъективті критерийлер. Адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушыларына сәйкес қаншалықты ол өз ісінен қанағат табатындығымен байланысты. Оқытушы еңбегіндегі субъективті критерийлерге кәсіби – педагогикалық бағыттылық, кәсіптің маңыздылығын, оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне позитивті көзқарастың болуын жатқызады.

Нәтижелі критерийлер. Оқытушы өз ісіне қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отыр ма деген мәселе тұрғысынан қарастырады. Біреулер нәтиже ретінде оқушылардың білімдерінің стандартқа сай болуын алса, енді біреулер олардың қарым- қабілетін дамытуды алады, ал кейбіреулері оқушылардың өмірге дайындығын басты назарда ұстайды, ал оқыту нәтижесі біз үшін баланың психологиялық функцияларын жетіліп, өзінің педагогикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуге қолдана алуы.

Шығармашылық критерийлер. Оқытушы өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады. Шығармашыл оқытушы үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор. Кәсібиліктің бірден келе салмайтындығы белгілі, оны әр оқытушы ерте ме, кеш пе меңгеруі тиіс. А.Маркова оның кезеңдерін төмендегідей етіп бөледі: мұғалімнің өз мамандығына бейімделу кезеңі: мамандықта өзін-өзі өзіктендіру кезеңі: мамандықты еркін меңгерген кезең: мамандықта шығармашылық деңгейге жеткен кезең. Осылайша ғалым кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер-оқытушының, жаңашыл-оқытушының, зерттеуші-оқытушының, кәсіби дәрежесіне көтерілген оқытушының жиынтық бейнесі ретінде қарастырады.

Ең бірінші кезекте оқытушының « өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге

қол жеткізу керек. Қазіргі кәсіптік-педагогикалық қызмет қандай оқытушыны талап етеді. Оқытушы – білім алушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, білім алушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық- ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды тандап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз.

### Әдебиеттер

1. Құнанбаева С.С. Шет тілдерін оқытудағы замандану тенденциясы. Қарағанды, 2001
2. Гальскова Н. Д. Шет тілін оқытудағы заманауи әдіс. М. Аркти 2000
3. Касимова Г. М. Коммуникативная компетенция в обучении ИЯ. Алматы, 2001
4. Қазақбаева Д. Құзыреттілік тәсіл нәтижеге бағдарланған білім беру негізі // Білім берудегі менеджмент. 2009. № 4. С. 6469.
5. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений // В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, А.И.Мищенко, Е.Н.Шиянов. - М.: Школа\_Пресс, 1998. - 512 с.
6. Терентьева Т. П. Профессионально-педагогическая компетентность учителя // Педагогика: традиции и инновации: материалы IV междунар. науч. конф. (г. Челябинск, декабрь 2013 г.). — Челябинск: Два комсомольца, 2013. — С. 193-196.
7. Белошниченко Е. Құзыреттілік педагогикасы: проблемалары, ізденістері, шешімдері // Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. 2011. № 1. С. 1016 .

## ТУРИСТІК-ӨЛКЕИАНУ ЖҰМЫСЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ПАТРИОТТЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚУАТТЫ ҚҰРАЛЫ

**Шопанов Сарсен**

Маңғыстау туризм колледжі

Қазіргі Қазақстанның тамаша ерекшеліктерінің бірі ішкі және сыртқы туризмді дамытуды мойындауы. Бұл тақырыпты ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған Жолдалаулары мен басқа да сөйлеген сөздеріне үнемі айтылуда. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында да елімізде туризм индустриясын дамытудың маңыздылығына тоқталады. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің Балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудың 2019 жылға арналған жол картасында да «Маңғыстау – маңғаз өлке» экскурсиялық туры өткізу туралы мәселе келтірген. Міне еліміздің назар аударып отырған туризм-өлкетану саласы білім беру ұйымдарында бастау алатыны, туризм туралы алғаш түсінік мектеп және колледж табалдырығынан берілетіні белгілі. Сондықтан осы кездесуде сіздерді туризм-өлкетану қызметі неге керек деген мәселеге назар аудартамын.

Енді сол ұйымдастырылған білім беру ұйымдарында оқушы немесе студенттермізді туризм және өлкетануға тарта отырып азаматтық тәрбие беруді қалай ұйымдастыруымыз керек? Осыған тоқталсақ. Патриоттық білім беру осы төрт негізде қалыптасады.

1.Туған өлкені тану	2.Тарихи тұлғаларды тану	3.Тарихи-ескерткіштерді жәдігерлерді тану	4.Туған жерінің табиғатын тану
---------------------	--------------------------	---	--------------------------------



1. «Туған жер, өзің дегенде, Жүрегім әр кез елендер. Бір сезім билеп алады, Жүрегім дүрсіл қағады», - деген өлең жолдары кім-кімді де тебіренпей қоймайды. Туған жер... Туған ел... Осы екі ғана сөзде қаншама мағына, қаншама ой жатыр десеңізші?! Туған жердің қадірін әр адам әрқалай түсінетін шығар. Ал мен үшін Туған жер қадірі дүниедегі ең ұлы деген нәрсемен пара-пар. Себебі, ол – менің әлпештеген анам, аялап өсірген әкем, туған-туысым, аға-әпкелерім, мені білім жолына жетелеген ұстаздарым, сол білімге ұмтылу жолындағы тай-құлындай тебіскен жора-жолдастарым дүниеге келген жер. Туған жер... Сан ғасырдан бері көптеген жырларға, әндерге, дастандарға арқау болған мәңгі тақырып. Әр адамға кіндік қаны тамған жері ерекше ыстық болатыны заңды құбылыс. Дүние есігін алғаш ашып, аяулы ата-ананың ыстық ықыласына бөленіп, асыр салып ойнап, өскен орда. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Туған жері, туған елі туралы, тарихы мен мәдениеті туралы әрбір азаматтың хабардар болғаны жақсы, ал егер мақсаты Отанымыздың өткені мен бүгінін баяндап, халықты отансүйгіштікке шақыратын бағдарлама жарық көрсе, тіптен керемет емес пе? Осындай игі бастаманы Елбасы ұсынды. Бұл ұсыныс республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде көшбасшының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында жарық көрді. Нұрсұлтан Назарбаев туған жерге деген сүйіспеншілік кішкентай өлкеден, қаладан, алғаш қадам басып, ата-ананың ыстық ықыласына бөленген отбасынан, алғаш қолына қалам алып, әріп таныған мектебінен, бірге ойнап-ренжіскен достарыңнан басталатынын айтып өтті. Өскелең ұрпаққа, жастарға дұрыс бағдар беріп, отансүйгіштікке тәрбиелеу ұлт болашағы үшін жасалатын міндетті жұмыстардың бірі. Туған елге деген сүйіспеншілікті жастардың бойына дарытудың алуан түрлі жолы бар, солардың бірі – еліміздің тарихи өлкелерін таныту, құнды жәдігерлерімізбен таныстыру. Ұлан-ғайыр еліміздің кез-келген аймағынан ежелгі, ортағасырларға және жаңа заманға қатысты тарихи жәдігерлер мен деректерді көптеп кездестіруге болады. Туған өлке әрбір адамға ыстық өлке болуымен қатар, халқымыздың басынан кешкен сан ғасырлық тарихтан сыр шертетін асыл мұра. Кең байтақ қазақ жерінде қанша тарих, қанша сыр, бізге бірі белгілі, бірі белгісіз аңыз-әңгімелер, оқиғалар жатыр десеңізші. Әрбір қарапайым адамның өмірінен тамаша туынды жазуға болатын болса, ел маңдайына біткен ерекше тұлғалар, ел бастаған, қол бастаған қанша азаматтар мен азаматшалар туралы сыр да кең дала қойнауында. Қазақстанның жарқын болашағының іргетасын қалайтын жастар, өскелең ұрпақ екені белгілі, және сол ұрпақтың саналы, көзі ашық, өткені мен болашағын айқын танитын болуы абзал.

2. Тарихының тамыры тереңге тартқан Маңғыстау жері талайларды тамсандырған. Табиғаты таңғажайып, тау-тасы түртіп қалсаң сөйлеп кеткелі тұрған ғажап өлке.

Ұшқан құстың қанаты, шапқан аттың тұяғы талатын қазақтың кең байтақ даласына не жетсін!

Маңғыстау жері – көне мәдениеттің куәгері. Өлкеде археологиялық қорықтар, 11 мыңға жуық аспан астындағы тарихи ескерткіштер, мыңнан астам тасқа қаланған жазбалы суреттер бар. Қасиетті мекен 362 әулиесімен танымал: Түрікменстан, Өзбекстан, Ресей, Кавказ, Иран, Түркия елдерінен келіп, зиярат етушілердің орталығы.

Маңғыстау... Бұл атауды естігенде соңғы кездері көп адамдардың санасында ашылып, игеріліп жатқан мұнай мен газ кен орындары ғана тұрады. Ал, осынау ежелгі мекен тек пайдалы қазбаларға ғана емес, сонымен қатар осы аумақта өмір сүрген Кіші жүз қазақтарының тарихына да бай.

Әбіш Кекілбаев – адам жанының шындығын танудың алуан түрлі тәсілін шеберлікпен игерген жазушы. Ә. Кекілбаев кейіпкерлері қарапайым адамдар болғанымен, олардың өзіне тән өмірі, тағдыры, мінез-құлқы бар. Жазушы олардың жан дүниесінің тереңіне барады. Кейіпкерінің жеке басындағы түрлі сезім иірімін сипаттай отырып, олардың іс-әрекетіне баға береді. Жазушы кейіпкерінің ішкі толғанысын, жан күйзелісін, жүрек тебіренісін қара сөз күдіреті арқылы толғап жеткізеді. «Әбіш Кекілбаев – заманымыздың бір заңғар тұлғасы. Кекілбаев туралы сөз айту кімге болса да, оңайға түсе қоймас», - деп Қуаныш Сұлтанов «Кекілбаев кеңістігі» атты мақаласында айтып өткендей, Әбіш жайында сөз қозғау, оның

шығармашылығын зерттеу, оған үңілу көп еңбек пен ізденісті талап ететін дүние. Жазушы 1939 жылы 6 желтоқсан күні Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы (бұрынғы Гурьев облысы), Оңды ауылының Мырзайыр деген жерінде туған. Арғы атасы Жанайұлы Қожаназар қазақтар көшін Маңғыстауға бастап келген. Белгілі, білікті, беделді, дәулетті адам болған. Тектінің ұрпағы тектілік танытпаса, айыбы, аманатқа қиянат жасағаны. Әбіштің әлемі сол текті бабаның көріп-білген дүниесін балаға аңыз бен ертегі, әңгіме ретінде жеткізгенінен пайда болды. Әбіш әлемі - өзіндік бір пәлсапалық, дүниетанымға толы әлем. Оның «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» тарихи романдары – тек тарихи шежіре емес, бүгінгі қоғам үрдісімен, ұлт мүддесімен астасып, бостандық рухы мен өркениеттің өшпес құндылықтарына ұмтылатын мінез тәрбиелерлік қуатты шығармалар. Әбіш Кекілбаевтың қай қасиетін сөз етсек те, ең алдымен, қазақ санасында оның әдебиет сыншысы, шебер, көркем шығарма жазушылығы алғы кезекке шығады. Әдебиетке бала кезінен мол дайындықпен келгені оның терең шығармаларынан айқын көрінеді. Әдеттегідей жасқана, имене әдебиеттің есігін ашқан жас өскін емес, білімі толық, кемелі келісті, қаламы төселіп, даусы орныққан дарын иесі екендігі шүбәсіз, нық басқан салмақтылықпен келді. Ол өзінің көркем сөз зергерлігімен біздің рухани өмірімізді байытты, көзімізді ашты, көкірегімізге ұлттық сенім, сана ұялатты.

Маңғыстаудың табиғаты мен тарихын жария еткен, өлкемізден шыққан тұңғыш журналист Маршал Әбдіхалықовтың ерен еңбектері туралы тоқталып өтсем деймін.

“Өткендерін еске алған – өскендіктің белгісі; өткендерін ұмытқан – өшкендіктің белгісі”, – деп халық даналығы айтқандай, барын базарлай білуі, мақтан тұтып, қадіріне жету- өсетін елдің қасиеті, жақсылық нышаны. “Көркем әдебиетті тек ұлы ақын-жазушылар жасамайды. Оның ұлылы-кішілі, ірілі-уақты өкілдері болады. Әдебиет тарихы әр кезеңде әдебиетке атсалысқан, оған өзінше аз да болса үлесін қосқан ақын-жазушыны ұмытпайды, ұмытуға тиісті де емес” – деген Т. Кәкішевтің пікірі Маршал Әміржанұлы Әбдіхалықовтың да әдебиеттегі еңбегіне арналғаны сөзсіз. Ердің жасы елудің үстінде, нағыз шығармашылық кемелдену кезеңіне келгенде бақилық болған талантты жазушы өзінен кейін өз алдына жеке зерттеуге лайық қомақты әдеби мұра қалдырды.

3. Тарих – бір күнде зерттелетін шаруа емес, сондай-ақ заттай деректер мен жазба құжаттардың көмегінсіз тарихты зерттеу де мүмкін емес. Сондықтан тарихшылар көп ізденіп, ежелгі дәуірден сақталған тарихи деректерді мұқият зерттей отырып, адамзат баласының өткен тарихын жазады. Ендеше, адамдардың өткен өміріне қатысты түрлі мәліметтерді «тарихи деректер» деп атаймыз. Өз кезегінде тарихи деректер ауызша, жазбаша, археологиялық, этнографиялық және антропологиялық болып әр түрге бөлінеді. Соның ішінде ауызша және жазбаша деректердің қазақ тарихында алатын орны ерекше. Ауызша деректер мыңдаған жылдар бойына ел арасында ауыздан-ауызға жетіп, бүгінгі күнге дейін сақталған. Мұндай деректер қатарына біз ежелден сақталған аңыз-әңгімелерді, эпостық және салт-дәстүр жырларын, шешендік сөздер мен мақал-мәтелдерді жатқызамыз. Бүгінгі таңда ауызша деректер негізінде қазақ халқының ауыз әдебиеті мен ауызша тарих айту дәстүрін жандандыру кеңінен қолға алынуда. Оның мысалы ретінде бүгінде ауызша деректер мен жазба деректерді өзара сабақтастыра отырып қазақ халқының шежіресін жазу ісінің қарқынды түрде жүріп жатқанын айтамыз.

Қазақ тарихын зерттеудегі баға жетпес құнды мұралардың біріне түрлі мұрағат қорларында сақталған жазба деректерді жатқызамыз. Осы жерде балалар, біздің ойымызда «мұрағат дегеніміз не болуы мүмкін?» деген сұрақ туындайды. Ал, бұл сұрақтың жауабын «Мұрағат дегеніміз – ескірген құжаттарды сақтайтын мекеме» деген жауаппен толықтырсақ, жазба деректердің қай жерде мұқият сақталатынына толық көз жеткіземіз. Әрине балалар, тарихи мәселелерді зерттеуде мұрағат қорларындағы тың деректерге негізделген әрбір шығарманың құны да жоғары, ақиқатының да шынайы айтылатынын білуіміз керек. Әңгімемізді бұдан әрі тарқатсақ, жазба жұмыстары кезінде табылған заттай деректер арқылы адамзаттың өткен тарихын зерттейтін ғылымның – археология деп аталатынынан хабардар боламыз. Археология грек тілінен аударғанда «көнені зерттеу» деген мағына білдіреді. Яғни, археология ғылымы тарихи ескерткіштерді зерттей отырып, ежелгі дәуірдегі адамдардың

қоғамдық өміріндегі өзгерістер мен ерекшеліктерді анықтайды. Сондай-ақ, балалар, жер бетінде түрлі халықтар өмір сүргеннен кейін олардың айналысатын кәсібі мен өзіндік мәдениеті болатыны белгілі. Осыған байланысты, түрлі халықтардың әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілігін зерттейтін ғылымды – этнография деп атайды. Этнография гректің этнос – «халық», графия – «жазу, үйрену» деген сөздерінен құралып, «халықтар сипаттамасы» деген мағынаны білдіреді. Этнографиялық зерттеулер арқылы біз әрбір халықтың өзіне тән салт-дәстүрлері мен тұрмыс-тіршілігіндегі өзіндік ерекшеліктермен танысып, олардың шығу тегі туралы кең мәліметтер аламыз. Ал, мұндай мәліметтерді зерттеп, жинақтайтын мамандар – этнографтар деп аталады. Тарихи дерек көздерінің негізі болып табылатын этнографиялық мәліметтер археологиялық қазба жұмыстары кезінде ашылған ертедегі адамдардың мекен-жайларын, тұрақтары мен зираттарынан табылған заттарды зерттеп, өзара салыстыру арқылы алынады. Тарихи деректің тағы бір түрі антропологиялық дерек көздері екенін жоғарыда айтып өттік. Осыдан келіп «антропология дегеніміз қандай ғылым?» деген орынды сұрақ туындайды. Ал, бұл сұрақтың жауабын берер болсақ, адамның шығу тегі мен даму эволюциясын, адам нәсілдерінің пайда болуы мен сыртқы биологиялық қасиеттерін зерттейтін ғылымның – антропология деп аталатынына көз жеткіземіз. Яғни, антропология ғылымы адамның бет пішіні, түр-түсі мен дене құрылысындағы айырмашылықтарды бөліп қарастырады. Осындай айырмашылықтарға қарай адам баласы жер бетінде еуропалық, моңғолдық және негрлік болып үш нәсілге бөлінетінін естен шығармауымыз керек. Ал, антропологтар ежелгі дәуір адамдарының бет бейнесін өзара салыстыра келгенде біздің ата-бабаларымыздың алдымен еуропалық нәсілге жатқанын, кейіннен моңғол шапқыншылығы салдарынан болған этникалық өзгерістерге байланысты моңғолдық нәсілдің басым түскенін айғақтайды. Жоғарыда аталғандардан басқа тарихшылар өз зерттеулерінде нумизматика және геральдика ғылымының деректерін пайдаланады. Оның ішінде нумизматика теңгелерді, яғни ақша тарихын зерттесе, геральдика түрлі елтаңбалар мен мөрлерді зерттейтін тарих ғылымының қосалқы салалары болып табылады. Міне осы Азаматтық тәрбие алған оқушы немесе студент нәтижесінде,

Өз Отанын, өз халқын, өз өлкесін сүйетін, Өз бетімен әрекет ете алатын және жанұя мен қоғам алдындағы өз істеген ісіне жауап беретін, Мамандықтар әлемін бағдарлай отырып, туристік дағдыларды қолдана алатын саналы түрде орындайтын тұлға болып қалыптасады.

Ұсыныстар.

- \* Өлке туралы Экскурсиялар, саяхаттар геологиялық және археологиялық жұмыстар ұйымдастыру.

- \* Жалпы адамзаттық құндылықтар туралы түрлі патриоттық сайыстар, байқаулар ұйымдастыру.

- \* Туристік-өлкетану үйірме жұмысын жандандыру.

- \* Мәдени мұра, тарихи тұлғалар туралы деректі фильмдер, бейне-роликтер, буклеттер, альбомдар және т.б. жасақтау.

- \* Өлкетану пәнін тарихи-мәдени орындарда өткізу (тарих, география, музыка, әдебиет пәндер)

**2 СЕКЦИЯ**  
**«ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ**  
**ҚОЛДАНУ»**

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУ – ЕРЕКШЕ МАҢЫЗДЫ**  
**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА**

**Бажикова Бақтыгүл Оңғалиқызы**  
Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі

Тақырыптың өзектілігі: Бүгінгі таңда экономикалық, экологиялық, әлеуметтік жағдайлардың әсер етуінің салдарынан мүмкіндігі шектеулі балалар саны көбеюде. Мемлекет осындай балаларға көп мән беріп, назар аударуда.

Зерттеудің өзектілігі, маңыздылығы - арнайы білім беру мекемелерінде интеллектуалдық проблемалары және мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу.

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Өмір бойы білім алу – әр қазақстандықтың өмірлік кредосына айналуы қажет», - деген сөзі ұстаздарға тікелей қатысты. Өзгелерге білгенінді немесе білу керектіні үйрету үшін, алдымен, соны қалай үйретуді білу шарт. Мұғалім шығармашылығы – ұшы-қиыры жоқ ізденіс, өнер, қиял, тапқырлық, үйрену, даму. Үйретуші сөз арқылы емес, әрекет арқылы үйретуді басты назарда ұстағаны жөн. Және сол әрекетті үйренуші атқарғаны дұрыс. Сол кезде ғана берген білім сапалы, алған білім өмірлік болары анық.

Сөз басын талантты педагог, филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубаева апайымыздың айтып кеткен ұстаздық жауһар жазбаларынан үзінді келтіре отырып бастауды жөн санап отырмыз. Тағылым берер, ұстаздық жолдың ұлағатын сездірер алтын көмбе – ой орамдары кез келген ұстазды бей-жай қалдырмасы анық. Әрі осы жинақтағы әдіс-тәсілдерді мұғалімдер, әсіресе, жас мамандар, әр сабағына шығармашылықпен пайдаланып, түрлендіріп жүргізуіне түрткі боларына үміт арттық.

Мақсаты

- өздігімен дамיתын, өз бетінше қандай да болмасын жағдайға шешімін таба алатын ТҮЛҒАНЫ қалыптастыру.

- әр баланы мүмкіндігі мен қабілеті бағыттап оқыту.

Қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін келесі міндеттірді орындау қажет:

- баланың қабілеті, қызығушылығы мен даму деңгейін ескере отырып, оқуға деген дағдысын қалыптастыру;

- ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне деген баланың қызығушылығын жоғарылату;

- тұлғаның жан-жақты дамуының негізі ретінде баланың ақыл-ой, жеке және шығармашылық дамуын жетілдіру, кәсіпке баулу.

Бұл әдістемелік баяндама мүмкіндігі шектеулі балалармен арнайы кәсіптік білім беру бағытта жұмыс жасайтын оқытушыларға арналған.

Әдістемелік және инновациялық технологиялар білім беру сапасын арттыруға, болашақ түлектердің кәсібі мамандақтарын толық игеріп, сұраныс нарығының талаптарына сәйкес жоғары бәсекелік қабілетті болуына қажетті әдістемелік және инновациялық технологиялар бойынша жұмыстарын ұйымдастыратын, жоспарлайтын, бақылайтын және жүзеге асыратын колледждің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Барлық саналы баланың білім алып, ел қатарлы өмір сүруі бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Арнайы білім берудің де негізгі талабы мүмкіндігі шектеулі балаға сауатты оқу мен жүйелі тәрбие беру екенін алға қояды. Әйтсе де, жаратылыстың заңдылығына байланысты, бәрі мінсіз емес.

Тағдырдың жазуымен әркімнің басындағы жағдайы әр қилы болатыны белгілі. Елімізде осындай жандарды бағып-қағып, тәрбиелеп, білім беруді де мемлекетіміз өз қамқорлығына

алған. Арнаулы кәсіптік колледж осындай мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арнайы оқу орны.

**Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру – ерекше маңызды педагогикалық проблема.**

Біздің колледжде мүмкіндігі шектеулі жастар «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу» бөлімінде тігінші, «Есепші» бөлімінде есепшілерді, «Электронды есептеуіш машиналар» бөлімінде оператор мамандықтарын меңгеріп шығады.

Колледж бітірушілерді мамандығы бойынша жұмысқа орналастыру да – біздің назарымызда. Оқу үрдісінде дәріс берудің жаңа технологияларын пайдаланып, теорияны тәжірибемен ұштастырып, болашақ маманның біліктілігін арттырып, машығын қалыптастыруда жұмыстар жүргізілуде. Колледжде жоғары білімді, жоғары санатты оқытушылар дәріс береді.

Қазіргі уақытта даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасаудағы өзекті мәселе – инклюзивтік білім беру.

Инклюзивті білім беру-бұл денсаулық мүмкіндігі шектеулі балаларды және осындай шектеулері жоқ балаларды бірлесіп оқыту және тәрбиелеу.

Мектеп қабырғасынан кейін мамандық алып, өмірде өз орнын табу үшін мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту өз алдына үлкен жауапкершілікті талап етеді. Қазіргі таңда Маңғыстау облысында Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі өңірімізде алғашқы рет 2018 жылы – тігінші мамандығы бойынша, 2019 жылы – аспаз мамандықтары бойынша есту-сөйлеу қабілеті нашар жастарға арнайы кәсіптік білім беріп келеді. Сонымен қатар жалпы топтарда әр жылғы жаңа оқу жылында оқуға келген балалардың денсаулығы әр түрлі жағдайда болады. Мысалы: Олар І,ІІ,ІІІ – топтағы мүмкіндігі шектеулі жандар, ішінде әлеуметтік жағдайына байланысты тұл жетім, жартылай жетім, қамқоршылыққа алынған, ата-анасы бар балалар да келеді. Олар әр өңірден, әр түрлі деңгейде білім алған балалар: үйде оқыған, арнайы мектеп интернатынан, арнайы мектептен, жалпы білім беретін мектептерден білім алған оқушылар; үйде ұзақ уақыт қоғамнан тыс қалып, тосылып қалғандары да кездеседі. Осындай жағдайда бірінші күннен бастап жүйелі түрде жолға қойылған жұмыстар жүргізіле бастайды. Оқытушылардың алдында тұрған басты мәселе, алғашқы күннен бастап бейімделу (адаптация) кезеңінен өткізу болып табылады. Бұл кезең әр балада, оның қабылдау қабілетіне байланысты жүзеге асады. Оқытушы баланың ата-анасымен байланыса отырып, баланың колледждегі бейімделу кезеңінің тез әрі бала үшін оңтайлы өтуін көздеп жұмыс жасайды. Осы жұмыс әр баламен әр түрлі деңгейде ұйымдастырылады. Бейімделу кезеңі 1 – айдан -1 жылға дейінгі уақыт аралығында өтеді. Дәл осы аралықта оқытушылардың барынша сабырлылық пен төзімділік танытатын кезеңі.

Бейімделу кезеңімен тұспа-тұс оларға білім, тәрбие бере отырып, осы кезеңнен өтетін уақытты талапқа сай алып шығарылу міндеті атқарылады. Балалардың сөйлеу, есту, көру, есте сақтау, қабылдау, жазу, қабілеттері әртүрлі деңгейде болады. Осындай балаларға бір кәсіпті меңгеруге келген мақсатын ескере отырып, арнайы білім ауадай қажет екенін білеміз. Алғашында олар өздерінің ішкі талпыныстарын, ішкі психологиялық бұлқыныстарын, жандарына жақын тебіреністерін, сезімдерін айта алмайды

Арнайы пәндерді оқыту, тәжірибелік сабақтарды жүргізу барысында бұл балалар жайлап ашыла бастайды. Көрген – білгендерін, түйгендерін, оқығандарын, өз ойларын еркін айтатын болады. Бірінші кезеңде: қарапайым ережелерден тұратын тілдік қарым-қатынасты пайдалана отырып, олардың жіберген қателіктеріне түсіністікпен қарау, көп нәрсені талап етпей еркін ойын жеткізуге жетелеп отыру керек. Білім алушылар өздерін еркін сезініп, білімге деген ынта-жігері арта бастағанда, олардың қабылдау қабілетіне байланысты Ж.А.Қараевтың «саралап-деңгейлеп» оқыту әдісімен тапсырмалар беріле бастайды. Білім алушыларға жеке тапсырмалар әртүрлі деңгейде беріліп қадағаланады. Сабақтарда ойын элементтерін енгізе отырып, мәтінмен жұмыс, әртүрлі деңгейдегі тапсырмалармен, кеспе қағаздарын үлестіре отырып топтық жұмыстар жасалынады. Осындай тапсырмалардың әсерінен баланың қабілеті қаншалықты екені білінеді. Оқытушы білім алушылардың қабілеттерін анықтау арқылы, деңгейлеп жеке-жеке жұмыстар жүргізгенде ғана нәтижеге қол жеткізе алады. Солардан алға

ұмтылып, ерекше қабілетін таныта білген білім алушыларды логикалық ойлауға жетелеу іске асырылады. Мұндай әдіс –тәсілдер білім алушылардың ынта-жігерін арттырады. Ерекше оқуға мән берген балалардың оқуы, басқа балаларға көмегін тигізіп, олардың топтасып сабақ орындауына, өзара бәсекелесе сабақ оқуына, арнайы кәсіптік білімді өз мүмкіндіктерінше меңгеруіне үлкен ықпал етеді. Әр топқа қабілеті жоғары балалармен қатар қабылдау қабілеті баяу білім алушыларды біріктіріп топтастырамыз. Бұл әдіс балалардың сөйлеуіне, тапсырманы түсінуіне, сұрақтарға бірігіп жауап іздеуіне үйретеді. Сонымен қатар «саралап-деңгейлеп» оқыту әдіс-тәсілі балалардың білім алуына, қарым-қатынасын нығайтуына, алған білімдерін бір-бірімен бөлісіп, талқылауға және түрлі дебаттарға, пікірталастарға, пәндік олимпиадаларға қатысуға жол ашады.

Колледжіміздегі арнаулы кәсіптік білім беру, балалармен жұмыс жасау, жақсы нәтижелерге жету үшін оқытушының алдында тәрбие мен білім беру міндеті қатар іске асырылады. Оларға жеке тұлға ретінде қарау, әрқайсысына көңіл бөлу, қоғамға қажетті маман дайындау оқытушылардың міндеті. «Бәріміз бірдейміз, кемсітуді білмейміз» ұстанымы бойынша жұмыс жүргізіледі.

Оқу – тәрбие үрдісін ұйымшылдықпен жүргізуде мұғалім басты тұлға. Осындай талапқа сай қызмет істеу үшін алдымен мұғалім өзінің теориялық және әдістемелік білімін ұдайы толықтырып, үздіксіз ізденуі, өз мамандығын барынша жетілдіру және психология мен педагогика ғылымдары жайындағы жаңалықтар мен озық тәжірибелерді үнемі пайдаланып отыруы тиіс. Алға қойған мақсатқа жету үшін әр мұғалім сабақ өткізудің әр түрлі тәсілдерін қалай, қашан қолдану керектігін білу керек.

Қорыта айтқанда, саналы тәрбие, сапалы білім беру әрбір ұстаздың алдында тұрған парызы. Жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыру жағдайында мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың нәтижелерін бағалауда МЖБС берілген білім алушылар дайындығының деңгейіне қойылатын талаптарға бағдарлану керек. Бірақ кейбір балаларға бағдарламаны меңгеруге ұзағырақ уақыт керек. Осыған орай құзыреттілікке негізделген оқытудың модульдік оқу бағдарламаларына 50% өзгерістер енгізілді. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасау адамгершілікті, сабырлылықты, ыждағаттылықты, мейірімділікті, қамқорлықты, т.б. қасиеттерді ерекше талап етіп тұрады.

Ұсынысым:

1. Өңірімізде инклюзивті білім берудің жергілікті енгізілуіне, дамуына ықпалын тигізетін және оқытушыларға жан-жақты көмек, кеңес беретін арнайы мамандарымен қамтылған ресурстық орталықтар құру.
2. Техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарында инклюзивті білім беруді әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді қолға алу.

### Әдебиеттер

1. Ж.Б Қоянбаев. Р.М Қоянбаев. Педагогика университеттер студенттеріне арналған оқу құралы Алматы.
2. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау моделі. Әдістемелік ұсынымдар. Астана 2016ж.
3. Проектирование коррекционного обучения дошкольников с общим недоразвитием речи, М. С.Грушевская, Э.Р.Амирова, Н.Н.Досанова, Г.М.Итекова, В.И.Тутарова Н.А.Субботина, Н.В. Янова I-II часть. Алматы 2010ж
4. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. В.С.Мухина, Алматы Мектеп, 1981ж

# **PREPARATION OF FUTURE TEACHERS OF PRIMARY CLASSES FOR THE USE OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN CONDITIONS OF INCLUSIVE EDUCATION**

**Yedigayeva Gulzada Amankyzy  
Arenova Assyl Khadyrzhanovna**

Multidisciplinary college of KGITU named after Sh.Yessenov

The first president of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev in the article “View to the future - modernization of public consciousness” says “Competitiveness is the ability of a nation to offer a rational world of prices or quality in a regional or global market. This can be not only a tangible product but also related to education, service, intellectual or qualitative human resources. In the future the country’s success is determined not by its natural wealth but by the competitiveness and strength of its people. Therefore, every Kazakhstani and, consequently, an entire nation should have decent qualities suitable for the 21st century. For example, computer literacy, knowledge of foreign languages and cultural openness are key prerequisites for moving forward. Therefore, such programs as “Digital Kazakhstan”, “Education in three languages”, “Cultural and inter-confessional consent” are the main means of teaching of our nation to the requirements of the XXI century”.

The State Program of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2016-2019 aimed at the development of human capital through the provision of quality education for a competitive nation in the country says: “The world lives in a period of global challenges. This is the introduction of new technological achievements and innovations, the rapid development of IT technologies and the mobility of human resources. In this case, the education and the science should be at the forefront of changes ... Increasing the competitiveness of people is a factor in achieving the nation, that’s why every Kazakhstani should have the same functions and competencies as the functionality of modern technologies, IT literacy, English language skills and human identity in the era of modern technology”.

According to this program, an increase in the proportion of schools providing inclusive education accounts for 70% of the total number of schools (currently 38%) which increases the proportion of schools with “unhindered access” to disabled children by 20% of the total school, from inclusive education it is expected that the proportion of children included in the program will increase by 50% of the total number of children with special needs in their development.

In this way I want to tell little about «Inclusive education». Inclusive education is carried out in a common learning environment; that is, an educational setting where students from different backgrounds and with different abilities learn together in an inclusive environment. Common learning environments are used for the majority of the students’ regular instruction hours and may include classrooms, libraries, gym, performance theatres, music rooms, cafeterias, playgrounds and the local community.

Inclusive education implements the idea that all children should have equal access to education. The main feature of this methodology is that the child in this area is a person who needs training but has different levels of needs. Inclusive education examines a flexible approach to meet the needs of children with different characteristics.

At the same time with the problem of the organizing an inclusive education system and the important role of the student who fulfills his duties and is also included in the agenda the question about the comprehensive training of teachers. Special education for the inclusive education in the Republic of Kazakhstan is still not a fully developed point. The study of the conceptual foundations of this sphere and the educational, scientific, methodological, practical and educational mechanisms for its implementation is an urgent issue that is on the agenda.

At the 48th International Conference on Education held by UNESCO (Geneva, 2008), 116 countries presented national reports on their educational situation in their country. These reports show, on the one hand, the uniformity of the educational process, and on the other - interesting and innovative solutions for the possibility of using ICT in inclusive education. Thus, in the reviewed

reports the effectiveness of information and communication technologies (hereinafter referred to as "ICT") is considered very little. It should be noted that the use of ICT is not considered a strategic goal of states as an effective method of integrating children with disabilities into the general educational environment. Nevertheless, the analysis of the use of ICT among graduates of pedagogical universities, working teachers and scientific research in this field shows that today's professional training of future teachers is less likely to satisfy didactic needs in the process of inclusive education. In particular, it is difficult to say that the current level of training of future primary school teachers with the skills of using information and communication technologies fully meets the requirements of the modern school. At the same time this topic is an actual problem on the agenda. Consequently, in the context of the modern inclusive education, the urgency of promoting the use of information and communication technologies in the educational process of future primary school teachers is determined on the basis of the following contradictions between:

- the high demand for the preparation of future primary school teachers for the use of information and communication technologies in conditions of inclusive education that meet all the requirements of modern society and the lack of the development of its theoretical and methodological foundations

- the need to prepare future primary teachers for work in conditions of inclusive education knowing information and communication technologies and the lack of a model and program aimed at developing the future teacher in the pedagogical process.

Tasks of the research:

1. To define the theoretical basis for the use of information and communication technologies by teachers in primary schools in inclusive education

2. To determine the psychological, pedagogical features of the preparation of future primary school teachers for the use of information and communication technologies in conditions of inclusive education.

3. To develop a structural-content model for the preparation of future primary school teachers for the use of information and communication technologies in the context of inclusive education.

4. To prepare and to develop recommendations for the implementation of the training of future primary school teachers in conditions of inclusive education to develop the methodology for using information and communication technologies and their effectiveness.

Forecast research: taking into account the special needs of children and the requirements of the school system, we can predict the results of the preparation of future primary school teachers to use information and communication technologies in the context of inclusive education if you will be determined by the theoretical basis of preparation of the future teachers of initial classes on the basis of the use of ICT in conditions of inclusive education and the structural-content model has been created, the effectiveness of which will be confirmed and if experimentally proven special course program will be introduced in the teaching process of higher education, the quality of ICT skills in the conditions of inclusive education of future specialists will increase, since it will contribute to the formation of the necessary training of future elementary school teachers and meet the demands of modern society.

The use of ICT for learning, or e-Learning, is a widely recognised term and refers to "a learner-focused approach to the use of new multimedia technologies and the Internet to improve the quality of learning by facilitating access to resources and services, as well as remote exchanges and collaboration". The report by the EC goes on to highlight the importance of digital literacy which in turn leads to digital competence. This it defines as "the confident and critical use of information society technology for work, leisure, learning and communication. It is underpinned by basic skills in ICT and the use of computers to retrieve, assess, store, produce, present and exchange information, and to communicate and participate in collaborative networks via the Internet". The report notes that there are broad positive benefits of ICT for learning such as cognitive processing, independent learning, critical thinking and teamwork and that ICT enhances a studentcentred learning approach. However, while these benefits would lend themselves to new pedagogical approaches, the majority of teachers have not used ICT in such a way. If ICT has a positive impact on learning, it has yet to revolutionize processes at schools."



## References

1. 1999. Actively Seeking Inclusion: Pupils with Special Needs in Mainstream Schools. London: Falmer Press.
2. Armstrong, D., Barton, L., ed. 2000. Inclusive Education: Policy, Contexts and Comparative Perspectives. London: David Fulton Publishers.
3. Lansdown, G. 2001. It's Our World Too! A Report on the Lives of Disabled Children. London: Disability Awareness in Action.
4. Thomas, G., Glenny, G. 2002. Thinking about Inclusion: Whose reason? What evidence? International Journal of Inclusive Education

## ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ – ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ ДАМУ МҮМКІНДІГІ

**Жумағалиева Раушан Сауирбаевна**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ көпсалалы колледжі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «... мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс, бұл - өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз», - деген болатын. [1] Бұл дегеніміз - мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық қолдауды іске асыру және инклюзивті білім беруді орындау арқылы тең құқылы тұлға болуға мүмкіндік жасау деген сөз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңінде экономиканы дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешуге, яғни әлеуметтік салада білім беру сапасын жақсарту және отбасы және бала институтын қолдау, инклюзивті қоғам құру бағыттарына баса мән беру керектігін айта келе: «Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз», - деп атап көрсетті.[2]

Олай болса, инклюзивті білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді.

*Инклюзивті білім беру* мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту болып табылады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының

Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «Білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға білім алуға, оқыту үрдісіне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім берудің негізіне балалардың кез келген кемсітушілігін болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу деген сөз. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы.

Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқыту жағдайында білім алған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге, үйренеді.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету - өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті бағыт кемтар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Немістің педагог-дефектологы П.Шуман: «Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек», - дейді. Олай болса, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дамыту үшін инновациялық педагогикалық технологияларды жан-жақты қызықтыра қолдану өте тиімді болмақ.. Арнайы жаңа инновациялық технологияларды қолданудың басты міндеті – балалардың өздері үйренген негізгі технологияны оқыту емес, олардың өмір сүру ортасына кешенді түрленген, баланың шығармашылық әрекетін дамытуда жаңа ғылыми негізделген құралдарды енгізу. Заман талабына сай мүмкіндігі шектеулі балаларды инновациялық технологияларды пайдалану арқылы түзету-дамыту жұмыстарын қолдану олардың жеке қабілеттерін ашуға мүмкіндіктер туғызары сөзсіз.

Жаңа ақпараттық технологиялармен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады. Мүмкіндігі шектеулі балаларға түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу үшін арнайы мамандандырылған немесе бейімдендірілген компьютерлік бағдарламаларды қолдану ұсынылады. Оларды қолдану тиімділігі оқытушының кәсіби құзыреттілігі мен жаңа мүмкіндіктерді қолдану дағдысына байланысты. Сондай-ақ оқытушының жаңа инновациялық технологияларды енгізуде балалардың мотивациясын арттырып, психологиялық қолайлы жағдайлар туғыза білуі шарт.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуды жаңа технологиялар көмегімен ұйымдастыру талабының артуына, сондай-ақ, бүгінгі білім беру жүйесінде бұл мәселеге өз деңгейінде толыққанды назар аударылуда, олай болса, білім беру қызметін жетілдіруде электрондық ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалану қажет. Қазіргі таңда ерекше білім беруді қажет

ететін балаларға ақпараттық-қатынастық технологиялар көмегімен білім беру жүйесі келесі педагогикалық шарттар бойынша құрылуда:

- білім беру үдерісіне қатысушыларды әлемдік білім беру ресурстарына қолжетімділігі;
- балалардың білімге деген қызығушылығын IT-технологиялар арқылы арттыру;
- оқытудың барлық сатысында өз бетімен қосымша жұмыс жүргізуді ұйымдастыру;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуы үшін қалыпты жағдайдағы дені сау балалармен тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету;
- қашықтықтан оқыту кезінде олардың білім деңгейінің даму траекториясын бақылау;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына кедергісіз аймақтар қалыптастыру;
- білім сапасының жоғарылауына әсер етіп, қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптасуына жағдай жасау.

Ақпараттық технологияның басты тиімділігі – пәнаралық байланысты күшейте отырып, балалардың дүниетанымын кеңейтуге және жеке қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасалады. Сонымен қатар, IT құралдарын пайдаланудың негізгі ерекшелігі – бұл дамуында ауытқуы бар балаларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, жеткен жетістіктерінен ризашылық алуға мүмкіндік береді.

Ұйымдастырылған оқу қызметтерде интерактивті мультимедиялық презентацияларды қолдану балалардың шығармашылық қабілеті мен дүниетанымын дамытуда ерекше роль атқарады. Мультимедиа мәтін, дыбыс, видео және графикалық сурет және анимация секілді технологияларды біріктіреді. Мұндай түрдегі оқу материалы көз, есту, маторлы үш түрлі анализаторларды іске қосады.

Ерекше білім беруде инновациялық іс-әрекеттің мақсаты – білім беру үдерісін заманауи тиімділігі жоғары технологиялармен және балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамытатын әдістемелермен қамтамасыз ету. Ақпараттық технологияларды қолдану балалардың оқуға қызығушылығын қамтамасыз етеді, баланы ерте дамыту оның танымдық қызығушылығы мен қабілеттерін дамытады, тілдік құзыреттілігінің негізін қалайды.

Инклюзивті білім беру арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үдерісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы баланы адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Инклюзивті оқыту үдерісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.

Инклюзивті білім беруде әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі екенін естен шығармау керек. Мүмкіндігі шектеулі балалар оқу материалын меңгеруде, жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы коррекциялық – түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі салдарынан әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады. Міне, біз осы қиындықтарға тап келсек те, оны жеңуге тырысамыз.

Оқытудың арнайы және альтернативті әдістерін қолдану. Бұл білім беру қажеттілігін анықтау, ең алдымен, мұғалімнің және білім беру ұйымдарының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарымен жүзеге асырылады, алайда баланы арнайы немесе баламалы әдістерді қолдану арқылы оқыту қажеттілігін арнайы комиссия ұсынуы мүмкін.

Оқыту формасы немесе жай тәсілдерді қолдану оқушының жеке ерекшеліктеріне бейімделіп алынады. Көбінесе мұғалімнен бүкіл сыныпқа қолданатын тапсырмаларды және де оны балаға беру тәсілдерін бейімдеу талап етіледі:

- мұғалімнің қайталау, баяу, қысқаша, ауызша нұсқаулығы (жазбаша нұсқаудың орнына тапсырманы орындау үшін қосымша уақыт беру);
- тапсырманы тек ауызша/жазбаша орындауға мүмкіндік беру;

- планшет, ноутбукты қолдану арқылы бақылау тапсырмаларын орындауға мүмкіндік беру;
- барлық сыныпқа арналған бақылау тапсырмаларынан өзгеше жеке бақылау тапсырмалары (жеке оқу мақсаттарына сәйкес);
- бақылау тапсырмасын орындауын жеңілдететін иллюстративті және тірек материалдарды (кесте, сызба, үлгі, сөздік материалдар) қолдану.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс барысында

- уақыт аралығында тапсырмалар саны азаяды;
- оқу тапсырмалары қысқартылады;
- оқу, жазу үшін мәтін қысқартылады;
- басқа оқушылар орындайтын тапсырмалардан ерекшеленетін жеке тапсырмалар ұсынылады;
- тапсырманы орындау үшін қысқартылған және кезеңі көрсетілген нұсқаулықтар ұсынылады;
- жаттығуды қайталау және меңгергенді бекіту үшін көп уақыт бөлінеді;
- ауызша түсіндіру ыммен, суретпен, картинкамен, заттармен жүргізіледі;
- сабақта көбінесе оқушының әрекет түрі ауысады;
- жаттауға берілетін ақпарат саны азаяды;
- жазу барысында оқушыға дауыстап жазуға рұқсат беріледі;
- сабақта меңгерілетін жаңа сабақтың мәнін ашу үшін оқушыға заттық-тәжірибелік қызмет ұсынылады. [3]

Педагог қызметкерлер дамуындағы кемшілігі бар баланы осылайша өзімен қатарлас дені сау балалармен бірдей сабақ үстінде, болмаса, түрлі байқауларға қатыстыру арқылы өмірге құштарлығын, танымдық қабілеттерін дамытады. Осы мақсатты орындауда әлеуметтік тәрбие мәселелерін көре білу, сезіну және шешу жолдарын қарастыру, мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендіруге қолайлы шарт жасау, кедергілерді мүмкіндігінше жоя білу, орнын толтыру педагогтардан шығармашылық ізденістерді талап етеді.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек, әрбір мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау - біздің міндетіміз.

### **Әдебиеттер**

1. Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2014 жылғы 17 қаңтар.
2. Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2019 жылғы 2 қыркүйек.
3. Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік нұсқаулық. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы, 2019.

### **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ**

**Кушанова Гулнур Джексембаевна**  
Маңғыстау туризм колледжі

Халық даналығы: «білімдіден не пайда,білгенін көпке айтпаса.Үйреткеннен не пайда,қайырымы қайтпаса» деген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2007 жылғы 5 ақпанындағы №81

Қаулысының 2 тармағын жүзеге асыру шеңберінде әзірленген даму мүмкіндігі шектеулі балаларға кіріктелген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулықты 2009 жылы 16 наурызда №4-02-4\450 бұйрығымен ұсынған болатын. Бұл әдістемелік нұсқаулықты инклюзивті білім беруді жандандыру, оның жұмыстарын жан-жақты күн талабына сай, жүзеге асыру болып табылады. Еліміздің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының бір бөлігінде осы инклюзивті білім берудің жолын қарастырып берген[1]. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты Қазақстандағы жеткіншектерге жалпы жасөспірімдерге сапалы білім беру болса, осы сапалы білімді барлық дені сау балалармен қоса мүмкіндігі шектеулі балаларға сапалы білім беруде негізгі мәселелердің бірі болып отыр.

«Инклюзивті» сөзі – француз тілінен алғанда «кіріктірілген», латын тілінен аударғанда «енгізілген» деген мағынаны білдіретін жалпы білім беретін ошақтарда ерекше қажеттілікті талап ететін балалармен атқарылатын оқу процесін сипаттайтын термин. Инклюзивті білім берудегі негізгі идеология-даму мүмкіндігі шектеулі балаларға жағдай туғызып, қатарластарымен теңдей қарым-қатынас жасап, баланың өзін қор санауын болдырмай, шектеуін шектейтін үрдіс. Инклюзивті білім беру- ерекше қажеттілікті талап ететін балаларды біліммен қамтамасыз етеді, олардың барлық мұқтаждарын қамтып, барлық бала білім алуға қол жеткізе алатынын айқындап, жалпы білім беру процесін дамыта түседі.

Инклюзивті оқытудың мақсаттары:

1. Естуінде кемшіліктері бар балаларға еріннен оқу арқылы, ауызша сөйлеуді қабылдау дағдысын меңгерту және ауызекі сөйлеуді дамыту.
2. Көруінде кемістігі бар балалар оқу және жазудың арнайы әдістерін меңгерту, кеңістікке бағдарлау.
3. Ақыл- ойы дамуының кемістігі бар балалардың психикалық функцияларын түзету және дамыту, әлеуметтік ортаға бағдарлау, еңбек әрекетіне өз бетінше дайындауға үйрету.
4. Психикалық дамуы тежелген балалардың оқуға деген қызығушылығын, белсенділігін, өз мүмкіндігіне деген сенімділігін арттыру.
5. Тірек-қимыл аппараты бұзылысы бар балаларға қарым-қатынасқа, байланысқа түсу дағдыларын меңгерту.
6. Сөйлеуінде күрделі бұзылыстары бар балаларға қарым-қатынасқа, байланысқа түсу дағдыларын игерту[2].

Инклюзивті білім беру қазіргі таңда әлем бойынша басты проблема болып отыр. Осы проблемаға бүкіл әлем ғалымдар мынадай анықтама беруде: «Инклюзивтік білім беру дегеніміз-барлық ерекше мұқтаждықтары бар балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, әлеуметтік жағдайына қарамай, балалардың осындай кемтарлық кедергілерін жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу педогогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға арналған мемлекеттік саясат. Инклюзивті білім беру бағыты балаларды оқытуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады» деген[3].

Әр баланың өзіне тән әдіс ойлап табу ол- мұғалімнің шеберлігі. Әр баламен тіл табысу оңай емесі анық. Бірақ та ұстаздың міндеті қақпағын ашып білімді құю емес, жәй ғана көрсеткен әдіс арқылы сол білім балаға неғұрлым эффекті түрде жетсе, соғұрлым нәтижелі болатыны сөзсіз. Мұғалім баламен сабақ үстінде диалог арқылы, ойын ойнау арқылы, сөйлеу мәнері мен жасаған қылықтарына қарай анализ жасайды. Қай әдіспен бала жеңіл әрі оңай қабылдап тұрғанын анықтай алады. Білетініміздей біздің елімізде әлі инклюзивті балаларды оқытуға арналған бағдарламалар жоқтың қасы. Біз қазіргі таңда Американдық «Speshel olympic» компаниясы ұсынған әдістермен жұмыс жасау оңайға соғып тұр. Олардың айтуынша мүмкіндігі шектеулі балаларды ортаға бейімдеу үшін әр сабақты қызықты әрі сыйлық сыйлау арқылы алға жетелеуді жөн санайды. Қарапайым балаларға сыйлық ол «5» деген баға болса, мүмкіндігі шектеулі балалар «5» алса, олар аса қуана қоймайды. Олардың ата-анасымен тілдесу арқылы баласының қандай тәттіні жақсы көретінін біліп, апта соңында тапсырманы нәтижелі аяқтаса ғана ол сыйлық өзінікі болатынын білу арқылы жақсы нәтиже көрсетеді.

Инклюзивті білім берудегі оқытудың ең тиімді жолы «М.Монтессори технологиясындағы тиімді ойындар жүйесі». Колледж жасындағы балалардың ақыл-ойы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуда, креативті сыни тұрғыдан ойлайтын, коммуникативті дамытатын және командамен жұмыс жасай алуға мүмкіндікті «**Мари Монтессори педагогикалық жүйесінен**» алуға болады.

Инклюзивті білім беруде экономика сабағындағы ерекше пайдаланылатын тағы бір әдіс ол - «**Сәйкестендіру**». Суреттерді мағынасына қарай «қазір-кейін» деп жұптастыру болып табылады. Тапсырманың ерекшелігі мұнда «қате» және «дұрыс» деген жауап жоқ. Барлық жауап дұрыс. Тек өз ойларын нақты жеткізіп, дәлелдеп шығу қажет. Тапсырманың мақсаты: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сыни әрі логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Әр адамның ойлау қабілеті әртүрлі болғандық бұл тәсілде «қате» және «дұрыс» деген жауап болмайды. Мысалы қаріз-жаңбыр болса, кейін- жер балшық болады. Тіршілік нәрі су болса, одан жеміс – жидек өсіп шығады деген сынды пікір қалыптастыру.

Қорыта келгенде, мемлекетіміздің әрбір азаматы ол ұлттық құндылық болып табылады. Әр бала еліміздің ертеңі екенін ескеретін болсақ, әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар, студенттер сапалы білім алып шығуына жағдай жасау біздің басты міндетіміз.

### **Әдебиеттер**

1. Б.Б. Келгембаева «ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: ТӘЖІРИБЕСІ, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ» ғылыми-әдістемелік семинарындағы мақаласы. 2015 жыл [1]
2. Б.Б. Келгембаева «ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: ТӘЖІРИБЕСІ, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ» ғылыми-әдістемелік семинарындағы мақаласы. 2015 жыл [2].
3. Аутаева А.Н . Жумашева Н.Ж «ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕСІ» мақаласынан 2017жыл [3].

### **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТКІШІ**

**Лекерова Гүлшат Алиқызы**

Ақтау есептік-технологиялық колледжі

Инклюзивті білім беру – теңдік қатынас орнату. Инклюзивті білім беру – еліміздегі білім беру жүйесіндегі ұтымды саясат. Аталған білім беру жүйесіне әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.<sup>[1]</sup> Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене

қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу.

#### **Инклюзивті оқыту- негізгі принциптері:**

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы. Сондықтан да «Бәріне бірдей мүмкіндік», «Сапалы білім - барлығы үшін» деген ұстанымды қолдаймын.

Инклюзивті білім беруде – ақпараттық технологияларды қолдану. Мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық қабілеттерін арттыру жолында инновациялық технологияларды қолдану, оның ішінде компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы оқыту процесін дифференциацияландыру және индивидуалдандыру қажет.

Инновацияны «жаңашыл», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп қарауға болады. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мүмкіндігі шектеулі балалардың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Инновациялық педагогикалық технологияларын шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады [2].

Мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу тілінің дыбысталу жағын түзету де инновациялық технологияларды қолдану, мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзетуге өз септігін тигізеді.

Ақпараттық технологияның басты тиімділігі – пәнаралық байланысты күшейте отырып, балалардың дүниетанымын кеңейтуге және жеке қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасалады. Сонымен қатар, ІТ құралдарын пайдаланудың негізгі ерекшелігі – бұл мүмкіндігі шектеулі балаларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, жеткен жетістіктерінен ризашылық алуға мүмкіндік береді.

Оқу-тәрбие үрдісінде айтарлықтай нәтиже беріп жүрген инновациялық педагогикалық технологиялар мыналар: дамыта отырып оқыту әдістемесі, оза отырып оқыту, деңгейлеп оқыту технологиясы, тесттік жүйемен оқыту, мультимедиа мүмкіндіктерін қолданып оқыту, ойын технологияларын қолдану, дискуссия сабақтары, топпен жұмыс, панорама сабағы, проект әдісі (жоба), рольдік ойындар, “Алты қалпақ” технологиясы, “мозаика” сабақтары, проблемалық оқыту әдісі, “миға шабуыл” әдісі, экскурсия сабағы, қашықтықтан оқыту технологиясы, ынтымақтастық технологиясы. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жоғарыда көрсетілген инновациялық педагогикалық технологияларды жан-жақты қызықтыра қолдану өте тиімді. Заман талабына сай мүмкіндігі шектеулі балалардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерін компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы түзете-дамыту мәселелері жайлы болмақ.

Оқу процесінің тиімділігі ең алдымен оқушылардың белсенділігі мен танымдық ізденісіне қатысты. Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылық, әрбір баласы – еліміздің ертеңі екенін ескерсек, әрбір мүмкіндігі шектеулі оқушының сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау міндетіміз болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі бір оқушының болса да білім сапасының жоғарылауы, ұлтымыздың саналы келешегіне қазіргі уақыттан бастап жинақталынып жатқан қор деп түсінуіміз қажет. Педагог қызметкерлер дамуындағы кемшілігі бар баланы өзімен қатарлас дені сау балалармен бірдей спорттық сайыстарға, түрлі байқауларға қатыстыру арқылы өмірге құштарлығын, танымдық қабілеттерін дамытады. Осы мақсатты орындауда әлеуметтік тәрбие мәселелерін көре білу, сезіну және шешу жолдарын қарастыру, мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендіруге қолайлы шарт жасау, кедергілерді мүмкіндігінше жоя білу, орнын толтыру. Мүмкіндігі шектеулі балаланы қатарға қосу, әлеуметтендіру үрдісін дұрыс ұйымдастырып, түрлі әлеуметтік кедергіге қарсы тұра алатын тұлғаны қалыптастыруда АКТ – ның барлық мүмкіндігін пайдалану керек. Бұрын мұғалімдер көрнекіліктерді көбінесе қағаздан жасап, оны әрдайым жаңартып отыратын, ал қазіргі таңда әр педагог сабағында интерактивті тақтаны пайдаланады. Білім беру мекемелерінде үрдіске сай жеке компьютерлермен, интерактивті тақтамен жабдықталған мультимедиа кабинеті ашылып, интерактивті тақта орнатылды. Интерактивті тақта - білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін аса маңызды құрал. Интерактивті құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Мультимедияның әдістемелік күші оқушыны бейнекөріністермен тез қызықтырып, көңіл күйіне көмек береді. Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдап көрсетуге болады. Дидактикалық компьютерлік ойындар тапсырмаға деген жағымды әсерлерін сақтай отырып түрлі материалдарды қажетінше қайталауға мүмкіндік береді. Дидактикалық ойындардың оқыту үдерісінде алатын ерекше орнын сол ойынның өзі оқыту үдерісін әсерлі, әрекетті ететіндігімен анықталып, балаға өзіндік тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Түзету-дамыту жұмыстарында оқу-ойындық құралдар мен жаттықтыруларды қолдану нәтижесі компьютерлік технологиялардың дәстүрлі түзету әдістемесінде педагогикалық әдістерді қолданудың жаңа мүмкіндіктерін ашатындығын көрсетеді:

1. Түрлі қиындықтағы материалдарды таңдап алу мүмкіндігі. Нақты бір балаға оның қазіргі мүмкіндіктері мен оқыту міндеттеріне сәйкес келетін тапсырманы ұсынуға болады.
2. Балада өзінің жеке дағдыларын ойлау үдерісін қалыптастыруға болады.
3. Жаттығудың сәтті орындалуына компьютерде орындалатын тапсырмалар жайлылық шарттарын ұсынады.
4. Білім алушы тартымды графикаға бағыттала отырып көрген қателерін түзетуге тырысады, өзін-өзі бақылау әдістерін үйренеді.
5. Балалар аз шаршап, жұмыс істеу қабілеттерін көп сақтайды.
6. Монитор экранына қарап, бала өз жұмысының нәтижесін көреді.

Компьютерлік программаларды қолдану ойын есебінен ғана жігерді арттырып қана қоймай, балаға сыныптастары жағынан, компьютер тарапынан мақтау, мақұлдау алуына септігін тигізеді.

Жаңа ақпараттық технологиялармен қатар, мүмкіндігі шектеулі балалармен көбінесе ойын арқылы жұмыс жасаған тиімді. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді. Ойнай жүріп балалар қоршаған орта жайлы білімдерін толықтырады, дербес шешім қабылдауға дағдыланады, ойлау барысында ұтқырлық пен тапқырлық танытады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Түрлі ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар ерік сезім түрлерін де дамытады. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтын мұғалімдер үшін талап та жоғары. Ойындар баланың зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін



дамытуға арналған, адамгершілік сезімін оятуға, ойын арқылы ұстаз қойған мақсаттарына жетеді деп ойлаймын. Логопедиялық сабақтарда «Айырмашылығын табу», «Артығын тап», «Түстері бойынша бояу», «Шытырман», «Нүктелерді қосу арқылы сурет салу» т.б дидактикалық ойындарды жүргізу үлкен нәтижеге әкеледі.

Қазақстандағы инклюзивті білім беру жүйесі. Шет мемлекеттерде инклюзивті білім беру мәселесі біздің елге қарағанда едәуір жолға қойылған. Бұл елдерде инклюзивті білім беру XX ғасырдың 70 жылдарынан басталған, ал біздің елде екінші мыңжылдықтың басында ғана қолға алына бастады. Европа елдерін алатын болсақ, инклюзивті білім беру көптеген мәселелерді шешкен. Бұл елдерде мүгедек балаларға жалпы білім беретін мектептерде қосымша көмек жолдары ұсынылған. Біздің елде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медицина-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады. Осы заң аясында жарымжан балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалды.

Қазақстан 2008 жылы БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» конвенциясына қол қойып, барлық мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасауға міндеттенген. Осы мәселені талқылауда халықаралық конференциялар, түрлі семинарлар ұйымдастырылуда. Сондықтан мемлекеттік «Білім беруді дамытудың 2011-2020» жылдарға арналаған бағдарламасына бірінші рет инклюзивті білім беруді дамыту қосылды. Бұл бағдарламада техникамен және компьютерлік қамтамасыз ету жинақтарымен қамтамасыз етіледі.

Мүгедек балалар мен кемтар балаларды оқыту, тәрбиелеу және түзеу, оларды оқыту мәселелері ҚР Білім және ғылым министрлігінің қарауында орналасқан. Қазақстанда кемтар 120665 бала бар. Олардың ішінде 19047 кемтар бала 102 арнаулы (түзеу) білім беру ұйымдарында арнаулы біліммен қамтылған, оның ішінде: 9 ұйымда – соқыр және нашар көретіндер үшін (1392 адам); 20 ұйымда – саңыраулар мен нашар еститіндер үшін (2944 адам); 5 ұйымда – 868 сөйлеу қабілеті нашар балалар үшін; 4 ұйымда – 460 жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған балалар үшін; 56 ұйымда – 11673 ақыл-есі кем балалар үшін; 8 ұйымда – 1710 психикалық дамуы кем балалар үшін.

Дамуында ауытқулары бар балаларды жалпы білім беру үрдісіне енгізу 4 нұқада орындалуда:

1. Бала қарапайым мектеп бағдарламасы бойынша оқиды, бірақ мектепте немесе одан тыс уақытта оған қосымша қызмет көрсетіледі: емдеу шаралары, тәрбиелеу жұмыстары т.б. 2. Бала қарапайым мектеп бағдарламасы бойынша оқиды, қосымша күтім алады және қосымша арнайы бағдарлама бойынша білім алады. Бала мектептегі негізгі уақытта арнайы бағдарлама бойынша оқиды. Уақыттың басқа бөлігінде қарапайым бағдарлама бойынша өз жасындағы балалармен бірге білім алады. 4. Бала арнайы бағдарлама бойынша арнайы сыныпқа барады. Соған қарамастан ол мектеп өміріне қатысады: біріккен таңғы ас, тәрбие шараларына бірілесіп қатысу, спорттық және басқа да іс-шараларға қатысу.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбір мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз. Осы мақсатта “Бәріне бірдей мүмкіндік”, “Сапалы білім - барлығы үшін” деген ұстанымды қолдаймын.

### Әдебиеттер

1. Мағжан Жұмабаев. “Педагогика” - 1992ж.
2. Игнатьева С.А. Коммуникативная культура будущих учителей-логопедов как условие становления их профессио-нальной компетентности // Воспитание и обучение детей с нарушениями в развитии. — 2006г.
3. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж.

## **«ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ РАННЕГО ДЕТСКОГО АУТИЗМА И ЕГО КОРРЕКЦИЯ»**

**Макарова Венера Валерьевна**

Преподаватель Мангистауского гуманитарного колледжа имени Мурын жырау Сенгирбекулы

С каждым годом в мире возрастает количество детей с ограниченными возможностями и особыми потребностями. Есть они и в нашей Республике Казахстан. Перед обществом, системой образования и родителями таких детей стоит вопрос получения ими образования. Инклюзивное образование в Казахстане — реальная возможность адекватной социализации ребят.

Об инклюзивном образовании в Казахстане впервые заговорили в 2002 году и внедрено оно в систему относительно недавно. Этот тип образования подразумевает предоставление одинаковых прав в получении среднего образования всем детям, включая детей с ограниченными возможностями.

Изучение закономерностей раннего развития является одним из приоритетных направлений психологических исследований последних лет. Особенно актуальна эта тема в коррекционной педагогике, где все очевиднее становится значимость максимально ранней диагностики трудностей развития и поиска адекватных раннему возрасту форм и содержания коррекционной помощи, а также определения возможностей профилактики тяжелых проявлений и последствий нарушенного развития. Это особенно важно для детей, страдающих аутизмом.

Понятие аутизма было придумано в 1911 году немецким психиатром Евгением Блейлером для описания симптомов наиболее тяжелых случаев шизофрении, понятие, которое он также создал. Согласно Блейлеру, аутистическое мышление характеризовалось инфантильными желаниями избежать неудовлетворительных реальностей и заменить их фантазиями и галлюцинациями. "Аутизм" определял символическую "внутреннюю жизнь" субъекта и не был легко доступен наблюдателям.

С 1960-х годов наблюдается феноменальный рост диагнозов аутизма, который привлек внимание многих исследователей, начиная от психиатров и социологов до литературоведов. Изменения в методах диагностики с 1960-х по 1980-е годы привели к тому, что аутизм стал ассоциироваться с "глубокой умственной отсталостью и другими нарушениями развития или физическими нарушениями", что привело к увеличению числа детей, которые, как считалось, проявляли аутистические черты.

Характеристика раннего детского аутизма. Признаки раннего детского аутизма при внимательном отношении могут быть выявлены у совсем маленьких детей, в некоторых случаях даже у новорожденных. Следует обращать внимание на то, как ребенок контактирует с взрослыми, проявляет свое настроение, на темпы нервно-психического развития. Признаки аутизма у грудничка — это отсутствие желания идти на руки, отсутствие комплекса оживления при обращении к нему взрослого. В возрасте нескольких месяцев здоровый ребенок начинает узнавать родителей, учится различать интонации их речи, при аутизме этого не происходит. Ребенок одинаково равнодушно относится ко всем взрослым и может неправильно воспринимать их настроение.

С целью получения информации о выявлении ранних признаков аутизма я отправилась в поликлинику №1 областного центра в детское отделение кабинет №209 «Кабинет здорового ребёнка», этот кабинет посещают детки в 6, 9, 12 месяцев, в 1,5 года и в 3 года, к последнему возрасту передают особое значение и родителям выдается небольшой тест-опросник.

Расстройство аутистического спектра может выглядеть по-разному у разных людей. Это неспособность к развитию, которая влияет на то, как люди общаются, ведут себя или взаимодействуют с другими. Нет единой причины для этого, и симптомы могут быть очень слабыми или очень серьезными.

Некоторые дети, находящиеся в спектре, начинают проявлять признаки, начиная с нескольких месяцев. Другие, кажется, имеют нормальное развитие в течение первых нескольких месяцев или лет своей жизни, а затем начинают проявлять симптомы.

Описание аутизма — это довольно сложная задача. Частично это связано с тем, что медицинские исследователи пока не знают, что именно его вызывает, и какие процессы в организме и мозге приводят к этой инвалидности. Другая причина в том, что огромное разнообразие симптомов и проявлений — это сама по себе особенность расстройств аутистического спектра.

Виды аутизма у детей. Классификация аутизма периодически пересматривается, в нее вносятся новые формы заболевания. Существует классический вариант раннего детского аутизма, который еще называют синдромом Каннера — по имени ученого, впервые описавшего данный симптомокомплекс. Признаки синдрома Каннера — это обязательная триада:

- эмоциональная бедность;
- нарушение социализации;
- стереотипные движения.

Могут отмечаться и другие симптомы: нарушения речи, агрессия, когнитивные расстройства. Если присутствует только часть симптомов, могут быть диагностированы расстройства аутистического спектра (РАС) или атипичный аутизм. К ним, например, относится болезнь Аспергера (аутизм с хорошими показателями интеллекта) или синдром Ретта (прогрессивная дегенерация неврологических навыков, костно-мышечной системы), встречающийся только у девочек. При легкой степени выраженности симптомов диагноз обычно звучит как аутистические особенности характера.

Статистика больных аутизмом в Казахстане. За последние годы зарегистрирован рост аутизма почти в 2 раза. Однако, это не полная картина. Следует учитывать, что бывают и трудности с диагностикой. В настоящее время всё чаще общество сталкивается с такой проблемой, чтобы вовлечь ребёнка с РАС в обычную среду обучения с детьми. Для этого первоначально должны использоваться различные приёмы и методы, чтобы подготовить ребёнка и психически и морально. Создаются различные благотворительные фонды и учреждения, где любой родитель, столкнувшийся с РАС может получить консультацию, а самое главное, оказание помощи для своего ребёнка. Именно поэтому создаются общественные фонды и наш регион Мангистауской области стал не исключением.

На сегодняшний день в Мангистауской области социально-реабилитационную помощь детям с ограниченными возможностями здоровья оказывают несколько государственных учреждений. Для решения данной проблемы функционирует общественная организация Центр развития социальных проектов «Камкорлык». В рамках проекта в нашей области на протяжении трёх месяцев в 2017 году функционировал мини-центр. Общественный фонд реализовывал социализацию и реабилитацию детей с аутизмом. Основная задача проекта: оказание реабилитационной помощи детям с РАС.

Мне предоставилась такая возможность стать волонтером и принять участие в данном проекте. Ежедневно я работала с детьми-аутистами, оказывала помощь руководителям, провела мастер-класс с родителями, в котором рассказала о значении развития мелкой моторики у детей. Центр посещало примерно 10-15 детей. Ежедневно, в будние дни с 14.00-17.00 родители могли доверить центру своих детей, где мы проводили занятия индивидуально с каждым ребёнком, вели мониторинг развития и результат был очень даже неплохим. В занятия входили упражнения на развитие внимания и сосредоточенности, развитие мелкой моторики, игры, конструирование, рисование и так далее.

Так же студентами Мангистауского гуманитарного колледжа имени Мурын жырау Сенгирбекулы была организована благотворительная акция. Студенты приняли активное участие, собрали развивающие игрушки и канцелярские товары для детей центра.

Методы и приёмы, применяемые в центре:

Развитие мелкой моторики:

Как известно, у детей с РАС слабая развитие моторики рук, слабая зрительно-двигательная координация. Всё это влияет на слабые навыки письма, тем самым, страдает речевая деятельность. Дети с аутизмом с трудом рисуют, лепят, застёгивают пуговицы. Именно поэтому, с самого раннего возраста необходимо развивать мелкую моторику у детей с аутизмом: гибкость рук, точная координация движений глаз. В центре мы использовали различные упражнения и игры для развития мелкой моторики. Самое распространенное и любимое упражнение детей - это перебирание пальчиками крупы. Дети с удовольствием выполняют данную работу, тем самым сортируя по цвету, по форме. А иногда, можно и спрятать игрушку в крупе, дети, перебирая отыскивают данную игрушку и дальше закапывают в крупе.

Особое внимание уделялось физическим упражнениям. Ведь известно, что физические упражнения активизируют ребёнка, тем самым снимают его напряжение. Поэтому на занятиях в центре мы пытались выполнять многократно одни и те же действия : переклеивание, работа с пластилином и доской.

Следует учитывать, что у детей трудности произвольной организации и нет стойкости внимания, также нет способностей к диалогу со взрослыми старались опираться на сенсорные анализаторы: буквы, цифры, фигуры, животные и так далее.

Занятия проводились строго по расписанию и по режиму. Старались создать такие условия , чтобы Придя в центр, ребёнок чётко понимал, что он пришёл заниматься.

Если вернуться к статистике, то она насчитывает более 30000 детей с РАС, но реальные цифры гораздо больше. Такая разница в данных из-за низкой информированности об аутизме.

"Вся статистика, которая есть у нас, некорректна. Потому что есть мировая тенденция, и Казахстан явно от неё не отличается. Согласно этой тенденции, каждый 88 ребенок страдает аутизмом. Это показатели 2015 года. Сейчас же, с аутизмом рождается каждый 55 ребёнок. По последним данным в Казахстане насчитывается не меньше 30 тысяч аутистов. В мире страдает более 10 миллионов человек. По прогнозам учёных в 2020 году этим расстройством будет страдать каждый 30 житель планеты. А ещё через 5 лет – каждый второй. Согласно данным Всемирной организации здравоохранения, ежегодно число детей с аутизмом увеличивается на 13%.

Со слов родителей, чьи дети с РАС, в основном, все симптомы сходятся. У детей появляется речь в 8-9 месяцев, а к двум годам начинает исчезать. К этому времени начинаются поведенческие отклонения, дети начинают убегать, перестают реагировать, когда с ними разговаривают, избегают общения и детских площадок.

Проблемное поведение у детей с РАС обусловлено тем, что ребёнок не умеет общаться, но не может передать то, что ему нужно, так как не умеет говорить.

Если начать коррекцию в первые два года жизни ребенка, то уже к семи годам он может, как и все дети, полноценно посещать школу и развиваться вместе со своими сверстниками. В Казахстане аутизм выявляют пока лишь в три года.

Существует очень много центров по реабилитации аутистов. Только лишь в нашей столице функционирует 20 реабилитационных центров. Все центры коммерческие и, следовательно, дорогие. Центры могут посещать все. Но существуют и общественные фонды, которые предлагают свою альтернативу

В июне 2015 года в Казахстане появился первый центр для детей с аутизмом в Алматы. Сегодня такие центры уже работают в Нур-Султане, Кызылорде и Усть-Каменогорске. Это частные учреждения, которые спонсирует благотворительный фонд Булата Утемуратова "Асыл Мирас".

В настоящее время всё чаще общество сталкивается с такой проблемой, чтобы вовлечь ребёнка с РАС в обычную среду обучения с детьми. Для этого первоначально должны использоваться различные приёмы и методы, чтобы подготовить ребёнка и психически и морально. Создаются различные благотворительные фонды и учреждения, где любой родитель, столкнувшийся с РАС может получить консультацию, а самое главное, оказание помощи для

своего ребёнка. Именно поэтому создаются общественные фонды и наш регион Мангистауской области стал не исключением.

Существуют различные методики обучения, но самой успешной является АВА - сокращение от Applied Behavioral Analysis, его часто называют «золотым стандартом» для лечения аутизма. Прикладной поведенческий анализ (АВА) - это система лечения аутизма, которая, проще говоря, утверждает, что желаемому поведению можно обучить с помощью системы вознаграждений и последствий. АВА можно рассматривать как применение поведенческих принципов к поведенческим целям и тщательное измерение результатов.

Чему же дети могут научиться через АВА?

Большую часть времени АВА предназначена для «погашения» нежелательного поведения и обучения желаемому поведению и навыкам. Например, АВА может использоваться, чтобы уменьшить вспышки и истерики или научить ребенка сидеть тихо, использовать слова, чтобы делать запросы, или ждать своей очереди на детской площадке. АВА также может быть использован для обучения простым и сложным навыкам

Если детям с аутизмом в 1 классе нужно усвоить правила внутришкольного распорядка, то в средней школе могут понадобиться дополнительные занятия по развитию социальных навыков: как знакомиться, за какие места людей можно трогать, за какие — нельзя, на какие темы можно говорить, на какие — нельзя. Обычные люди понимают, что принято говорить, а что не принято. Но ребёнок с аутизмом с вполне сохранным интеллектом может не понимать, что есть вещи, которые можно думать, но при это совершенно нельзя произносить вслух. Например, если учительница носит большой размер одежды, то можно подумать, что у человека есть лишний вес, но вслух об этом лучше не говорить. Или на какую тему можно говорить с девочками или с мальчиками, или со взрослыми, а на какую тему лучше не говорить.

Школа — это школа, у родителей совершенно другая роль и другая система взаимоотношений с ребёнком. Школа и инклюзивный класс — это всё-таки умение учиться в группе детей, поэтому присутствие родителей не может быть полезно априори. Единственной возможностью в тех местах, где нет никаких возможностей, и ситуация такая, что либо ребёнок ходит в школу с родителями, либо его просто выгонят.

Но это возможно, то родители могут не присутствовать на занятиях. Дети должны слушать на уроке учителя, а не родителя. У родителей должна быть своя личная жизнь, они могут работать или не работать — это их личное дело. Но школа построена так, что ребёнка учит учитель. Если он пока не может учиться в группе, значит, надо не родителей работы лишать, а дать ребёнку тьюторскую поддержку.

Тьютор — это не человек, который отвлекает ребёнка и шепчет ему что-то на ухо. Это человек, который создаёт благоприятные условия

Педагог ресурсного класса должен:

- обладать знаниями специальной педагогики и психологии, специальных методик обучения;
- иметь знания по АВА (минимум — уровень АВА в соответствии с международным стандартом);
- знать содержание образовательных программ;
- уметь адаптировать образовательные программы, учебные пособия и материалы в соответствии с индивидуальными особенностями ребенка;
- иметь опыт работы с детьми с РАС. В случае если РК работает не на принципах АВА, а в иной научной парадигме, на должность учителя РК лучше всего подойдет опытный учитель-дефектолог.

В проекте дети с аутизмом реализуют и имеют свое право на получение образования, а казахстанские специалисты открывают для себя новые методы и программы, изучают международный опыт по работе с детьми с особыми потребностями. За годы существования проекта обучение прошли более 600 специалистов, открыты кабинеты поддержки и инклюзии в 20 школах страны, в частности в Актау, благодаря чему 248 детей с аутизмом и другими особенностями развития выведены из надомного обучения.

Корпоративным фондом «Болашақ», при поддержке партии «Нұр Отан» и Управления образования города Актау, открыт кабинет поддержки для детей с особыми образовательными потребностями в средней школе №17 города Актау. В данной школе открыты ресурсные классы для детей с РАС.

Ресурсный класс является основой той методологической помощи, которая так необходима учителям общеобразовательных классов. Он позволяет сделать процесс инклюзии мягким, нетравматичным для всех участников образовательного процесса. Команда ресурсного класса — это помощники учителей, их поддержка в работе со всеми детьми. 99% процентов успеха работы ресурсного класса — это эффективная команда. Команда, в которой каждый человек понимает и точно выполняет свои профессиональные задачи.

Основной моей целью было изучение особенностей раннего аффективного развития детей с аутизмом, приводящих к моменту формирования синдрома к тому разнообразию и даже во многом противоречивости его проявлений, какие мы встречаем в его разных вариантах. Полная отрешенность, симбиотическая привязанность к матери, агрессия по отношению к ней, требование постоянной эмоциональной поддержки с ее стороны; отсутствие страхов, их обилие, влечение к страшному, тревожность и боязливость - вот только некоторые примеры такой возможной полярности проявлений аффективного неблагополучия на ранних этапах развития детей, которым в более старшем возрасте был поставлен диагноз ранний детский аутизм.

Моей задачей была не только систематизация всего того огромного материала, который был собран в известных исследованиях по раннему возрасту детей с аутизмом и в результате собственного подробного анализа развития таких детей, но и попытка понять, что же может стоять за таким разнообразием клинической картины одного синдрома.

Главной задачей психологической помощи семье, воспитывающей ребенка с подобными трудностями, является обучение родителей приемам успешного взаимодействия с ребенком: подъема его активности в контактах с миром и способам его организации.

### **Литература**

1. Конвенция ООН «О правах инвалидов» 13 декабря 2006 г.
  2. Изменения в «Законе об образовании» в 375 приказе от 24 января 2008 г.
  3. Анохин П.К. Эмоции // Большая Медицинская Энциклопедия. -Т.35. - М.: Изд. Советская Энциклопедия, 1964. - С.425-436.
  4. Выготский Л.С. Вопросы детской ( возрастной ) психологии. //Собр. соч.: В 6 т. 5.М.: Педагогика, 1982-1985. -Т. 4. -1984. - С. 243 -385.
- Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М Аутичный ребенок. Пути помощи. М.: Теревинф, 1997. - 342 с.

### **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ**

**Рисбаева Раушана Бидуллаевна**  
Ш.Есенов ат.КМТИУ көпсалалы колледжі

«Инклюзивті» термині - ағылшын тілінен аударғанда енгізілген, араластырылған немесе қосып оқыту деген мағынаны білдіреді. Бұл оқушыларды олардың бұрынғы оқу үлгерімі, денсаулық жағдайы, ата-анасының әлеуметтік – экономикалық мәртебесі мен басқа да жағдайларға көңіл аудармай жалпы білім беру үрдісіне араластыру болып табылады [1].

Инклюзивті білім беру – мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды. Нағыз инклюзия білім берудің 2 жүйесін: жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне қарама-қарсы қоймай, керісінше жақындатады.

Жалпы білім беру ұйымдарында сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың бірлесіп (интеграциялы түрде) оқуын ұйымдастыру кезінде кері салдарлар туындау мүмкіндігін азайту үшін инклюзивті білім беруге қажетті арнаулы жағдайлар тізімін нақты белгілеп алу қажет. Бұл тізім оқу үдерісін ұйымдастыруды, оқу мазмұны мен әдістемесін, балалардың үлгерімін бағалауды және т. б. қамтуы тиіс [2].

Инклюзивті білім беру – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін ұйымдардағы оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткеніндей дәстүрлі білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту - оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді [3].

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері:

- ✓ Адамның құндылығы оның қабілеті мен жетістіктеріне тәуелді емес.
- ✓ Әрбір адам ойлау мен сезінуге қабілетті.
- ✓ Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
- ✓ Барлық адамдар бір-біріне қажет.
- ✓ Түбегейлі білім шынайы өзара қарым-қатынастар негізінде жүзеге асады.
- ✓ Барлық адамдар бір-бірінің қолдауына, қатарластарының достығына мұқтаж.
- ✓ Әр бала білім алуға құқылы.
- ✓ Әр баланың қайталанбайтын бірегей ерекшелігі, қызығушылығы, қабілеті мен қажеттіліктері бар.
- ✓ Балалардың қажеттіліктері назардан тыс қалмай және дербес түрде қанағаттандырылған жағдайда олар жақсы оқиды.

Инклюзивті оқыту үдерісіне психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің ұйымдастырушылық шаралары:

Жалпы білім беру мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйрету үдерісін психологиялық-педагогикалық қолдау үшін психологқа, логопедке, арнаулы педагогқа, әлеуметтік педагогқа арналған кабинеттерді арнайы жабдықтау қажет. Сондай-ақ, кітапхана қорын арнаулы оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен, әдістемелік әдебиеттермен толықтыру керек. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың оқып-үйренудегі қиындықтарын дер кезінде анықтап, оларға коррекциялық-педагогикалық қолдау көрсету үшін, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептегі білім игеруге байланысты қол жеткізілген деңгей туралы оқушылар мен ата-аналарды хабардар етіп отыру үшін тұрақты түрде психологиялық-педагогикалық мониторинг өткізіліп тұруы тиіс. Бұл интеграциялық оқыту сыныбы мұғалімінің арнаулы (коррекциялық) сынып мұғалімімен, пән мұғалімдерімен, психологпен, арнаулы және әлеуметтік педагогтармен тығыз ынтымақтастықта бірлесіп жұмыс жүргізу нәтижесінде іске асады. Осымен қатар арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдаудың бақылануын және орындалуын мектеп психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумы жүзеге асыруы тиіс [4].

Инклюзивті оқытуды ұйымдастыруға қойылатын талаптар [5]:

ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Мүмкіндігі шектеулі балаларға интеграцияланған (инклюзивті) білім беру ісін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарында» мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті оқытуға қойылатын талаптар белгіленген. Бұл талаптар бойынша мұндай балаларды қабылдау және жалпы білім беру үдерісіне ендіруге байланысты мынадай дайындық жұмыстары жүргізілуі тиіс:

-мектептің физикалық тұрғыдан қол жетімділігін қамтамасыз ету (лифтiлер, пандустар, тiрек-қозғалыс аппаратының қызметiнде ақаулығы бар балаларға арналған арнаулы жиһаз (мебель);

-бiлiм беру және коррекциялық-дамыту үдерiстерiн арнаулы техникалық жарақтармен қамтамасыз ету (есту, көру, сөйлеу мүшелерiнiң ақаулықтары бар балалар үшiн);

-коррекциялық-педагогикалық қолдау көрсететiн педагог қызметкерлердi (педагог-дефектолог, әлеуметтiк педагог, педагог-психолог, мұғалiм-логопед) iрiктеп, жұмысқа қабылдау және жалпы бiлiм беру үдерiсiне ендiрiлген балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау жасау;

-педагогтарға, мүмкiндiгi шектеулi және сау балаларға, оқушылар ата-аналарына, сондай-ақ мектептің техникалық персоналына кеңестер беру.

Инклюзивтi бiлiм берудiң әдiстемелiк оқытуы құрылым негiздерi:

Инклюзивтiк бiлiм беру жағдайында бiлiм беру үдерiсiн психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру мәлiметтерiне сүйене отырып, дифференциялық және жеке тiл табу принциптерi негiзiнде жүзеге асыру қажет. Жалпы бiлiм беретiн мектептердi инклюзивтiк деңгейiне ауыстыру шарасы оқу-тәрбие үдерiстерiн ұйымдастыру iсiнде өзгертедi:

-күн тәртiбi, сабақ кестесi, оқу ұзақтығы мен құрылымы өзгередi;

-аяушылық, қорғаушылық бағытындағы педагогикалық режимдердi сақтауға басымдық берiледi;

-педагогикалық қызметтi жоспарлау, оның тиiмдiлiгi мен сапасын бақылау сипаты өзгередi;

-психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумдар құрылып, өзге де психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бағытында қызмет орындары ұйымдасытырылады;

-оқу-тәрбие үдерiсiнiң бағыт-бағдары мен мазмұн-мәнi өзгередi (балалармен тiлектестiк сипатта қарым-қатынас жасау, оқу-тәрбие үдерiсiнiң коррекциялық бағытын дамыту және т. б.)

-бiлiм беру ұйымының пәндiк-дамыту ортасындағы талаптар күшейедi, өйткенi ол мүмкiндiгi шектеулi балаларды жан-жақты дамыту мен ақаулықтарды түзету барысында басты рөл атқарады.

Инклюзивтi топтарда бiлiм берудi ұйымдастыру бағыттары [2]:

Инклюзивтi топтарда бiлiм берудi ұйымдастыру негiзгi 4 бағытта жүргiзiлуi тиiс:

- Жұмыстың диагностикалық бағыты.

Балаға консилиум мамандары кешендi динамикалық бақылау жасау арқылы қамтамасыз етiледi. Консилиум құрамына меңгерушiнiң бұйрығымен дефектолог мұғалiм, логопед, практикалық психолог, дәрігер, топ тәрбиешiсi енгiзiледi.

- Жұмыстың түзетушiлiк-дамытушылық бағыты.

Жеке басқа тұтасынан әсер ететiн шаралар кешенiн қарастырады, жетекшi әрекет түрiн қалыпқа келтiру және жетiлдiру, жеке даму кемшiлiктерiн түзету.

- Жұмыстың жалпы бiлiм берушiлiк бағыты.

Балаларды қоғамдық тәжiрибенi меңгеру тәсiлдерiне үйретудi, әрбiр жас кезеңiне тән олардың танымдық белсендiлiгiн дамытуды, сондай-ақ баланың жеке басының мүмкiндiктерi мен ерекшелiктерiн ескере отырып мектепте оқуға даярлауды қарастырады.

- Әлеуметтiк-тәрбие жұмысы.

Төмендегiдей әлеуметтендiру мәселелерiн шешуге бағытталған:

- бала мен оның отбасының дербестiгi мен автономиясын арттыруға;

- дамуында ауытқушылығы бар тәрбиеленушiлердiң қалыпты дамыған құрдастары арасында ерте, толыққанды әлеуметтiк кiрiктiрудi;

- мектепалды баланың әрекетi мен мiнезiндегi адамгершiлiк бағыттарының қалыптасуына;

- жеке басының оң сапаларын тәрбиелеуге.

Инклюзивтi бiлiм беру тәжiрибесi ерекше бiлiмдi қажет ететiн балаларға жағымды әсерi



- еліктеу арқылы іске асырылады. Қалыпты балалар қоғамында мүше болу - өздерінің жастарына сәйкес қарым-қатынас жасау дағдысы және басқа да әлеуметтік дағды өңдеулерінің рольдік моделін ұсынатын жанында құрбы-құрдасытарының болуын білдіреді. Өзара байланыс балаларға достық қарым-қатынас жасауға, қажетті қолдауды иеленуіне көмектеседі (Snell and Vogle, 1996). Қосу (включение) тәжірибесінің үлкен пайдалы тұсы балалардың когнитивті дамуы болып табылады: оларда оқуға деген құштарлығы пайда болады, зеректілігі дамиды. Табысты қосу балалардың өмір барысында кәдімгі ортада, яғни қалыпты адамдар арасында мәселесіз, қиындықсыз өмір сүруі үшін оларға негізін салуға көмектеседі. Қалыпты балалар да инклюзивті оқудан арнайы қажеттіліктерге ие балаларда кездесетін қиындықтарды тереңірек түсіне бастайды. Оларда басқа балалардың қажеттіліктеріне деген сезгіштік қатынасы тәрбиеленеді, балалар арасындағы айырмашылықты қабылдауға үйренеді, яғни барлық қиындықтарды барлығы жеңіп шығуға болатынын және оларды қоршаған адамдардың қолдауымен табысқа жетуге болатынын түсінеді.

Зерттеулер көрсеткендей, қалыпты дамып жатқан балаларда өздерінен ерекшеленетін адамдарға деген қатынасы жақсарады, олар өздерінің әлеуметтік жауапкершелігін ұғыну сезімі көбейеді (Staub and Peck, 1995).

Қалыпты дамып жатқан балаларға да, ерекше білімді қажет ететін балаларға да ата-ана болу – үлкен міндет болып табылады. Барлық ата-аналар өз балаларының болашағы үшін уайымдайды, ал даму мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары екі есе уайымдайды. Даму мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеу кезінде ата-аналарда ерекше қиындықтар туа бастайды. Егер баланы инклюзивті балабақшаға немесе мектепке белгілеу мүмкіндігі болса – бұл ата-анаға деген үлкен көмек. Егер олар өз балалары баратын балабақша тобының немесе мектеп өміріне белсенді қосылса, онда олардың уайымдары азаймақ. Инклюзивті балабақшаға немесе мектепке баратын бала күннен-күнге жағымды жаққа қарай өзгереді, басқаша бола бастайды және ата-ана, қоршаған ортадан тыс болу сезімін азырақ сезінеді, сонымен қатар, тәрбие жұмысының тиімділігі жоғарылайды және баланың табысқа жетуіне көмектеседі.

Инклюзивті балабақша тобында немесе мектепте жұмыс істейтін педагогтар балалардың даму аймағына байланысты білімдері болуымен қатар, оқу мен тәрбие үдерісін қатар алып жүруі тиіс. Жұмыс тәжірибесіне қарай олар инклюзивті топтарда балалар ерекшелігін көру қабілетіне ие болады, баланың жағымды жақтарын сенімдірек бағалайды, балаға қажетті қолдау аймағын анықтайды. Мұндай топтағы педагогтар әр баланың әлеуетін ашуға, әрбірінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға талпынады, өзінің қылықтары мен әрекет мысалдарында адами қатынастарының құндылығын көрсете отырып, даму мүмкіндігі шектеулі баланы төзімділікпен түзете-тәрбиелейді.

Инклюзивті мектептің пайдалы тұстары:

➤ Білім алуда тең құқылы болуға мүмкіндік. Инклюзивті мектепте отбасы және қоғамда, жалпы білім беретін мектептерде кездесетін – бөлу жоқ.

➤ Білім алу деңгейінің көтерілуі. Негізгі сапалы білім берудің арқасында барлық оқушылар өздерінің жеке қабілеттерінің даму көрсеткішін жоғары деңгейге жеткізе алады.

➤ Қоғамдық өзара білім алу. Ұзақ бірігіп білім алу оқушылар арасындағы әлеуметтік қары – қатынастарды дамытады. Жас балалар қоғамда өмір сүруге дайындалады.

Біздің мемлекеттімізде инклюзивті білім беру жүйесінің жұмыс істеуі барысында төмендегідей сұрақтар туындайды:

-Көптеген білім беру мекемелерінде арнайы мұғалімдер мен тәрбиешілердің балаларға сапалы білім беретін дайындықтары барма?

-Инклюзивті білім беруде мұғалімдер және тәрбиешілермен бірге баланың білім алуына ат салысып жүрген ата-аналар барма?

-Жалпы білім беру мектептерінде балаларға қиындықтар туындай ма, сонымен қатар дамуы артта қалған балаларға арналған қосымша сабақтар бар ма және олар бос уақыттарын қалай пайдаланады?

-Коммуникативті мәселелері бар балаларды қалай оқытады және мұғалімнің өзі коммуникативті әдістерді меңгерген бе? (тілдік жест, Брайль әліппесі және т.б.).

Мектепке дейінгі мекемелердегі немесе мектепте білімдік, әдістемелік жұмыстар толықтай іске асу үшін, жоғары оқу орындарында арнайы мамандарды даярлауды қажет етеді. Қазіргі таңда елімізде инклюзивті білім беру үрдісін жетілдіру мақсатындағы іс-шаралар жалғасын табуда.

### **Әдебиеттер**

1. «Об опыте воспитания и обучения детей с ограниченными возможностями здоровья», О.Г.Буторина, Воспитание школьников, 2010. - №7.
2. «Использование инклюзивных педагогических технологий в диагностике речевого развития учащихся начальных классов», А.С.Баталов, Начальная школа, 2010.- №7.
3. «Качество образования. Образование. Казахстан», Вестник КарГУ, 2017.
4. «XXI век: векторы модернизации системы образования детей с ограниченными возможностями здоровья», Открытая школа, 2012. - №9.
5. «Комплекс мер по дальнейшему развитию системы инклюзивного образования в РК на 2015-2020 годы», приказ МОН РК от 19.12.2014 г. №534 [ЭВ].

## **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНА ОҚЫТУ**

**Сейдахметова Айдана Қарғабаевна**

О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру.

Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді.

Сонымен, инклюзия бұл - қазіргі кездегі қажеттілік. Әр баланың жеке тұлғасы қымбат бола тұра, біздер сенімдіміз, ерекше қажеттілігі бар балаларға әлеуметтік ортаға кіру үшін отбасынан басқа орта керек, басқа балалармен араласу керек, ата-анадан басқа мұғалім қажет. Осы қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында инклюзивті оқыту заман талабы.

Инклюзивті оқыту - адамдармен қарым - қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

3. Әрбір адам қарым - қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір - біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым - қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы - құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету - өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан - жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Мұғалімнің басты мақсаты – алдындағы студенттерге таза білімнің өзін бере білу емес, бүгінгі алған білімін өмірлік қажеттіліктеріне сай пайдаға асыра білуге үйрету. Тұлғаның өзіндік дамуы өз білімі үшін өз жауапкершілігін көтеру оның «көптің бірі» немесе «көптің ең жақсысы» болуымен емес, өз тұлғасының мәнділігін, құндылығымен маңызды болып саналады. Осы тұрғыда білім берудің даму бағыты мен технологияларын қамтитын көптеген педагогикалық технология қолданып келеміз. Олар:

- ✓ проблемалық оқыту технологиясы;
- ✓ кері байланыс технологиясы;
- ✓ жобалап оқыту технологиясы;
- ✓ интерактивті оқыту технологиясы;
- ✓ ойын технологиясы;
- ✓ модульдік оқыту технологиясы;
- ✓ дамыта оқыту технологиясы;
- ✓ кейс технологиясы;
- ✓ Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамытатын» технология әр түрлі пәндер саласында қолданылатын түбегейлі жоспарлар мен әдістемелік тәсілдер жүйесі болып табылады. Ол білім беруде мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді: білім саласында үнемі жаңарып тұратын ақпараттар ағынымен жұмыс жасай білу, өз ойларын жеткізе білу (ауызша және жазбаша түрде), айналасындағылармен анық, сенімді, нақты қарым-қатынас жасай білу, түрлі тәжірибелерге, идеяларға және ұсыныстарға өз пікірін пайымдау негізінде жеткізу; проблемаларды шеше білу, өз бетінше білім алу (академиялық ұтқыр); топта бірлесе еңбектену және жұмыс жасау; басқа адамдармен сындарлы қарым - қатынас жасауға қабілеттілік.

Мен өз іс-тәжірибемде сын тұрғысынан ойлау технологиясын 1304000 – «Есептеуші техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру (түрлері бойынша)» мамандығы бойынша «информатика» пәнінде жиі қолданамын. Сын тұрғысынан ойлау технологиясымен инклюзивті білім алатын оқушыларды оқытатын болсақ нәтижесі бар. Себебі, білім беру саласында жиі көтеріліп жүрген мәселелердің бірі - студенттерді өзін-өзі басқаруға үйрету. Студент санасына білімді жүйелі түрде меңгеруіне және студенттің қабілет деңгейлерін дамытуда осы технологияның маңызы ерекше екендігі мәлім. Олай дейтінім, жаңа технология әдістері студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттырып, өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді. Өйткені, сын тұрғысынан ойлау технологиясында оқытудың әр түрлі белсенді формаларын (топтық, жеке топтық, жұптық, пікірталастар, диспуттар) қолдануға мол мүмкіндіктер бар.

Сыни ойлау - өзіндік ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды. Сыни ойлау- әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы. Сыни ойлау сабағының құрылымдық формуласы 3 кезеңнен тұрады:

- I. Қызығушылығын ояту ( «көпір жасау», ой қозғау)
- II. Мағынаны таныту ( мағынаны ажырату)
- III. Ой-толғаныс ( рефлексия, жаңа білім құрастырылады)

Өз тәжірибемде жаңа тақырыпты оқыту барысында қызығушылығын ояту бөлімінен бастаймын. Мысалы, пән бағдарламасында «Компьютердің қосымша құрылғыларын баптау және орнату» тақырыбының мақсаты мен мазмұнын анықтау үшін «Суреттер сөлейді» әдісімен жаңа тақырыпты анықтаймын және құрылымымен, мақсатымен таныстырамын. Сонан соң мағынаны

тану бөлімінде топты негізінен 6 студенттен шағын топтарға бөлу арқылы олардың өзара белсенді әрекеттенуіне ықпал жасаймын. Мағынаны тану бөлімінде тыңдау, жазу, көру, айту мүмкіндіктері ескерілген. Сын тұрғысынан ойлау оқытудың мағынаны ажырату бөлімінде келесі белсенді формаларды қолданамын: «Қарлы кесек», «Брейн-ринг», «Ойлан да тап» оқыта үйрену ойындары, сауалнама "Бос қалған сөздерді толтырыңыз" және пікірталастық, рөлдік оқыта үйрету ойындары, жеке-топтық жұмыс формасын, өзара оқыту, оқыта үйрену ойындарын қолданамын. Әсіресе, оқыту барысында тиімді, нәтижелі топтық жұмыс формасын жиі қолданамын. Себебі, топтық жұмыс студент пен студент, студент пен мұғалім араларындағы білім алу, білім беру әрекеттері үлкен орын алатынын көруге болады. Студенттердің топтық жұмыс жүргізу алдында оларды қабілетіне, қызығушылығына, икеміне, біліміне қарай лайықтаймын, тексеру мен бағалаудың әділдік, жариялылық талаптарын орындау, ұстаз бен шәкірт ынтымақтастығы арқылы студенттің белсенді ойлауына, белсенді сөйлеуіне, шығармашылығына қол жеткізу. Қорыта айтқанда колледжде инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Бұл бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі студенттерді шынайы қарым - қатынас шеңберінде тәрбиелеудің бастауы болмақ. Біз мүмкіндігі шектеулі студенттерге білім бере отырып, оларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз.

### **Әдебиеттер**

1. Нағымжанова Қ.М. Бастауыш білім берудегі жаңа технологиялар: Оқу құралы - Өскемен, 2005
2. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар- Алматы, 2006.
3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы
4. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010
- 5.Республикалық педагогикалық –әдістемелік журнал .Әлеуметтік педагог .№4 2010ж

### **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ – ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ОҚУШЫЛАРҒА ЖАҒЫМДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОРТА ОРНАТУ ЖОЛДАРЫ**

**Утешова Гулмира Очиловна**

О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі

Елбасының дәстүрлі әрбір жылғы Жолдауында маңызды мәселелердің бірі ретінде – қоғамның ең бір әлсіз қорғалған мүшелерінің, соның ішінде даму мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірін лайықты қамтамасыз ету, оларға сапалы білім беруді қалыптастыру екені айқын көрсетілген. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (педагог-дефектологтың, логопед, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде мұғалімдерге үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Инклюзивті білім алатын балаларға білім беруде ең басы ескеретін дүниеміз – жағымды психологиялық орта қалыптастыру. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға жағымды психологиялық орта қалыптастыру маңызды рөл атқарады. Жағымды психологиялық орта қалыптастыру мамандардың жүйелі ұйымдасқан, бір тұтас әрекеттерінің барысында әрбір баланың білім беру - тәрбие үдерісінде өз мүмкіндігі мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін қажетті әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдау.

Бағалау қызметінде психологиялық және педагогикалық қолдау көрсетудің екі бағытын көрсетуге болады:

1. Өзекті – балада осыған дейін пайда болған қиындықтарды шешуге бағытталған;
2. Перспективалы – оқуда болуы мүмкін ауытқуларды ескеру және алдын алуға бағытталған.

Перспективалы ортада жағымды психологиялық орта қалыптастыруда педагогтар мен әрбір оқушыдан келесі ережелерді сақтауды талап етеді.

1. Білім алу процесіне оқушылардың әрқайсысымен өзара сыйластық пен сенімге негізделген жеке қарым – қатынас орнатуға мүмкіндік беру. Сыйластық қарым-қатынасты оқу процесінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл өміріміздің мәні мен мағынасы деген философиялық түйін ұстанып, сабақтың негізіне айналдыру керек. Дана қазақ «Сыйға – сый, сыраға – бал!», «Сыйлағанның құлы бол!» деп бекер айтпаған. Өзгені сыйлау арқылы біз өзіміздің ішкі дүниемізді ашып қана қоймай, оны дамыта, тереңдете түсетіндігіміз ақиқат. Сонымен қатар педагогтарға сенім арта түседі. Адамға шүбә мен сенімсіздік емес, сенім артқан жөн.

Оқушыларға «Сіз» деп қиылғанның өзі шәкіртті өзімізге қарай тартпай ма?

2. Қарым – қатынаста қысымнан бас тартып, «жұмсақ» әдістерді қолдану. Сабақ беруде халқымыздың «Жақсыдан жылы шығады», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Жүзі жылыдан түңілме», «Жылы -жылы сөйлесе – жылан інінен шығады, суық-суық сөйлесе – мұсылман діннен таяды» деген аталы сөздерді ұмытпаған абзал. Сондықтан да қысымға негізделген әрекеттерді педагогикалық қызметтен алып тастау керек, өйткені олардың игі нәтижеге апаруы неғайбыл нәрсе.

3. Әрбір оқушы мен бүкіл топ болып жұмыс жасауға мүмкіндік беру және бір – біріне көмек беруге баулу. Оқу процесінде оқушылардың барлығы да өздерінің ортақ іспен айналысып, маңызы бар проблеманы шешіп жатқандығын есте ұстауы қажет. Сол себепті де жанындағыларға көмек беру – бірлескен жұмыстың нәтижелігін арттырады деп тұжырымдаған. Ал педагог оқу процесі барысында әрбір оқушы мен топтың жұмысын, оның нәтижелерін қуаттап, қолдап, қолпаштап отыруы қажет.

4. Әрбір пікірді тыңдай білу, оны сыйлау және онымен санасу. Әр мәселе бойынша әрбір адамның өзіндік пікір қалыптастыратындығы хақ: «Қанша адам бар болса, пікірлер де соншама» деп бекер айтылмаған болар. Сайып кәелгенде, *білім дегеніміз әр адамның өзіндік түсінігі, пікірі, ұстанымы, тұжырымдамасы, көзқарасы, пайымдауы, уәжі, ойлары, ұсыныстары, дәлелдері.* Сондықтан да, білім алу процесінде оқушылардың өзіндік көзқарас қалыптастыруға ұмтылуын ынталандырып, әрекеттерін қуаттаған жөн. Педагог оқушылардың кез келген өзіндік ұстанымын қабылдау қажет. Тіпті шәкірттердің пікірі қолданыстағы пікірлерге қайшы болсада. Педагогтың бұл жердегі негізгі ұстанымы «Мен Сізбен келіспеймін, алайда Сіздің пікіріңізді сыйлаймын!» болғандығы шарт.

5. Жағымды (позитивтік) және конструктивтік көзқарас ұстану, ешкімді де, ешнәрсені де (өзгенің пікірі мен көзқарасы) сөкпеу, даттамау. Жұмыс барысы мен нәтижесінде туындайтын сәтсіздіктердің алдын алу, оларды болдырмауға ұмтылу, ал сәтсіздік болған жағдайда кімнің кінәлі екендігін іздемей, оның себептерін талдап, болашақта оны қайталамаудың жолдарын қарастыру. Педагог бірінші кезекте «жараға жабысқан шыбын» сыяқты болмай, оқушының бойынан, оның іс-әрекетінен, жасаған жұмыстарынан қате іздемей, керісінше, жақсы мен жағымды қасиеттерге, сәтті шыққан жерлерге назар аудару қажет.

6. Оқушылардың қателесу құқығын толығымен мойындау. Қателесуден еш қорқпау керек: «Тек еш нәрсе жасамайтын адам ғана қателеспейді» деген нақылды бәріміз де естен шығармауымыз қажет.

Қатені өрескелдік, төтенше жағдай, шектен тыс қылмыс деп түсінуден ауылымызды аулақ салайық! Өйткені сабақ дегеніміз үйрену алаңы, полигоны. Ал мұнда біз қатені дұрыс түсініп, оны үйренудің ажырамас бөлігі деп есептеп, «қатесіз үйрену мүмкін емес» деген принципті ұстануымыз керек. Сонда ғана оқушылар қателесуден қорқпайтын, пікірін ашық білдіретін болады.

7. Педагог сабаққа әртүрлі тәсілдер мен құралдарды қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін ашыуға мүмкіндік бер. Бұл жәйт оқушылардың назарын білім игерудің қиыншылықтарынан оның қызықты жақтарына аударады, оларды ынталандырады, еркіндік береді. Еркіндік болған жерде қабілеттерде ашылары сөзсіз.

Біз инклюзивті білім алатын ерекше оқушыларға өмір сүру жолдарын үйренуге мүмкіндік беруіміз керек. Мұндай ойымның дәлелін ғұлама ғалым Альберт Эйнштейннің мына сөзімен жеткізгім келеді: «Мен өз шәкіртімді ешқашан үйретпеймін, мен тек олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысамын» деп айтқан болатын. Мен де кез-келген оқушыға білім беруде осы ұстанымды басшылыққа аламын.

Психологиялық сүйемелдеу, қолдау ол бөлек әңгіме...

«Психологиялық сүйемелдеу» түсінігін көптеген зерттеушілер білім алушылардың өзекті мәселелерін шешу мүмкіндігін қамтамасыз ететін шарттарды құруға бағытталған психологтың ұйымдастырылған іс-әрекеті ретінде анықтайды. Психологиялық сүйемелдеу бір мезгілдік шара емес. Бұл – психологиялық қызмет көрсету барысында жүйелі түрде ұйымдастырылатын және тұрақты орындалатын жұмыс. Психологиялық сүйемелдеудің ең басты қағидаларының бірі тұлғаға уақытында көмек көрсетіп, қолдау ғана емес, осы үдерістің қиыншылықтарын өздігінен жеңіп шығуға, тұлғалық қалыптасуына жауапкершілікпен қарауға үйрету, әлеуметтік өмірде толыққанды субъект болып қалыптасуына ықпал ету. Психологиялық сүйемелдеу, әсіресе, инклюзивті оқыту жағдайында ерекше маңызға ие: топ ұжымындағы әр түрлі категориядағы балалардың даралық ерекшеліктерін ескере отырып, оларға жеке қатынас жасау, даму мүмкіндіктерін болжау және ұжымдағы өзара қарым-қатынас тиімділігіне жасау.

Қазіргі таңда еліміздегі мүмкіндігі шектеулі балалар өзінің қадыр-қасиетін қамтамасыз ететін, өзіне деген сенімділігін арттырып және қоғамдық өмірге белсене араласуына жәрдемдесуін толыққанды жағдайларда лайықты өмір сүруге, яғни, мүмкіндігі шектеулі балаларға жан-жақты педагогикалық қолдау көрсетіліп, әрбір бала шама — шарқына қарай білім көлемін меңгеруде. Интеллектуалдық жетіспеушілік салдарынан мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыптасуы әртүрлі аспектілерінде қиын жағдайларда өтеді. Олар мадақтауға, қолдауға және ренжісуге әсершіл болып келеді. Дегенмен, жаратпау және еркелету эмоцияларын ажырата алады. Бірақ, өз эмоцияларын вербалды түрде көрсете алмайды. Өзінің адамдарға деген қатынасын жымыюмен, адам бетіне аянышты түрде қараумен білдіреді. Негізінен, мүмкіндігі шектеулі балалар селсоқ, өзіне — өзі сенімсіз, кейбіреулері шектен тыс ызакор болып келеді. Олардың эмоциялары әлсіз, алайда күйзелістері тұрақты, терең болады. Мұндай балалар айқайлауға, жүгіруге, рұқсатсыз зат алуға, шулауға, қырсығуға болмайтындығын түсінбейді. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін педагогтарымыз психологиялық сауатты болуы қажет деп ой қорытындылаймын.

### **Әдебиеттер**

1. Оқытудағы интербелсенді тәсілдер. 2014ж. Астана
2. <http://zkoipk.kz/smartconf2017/4-section/3625-conf.html>
3. Байтұрсынова А. А. «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж <https://www.unicef>.

## **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Қаби Жазира Датқызы**

Ш.Есенов атындағы КМТИУ көпсалалы колледжі

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді қолдау бағытында жалпы білім беретін мектептерде белгілі себептермен ақыл - ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылар білім алуда. Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі.

Десекте қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. Осы ретте мектебімізде әрбір мүмкіндігі шектеулі оқушының даму деңгейі мен жас ерекшелігі ескеріліп білім берілуде. Бүгінде еліміздің барлық аймағында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қолдау негізінде жалпы білім беретін мектептерде түзете-дамыта оқыту, қосалқы бағдарламамен оқыту сыныптары біртіндеп ашылып жатыр. Инклюзив - сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады. Инклюзивті білім беру-мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Бұл арнаулы білім беу жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды. Нағыз инклюзивті білім берудің 2 жүйесін жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне жақындастырады. Жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бірлесіп (интеграциялы түрде) оқуын ұйымдастыру боп табылады. Қазақстан Инклюзивті оқыту- даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі. Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы қалыпты балалар сыныбында –тобында оқиды және дефектолог мұғалімнің жүйелі көмегін алады), жартылай (жеке балалар күннің жарты бөлігі арнайы топтарда, ал екінші бөлігі) қарапайым топтарда өткізіледі. Уақытша арнайы топтардағы бала бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді, өткізу үшін біріктіріледі. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасын қамтамасыз ету, сонымен қатар оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастырудың идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткендей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалып жатады. Мұндай қалыптасқан жүйе баланың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайын да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады. Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу- педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай істейтін міндеттің шешіміне байланысты:

Жаңа құралдарды қолдану қызметімен балаларды үйрету

- Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жалпы дамуы және бұзылысын түзету мақсатында жаңа компьютерлік технологияны қолдану.

Ақпараттық технологияны қолдану мен дамытуда терең және кешенді ауытқуы бар балалар үшін өзара іс-қимылды қабілетті қамтамасыз ету мен қоршаған ортамен қатынас, бірегейлі құралдар болып табылады.

Ақпараттық- технологияны қолдану барысында мынадай міндеттерді шешеді:

- Оқу үрдісіндегі кейінгі байланысты қамтамасыз ету;
- Оқу үрдісін көрнекіліктермен қамтамасыз ету,
- Кең таралаған білім көздерінен ақпаратты іздестіру,

- Оқу үрдістерін немесе құбылыстарын құру;
- Ұжымдық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру;

Оқыту құралдары ретінде ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жұмыс істеу тәсілдері әртүрлі: топпен, жеке, сыныппен. Белгілі ғалымдар Ж. Пиаже («Психогенездік білім» 1961) және Л.С.Выготский («Оқыту үрдісінде балалардың ақыл-есінің дамуы» 1935) ұйымдастырылған жаңа білімге немесе жаңа әрекетпен оқыту бойынша қызмет жағдайында ғана педагогтар оқыту үрдісін тиімді дамытуына үміт артатындығын өзінің жұмыстарында жазды. Демек кез-келген оқыту, тек білім беруден басқа түзете-дамыту жұмыстары болатын көрнекті - тәжірибелік сикырлы іс-әрекет, ол виртуалды іс-әрекет деңгейіндегі интерактивті технологияларды- компьютерлік ойындарды қолдану болып табылады. Дефектология саласындағы зерттеулер арнайы білім беру жағдайларындағы негізгі міндеттерді шешу үшін педагогикалық процесінде АКТ- нің тиімділігі арнайы педагогпен келесі бағыттар бойынша жұмыс өткізудің сапасына тәуелді деп анықталды. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану мақсатында ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық, эмоцияналдық, коммуникативтік дамуына жетілдіруге үлесінің зор екендігі практика жүзінде жүргізілген жұмыстардың нәтижесінен көруге болады.

Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық танымдық процестері жағынан тиімділігі:

- Ø Әдістемелер арқылы іс- әрекет барысында логикалық, операциялық, анализдеу сынды әрекеттері дамып, қалыптасады;
- Ø Ақпараттық интерактивті технологияларға қызығушылықтары артып, зейін шоғырландыру, тұрақтандыру, соның ішінде ырықты зейінді қалыптастыруға ықпалы зор;
- Ø Психологиялық интерактивті жаттығулар, әдістер арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың қиялын ұштауға қанаттандырады;
- Ø Дәстүрлі әдістерден гөрі ақпараттық технологиялар арқылы қолданыла көрсетілген көрнекі- жабдықтар бала есінде ұзақ мерзімді сақталып, есте сақтау процесінің дамуына септігін тигізеді;

Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық- эмоцияналдық сферасы жағынан тиімділігін қарастырсақ:

Ақпараттық технологияларды қолдануда тиімді интерактивті әдістерді пайдаланып, мүмкіндігі шектеулі балалардың белсенділігін арттыру;

Релаксациялық- медитациялық жаттығуларда ақпараттық технологиялық құралдарды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың ішкі психологиялық ахуалдарын тұрақтандыру; Вербальді емес психологиялық сферасын тұрақтандырып, қалыптылыққа негіздеп, дамыту; Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың коммуникативтік сферасын дамыту жағынан тиімділігін қарастырсақ:

- Қоршаған ортамен, ұжыммен, топпен жұмыстанып, бірлесе әрекет жасауға;
- Вербальді, вербальді емес қарым- қатынасын түзете- дамытып, ортада өз «Менін» қалыптастыруға;

Сондықтан да инклюзивті білім беруде ақпараттық- коммуникациялық технологияларды мүмкіндігі шектеулі балалардың жас ерекшелігіне сай дайындап, пайдаланып, пәндер бойынша бағдарламаларын құрастырып, түзете- дамыту жұмыстарын жүргізсе, мүмкіндігі шектеулі жандардың заман талабына сай тұлға қалыптастыруға септігі зор екендігі белгілі. Инклюзивті оқытуда мұғалім жаңа технологияларды игеріп, оқушы танымы мен қызығушылығын арттыруда ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі зор.

## Әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж
2. А.А.Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж



## **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ «M-LEARNING» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ РӨЛІ**

**Бекбулатова Ә.Б., Жумабаева Л.О.**

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Қазіргі таңда қоғамның қарқынды түрде дамуына сәйкес, қоғамның кәсіби білімге қойып отырған талаптары да күшейіп келеді. Әлемдік білім беру кеңістігі инновациялық үдерістерді дамытуға, қолдануға және басқаруға деген қызығушылықтың артуымен бағаланады. Әлемдік экономикадағы орын алып отырған өзгерістер кәсіптік білім беруді жаңғыртудың қажеттілігін, атап айтқанда оны ғылыммен біріктіруді талап етуде. Осы талаптардың күшеюіне байланысты, мобильді технологиялар сөзсіз білімнің барлық салаларына еніп, білім беру ортасын ұйымдастыруға кешенді тәсілдер ұсынуда.

Осы тұста электрондық оқыту («e-learning») технологияларының өте қарқынды дамуы орын алды. Сонымен қатар, Қазақстанның білім беру процесінде дәстүрлі білім беруден өзгеше жаңа оқыту түрлері пайда болуда.

Оларға қашықтықтан оқыту, электронды оқыту, сондай-ақ мобильді оқыту деп аталатын салыстырмалы түрде жаңа технология кіреді. Мобильді оқыту -бұл біздің шетелдік әріптестердің пайымдауынша, мобильді құрылғыларды қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыратын заманауи технология. Соның ішінде, мобильді оқыту «M-learning» тәсілін электрондық оқыту «e-learning» ұғымдарын ажырата білу қажет [1]. Электрондық оқыту дегеніміз - білім беру ортасында компьютерлер мен басқа құрылғыларды пайдалануға мүмкіндік беретін құралдар мен әдістер, бірақ олардың қол жетімділігі мен мобильділігіне назар аударылмайды. Осылайша, қазіргі тенденцияларға сәйкес электрондық оқытуды дамытудың келесі кезеңі мобильді оқытуға бағытталады.

Мобильді оқыту технологиясының танымал болу себептерін келесі көрсеткіштермен сиппаттауға болады:

- Білім беру қызметін өзіне ыңғайлы жерде және ыңғайлы уақытта алуға ұмтылу;
- Оқуды, нені оқуды, қалай оқуды және осы үшін қандай ресурстарды пайдалануды өз бетінше таңдауға ұмтылу;
- Халықтың өсіп келе жатқан ұтқырлығына байланысты, мүгедектердің әлеуметтік және кәсіби өмірге араласуы;
- Заманауи цифрлық технологиялардың көмегімен білім алуға, оларды оқу құралы ретінде пайдалануға ұмтылыс [2].

Бұл мүмкіндіктер білім алушыларға өз бетінше ойлауға, қажетті ақпаратты іздеуге, оны өңдеуге, мәселені анықтауға, алған тәжірибесі мен білімін талдауға, оқушының ынтасын арттыруға және білім беру процесінің қазіргі заманғы тұжырымдамасына сәйкес келетін үздіксіз білім дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Және де, негізгі ерекшеліктерінің бірі мобильді оқыту кезінде оқу материалдары мультимедиялық форматта тез және үнемді түрде ұсынылуы мүмкін.

Осындай мүмкіншіліктермен дамып келе жатқан оқыту тәсілін кез-келген уақытта, кез-келген жерде үйренуге мүмкіндік беретін мобильді компьютерлік орта мен электрондық оқытудың қиылысатын нүктесі деп пайымдауға болады. Ал, мобильді оқытудың жалпы құрылымын келесідей жіктеуге болады:

- Мобильді оқытуға арналған қосымшалар
- Ұялы байланыс пайдаланушыларына арналған инфрақұрылым
- Мобильді хаттама
- Желілік инфрақұрылым

Сонымен қатар, мобильді технологиялар оқушының психикасы мен ойлау тәсіліне әсер етеді. Яғни, олар біртіндеп сіз сабақ кестесінде ғана емес, кез-келген уақытта және кез-келген жерде үйренуге болатындығын түсінеді. Д.Келли еңбектерінде білім берудегі ойлау қабілеттерінің жаңа тәсілдері және соған сәйкес жаңа білім беру форматтары, мысалы,

мобильді подкасттар, микроблогтар, әлеуметтік желілер және ленталар және т.б. бар екенін айтады [3]. Бұл көзқарас адамның өмірі мен уақытын басқаруға деген қазіргі психологиялық көзқарасты көрсетеді.

Бүгінгі таңда білім беру мақсаттарында сәтті қолданысқа ие болған мобильді қосымшалардың толық жиынтығын мысалға келтіретін болсақ, мысалы, Space 4D бағдарламасы күн жүйесінің, планеталардың және басқа астрономиялық нысандардың құрылымын зерттеуге мүмкіндік берсе, Anatomy 4D қосымшасы студенттер - биологтар немесе дәрігерлер үшін қызықты. Elements 4D мобильді тренажеры химия сабақтарында қолдануға болады және оқушылардың білімін толықтырады. Осындай танымал қосымшалар, жаратылыстану ғылымдарын және шетел тілдерін үйренуге және тереңдетуге қолданылады, өйткені оларда ағылшын тілінің интерфейсі бар және ағылшын тіліндегі терминдер мен атауларды қолданады.

Сондықтанда, мобильді технологиялар мен оқыту қосымшаларын қолдану педагогикалық процесті одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді [4]. Көптеген ғалымдар мен оқытушылар АКТ қолдауымен оқытудың болашағы мобильді байланыстың таралуына, смартфондар мен гаджеттердің танымалдылығына, көптеген білім беру қосымшалары мен бағдарламаларының пайда болуына, сонымен қатар білім беру мүмкіндіктері мен сапасын кеңейтетін жаңа технологияларға байланысты екендігіне сенімді.

### **Әдебиеттер**

1. Шубина И.В. Мобильные технологии в организации образовательной и научной среды вуза / IV Шубин. - Текст: прямой, электронный // Молодой ученый. - 2016. - № 7,6 (111,6). - С. 268-271.
2. <https://bilimdine.kz/?p=9463>
3. Kelly D. Lessons Learned from the McLearnCon 2011 Backchannel [Электронный ресурс] URL: <http://www.learningsolutionsmag.com/articles/705/lessons-learned-from-the-mlearncon-2011>
4. <https://moluch.ru/archive/135/37927/>

### **БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ТҮЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Еңсегенова Жанбота Серікқызы**

**Аренова Асыл Хадыржановна**

III. Есенова атындағы Каспийский мемлекеттік технологиялар және инжиниринг  
университеті

Студенттердің өмірге белсенді көзқарасының бағыты педагогтің ықпал етуі арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары олардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру үрдісінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Тәрбиенің ең бастапқы формалары педагогтің студенттермен мазмұнды қатынасында, жан-жақты іс-әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, оларға арналған тапсырмаларды орындау негізінде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтік жұмыс еңбексүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Студенттерде ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге әрекет ету, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де студенттің жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырып отырады.

Студенттерді адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас (тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау, кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т.б.), ұжымда тәрбиелеу, студенттердің өзара бірлескен қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдерін қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайлылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды. Қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып педагог студент жа стардың бар істі шын пейілмен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді, яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жан дүниесін, оның ережеге деген көзқарасын көрсетеді. Рухани-адамгершіліктің қалыптасуының жоғары деңгейі адамның ішкі жан дүниесі, өзіндік сана сезімінің дамуы болып табылады. Өзіндік сана-сезімнің реттегіш рөлі оны практикалық іс-әрекеттің субъектісі деп қарастырудан, жеке өзінің адамгершілік қасиеттерін, қызығушылығын, құндылығын, мұратын, мінез-құлқын ұғынуы мен бағалауынан көруге болады. Сондықтан студенттердің рухани-адамгершілік сана, сезіммен бірлікте қарастырылатындықтан, олардың өзіндік санасы туралы теориялық білімі ғана қалыптаспай, өмірлік бағыт қалыптастырып, практикалық тұрғыда жетілдірудің міндеттері шешілуі тиіс.

Соңғы жылдары тәрбие мақсатын анықтауда «үш деңгейлік» әдіснама негізге алынды. Оның үшінші деңгейі гуманистік парадигма тұрғысынан қарастырылып, адам өмірінің мақсаты мен мән-мағынасы оның өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру қажеттілігін таныту арқылы ашылады деп тұжырымдалады. Сондықтан үшінші деңгейдегі мақсат – тұлғаға бағдарлану негізінде тек баланың алған тәлім-тәрбие мазмұнын қайталау емес, оның табиғатына және өз тәжірибесін толық сезіну тәсілдеріне бағытталған болуы шарт. Осыған байланысты ғалымдар Г.К.Нұрғалиева, А.А.Бейсенбаева, Р.К.Төлеубекова, А.А.Калюжный, Б.К.Құдышева, А.К.Қаптиева және т.б зерттеулерінде баланың адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекетіндегі адамгершілік сана-сезімі, дағдысы, өзіндік «Мен» бейнесі ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерімен ықпалдасып, субъекті ретінде танылуға, құндылық бағдарының қалыптасуына, басқа адамдармен алуан түрлі қарым-қатынаста өзіндік «Менін» саналы түрде көрсетуге ықпал етеді деген. Ғалым Г.Қ.Нұрғалиеваның пікірінше, адамгершілік, ізгіліктің сапалық мәнін айқындайтын ұғымдардың бірлігі – құндылық деп тұжырымдайды. Студенттердің бойында адамгершіліктің адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілділік, басқалардың мүддесі үшін жан аяушылық сияқты жеке қасиеттерді іс-әрекет үрдісінде бірлесе отырып дамытуды көрсетті. Қорыта келгенде, жоғары оқу орындарындағы педагогикалық үрдісте студенттердің рухани-адамгершілік нормалары: өз бойындағы адами қасиеттер, мейірімділік, қайырымдылық, ар, ұят, абырой, парыз, жомарттық, батылдық, шыншылдық, сыпайылық, әділдік, үміт сенімдерін дамыту болып саналады. А.Қ.Қаптиева салауатты өмір салты негізінде адамгершілікке тәрбиелеудің жолдарын көрсетіп, оларды жүзеге асырудағы мүмкіндіктерді жан-жақты ашып көрсете алған. Зерттеуші рухани-адамгершілік белгілі адамгершілік құндылықтар жүйесі негізінде жүзеге асатындығын айта келе, адамгершілік құндылықты тұлға өзінің іс-әрекетінде, қарым-қатынасында, игерген өмірлік тәжірибесінде пайдаланып, өзінің табиғи болмысын байыта алатын, мәдени байлықтарды меңгерген, соған сәйкес әр түрлі іс-әрекеттер, сезім, сана, мінез-құлықта, қоғамдық қатынаста тұлғаға тірек болатын сенімдер жүйесі деп санайды [1]. Г.А.Ерғалиева рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесінің педагогикалық негіздері, студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде өзін-өзі тану, тәрбиелеу мүмкіндіктерін анықтап, құндылықтарға жіктеме беріп, жалпы адамзаттық құндылықтар, жоғары сапа деңгейіндегі құндылықтар және рухани-адамгершілік құндылықтар деп үшке бөледі. Рухани-адамгершілік құндылықтарға мәдениет, саясат, әдебиет, Отан Ана, Жер, дін, ар-ождан, парыз, ерік, жігер, күш, махаббат, қайырымдылық, мейірімділік т.б. жатқызған [2].

А.Т.Утебаева орта буын оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесінің мазмұны, өзіндік психологиялық ерекшеліктерін, ауыл мектебінің оқу-тәрбие үрдісі ерекшеліктері жағдайында оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін қарастырған [3].

Ғалымның еңбегінде баланың рухани-адамгершілігіне әлеуметтік орта, отбасы мүшелері, достарының белгілі мөлшерде әсері ашып көрсетілген. Р.К.Төлеубекованың зерттеу жұмысында оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негіздері жан-жақты қарастырылып, білім беру жүйесінде оларды жүзеге асыру бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасалған [4]. А.С.Әмірова, Г.А.Кайбулдаеваның зерттеулері мектепке дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін зерттеуге арналады [5], [6]. Соның ішінде ғалым Г.А.Кайбулдаева айналадағы құбылыстарға адами сипат беру, оларды «жандандыру» арқылы қабылдау тұлғаны рухани дамытудың психологиялық тетігіне жататындығын айтады. Адам өміріне лайықты қатынас құру үшін, оны Рақымдылық, Сұлулық, Ақиқатқа негіздей білу керек. Өмір туралы, өмірлік құндылықтар жүйесі жайында толғануды кейде рухани қызметі, тұлғаны қалыптастыру жүйесінің ең маңызды құрылымы деп санады. Б.Сүлейменова өзінің «Бастауыш сынып оқушыларын қазақ батылар жыры арқылы адамгершілікке тәрбиелеу» атты тақырыптағы зерттеу жұмысында адамгершілік тәрбиесін моральмен байланыстырып, гумандық, қайырымдылық, патриоттық және интернационалдық сияқты қасиеттердің мазмұнын ашады. Зерттеуші бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік дамуы және тәрбиенің өзіндік тоғыз ерекшелігіне сипаттама береді [7]. Зерттеуші Р.А.Джанабаева «Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері» атты еңбегінде адамгершілік-этикалық қасиеттерге тұлғаның адамдарға, ұжымға, қоғамға адами көзқарасын сипаттайтын қасиеттерін; адамның моральдық-этикалық келбетін анықтайтын қасиеттерді; тұлғаның адамдармен қарым-қатынасын сипаттайтын қасиеттерді жатқызған [8]. А.А.Таутенбаеваның жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын қазақ және ағылшын халықтарының мәдени құндылықтарын салыстыра пайдалану материалында қалыптастыруды негіздеген. Ол жалпы адамзаттық құндылық, жоғары сапа деңгейіндегі ХХІ ғасыр құндылықтары, әлеуметтік-мәдени құндылықтар, ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтар деп жіктеп, жалпы адамзаттық құндылықтардың орнығуы қоғамның тарихи дамуының заңды нәтижесі болып табылатындығын тұжырымдаған [9].

Б.Қ.Игенбаева рухани адамгершілік құндылықтарды білім мазмұнына енгізу тәсілдерін жүзеге асырудың мынадай мүмкіндіктерін ұсынады:

1. Рухани-адамгершілік құндылықтарды кез-келген пәнді оқытудың мазмұнына енгізу;
2. Сыныптан тыс сабақтарды баланың адамдық асыл қасиеттерді игеруіне ықпал ететіндей бағытта ұйымдастыру;
3. Жеке пән ретінде жүргізілетін сабақтардың бағдарламасына енгізу [10].

Қорыта айтқанда, тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесі тұтастай алғанда өте күрделі көп қырлы үрдіс. Оның адам өмірінде толықтығы, қарама-қайшылығы жағынан отбасынан, қоғамнан, мәдениеттен, еліміздегі мәдени-тарихи дәуірде қалыптасқан халықтың тәжірибесінен және адам санасынан бөліп қарастыру мүмкін емес.

### Әдебиеттер

1. Қаплиева А.К. Инновациялық технологиялар - білім сапасын арттыру құралы // Қазақстан мектебі. - 2013. - №12. - С. 6-8.
2. Ерғалиева А.Г. Рухани-адамгершілік құндылық негізінде студенттердің өзін-өзі тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: пед.ғыл.канд. ....дисс.: 13.00.01. - Атырау, 2006.
3. Утебаева А.Т. Педагогические основы валеологизации и здорового образа жизни. – Шымкент, 2006.
4. Төлеубекова Р.К. Жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері. Докт.дисс., Алматы, 2001ж, 311б.
5. Әмірова Ә. С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық-іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен практикасы: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2009.

6. Кайбулдаева Г.А. Ұлттық балабақшалардағы рухани-адамгершілік тәрбие жүйесінің тарихи даму бағыттары. – Түркістан, 2008. - 159 б.
7. Сүлейменова Б. Бастауыш сынып оқушыларын қазақ батырлар жыры арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. пед.ғыл.канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2006. – 25 б.
8. Джанабаева Р.А. Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері. Пед. ғыл. докт. дис. авторефераты. - Алматы, 2006 ж. 42б.
9. Таутенбаева А.А. Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру (қазақ және ағылшын халықтарының мәдени құндылықтарын салыстыра пайдалану мысалында) : автореферат дис. . пед. ғылым. канд. : 13.00.01 : Қазақ мемлекет. қыздар пед. ун-ті. - Алматы, 2009. - 25 б.
10. Игенбаева Б.Қ. Ана тілі сабағында жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыта оқыту әдістемесі. (1-2 сынып). Канд.дисс., Алматы, 2002 ж. 142 б.

## **МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Туракова Гайша Алпамысовна**

Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ көпсалалы колледжі

Білім саласындағы тиімді оқытуға арналған мемлекеттік саясат – инклюзивті білім беру, барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жою, ата-аналарын белсенділікке шақыру, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, олардың құқығын кемсітпеу яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқыту және адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, оларға арнайы жағдай қалыптастыру негізі болып саналады

Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы, Білім беру туралы, Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы, Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы, Арнайы әлеуметтік қызмет туралы Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе білім баршаға бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті оқыту – балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс - әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту - адамдармен қарым - қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым - қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір - біріне қажет
5. Білім шынайы қарым - қатынас шеңберінде жүзеге асады
6. Барлық адамдар құрбы - құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір білім алушы үшін жетістікке жету - өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан - жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы.

Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан білім мекемелерінде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді. Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады.

Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті-сегіз жастан анық байқалады. Ата-аналары көмекші не арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен коррекциялық-түзету сыныптарына кемтар балаларын бергісі келмеген жағдайда жалпы білім алатын мектептерде ПМПК-ның (психолого-медико –педагогическая комиссия) ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуына толық құқылары бар.

Жалпы білім беретін мектептер мен балабақшалар ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни, баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен кемтар балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті оқытуға дайын болғандары жөн. Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы психологы, әлеуметтік мұғалімі, олигофрено мұғалімі, логопед мамандары жұмыс жасайды. Егер бала көмекші бағдарламаны толық игерген болса, оған арнайы куәлік беріледі, ал игермесе, анықтама ғана алады. Егер ата-анасы баласын арнайы мектеп- интернатқа жібергісі келмесе, жергілікті жалпы мектепте мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігіне қарай, жеңілдетілген бағдарлама бойынша, инклюзивті оқытуға міндетті.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін ошақтарында оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Тәжірибе көрсеткеніндей, қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және колледж өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді; білім алушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді; адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуарын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан білім мекемелерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады. Өйткені, олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып-білуге, қабылдауға үйренеді. Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын осы инклюзивті білім беру.

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек Қазақстан

Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілді.

Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;

- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;

- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді.

Мемлекеттік бағдарлама негізінде білім беру мекемелерінде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы кедергісіз аймақтар құруы жоспарланған. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (білім мекемелерінде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылуы қажет деп ойлаймын.. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылуы тиіс. Осылайша мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасамақшы.

Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай:

- әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс.

- әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады.

- білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту.

Қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту- білім алушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз.

Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ. Отанымыздың әрбір азаматын болашақта жан-жақты тәрбиелеп, сапалы білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс. Қазіргі таңда балалардың мүмкіндігін ескере отырып өзгелермен теңдейбілім алуға барлық жағдай жасалуда.

### Әдебиеттер

1. Мағжан Жұмабаев Педагогика 1992ж
2. Қ.Жұмасова Психология Астана -2006ж
3. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000
4. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы
5. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.
- 6.Республикалық педагогикалық –әдістемелік журнал .Әлеуметтік педагог. №4 2010ж.

## РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТАРИХИ ИДЕЯЛАРЫ

Еңсегенова Жанбота Серікқызы

Аренова Асыл Хадыржановна

III. Есенова атындағы Каспийский мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Білім беру, оқу үдерісін ұйымдастыруға деген көзқарасты қайта қарап, білім, білік және дағдыны меңгертуде мұғалім құзыреттілігін дамытуға, оқушыға оқу ақпаратын беруде оқушылардың күтілетін нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін оқу үдерісін жобалауға, оқушының әр пәнді меңгеру икемділігін қалыптастыруға қарай өзгерту қажеттілігі туып отыр.

Осы талаптарға сәйкес және әлеуметтік құндылықтар саласындағы басымдықтардың ауысуы жағдайында оқушының білім алуға ұмтылысын оятып, өзіндік бақылау, өзіндік бағалау, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзінің ішкі мүмкіндігін толығымен пайдалануға қабілетті тұлғаның қалыптасуына қолайлы жағдайлардың туғызылуы талап етілуде. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін барынша ескеріп, өзінің белсенді әрекеті арқылы оқыту – бүгінгі күннің қажеттілігінен туып отыр. Осыған орай «оқушы – білім беру объектісі» көзқарасынан, оқушының өз бетінше ізденіп, шығармашылықпен еңбектенуіне қол жеткізетін жолды таңдау маңызды. Ол үшін оқушыға сабақ беретін мұғалім бойында ізденімпаздық, ойлай білу, белгісізге ұмтылу, алдына қойған мақсатына жетуде табандылық көрсете алатын, оқушы бойына да осы қасиеттерді дарыта білетін, шығармашылықпен қызмет етуге дайындығын қалыптастыра алатындай сапалардың болуы маңызды. Осы орайда жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған, кәсіби құзыретті маман даярлау заңды құбылыс. Себебі жоғарыда айтылғандай қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді. Сонымен болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауға қойылған осындай талаптардың бастауыш сынып мұғалімдеріне тікелей байланысты екендігі сөзсіз. Өйткені мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге мектеп тынысын, оқу-білім үрдісін, тәрбие танымын алғаш таныстыратын да, білім беріп, тәрбиелейтін де – бастауыш сынып мұғалімі. Бастауыш сыныпта алған білім мен тәрбие әрбір оқушының өмір сүру негізі болатындығы ғылым саласында да тәжірибе жүзінде де дәлелденген. Сол себепті білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтардың алдымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үрдісіне ендірілуі шынайы құбылыс.

Тәрбие ықылым заманнан бастап зерттеу объектісінен түскен емес. Әл-Фараби – «тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дамыту әдісі деген сөз», - деп ой тұжырымдаса [1], М.Жұмабаев «тәрбие деген не?» деген сұраққа, ол – «қандай болса да бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету», «...адам баласының әсіресе жанын тәрбие қылу керек деп ұғу керек. Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі толық болғаны» деген болатын [2].

Осы айтылып өткендер тәрбиенің құрамдас бөлігінің бірі рухани-адамгершілік тәрбие екендігін жоққа шығармайды. Рухани-адамгершілік тәрбие идеялары қазақтың ұлы ойшылдары мен ағартушыларының еңбектерінде көрініс тапқан. Қорқыт ата, Әбу Насыр әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев және т.б. еңбектерінде жастардың рухани өрлеуі мәселесіне кеңінен мән беріледі [3]. Қорқыт бабаның ойлары қанатты сөздер, өсиеттер, аңыз-жырлар ретінде беріліп философиялық тұжырымдамасының негізін құрайды. Оның өсиеттерінің басты тақырыбы – өмір мен өлім жөніндегі толғаныстарына адам ғұмырының философиясы мен мән-маңызы, адамның адамгершілік қасиеттеріне арналған. «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман», «Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ», «Қонағы жоқ қараша үйден,



кұлазыған түз артық» деген нақыл сөздері студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесіне арқау болады [3].

Ұлы бабамыздың пікірлерінің жастарды тәкаппарлықтан сақтандырып, үлкеннен ғибрат алу, ақылды, көпшіл, қонақжай болуға шақырған тұстары студенттерге ұлттық құндылықтарды дәріптеуде тәрбиелік мәні зор деп санаймыз. Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби «ғылым және ақыл, егер олар ішкі сеніммен және рухани-адамгершілікті идеалмен мөлшерлес болса, Аллаға, Жаратушыға жақындататын тәсіл бола алады» деп көрсетті [4]. Ғұламаның тұлғаның рухани-адамгершілігінің қалыптасуындағы ой, сананың қызметін тек адамзатқа ғана тән, білімділік, тәрбиелілік – адамның рухани жан дүниесінің, адамгершілігінің белгісі деген ойлары бүгінгі күнге дейін құндылығын жойған жоқ.

Ж.Баласағұн өзінің атақты «Құтты білігінде» (Құт әкелетін білім) философиялық ойлары мен дүниетанымдық идеалдарын жеткізеді. Оның түсінігінде адамның руханилығын ісімен, арымен байланыстырып, мейірімділік пен бақыт мәселелері адамның өмір салтына қатысты. Адам өлгенмен, оның ісі мәңгілік. «Кісі мәңгі болмас, ары – мәңгі қалар шапағаты» деп руханилықтың мәңгілік екендігін түсіндіреді [5]. Сондай-ақ оның әрбір өсиеті балалар мен жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесі тұрғысынан айтылады: Ата – анаңның қабылдап қасиетін, Ардақтай біл атқарып өсиетін. (1486-бәйіт) Туыс досқа пейіліңмен берсең мәзір асыңды, Олар сені құрметтеп, сыйлап өтер басыңды. (4649-бәйіт) Менменшілді – есуас надандығын, Ит өлімімен байқалмас адамдығың. (3480-бәйіт) [6]. Ал, Ахмет Йүгнеки ары жоқтың адамгершілігі болмайды, адамгершіліктің қас жауы –өсек, өтірік, мақтаншақ. Сондықтан адамгершілік тек арлы адамда болады деп көрсетсе, Қашғари кітабындағы («Түркі сөздердің жинағы») батырлық, ерлік туарлы жырлары ұрпақты ерлікке, оқу білімді үйренуге, өнерге, әділеттілікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Адамзат баласының шынайы адамгершілік мінез-құлқының ақыл-ой, сезімімен үйлесім табуын қарым-қатынас барысында жеке адамның өзін-өзі ұстай білуіне, мінез-құлқына байланысты болады деген пікірде болғанын байқауға болады. Ғұламалардың ойларындағы руханилық «ар» ұғымымен астасып, адамгершілік қасиеттердің ішіндегі ерекше құндылықтар ізеттілік, адалжандылық, қайырымдылық, кішіпейілділік ерекше дәріптегендігі студент жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу құралы бола алады. Ш.Уәлихановтың еңбектерінде де жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне мән беріледі. Оның рухани-адамгершілік идеяларының негізі болып қазақ қауымындағы зұлымдыққа қарсы күрес саналады. Ол патша шенеуніктерінің, жергілікті билеушілердің жалған, әрі дөрекі мінездеріне қарсы адам қасиеттерін сипаттайтын «намыс», «әділдік» сияқты рухани-адамгершіліктің басты көрсеткіштерін адам санасына сіңіруді көздейді [6]. Қазақ ағартушыларының бірі Ы.Алтынсарин қазақ мектептерінің бірқатар мәселелерін көтере отырып, рухани-адамгершілік тәрбиесінің моральдық негіздеріне бауырмалдық, әдеп пен әділдік, қанағатшылдық, жомарттық, тазалық, сабырлық, зейіндік және білімді еркін меңгеру мәселесіне ерекше мән бере білді. Ы.Алтынсарин адам тәрбиесінде рухани қарым-қатынастың, рухани мұралардың басты рөл атқаратындығын туындыларымен де өз ісімен де дәлелдеп көрсетеді, Ол «шынайы рухани құндылықтарды бағалау, олардың маңызын түсіну балалық шақтан басталатындығын» ескертеді [8].

19 ғасырдың заңғар биігі өз ұлтының қамын ойлаған ұлы ойшыл Абай Құнанбаевтың шығармашылығы қазақ елінің ғана емес, жалпы адамзаттық рухани мәдениеттің дамуы үшін де орасан зор құндылығы қалыптастыру сол кездегі қоғам сұранысына қарай ұйымдастыруға талпынды. Адамгершілік тәрбиесіне байланысты мәселелер Кеңес және қазіргі кезеңдегі белгілі ғалым-педагогтердің еңбектерінде қарастырылған. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез-құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек білім мен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, күдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрінісі болады. Адамгершілік – жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Оның негізгі көрсеткіштері: басқаларға жақсылық жасау, жақсылыққа ұмтылу. ар-ұятты сақтау, имандылық пен рақымдылық, әділдік, қанағатшылық, өзін-өзі дамытып жетілдіру болып келеді [9]. Теориялық зерттеулердің нәтижесінде педагогикалық теорияда адамгершілік

тәрбие процесіне бірнеше көзқарастар қалыптасқанын байқауға болады. Бірінші топта зерттеушілер болашақ ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуде педагогтердің мақсатқа бағытталған және ұйымдастырылған тәрбие үрдісіне жетекші рөлін басымдылықпен көрсетеді. Екінші топтағылар адамгершілікке тәрбиелеуде тәрбиеленушілердің іс-әрекеті мен қарым-қатынасын басқаруды ұйымдастыру қажеттілігін қолдайды, олардың пікірінше, адамгершілік тәрбиесі тұлғаға мақсаттылықпен және тәрбиелілікпен ықпал етуді, оның іс-әрекетін мақсаттылықпен ұйымдастыруды болжайды. Жоғарыдағы аталған топтар тұлғаны әлеуметтік практикаға енгізуді көздейтін іс-әрекеттік бағдар бағытты көздейтінін түйіндейміз. Алайда бұл бағыттар адамгершілік тәрбиенің қазіргі талаптарына сай аша алмайды. Үшінші топтағы зерттеушілер тұлғаға адамгершілік тәрбие беруде баланың ішкі қажеттілігіне, қызығушылығына және ішкі түрткісіне бағыттап, тұлғаға бағдарлауды ұсынады. Біздің зерттеу тақырыбымызға осы бағыттағы зерттеушілердің ой-тұжырымы жақын келеді. Олардың негізгі идеясы баланың адамгершілігінің дамуына жағдай жасау, адамгершілік көзқарастар, сенім мен сапа, әлеуметтік құбылыстар мен процестер, адамға адамгершілік көзқарастарын қалыптастыру тетігін ұсыну болып табылады.

М.Х.Балтабаев рухани-адамгершілік тәрбиесінің басты мақсаты ретінде мәдениет адамын қарастыру мүмкін деп есептейді. Бұл дегеніңіз, бүкіл өмірі бойында өз мүмкіндігін жүзеге асыруға және өз білімін көтеруге қабілеті бар, оның негізінде өзінің адамгершілік, рухани өміршендігін анықтайтын жеке қасиеттері қалыптасқан жан-жақты тұлғаның бейнесі болып шығады. Рухани-адамгершілікті мәдениетпен байланыстырып, тек адамгершілік қасиеттермен шектелмей білім арқылы қабілетін шыңдау тұлғаға өзектендіру, өзін-өзі дамыту деген ойларын зерттеу жұмысында негізге алады [10]. Осы орайда К.Ж.Қожахметованың тұжырымдамасында бұл мәселеге жаңа тұрғылар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиенің мәнін қайта ұғынуға талпыныс жасалынады [11]. Бұл тұжырымдамада: - рухани-адамгершілік тәрбие процесінің өзіндік мәні және оның басқа да әлеуметтік-білімді процестерден ерекшелігі; - көптеген әлеуметтену факторлар жүйесіндегі рухани-адамгершілік тәрбие процесінің орны мен қызметтері; - технологиялық ережелер мен тыйым салуларға айналатын рухани-адамгершілік тәрбиенің құралдары анықталады. Сонымен қатар, рухани-адамгершілік тәрбиесінің маңызын, оның негізін қалайтын және жүйелілігін құрушы категориялар: адамгершілік, мораль, олардың мәні, олардағы бірдейлік пен ерекшеліктерін қарастыру қызығушылық тудырады. Бұл тірек ұғымдардың мәні В.А.Сухомлинский, Б.Т.Лихачев және басқалардың еңбектерінде ашылады. Б.Т.Лихачевтың адамгершілік сезімдер адамгершілік негізін қалаушы басты категория болып табылады деген пікіріне қосылуға болады [12]. Б.Т.Лихачевтің пікірінше, рухани-адамгершіліктің қалыптасу деңгейі өзінше қарама-қайшы: бір жағынан ол тұрақты, екіншіден, өзгермелі, өйткені ол ішкі және сыртқы әсерге еріксіз бой ұрады [12]. Себебі, біздің ойымызша, адамгершілік нормаларын меңгеру адамның жан дүниесінің көкжиегін кеңейтеді, оған заттардың дүниесі ғана емес, сонымен бірге сол дүниенің идеалды өлшемін, мәңгілік мәні мен жақсылықтың дүниесін көріп тануға мүмкіндік береді. Адамгершілік қалыптардың жеке тұлғаның жан дүниесіне өтуі, жеке тұлғаның өзіне тікелей әсерленуіне қатысты болуы, оның мән-мазмұндылығына, маңыздылығына, ақиқаттылығына байланысты шын мәнінде адамға оның әсерлі себептерінен қайтадан жаңаруы, тіптен рухани қайтадан түлеуіне ұйтқы болып, тұлғаны одан әрі дамытады. Ә.М.Мұханбетжанова жоғары білім беру жүйесінде оқитын студенттердің тұлғалық тұрғыдан қалыптасуы, оның шығармашылық даралығын дамыту, студенттердің бар мүмкіншілігін ашу, оны жүзеге асыру – бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаты болып табылатынын көрсеткен [13]. Бұл студенттердің тұлғалық қалыптасуы қоршаған ортаға үлкендерге, ата-аналарына, педагогтеріне, балаларға белсенді шығармашылық ықпалын, екінші жағынан - студенттердің өзіндік даралығын, белсенділігін көрсететін қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиеленушілердің жетістіктерін зер салып талдау керек.

## Әдебиеттер

1. Кәбесов А., Әл-Фараби – Алматы: Қазақстан, 1971.-75б.
2. Жұмабаев М. Шығармалары- Алматы:Жазушы, 1989-447б.
3. Даналардан шыққан сөз. //Құрастырған Ұ.Асыллов –Алматы: 1987.-230 б.
4. Кәбесов А., Әл-Фараби – Алматы: Қазақстан, 1971.-75б.
5. Баласағұн Ж. Құтты білік / көне түркі тілінен ауд. А.Егеубаев. - Алматы: Жазушы, 1986 -178б.
6. Қасенов С. Шешендік сөздердің поэтикасы: Филол. ғыл. канд. дисс. авторефераты. — Алматы, 1999.— 25 б.
7. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары - Алматы.:Рауан, 1994 -215б.
8. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары- Алматы, 1985- 215б.
9. Омарова Г.А. Тұлғаға-бағдарланған технологияның оқыту үдерісіндегі маңызы. / Ұлт тағылымы. №1. – А., 2006.
10. Балтабаев М.Х. Современная художественная культура Казахстана. - Алматы, 1998.
11. Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы: Қайнар, 1993. – 151 б.
12. Лихачев Д. С. Великое наследие // Избранные работы в трех томах. Том 2. – Л.: Худож. лит., 1987. – С. 3-342.
13. Муханбетжанова Ә.М. Қазіргі білім беру жүйесінде педагогты кәсіби дамыту. // Қазақстан жоғары мектебі. - №1. – Б. 126-130.

## ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Рахметова Гүлімай Жетпісбайқызы**

**Аренова Асыл Хадыржановна**

Ш. Есенова атындағы Каспийский мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың басты міндеттерінің бірі білім берудің мазмұнын жетілдіру болып табылады. Білім берудің мазмұны оқушыларға тек белгілі бір білім, іскерлік, дағдылар жиынтығын меңгертіп қана қоймай, оқушы тұлғасын дамытуға, өмірлік проблемаларды өз бетімен және тиімді шешуге, тұлғаның өзін-өзі анықтауына, әлеуметтенуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін әмбебап білім, тәжірибе және қабілеттердің жиынтығын меңгертуге бағытталған. Білімге бағытталған оқытудан құзыретті, тұлғалық-бағдарлы білім беруге көшу білім берудің мазмұнында экономикалық, саяси, құқықтық, дене, коммуникативтік мәдениет компоненттерінің, сонымен бірге, еңбек, жанұялық қарым-қатынастар, салауатты өмір салтын ұстану, өмір қауіпсіздігін сақтау мәдениетінің көрініс табуын белгілейді [1].

Осы міндеттерге сәйкес мектептердің басты мақсаты – оқушының өз тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды тудыру, баланың даралығын ашу, оның айқындалуына, дамуына, тұрақтануына көмек беру. Мектепте әрбір бала қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын даралық ретінде қалыптасуы тиіс. Оқыту үрдісі барысында әрбір баланың даралығын ашу мектепте тұлғалық-бағдарлы білім беруді ұйымдастыруды қажет етеді.

Бұл білім берудің мазмұнына, оқыту технологиясына өзгеріс енгізу қажеттілігінің бір көрінісі. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін педагогикаға көптеген оқытудың түрлері енгізілуде. Солардың бірі – тұлғалық-бағдарлы тұрғыдан оқыту технологиясы. «Тұлғалық-бағдарлы білім беру» ұғымы қазіргі уақытта кеңінен қолданылады. Тұлғалық-бағдарлы білім беру мақсаттан гөрі негізінен құндылықтарға бағытталған. Осы оқыту түрін жан-жақты зерттеп, оның теориялық-әдіснамалық негізін жасау – біздің міндетіміз болып табылады.

Ізгіліктік педагогикасы, тұлғаға деген қызығушылық, оқушының сұранысына бағытталу, жалпыадамзаттық ізгіліктік, рухани құндылықтарға бетбұрыс жасау – қазіргі қоғам мен білім

беру жүйесінің даму бағыттары болып табылады. Бүгінгі мектептің мақсаты – өзінің үздіксіз білім алуына және өз бетімен дамуына бағытталған азаматты тәрбиелеу. Дәстүрлі білімділікке бағытталған оқыту жаңа қоғамдық сұраныстарды қанағаттандыра алмайды. Сондықтан, өмірде өз орнын анықтай алатын, білімі арқылы мүмкіндіктерін жүзеге асыра алатын, дербес, белсенді, үнемі даму үстінде болатын шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу үшін инновациялық педагогикалық парадигма, оқыту және тәрбиелеу жүйесіне жаңа тұжырымдамалық тұрғылар қажет болып отыр.

«Тұлғалық-бағдарлы білім беру», «тұлғалық-бағдарлы тұрғы» ұғымдарының түсіндірмесінде әр алуан пікірлер кездеседі. Бұл пікірлердің көптігі былайша түсіндіріледі: кез-келген оқытудың түрі тұлғаны дамытуға бағытталған, яғни олардың әр қайсысын тұлғалық-бағдарлы оқыту деп тануға болады. Бүгінгі таңда оқытудың түрлі модельдері мен технологиялары жасалуда. Олардың әрқайсысы «тұлға», «тұлғаның дамуы», «тұлғалық-бағдарлы білім беру» ұғымдарын өз бетінше түсіндіреді.

Тұлғалық-бағдарлы білім берудің орталығы тұлға болып табылады. Осы білім беру парадигмасын жасау үшін тұлға ұғымына анықтама беріп, оның құрылымын белгілеу қажет. Тұлғалық-бағдарлы білім беруді ұйымдастыру үшін «тұлға» ұғымының мәнін ашудың маңызы мынада: тұлға, оның құрылымы, қасиеттері, даму механизмі жайындағы түсініктер оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда тұлғалық-бағдарлы ортаны ұйымдастыруда аса қажет. Сондықтан «тұлға» ұғымын жан-жақты талдау қажеттілігі туындайды.

Тұлға – психология және педагогика ғылымдарының іргелі ұғымдарының бірі. «Тұлға» ұғымының психология ғылымындағы көпмәнділігін көрсету мақсатында осы саладағы көрнекті теорияларға шолу жасасак [2]. Отандық және шетелдік психология және педагогика ғылымдарында түрлі тұлға теориялары қалыптасқан. Олардың әрқайсысы тұлға ұғымын және оның құрылымын түрліше түсіндіреді.

Іс-әрекеттік тұлға теориясы (С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, К.А.Абульханова-Славская) тұлғаның орталығы, оның даму көзі – іс-әрекет, бұл субъектінің қоғаммен өзара әрекеттесуінің күрделі динамикалық жүйесі, оның барысында тұлғаның қасиеттері қалыптасады.

Мысалы, Карл Роджерс тұлғаны өзім ұғымымен түсіндірген: ұйымдасқан, ұзақ мерзімді, субъективті қабылдайтын мән. Гордон Олпорт тұлғаға мынадай анықтама береді: тұлға – бұл адамның дүниемен өзара әрекеттесуінің сипатын беретін ішкі «бірнәрсе». Ал Эрик Эриксон түсінігінде индивид өмір бойы психологиялық-әлеуметтік дағдарыстар қатарынан өтеді және оның тұлғасы дағдарыстың нәтижелік қызметі түрінде көрінеді. Джордж Келли тұлғаның әрбір индивидке тән өмірлік тәжірибені ұғынудың ерекше тәсілі деп түсіндірген [3].

Тұлғаның қалыптасуы білім мен дағдыны меңгеру, үйренудің нәтижесі (Э. Торндайк, Б. Скиннер және т.б.). Олар тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын адамның сол ортаға бейімделуіне мәжбүр болатын ортаның өзінде жинақталған қасиеттері көмегімен түсіндіреді. Биогенетикалық тұрғыда тұлғаның даму негізіне ағза жетілуінің биологиялық үрдістері салынған (С. Холл, Э. Кречмер, З. Фрейд және т.б.) [4]. Психогенетикалық тұрғы биологиялық та, ортаның мәнін де жоққа шығармайды, бірақ жетекші орынға шынайы психикалық үрдістердің дамуын шығарады [5].

«Тұлға-индивид – бұл қоғамда индивид қатысатын қоғамдық сипатта болатын қарым-қатынас жиынтығында меңгерілетін ерекше қасиет..» [6].

«Психологияда тұлға – бұл пәндік іс-әрекетте және қарым-қатынаста индивидтің меңгеретін жүйелі (әлеуметтік) қасиет, ол индивидтің бойында қоғамдық қарым-қатынастардың қалыптасу деңгейін көрсетеді» [7].

«...Тұлға – таным, толғаныс және дүниеге деген көзқарас негізінде дүниені өзгертуші субъект ретіндегі нақты адам» [8].

«Тұлға өзінің қоршаған ортаға, қоғамдық ортаға, басқа адамдарға деген қарым-қатынасымен анықталады. Бұл қарым-қатынастар адамдар іс- әрекетінде жүзеге асады... Адам

қаншалықты өзінің қоршаған ортаға қарым- қатынасын саналы түрде анықтаса, ол соншалықты тұлға болып табылады» [9].

«Тұлға – бұл адам болмысының идеалды ерекше формасы. Ол адамға субъективтілік сапасын береді, яғни өзінің себебі болуға, өзінің болмысын дүниеде жасауға мүмкіндік береді» [10].

Осылайша, бұл анықтамаларды талдай отырып, тұлғаны сипаттайтын үш мәнді қасиеттерді анықтадық. Олар: бағытталу, іс-әрекет және қоғамдық қарым-қатынастардың жиынтығы. Аталған үш компоненттермен бірге тұлғаның маңызды қасиеттері де анықталған: бір тұлғаны басқалардан ерекшелейтін жеке құрылымдар жиынтығы. Психологияда бұл қасиеттерді «жекелік, даралық» ұғымымен сипаттайды.

Б.Г.Ананьев адамның тұлғалық қасиеттерін былайша суреттейді: «тұлғаның құрылымдық-динамикалық қасиеттерінің бастапқы сәті – осы тұлғаның тұрақтанған және қалыптасқан қоғамдағы мәртебесі. Мәртебе негізінде жүйелер құрылады: а) қоғамдық қызметтер – рольдері; ә) мақсаты мен құндылықты бағдарлары [11].

Ал, К.К.Платоновтың зерттеулерінде тұлғаның иерархиялық құрылым идеясы ұсынылады. Тұлға құрылымында төрт негізгі құрылым астылар бар: бағытталуы (тілегі, ұмтылысы, қызығушылығы, бейімділіктері, идеалдары, көзқарастары, сенімдері); тәжірибесі (білім, іскерлік, дағды, әдет); психологиялық процестер (ерік, сезім, эмоция, ойлау, есте сақтау, қабылдау, түйсік); биопсихологиялық қасиеттер (темперамент, жыныстық, жас, патологиялық және фармакологиялық қасиеттер) [12].

Қазіргі педагогикалық сөздікке жүгінсек, «тұлға» - 1) дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны; 2) адамдар арасындағы өзінің ұстаным-орнын еркін және жауапкершілікпен анықтайтын, қоғамның өкілі ретіндегі адам [13].

Жоғарыда берілген тұжырымдамаларды зерделей отырып, қорытындылар жасаймыз:

- тұлғаның мазмұны түрлі теориялық түсініктер тұрғысынан қарағанда бастапқы «сыртқы әлеуметтік бейне» тұжырымдамасында берілген түсініктен кеңірек;

- көптеген анықтамаларда даралық немесе дара ерекшеліктер мағынасы ерекше аталып өткен;

- тұлға генетикалық және биологиялық бастамаларды, әлеуметтік тәжірибені және өзгермелі қоршаған ортаның жағдайларын қоса ішкі және сыртқы факторлар әсер ететін субъект ретінде қарастырылады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында анықтағанымыз, қазіргі уақытта теория мен практикада тұлғаны қалыптастырудағы білім берудің үш парадигмасы анықталған: когнитивтік, іс-әрекеттік және тұлғалық-бағдарлы. Когнитивті білім беру парадигмасына сәйкес оқытудың тұлғалық аспектілері танымдық мотивацияны және танымдық қабілеттерді қалыптастыру, сонымен қатар басқа адамдардың және өзінің іс-әрекетіне мәндік, құндылықты және эмоционалдық баға беруде тәжірибе жинақтау. Ең бастысы – тұлғаның ақпараттық қамтамасыз етілуі. Мақсаты – іс-әрекеттің белгілі бір білімін және тәсілін меңгерту. Идеологиялық, басқару және экономикалық тұрғысынан ең тиімді және қажетті тұрғы. Психологиялық-педагогикалық тұрғыдан – тұлғадан алыс білім беру түрі. Іс-әрекеттік парадигмада бағыттаушы – қоғамның білім беруге әлеуметтік тапсырысы. Білім берудің мақсаты – әлеуметтік, еңбек және көркемдік-қолданбалы іс-әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ететін жалпы тәсілдерді, білім, іскерлік, дағдыны қалыптастыру. Когнитивті және іс-әрекетке бағытталған білім беру парадигмалары негізінен білім сапасына қол жеткізуге бағытталған. Нәтижесі – оқығандық және әлеуметтік даярлық.

Ізгіліктік – тұлғаның адамгершілік-психологиялық қасиеттер жиынтығын беретін, адамға ең жоғарғы құндылық ретінде қарауда саналы және бірге сезінуден көрінетін тұлғалық сана. Ізгіліктің негізгі сипаттамасы – адамгершілік, оның негізгі мәні – болашаққа бағытталу, өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін еркін түрде іске асыру (Г. Олпорт, А. Маслоу), өз-өзіне сену және «Мен-идеалға» қол жеткізу мүмкіндігі (К.Роджерс). Сонымен қатар тұлғаның ізгілігі бірге сезіну, бірге әрекеттесу, бірге қатысу сынды қабілеттерімен байланысты сапалардан да

көрінеді. Міне, сондықтан ізгіліктің басты әлеуметтік педагогикалық мақсаты – тұлғаға бағытталу.

Адамды жаңаша түсіну білім беру мазмұнын, формаларын қайта ұғынуды қажет етеді. Осы бағытты ұстанған гуманисттер балаға ерекше құрметпен қараған, схоластикалық оқыту мен қатаң тәртіпке қарсы шыққан. Мұнда өзара байланысқан бірнеше бағыттар айқындалған. Олар сол кезеңде өмір сүрген ұлы ойшылдар есімдерімен байланысты:

- тәрбие үрдісін ізгілендіру (Витторино де Фельтре, Мишель Монтень және т.б.);
- ізгілікті тұлғаны тәрбиелеу (Леонардо да Винчи, Джордано Бруно, Франсуа Рабле және т.б.);
- тұлғаның жан-жақты дамытылуы (Томас Мор, Томазо Кампанелла және т.б.);
- тұлғаны тәрбиелеудегі табиғатқа сәйкестік тұрғысы (Я.А.Коменский, Жан-Жак Руссо және т.б.);
- тұлғаны еңбек етуге дайындау (Джон Локк, Иоганн Песталоцци);
- оқытуды өндірістік еңбекпен байланыстыру (Иоганн Песталоцци, Роберт Оуэн және т.б.) [14].

Олар әрбір баланың бойынан білімге деген қызығушылық пен білімқұмарлықты дамытуға талпынған.

XX ғасыр – альтернативті білім беру түрлерінің тұрақтану кезеңі. Оларды түрліше атайды: «еркін тәрбие», «еркін білім беру», «жаңа тәрбие», «жаңа мектептер», «прогрессивті мектептер», «экспериментальды мектептер», «ашық оқыту», «қажетті мектептер». Осы кезеңдегі Ұлыбритания және АҚШ-тағы новаторлық оқу орындарының практикалық жұмыс тәжірибесіне көңіл бөлсек. Мысалы, Ф. Адлердің АҚШ-тағы этикалық мәдениет мектебі, А.Нейлдің Ұлыбританиядағы Саммерхилы және т.б. [15].

Қазіргі шетелдік тұлғалық-бағдарлы тұрғыдан білім беру XX ғасырдың 60-80 жылдары пайда болған ізгіліктік тәрбие мен тұлға дамуының тұжырымдамаларын жасаушылардың есімдерімен тығыз байланысты.

Осы тұжырымдамалардың негізінде Гордон Олпорттың («Диспозициялық тұлға теориясы»), Абрахам Маслоудың («Ізгіліктік тұлға теориясы»), Карл Роджерстың («Феноменологиялық тұлға теориясы») еңбектері жатыр [16]. Бұл кезеңді тұлғалық-бағдарлы педагогикасы дамытылуының бесінші кезеңі деп белгіледік.

Жоғарыда аталған шетел авторлық мектептерінің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Мектеп жұмыс жасайтын аймақтың өзіндік ерекшелік жағдайларын, оқушылардың ұлттық және әлеуметтік ерекшеліктерін есепке алуда көрінеді. Олар мектеп ұжымының оқыту мен тәрбиеде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жоғарыда аталған мектептердің барлығына тән жалпы белгілері бар:

- әрбір оқушы тұлғасын құрметтеуге негізделген педагог пен оқушылардың қарым-қатынас жүйесі;
- өзін-өзі басқару органдарын құру және олардың жұмысын қолдау;
- мектеп үшін маңызды шешімдерді бірігіп қабылдау;
- мектеп дәстүрлерін қалыптастыру;
- мектепте сезімдік қолайлы жағдай тудыру.

Жоғарыда қаралған идеялар бүгінгі тұлғалық-бағдарлы білім берудің тұжырымдамалық негізін құрайды. Олардың кейбіреуі «ойын терапиясы» негізін жасауда және дарынды балаларды оқыту әдістемесін жасауда өз жалғасын табуда.

Кеңес дәуірінде бұл ұстанымдар мектептің идеологиясынан да, практикасынан да аластатылды. Бірақ сол кезеңдегі мектептің алдына қойған мақсаты ізгіліктік бағытта болып қала берді: «дербес ойлауға, ұжыммен ұйымдаса әрекет жасауға, өз әрекетінің нәтижесіне жауап бере алатын, өз белсенділігі мен шығармашылығын дамытуға қабілетті» жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Ынтымақтастық педагогиканың негізгі идеялары тұлғалық-бағдарлы педагогиканың әдіснамасын құрайды. Олар:

- балаға деген тұлғалық тұрғы – педагогикалық ұстанымдардың негізгісі;

- мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынастары балаларға оқу стимулын беретіндей, оларды шығармашылық өзара әрекеттесуге қатыстыратындай болуы тиіс;
- оқуда зорлау болмауы тиіс;
- оқушыға таңдау мүмкіндігі берілуі тиіс;
- оқу материалы ірі блоктармен берілуі тиіс;
- сыныпта интеллектуалдық атмосфера тудыру маңызды, өзін-өзі талдауды белсендендіру қажет – бұл балалардың қызығушылықтарын кеңейтеді;
- ұжымдық шығармашылық жұмыстар балалар мен ересектердің ынтымақтастығын кеңейтеді, қоғамдық пайдалы істерге шығармашылықпен, жауапкершілікпен қарауды дамытады;
- мұғалімдер арасында ынтымақтастық және өзара көмек көрсету қарым-қатынастары қалыптасуы тиіс.

Бүгінде мемлекеттің білім беру жөніндегі саясаты кең көлемді білімді игерген, шығармашылық және сыни тұрғыда ойлай білетін, түрлі салада қызмет істей алатын, табиғат және қоғам өміріндегі күрделі мәселелерді тұтастай қарап, өз бетінше талдау жасай алатын, тұлғаны даярлау болып табылады.

### Әдебиеттер

1. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.
2. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - М., 1999.
3. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. - М., Политиздат, 1975.-296 б.
4. Абульханова-Славская К.А. Деятельность и психология личности. - М.: Наука, 1980.-125 б.
5. Хьел Л. Зиглер Д. Теории личности. - Санкт-Петербург, 1997. - 608 б.
6. Блюм Г. Психоаналитические теории личности. - М., 1996
7. Трусков В.П. Современные психологические теории личности. -ЛГУ, 1990.
8. Бодалев А.А. Личность и общение. Избранные труды. - М.: Педагогика, 1983.-271 б
9. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. СПб., 1999. - 522 б.1
10. Сериков В.В. Образование и личность. Теория и практика проектирования педагогических систем. -М.: Изд. Корпорация «Логос», 1999. -270.
11. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды. - М.: Педагогика, 1980.
12. Платонов К.К. Общая психология. М., 2000.
13. Сейталиев Қ.Б. Жалпы психология. - Алматы, 2007
14. Ревякина Н.В. Возрождение. Гуманизм, образование, искусство. Иваново, 1994.
15. Экспериментальные учебно-воспитательные учреждения Западной Европы и США., М., 1989г.
16. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. М., 1994г.

## МАЗМҰНЫ

### *КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫС*

#### **КРЕАТИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ – НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА БУДУЩЕЕ (КОЛЛЕДЖ И УНИВЕРСИТЕТ)**

Буюклиев Николай Петков..... 4

#### **ЖАҢА ИННОВАЦИЯ НЕГІЗІ – САПАЛЫ БІЛІМ**

Смагулова Жеміс..... 5

### **1 СЕКЦИЯ**

#### ***ПЕДАГОГТЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛғАСЫН ДАМУЫ ЖОЛЫНДАҒЫ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ***

#### **ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ**

Абдирахманова Айнур Далабаевна..... 11

#### **ОҚЫТУШЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ – НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ КЕПІЛІ**

Алдабергенов Азидулла Убайдуллаевич..... 13

#### **Methods of self –efficiency and increasing of teaching**

Akhmetova Aisulu Seilovna..... 16

#### **БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ – БҮГІНГІ ЗАМАННЫҢ ТАЛАБЫ**

Базарбаева Шолпан Жексенқызы..... 19

#### **КӘСІПТІК БІЛІМДЕГІ ДУАЛЬДЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

Дәуітова Нағима Тәжмұратқызы..... 23

#### **ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОГО УЧИТЕЛЯ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ**

Дузбаева Айнур Бекбулатовна..... 27

#### **WORLD SKILLS - КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТІҢ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛЫ**

Жумабаева Лидия Конарбаевна..... 31

#### **ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ**

Жумасатова Гулжамал Ыксановна..... 33

#### **ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ – ЖАҢА ЗАМАН ТАЛАБЫ**

Даукиева Гүлзада Сайрановна..... 37

#### **БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҒАҒЫ «КВЕСТ» ОЙЫНЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ**

Дутбаева Дария Барисовна..... 40

#### **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

Жуматаева Жарқынай Уралбаевна..... 42

#### **МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ТӘРБИЕЛЕУ**

Жұбаева Зәуре Құлшыққызы..... 46

#### **ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ АДАПТАЦИЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ РАЗНЫХ ЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП: СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ (НА ПРИМЕРЕ МОЛОДЫХ ПЕДАГОГОВ Г.АКТАУ)**

Каюпова Фарида Маратовна..... 50

#### **«CLIL» - ҮШТІЛДІЛІК ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ**

Кереева Оксана Жилкибаевна, Егенисова Алмажай Кулжановна..... 53

#### **ШЕТ ТІЛІН МЕНГЕРУ БАРЫСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ТЕМПЕРАМЕНТ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС**

Кереева Оксана Жилкибаевна..... 57



<b>БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ, ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ</b>	
Маркабаева Газиза Аманжоловна.....	59
<b>ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «КӘСІП» КОНЦЕПТІСІНІҢ ҒЫЛЫМИ АСПЕКТІЛЕРІ</b>	
Мұқаш Меруерт Талғатқызы.....	62
<b>КӘСІПТІК ШЕТ ТІЛІ- КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕ ТИІМДІ</b>	
Нурханова Бахытджан Умирбаевна.....	67
<b>БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ</b>	
Орынбасарқызы Жанбала.....	69
<b>ТҮЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ</b>	
Рахметова Гүлімай Жетпісбайқызы, Аренова Асыл Хадыржановна.....	73
<b>ПЕДАГОГТІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҮЛҒАСЫН ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ</b>	
Рисбаева Гулдана Бидуллаевна.....	77
<b>ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҚСАТЫ - БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЙЫНДАУ</b>	
Самурадова Алия Калабаевна.....	79
<b>БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ, ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ</b>	
Сатыбалдиева Гүлсім Ишанғалиевна.....	82
<b>«WORKSHOP» НА УРОКАХ РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ В КОЛЛЕДЖЕ.</b>	
Тогжанова Жибек Жуматаевна.....	85
<b>ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МОДЕРНИЗМНІҢ МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ</b>	
Тоқсамбаева Айман Омарханқызы, Ахметжанова Альмира Кабдырахмановна.....	89
<b>ТЕХНИКАЛЫҚ СЫЗУ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ</b>	
Үсейін Ұлжалғас.....	91
<b>БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ</b>	
Юбасарова Гүлзира Қонысбаевна.....	94
<b>ТУРИСТІК-ӨЛКЕИАНУ ЖҰМЫСЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ПАТРИОТТЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰАТТЫ ҚҰРАЛЫ</b>	
Шопанов Сарсен.....	97

## 2 СЕКЦИЯ

### *ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ*

<b>МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУ – ЕРЕКШЕ МАҢЫЗДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА</b>	
Бажикова Бақтыгүл Оңғалиқызы.....	101
<b>PREPARATION OF FUTURE TEACHERS OF PRIMARY CLASSES FOR THE USE OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN CONDITIONS OF INCLUSIVE EDUCATION</b>	
Yedigayeva Gulzada Amankyzy, Arenova Assyl Khadyrzhanovna.....	104
<b>ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ – ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ ДАМУ МҮМКІНДІГІ</b>	
Жумағалиева Раушан Сауирбаевна.....	106
<b>ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ</b>	
Кушанова Гулнур Джексембаевна.....	109
<b>ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТКІШІ</b>	
Лекерова Гүлшат Алиқызы.....	111

<b>ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ РАННЕГО ДЕТСКОГО АУТИЗМА И ЕГО КОРРЕКЦИЯ</b>	
Макарова Венера Валерьевна.....	115
<b>ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ</b>	
Рисбаева Раушана Бидуллаевна.....	119
<b>ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНА ОҚЫТУ</b>	
Сейдахметова Айдана Қарғабаевна.....	123
<b>ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ – ЕРЕКШЕ ҚАЗАТТІЛІКТЕРІ БАР ОҚУШЫЛАРҒА ЖАҒЫМДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОРТА ОРНАТУ ЖОЛДАРЫ</b>	
Утешова Гулмира Очиловна.....	125
<b>ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ</b>	
Қаби Жазира Датқызы.....	127
<b>БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ «M-LEARNING» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ РӨЛІ</b>	
Бекбулатова Ә.Б., Жумабаева Л.О. ....	130
<b>БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ РУХАНИ-АДАМҒЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	
Еңсегенова Жанбота Серікқызы, Аренова Асыл Хадыржановна .....	131
<b>МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b>	
Туракова Гайша Алпамысовна .....	134
<b>РУХАНИ-АДАМҒЕРШІЛІК ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТАРИХИ ИДЕЯЛАРЫ</b>	
Еңсегенова Жанбота Серікқызы, Аренова Асыл Хадыржановна .....	137
<b>ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	
Рахметова Гүлімай Жетпісбайқызы, Аренова Асыл Хадыржановна .....	140

Пішімі 60x84 1/12

Көлемі 147 бет

Шартты баспа табағы 12,25

Таралымы 50 дана

Ш.Есенов атындағы КМТИУ

редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты

130003, Ақтау қ., 32 ш/а